Қолайлы климат инвесторларды инвестициялық ресурстарды белгілі бір елге немесе салаға бағыттау жөніндегі белсенді қызметке ынталандырады. Қолайсыз климат, керісінше, инвесторларды жоғары тәуекелмен қорқытады, бұл елден капиталдың едәуір кетуіне әсер етеді. Инвестициялық климаттың жай-күйі инвесторлар тарапынан мемлекеттің тартымдылығын көрсетеді және капиталдың ағыны мен ағымы, инфляция индексі және пайыздық мөлшерлемелер деңгейі, ЖІӨ-дегі жинақ үлесі, инвестицияларды тиімді пайдалану мүмкіндігі, іске асыру кезінде тәуекел дәрежесі сияқты бірнеше факторлармен бағаланады.

Бүкіл әлемде елдің инвестициялық тартымдылығының көрсеткіші тәуекел дәрежесіне байланысты тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттіктердің инвестициялық рейтинг беруі болып табылады. Инвесторлар негізінен осы көрсеткіштерге бағдарланады, өйткені олар үшін мүдделі елдің инвестициялық ортасын өз бетінше талдау қиын. Белгілі бір елге инвестиция салудан бұрын, инвестор инвестициялық ахуалды мұқият зерттеп, барлық болжамды тәуекелдерді есептейді және өлшейді, егер белгіленген кірістілік оларды ақтайтын болса, ол инвестициялауға шешім қабылдайды.

Инвестициялық климатты қалыптастыратын факторлар:

- елдің экономикалық жағдайы;
- жұмыс күшінің сапасы мен бағасы;
- саяси тұрақтылық;
- мемлекеттік басқару сапасы;
- меншік құқығын қорғау;
- серіктестердің міндеттемелерді орындауы;
- қылмыс пен сыбайластық деңгейі;
- қоршаған орта жағдайы, табиғи ресурстар;
- мемлекеттік салық заңнамасы;
- экономиканың ашықтығы (валюта және сауда);
- құқықтық нормаларды сақтау;
- банк жүйесінің жай-күйі (кредиттердің қолжетімділігі).

Осы факторлардың әрқайсысы, жеке және тұтастай алғанда, инвестордың түпкілікті шешіміне әсер етеді, ал мемлекет мүдделі тұлға ретінде капитал тарту кезінде қолайлы инвестициялық жағдай жасауы тиіс.

Мемлекеттің және экономиканың орнықты дамуының ең маңызды шарты, бұрын айқындалғандай, жаһандық ынтымақтастық пен алыс және жақын шет елдердің қолайлы инвестициялық климатын құру осының нәтижесінде Қазақстан шет елдер мен таяу мемлекеттер арасында инвестициялық климаты қолайлы мемлекеттер тарапына жатқызылады.

Әлемдік экономикалық дағдарыста көптеген елдердің басты мақсаты шетел инвестицияларын тарту болып табылады. "Инвестициялық тартымдылық" критерийі бойынша Қазақстан 2018 жылы Дүниежүзілік Банктің сарапшылар тобы жасаған "Doing

Business" рейтингісінде 190 елдің арасында 36-шы орында (10 индикатор бойынша). Сонымен қатар Қазақстан көптеген пайдалы қазбаларға бай мемлекет болып саналады. Қазақстан мырыш, вольфрам және барит қорлары бойынша әлемде 1-ші орында, 2-ші орында – күміс, қорғасын және хромиттер, 3-ші мыс және флюорит, 4 – ші орында - молибден, 5 – ші орында-алтын.

Ресми деректер бойынша соңғы 12 жылда елге 264 млрд АҚШ доллары тікелей инвестиция тартылды. Ең көп инвестиция Нидерланды, АҚШ, Франция, Швейцария, Ресей және Қытай.

Инвестицияның елеулі үлесі пайдалы қазбаларды өндіруге тиесілі екені түсінікті. Соңғы жылдары шетелдік инвесторлардың назарын өңдеу секторына аудару байқалады. 2018 жылдың шілдесінде ғана негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі 961 042 млн теңгені құрады. Бұл Қазақстандағы инвесторлардың қызығушылығын білдіреді.

Елде шетелдік инвесторлармен жұмыс істеу үшін тиісті қызметтер құрылды: Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі (инвесторлар үшін «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейді), «KaznexInvest» ұлттық компаниясы, ҚР Премьер-министрінің жанындағы инвестициялық климатты жақсарту жөніндегі кеңес, Инвестициялық омбудсмен, облыс әкімі жанындағы инвесторлар кеңесі, ұлттық даму институттары.

ҚР экономикасына инвестициялар тарту, сондай-ақ экспортты дамыту және жылжыту саласындағы индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға уәкілетті "KAZAKH INVEST" "Ұлттық компаниясы" АҚ атынан жаңа құрылым құрылды. Шетелде өз өкілдерінің кең желісі бар. "Бір терезе" қағидаты бойынша идеядан іске асыруға дейінгі инвестициялық жобаларды сүйемелдеу бойынша қызметтердің толық спектрін қамтамасыз етеді және ҚР арнайы экономикалық аймақтары бойынша бірыңғай үйлестіру орталығы ретінде әрекет етеді.

Осылайша, ҚР ИДМ және "KAZAKH INVEST" ҰК тұлғасындағы институттар визаны алғаннан бастап мемлекеттік қолдау алғанға дейін "бір терезе" қағидаты бойынша әрекет ете отырып, бизнесті ашу және оның одан әрі жұмыс істеу бойынша әрбір инвестордың мәселелерін шешуге жәрдем көрсетуге қабілетті.

Экономиканы дамыту және қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, жаңа өндірістерді құруға, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және жаңартуға инвестицияларды тарту, қазақстандық кадрлардың біліктілігін арттыру және қоршаған ортаны қорғау үшін инвестицияларды ынталандыру мақсатында инвестициялық қызметті мемлекеттік қолдаудың кешенді жүйесі енгізілді. Мемлекет инвесторға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кез келген объектілер мен шаруашылық қызмет түрлерін инвестициялау құқығын береді.

Біздің ойымызша, ел инвесторға елеулі кепілдік береді, олар:

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген құқықтары мен мүдделерін толық және сөзсіз қорғау;
- ҚР заңнамасын өзгерту кезіндегі тұрақтылық (салықтық, ШЖК тарту саласындағы халықты жұмыспен қамту туралы);
- мемлекеттік органдардың ҚР заңдарына сәйкес келмейтін актілерді шығаруы, сондай-ақ ҚР азаматтық заңнамасына сәйкес осы органдардың лауазымды адамдарының заңсыз іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде оған келтірілген зиянды өтеу құқығы;
- инвесторлар мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары арасындағы жасасқан шарттар шарттарының тұрақтылығы (келісімшарттарға өзгерістер тараптардың келісімімен жасалатын жағдайларды қоспағанда);

- кірістерді пайдалану (өз қалауы бойынша, салық міндеттемелерін төлегеннен кейін);
- инвесторларға қатысты мемлекеттік органдар қызметінің жариялылығы және инвесторлардың инвестициялық қызметті жүзеге асыруға байланысты ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- заңды тұлғаларды тіркеу, олардың жарғылары, жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәмілелерді тіркеу, берілген лицензиялар туралы ақпаратқа, сондай-ақ олардың инвестициялық қызметті жүзеге асыруымен байланысты және коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтымайтын ҚР заңдарында көзделген өзге де ақпаратқа еркін қол жеткізу;
- мемлекет меншігіне алу және реквизициялау кезінде инвесторға келтірілген шығындарды Қазақстан Республикасы толық көлемде өтейді, төлем мүліктің нарықтық құны бойынша жүзеге асырылады;
- инвестордың құқықтарын басқа тұлғаға беру (егер инвестор Қазақстан Республикасына инвестиция салса және (немесе) нақты шарттық міндеттемелерді орындаса ғана заңды деп танылады).

«Біздің заманауи нарықтық экономика үлгісі шетелдік инвестицияларды тартуда мемлекеттің белсенді рөліне негізделген», - деді Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында. Шынында да, жыл сайын инвесторларды мемлекеттік қолдау шараларының өсуі байқалады: салықтық жеңілдіктер мен заттай гранттарды белгілеу, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту, келісім-шарт жасасқан инвесторлар үшін "бір терезе" қағидатын енгізу, құжаттарды жинау және дайындау, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін инвестициялық омбудсмен институты және т. б.

Инвестициялар ағынын кеңейтуде Мемлекеттің үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы, сондай – ақ "Нұрлы жол - болашаққа бастар жол" жаңа экономикалық саясаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы маңызды рөл атқарады

Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын зерттей келе 2018 жылы елдің имиджін қабылдау жақсарғанын, ал инвесторлардың Қазақстанның әлеуетіне деген сенімділік деңгейі өткен жылдардың нәтижелерімен салыстырғанда артқанын көрсетті.

Әлемдік экономикаға интеграциялану, интенсивті инновация және «жасыл» технологияларға көшу инвесторлардың алдында Қазақстанның тартымдылығын арттыруға тиіс.

Бүгінде ел Шығыс пен Батыс арасындағы "жаңа Жібек жолының" маңызды бөлігі болып табылады және Еуропа мен Азия үшін негізгі көлік торабы болуға барлық мүмкіндігі бар. Бұдан басқа, трансконтинентальды автомобиль магистральдарынан тұратын "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" халықаралық дәлізінің құрылысы, сондай-ақ жоғары өткізу қабілеті бар теміржолдардың құрылысы жүріп жатыр. Республика өсіп келе жатқан тауар айналымынан қосымша мүмкіндіктер ала отырып, Еуропа мен Азия үшін негізгі көлік торабы болуға тиіс. Инвестиция өсімінің негізгі факторлары үш кадамды орындау болып табылады. Біріншіден, бұл халықаралық экономикаға белсенді ықпалдасу, екіншіден, бұл инновациялық экономикаға көшу, үшіншіден, "жасыл технологияларды" пайдалану.

Бүгінгі күнде Қазақстанда жағымды инвестициялық климат қалыптасқан: жеңілдетілген салықтық режим жұмыс істеуде, ұлттық заңнама жүйелі түрде жетілдірілуде, инвестициялық преференциялар жиынтығы кеңейтілуде. Экономиканың басым салаларында инвестициялық жобаларды іске асырып жатқан инвесторларға салықтық заңнаманың тұрақтылығы кепілдендірілген.

«Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне» сәйкес инвесторларға экономиканың басым салаларында келесі инвестициялық жеңілдіктер мен преференциялар қарастырылған:

- инвестициялық жобаны іске асыруға қажетті жабдықтарды, компоненттерді, шикізатты және қосалқы бөлшектерді әкелу кезіндегі кедендік баждарды төлеуден босату;
- мемлекеттік заттай гранттар (жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, машиналар және құралдар, есептеуіш техникасы, өлшейтін және реттеуші аспаптар мен жабдықтар, жеңіл автокөліктен басқа көлік құралдары, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар).

Қосымша 2 млн. АЕК-тен (13 млн АҚШ долл. шамасында) кем емес және экономиканың басым секторларында іске асырылып жатқан инвестициялық жобалар бойынша мемлекетпен жеке инвестициялық келісімшарт жасасу мүмкіндігіне сәйкес инвесторға жаңа ынталандыру жиынтығы қол жетімді болады:

КТС және жер салығы (10 жыл) және мүлік салығы (8 жыл) бойынша салықтық (10 жыл), жеңілдіктер;

- салықтық мөлшерлемелердің (ҚҚС пен акциздерден басқа), экологиялық алымдар мен төлемдердің 10 жыл мерзімге тұрақтылығы;

- инвестициялық субсидия – инвестордың 30% дейінгі капиталды шығындарының өтемақысы;

- жобаларды іске асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуды оңайлату.

Қазақстандағы инвестициялық қызмет барысында туындайтын шетелдік инвесторлардың проблемалық мәселелерін жедел шешу мақсатында диалог алаңдары құрылып, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі жанындағы Инвестициялық климатты жақсарту жөніндегі кеңес табысты қызмет атқаруда. Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Инвестициялық Омбудсмен институты құрылды. Ол инвесторлар мен мемлекет арасындағы инвесторлардың соттан тыс және сотқа дейінгі тәртіптегі ағымдағы мәселелерін шешу үшін олардың өзара әрекеттесу платформасы ретінде қызмет етеді.

Қазақстанда 10 арнайы экономикалық аймақ (АЭА) жұмыс істейді, оларда да салықтық және кедендік жеңілдіктер беріледі (КТС-тен, жер салығынан, мүлік салығынан босату, АЭА аумағында тұтынылатын тауарлар ҚҚС-тен босатылады, жер учаскесін жалға алу – 10 жылға тегін).

ҚР Үкіметі инвесторлардың өтінімдеріне неғұрлым икемді ден қою және АЭА-ны жаңа жобалармен толтыру үшін АЭА-ның тар салалық бағыттарға шығу жөніндегі шаралар туралы жұмыстар жүргізіп жатыр. АЭА қатысушыларына жеңілдіктер беру тетігі, сондай-ақ жер телімдерін беру тәртібі де жеңілдетілуде.

2016 жылдың басынан бастап Қазақстанның барлық өңірлерінде мемлекеттік органдардың қатысуымен «Бір терезе» қағидаты бойынша инвесторлардың барлық санаттарына өзара іс-қимылының жаңа тетігі іске қосылды, бұл мемлекеттік қызметтерді алу рәсімін айтарлықтай жеңілдетті.

Сонымен бірге, ҚР Үкіметі әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды (ӨКК) инвестиция тарту аймақтық компанияларға айналдыра отырып, оларды қайта брендтеу мәселесін қарастыруда.

Бұл компаниялардың міндеттері өңірлерге инвестиция тарту, индустриялық-инновациялық инфрақұрылымды (АЭА, ИА) дамыту және басқару, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін қолдану арқылы инвестициялық жобаларды іске асыруды және халықаралық стандарттар мен инвестициялық жобаларды қалыптастыру бойынша функцияларын құруды қамтиды деп болжануда.

Инвесторлар және мүдделі ведомстволар мен ұйымдардың өзара іс-қимылын жетілдіру мақсатында кең ауқымды өкілеттіктермен операциялық және техникалық сипаттағы, соның ішінде тиісті мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі «Kazakh Invest» мамандандырылған ұлттық инвестициялық компаниясы құрылды.

Бұл компания Үкіметтің атынан ТҮК және ірі инвесторлармен «бірыңғай келіссөзші» рөлін атқарады және инвесторлармен «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеп, оның ішінде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды сүйемелдейді және жерлерде пайда болған мәселелерді шешеді.

Бұдан басқа, қазақстандық тауарлар мен қызметтерді сыртқы нарықтарға ілгерілету жөніндегі «Kazakh Export» ұлттық компаниясы құрылды.

Шетелдік инвесторлардың жауапты мемлекеттік органдармен және ҚР мүдделі ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасасудың қолайлығы үшін 10 қазақстандық дипломатиялық өкілдіктерде инвестициялар жөніндегі арнайы кеңесшілер тағайындау туралы шешім қабылданды.

2017-2018 жж. кезеңіндегі бағалау бойынша Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексында 57-ші орынды иеленді. ҚР денсаулық сақтау және бастауыш білім беру көрсеткіші былтырғы жылмен салыстырғанда ДЭФ-тің бастапқы білім беруді бағалау үшін халықаралық ұйымдардың статистикалық деректерін дұрыс пайдалануына байланысты 59-орынға (+35) көтеріліп, елеулі жақсарғанын атап өту керек. Сондай-ақ жоғары білім және кәсіптік дайындау сияқты факторлар бойынша 56-шы орынға (+1), технологиялық дайындық – 52-ші орынға (+4) және нарық көлемі бойынша – 43-ші орынға (+2) көтерілгендерін атап өткен жөн.

2005 жылдан бастап елімізге 250 млрд. АҚШ долл астам тікелей шетелдік инвестиция тартылған. 2017 жылдың қорытындысы бойынша 15,7 млрд. АҚШ долл. тартылды. Әлемдік қаржылық тұарқсыздық жағдайында біздің инвестициялық климатымыз және елдегі макроэкономикалық жағдай тұрақты болып қалуда және инвесторлардың сенімділікке ие.

Негізгі тікелей шетелдік инвестицияларды алушылар ретінде тау-кен өнеркәсібі, геологиялық барлау, іздеу жүргізу жөніндегі қызмет және өңдеу өнеркәсібі болып табылады.

Өнеркәсіптік саясатты кезең-кезеңмен дамыту мақсатында 2014 жылғы 1 тамызда ҚР Президентінің Жарлығымен 2015-2019 жылдарға арналған ҚР-дың Индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарлама 2010-2014 жылдарға арналған Мемлекеттік Үдемелі Индустриалды Инновациялық Даму Бағдарламасының логикалық жалғасы болып табылады және оны жүзеге асырылу тәжірибесін ескереді.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес экономикадағы өзгертілген шарттар мен жана технологиялық сын-қатерлерін ескере отырып, Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы (ИИДМБ) өзектендіріліп, 2016 жылғы 6 қыркүйекте №315 Президент Жарлығымен жаңа редакцияда қабылданды.

Индустрияландырудың басымдықтары өзектендіріліп, ИИДМБ-да қайта қаралады. ИИДМБ-ның мақсаты еңбек өнімділігін ұлғайтуға және өңделген тауарлар экспортының көлемін арттыруға бағытталған өңдеу өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін ынталандыруға екпін қою болып табылады. Талдау нәтижелері бойынша металлургия, мұнай өңдеу, химия, машина жасау, азық-түлік өнімдерін өндіру секілді өңдеу өнеркәсібінің 5 басым салаларында экспортқа бағдарланған айтарлықтай 8 сектор (қара металлургия, түсті металлургия, агрохимия, мұнай өңдеу, мұнай және газ химиясы, автомобиль өндірісі, азық-түлік өндірісі, электрлік жабдықтар өндіру) тандалды.

Сондай-ақ, ИИДМБ отандық тауарларды экспорттық қолдауды айтарлықтай күшейтуді және еңбек өнімділігін ынталандыруды көздейді. Мемлекеттік қолдау құралдары қайта қаралған.

ИИДМБ табысты іске асырылған жағдайда келесі мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізіледі: өңдеу өнеркәсібі өнімдері экспорты көлемінің құндылығы 2015 жылғы деңгейден 19%-ға; өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі 2015 жылғы деңгейден 22%-ға;

өңдеу өнеркәсібінің негізгі капиталына инвестиция көлемі 4,5 трлн. теңгеге өседі; өңдеу өнеркәсібіндегі энергия сыйымдылығы 2014 жылғы деңгей кем дегенде 7%-ға қысқартады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Маренков Н.Л. Инвестиции. Ростов н/Д.: Феникс, 2002. 448 с.
2. Евсенко О.С. Инвестиции: в вопросах и ответах. Учеб.пособие. М.: ТК Велби, изд-во Проспект, 2005. 256 с.
3. Баймуратов У. Инвестиции и инновации. Нелинейный синтез. Избранные научные труды. Т.3. Алматы: БИС, 2005 320 с.
4. Ромаш М.В., Шевчук В.И. ФИКИ. Минск: Книжный дом, 2004. – 159с

## **ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ РЕГИОНАЛЬНОЙ ИННОВАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ В КАРАГАНДИНСКОМ РЕГИОНЕ**

**КУБАНЦЕВА Д.А.**

Студентка группы Э-22

**БУКЕНОВА А.А.**

Научный руководитель, магистр, старший преподаватель  
Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза  
г. Караганда, Республика Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются предпосылки формирования региональной инновационной системы, функции региональной инновационной системы, научный подход к развитию инновационного региона.

Ключевые слова: региональная инновационная система, конкурентоспособность, инновации, понятие, инновационная система, в региональных ресурсах.

На основе установленных подходов, определения НИСА, можно сказать, что региональная инновационная система (RIS) - развивающийся набор взаимодействующих предметов государственных и негосударственных секторов экономики, которые осуществляют инновационную деятельность на основе сформированных государственных и региональных экономических и институциональных механизмов на основе доступных факторов на определенной территории (регион) [1].

Функции региональных инновационных систем следующие: активизация стимуляции роста региональной конкурентоспособности, на основе организации эффективного внедрения и использования инноваций в практике деятельности предприятий региона, обеспечивающего рациональное использование внутрирегиональных ресурсов включая компетентный труд, сеть установленных посреднических организаций и других организаций на основе обеспечения их эффективного взаимодействия; регулирование в области инновационной производственной деятельности для развития, передачи, адаптации, развития и коммерциализации инноваций, соответствующих последним достижениям научно-технического прогресса из-за наиболее эффективного использования местных естественных, экономических, человеческих, финансовых и других региональных ресурсов; организация развития технических, технологических, организационных, экономических, социальных, экологических и других инноваций, соответствующих последним достижениям науки и техники для отраслей промышленности и предприятий региона, принимающего во внимание их адаптацию к местным особенностям; обеспечение эффективного осуществления региональных программ научно-технического

развития; подготовка, профессиональная , переподготовка и повышение квалификации работников, связанные с предстоящими изменениями места и ролью предприятий и организаций в условиях инновационного развития экономики региона; подготовка к предстоящим организационным изменениям связана с введением нового оборудования и технологий, организационной структуры, форм организации и компенсации, и т.д. относительно особенностей регионального производства; активизацией инновационной и образовательной деятельности в регионе и, в частности, увеличиваются в образовательном и уровне квалификации сотрудниками предприятий, развитием смежных профессий ими, обучением сотрудников предприятий и организаций по горизонтальному и вертикальному официальному движению [2].

На существующем этапе развития экономических отношений инноваций становятся основным фактором в проблеме увеличения экономической эффективности производства, и отдельное предприятие и экономическая система в целом.

Карагандинский регион, будучи явным промышленным регионом и одним из лидеров в Республике Казахстан в развитии обрабатывающей отрасли промышленности и горнодобывающей промышленности, во время независимости заложил развитую основу научного исследования и инновационную инфраструктуру и также много больших структур группы, который в общем количестве формирует региональную инновационную систему [3].

Для РИСА формирования в Карагандинском регионе создано Понятие развития инновационной системы региона.

Формирование инновационной окружающей среды происходит из-за формирования инновационного менталитета через образование, образование в области естественных наук и профессионально-техническое образование; создание позитивного изображения новатора; соревнование, усиливающееся как условия развития инноваций; развитие информационно-коммуникационных технологий [4].

Стратегический ориентир РИСА деятельности Карагандинского региона - науко-и капиталоемкие проекты в основных отраслях промышленности. Соответственно, функционирующий приоритетный РИС будет: помощь созданию новых технологий и продуктов на основе региональных научных событий в экономике Карагандинского региона; помощь модернизации действующих промышленных предприятий Карагандинского региона на основе региональных научных событий, помощь созданию нового производства на основе передачи технологий для проектов бизнесменов Карагандинского региона; помощь развитию сетей группы в отраслях промышленности специализации.

Соответственно, для реализации региона результатов научного исследования в следующих научных направлениях приоритет:

1. Новые технологии для горной промышленности.
2. Новые технологии в металлургии и металлической работе.
3. Технологии в угольной химии и глубоко обработке угля.
4. Технологии для машиностроения и развития ACS и IT - технологии в машиностроении;
5. Технологии для химической, фармацевтической и резиновой промышленности.
6. Производственные технологии строительных материалов.
7. Технологии обработки техногенных отходов, сложного использования сырья и озеленения производства в основных отраслях промышленности [5].

Внедрение Понятия предполагается на 2 этапах.

На 1-м этап внедрения Понятия (2012 - 2014) должно быть положено начало, и реформы на внедрении задач предприняты. Принятие во внимание установленных мер по комплексу направлений для улучшения законодательства относительно стимуляции инновационной деятельности и о парке инновационных технологий развито.

Условия, цели, задачи, главные направления и целевые индикаторы внедрения первой стадии разработаны, приняв во внимание закрепление промежуточных результатов внедрения GP FIR на 2010 - 2014, который исправление с принятием Понятия будет предписано увеличить в эффективности его внедрения.

В особенности начало должно быть положено: дальнейшее развитие и укрепление национальной инновационной системы, принимающей во внимание построенную приоритетную схему и направления развития науки и технологий; обеспечение сильного и уравновешенного роста экономики посредством его диверсификации и улучшение конкурентоспособности в долгосрочной перспективе период; увеличение производительности факторов производства, увеличьте в инновационной деятельности бизнеса, росте качества человеческого капитала посредством формирования из инновационной окружающей среды, развития и активного приложения информационно-коммуникационных технологий; создания региональной инновационной системы и необходимой инновационной инфраструктуры, принимающей во внимание лучшие мировые методы, обеспечивающие формирования инновационных групп.

Создание и введение высоких технологий и конкурентоспособность продуктов высокотехнологичных секторов экономики посредством укрепления взаимодействия науки и бизнеса позволят Казахстану создавать основные принципы постиндустриальной экономики.

Должный уменьшиться в административных барьерах, созданиях условий для развития свободной конкуренции, расширения Казахстанского содержания, выполняя эффективную тарифную политику, целеустремленное создание сети предприятий SME вокруг крупных промышленных производителей запланировано внести изменения в развитии внутреннего бизнеса.

Системные условия для передачи стандартных технологий и развития отечественной промышленностью инновационных событий из-за дальнейшего развития инновационной инфраструктуры будут созданы. увеличения системной эффективности коммерциализации технологий, созданий инфраструктуры качества, формирования нормативной базой в сфере энергосбережения, внедрении результатов научных исследований в приоритетных отраслях экономики.

Созданная однородная система инструментов и меры государственной поддержки включая специальные бюджетные программы, поэтапную передачу знаний центральных государственных органов относительно поддержки и развития инноваций, местных к исполнительным органам, улучшение механизмов государственно-частного партнерства позволит координировать и концентрировать усилия государства и бизнеса во внедрении инновационной политики страны.

В целом принятые меры должны увеличить стабильность национальной экономики относительно циклических кризисов и будут способствовать росту благосостояния Казахстанских граждан [6].

Но реализация этих мер находится замедленным способом результат недостаточного соблюдения инновационной политики, которую проводят на республиканском уровне и потребностях регионов. Развитие региональных инновационных систем вмешивается многими проблемами, которые являются врожденными от каждого региона и далее сгруппированы в типах.

Основные проблемы при модернизации операционного производства: отсутствие собственных средств; высокая стоимость кредитных ресурсов; отсутствие ипотеки, обеспечивающей; в недостаточной акции невозможно использовать механизмы существующих программ развития; отсутствие интереса от крупных корпораций в новых проектах [6].

Основные проблемы при развитии нового производства на основе передачи технологий: отсутствие стартового капитала, чтобы начать новый проект и высокую



стоимость ресурсов; нет никакого регионального венчурного фонда; отсутствие интереса к проектам от крупных корпораций; нет никакого государственного заказа на инновационные продукты [7].

Основные проблемы при развитии нового производства на основе инновационной способности региона: небольшой размер грантов на научных исследованиях; нет никакого регионального венчурного фонда; несоответствующая оценка интеллектуальной собственности; отсутствие возможности использования интеллектуальной собственности как залог; отсутствие независимой экспертизы; нет никакой централизованной системы инкубации проекта от идеи до предприятия.

Основные проблемы при развитии нового производства на основе кластеробразующих структур: отсутствие интереса к проектам от крупных корпораций; нет никакого регионального венчурного фонда; отсутствие соглашений по использованию траты корпораций; отсутствие собственных ресурсов и отсутствие ипотеки, обеспечивающей.

Для решения проблем создания инновационных систем М. Портер предлагает решения в государстве, представленном в рисунке 1. Эти решения представлены в алмазе «Портера» для развития групп, но поскольку инновационная система Карагандинского региона включает группы, эти методы могут быть применены в развитии решений на улучшении его формирования и развитии [7].

Как правило, для увеличения эффективности функционирующего РИСА используется организационный и экономический механизм включая систему действия финансовых рычагов, которое выражено в организации, планировании и стимуляции использования финансовых ресурсов и организационных методов для улучшения управления системой.




Рисунок 1 – Влияние правительства на совершенствование кластеров[6]

На второй стадии внедрения Понятия (2015 - 2019) запланировано выполнить меры для улучшения качества Казахских инноваций для формирования экономики на основе знания, которое будет характеризоваться развитием Казахстана на уровне стран OSER[7].

Реализация инновационных: политики Казахстана это будет обычно направляться к завершению реформ предыдущей стадии, непрерывному устранению административных барьеров для инновационного перехода обеспечения бизнеса инициативы поколения инноваций к бизнесу.

Вывод:

В статье рассмотрены теоретико-методологические основы РИСА формирования и развития: понятие инновационной системы и принципы ее формирования и развития даны, национальная инновационная система определена как ключевое понятие инновационного развития, определения установленных и факторного подхода даны принципы развития, факторы инновационного развития экономики, рассмотрены модели развития НИСА. Предпосылки и условия развития национальной инновационной системы в Казахстане показана: модель развития НИСА Казахстана нельзя отнести к какой-либо из существующих, она основана на уникальных конкурентных преимуществах страны, но является наиболее близкой к восточной.

Список литературы:

1. Формирование региональной инновационной системы. Опыт Алтайского края / М. П. Щетинин и др. ; под общ. ред. М. П. Щетинина ; Администрация Алт. края, Гл. упр. экономики и инвестиций Алт. края. – Барнаул : Литера, 2014. – 215 с.

2. Захарова А.А. Сдерживающие факторы и проблемы инновационного развития // Становление гражданского общества и развитие российской государственности: тенденции, проблемы, противоречия: сб. науч. трудов. Саратов: ПАГС, 2015. С. 113-117.

3. Разработка и принятие решения в управлении инновациями / И. Л. Туккель. – СПб. : БХВ-Петербург, 2014. – 342 с.

4. Емельянов, Ю. Бенчмаркинг как инструмент быстрого "перехвата" инноваций / Ю. Емельянов, С. Хайниш // Проблемы теории и практики управления. – 2015. – № 6. – С. 105-118.

5. Ермакова, Е. Роль корпоративного предпринимательства в инновационной активности компании / Е. Ермакова, М. Кузнецова // Проблемы теории и практики управления. – 2015. – № 9. – С. 194-101.

6. Маннапов, А. Система управления инновационной деятельностью в организации / А. Маннапов // Проблемы теории и практики управления. – 2015. – № 6. – С. 98-104.

Реймер, В. Инновационная система России: проблемы управления и перспективы / В. Реймер, А. Бреусов // Международный сельскохозяйственный журнал. – 2016. – № 2. – С. 3-6

## БӘСЕКЕЛЕСТІК ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА АСТЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**КУЛТАСОВА Н.**

Э-31к тобының студенті

**МУХАМБЕТОВА З.С.**

Ғылыми жетекшісі, э.ғ.к., доцент

Қазақтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті,

Қарағанды қ. Қазақстан Республикасы

*Түйіндеме.* Мақалада Қазақстан Республикасының бәсекелестік экономика жағдайында астық шаруашылығын дамыту мәселелеріне экономикалық талдаулар жасалған. Астық шаруашылығын дамыту арқылы астық өнімдерін экспорттау мәселелері қарастырылған.

*Кілттік сөздер:* астық өндірісі, ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, ұн тарту кәсіпорындары, АӨК, астықты қайта өңдеу, астық жинау.

Астық өндірісінің өсуі оны сату көлемінің артуына және сала кірісінің жоғарлауына себепкер болады. Дайындалатын астықтың жалпы көлемінен 7,4-7,6 млн. тоннасы ішкі қажеттілікке жұмсалады. Жыл сайын ұнға есептегенде орташа есеппен 6-8 млн. тонна бидай экспортталады, астыққа есептегенде 2,8 млн. тонна бидай. Өтпелі қор орташа есеппен 3,0 млн. тонна бидай астығы. Қазақстанда астықты өндіру және тұтыну теңгерімі көрсеткендей, ішкі нарықтың өзіндік өндіріспен қамтамасыз етілуі шамамен 157%.

Ауыл шаруашылық шикізатын қайта өңдеу, оған қоса бүгінгі күні сапалы, қол жетімді және бәсекеге қабілетті тамақ өнімдерін өндіру Қазақстан АӨК басым міндеттерінің бірі болып табылады. Отандық өндірушілердің әлеуеті өте жоғары, себебі бүгінгі күні сала кәсіпорындары республикалық өнеркәсіптік өндірістің тек 5% және өңдеу өнеркәсібінің 16% көлемінде тауар өндіреді.

Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері бойынша қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін кәсіпорындардың саны 1 372, оның ішінде 55 ірі. Қазақстандықтар тұтынатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің 60 пайызға жуығы отандық, осы кәсіпорындарда өндірілген. Қазақстанда басқа салалардың дамуына ықпал ететін, жалпы адам саны 26 815 (оның 16 560 ұн тарту кәсіпорындарының жұмыскерлері) тұратын 501 кәсіпорындарды біріктіретін, АӨК ішіндегі ең маңызды кешендердің бірі болып астықты қайта өңдеу (оның ішінде майлы дақылдар тұқым қайта өңдеу) саласы саналады.

Ел экономикасындағы астықты қайта өңдеу саласының маңыздылығы агроөнеркәсіптік өндірістің 40% көлемі астықпен байланысты болуында. Астық – стратегиялық, әлеуметтік және экономикалық маңызды тауар. Астықтың өтпелі қор деңгейі бойынша ұлттық азық-түлік қауіпсіздігі туралы ой түйеді. Астық өндірісі мен тұтыну көлемі ресурстарды тұтыну құрылымына және елдің ішкі жалпы өнімінің қалыптасуына әсер етеді. Аталмыш салада айтарлықтай өндіріс құралдары жинақталған және ол қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің құрылымында салыстырмалы салмағы (76,3%) ең үлкен, ал тамақ өнімдерін өндіру құрылымында астықты қайта өңдеу саласы 20% құрайды.

Қазіргі уақытта еліміздің астықты қайта өңдеу саласы салыстырмалы түрде тұрақты күйде, бірақ ол әрі қарай дамытуды, бәсекеге қабілеттілікті және экспорттық әлеуетті арттыруды талап етеді, әсіресе теңге курсына түзетулер енгізгеннен кейін [1].

Астық шикізатынан тамақ өнімдерінің негізгі түрлерінің бірі болып табылатын жарма алынады. Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттіктің мәліметтері

бойынша Қазақстанда соңғы 5 жылда жарма өндіру 2 есе артты. Жарма кәсіпорындары үшін бұл шекті меже емес.

Енді соңғы жылдардағы Қазақстан Республикасы бойынша жиналған астықтың жалпы көлеміне иоқталайық (Кесте 1).

Кесте 1

Қазақстан Республикасы бойынша жиналған астықтың жалпы көлемі

	мың тонна		
	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Қазақстан Республикасы	13 747,0	14985,4	14 802,9
Ақмола	3 872,6	4 261,6	4 006,1
Ақтөбе	129,8	298,9	364,9
Алматы	264,0	295,7	262,2
Атырау	-	-	-
Батыс Қазақстан	85,6	242,2	295,6
Жамбыл	158,0	220,3	243,6
Қарағанды	469,7	688,4	596,4
Қостанай	4 061,3	3 991,3	4 193,8
Қызылорда	2,2	8,3	7,8
Оңтүстік Қазақстан	277,8	369,9	306,8
Павлодар	418,4	466,0	452,5
Солтүстік Қазақстан	3 595,8	3 654,1	3 674,8
Шығыс Қазақстан	411,6	487,6	398,2
Астана қаласы	0,1	1,0	0,2
Алматы қаласы	0,1	0,1	0,0

Е с к е р т у – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі статистика Комитетінің мәліметтері [2]

Кестедегі мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша жиналған астықтың жалпы көлемінің ең көп бөлігі Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарына келеді, яғни Қазақстандағы астық шаруашылығына маманданған облыстар болып табылады.

Енді 2017 жылғы республиканың астық қабылдау кәсіпорындарына түскен 2017 жылғы астықтың сапасы туралы айтатын болсақ, ол төмендегі кестеде берілген (Кесте 2).

Кесте 2 - 2017 жылғы республиканың астық қабылдау кәсіпорындарына түскен 2017 жылғы астықтың сапасы туралы

Облыстар атауы	Дайындық басынан 2017 жылғы астықтан түскені						
	Барлығы	с.і. ылғалдылығы бойынша				Соның ішінде	
		14,5 дейін	14,6-17,0	17,1-20,0	20,0 жоғары	кептірілген	әзірленгені
Ақмола	2616856,0	2109813,0	346835,0	117344,0	42864,0	400809,0	1309053,0
Ақтөбе	109199,4	108258,2	665,2	276,0		412,0	49157,0
Алматы	3245,0	3245,0					
Ш-Қазақстан	70169,0	54258,0	6934,0	5584,0	3393,0	13781,0	11581,0
Б-Қазақстан	250509,0	249199,0	961,0	349,0		1310,0	77393,0
Қарағанды	17167,0	16503,0	277,0	387,0			
Қызылорда	44,0	44,0					

Қостанай	1723934,0	1416230,0	218992,0	71466,0	17246,0	208582,0	936064,0
Павлодар	43376,0	31292,0	4547,0	6279,0	1258,0	9256,0	19049,0
С-Қазақстан	1624502,0	882842,0	438470,0	232638,0	70552,0	426640,0	587151,0
О-Қазақстан	0,0						
Республика бойынша	6459001,4	4871684,2	1017681,2	434323,0	35313,0	1060790,0	2989448,0
% 2017 жылға		75,4	15,8	6,7	2,1		
2016 жылы болған	5959138,5	3039309,1	1533731,6	938202,1	447895,7	2204277,9	3364748,0
% 2016 года		51,0	25,7	15,7	7,5		
Республика бойынша барлығы, Процентпен	78,1						
бидай барлығы, тонн	5045772,7						
Е с к е р т у – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі статистика Комитетінің мәліметтері [2]							

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, 2017 жылғы республиканың астық қабылдау кәсіпорындарына түскен 2017 жылғы астықтың сапасы туралы айтатын болсақ, онда астықтың ылғалдығы төмендеген сайын, оның сарпасы артатыны, сақтау мерзімі ұзаратыны бергілі.

Ал Атырау облысы астық шаруашылығымен айналыспайтындығы және Қызылорда, Ақтөбе, Жамбыл облыстарында да астық шаруашылығымен айналысу табиғи климаттық жағдайларына қарай қолайсыз екендігі мәлім болып тұр.

Қазіргі кезде республикада күріш жармасымен 53%, бидай жармасымен 8%, қарақұмық жармасымен 9% және астық-бұршақ жармасымен 19% деңгейде тұрғындардың қажеттілігі қамтамасыз етілуде. Бірақ жылдам дайындалатын жарма өндірісінің көлемі жеткіліксіз. Осы өнім түрінің нарығын ресейлік өндірушілер 96% дейін игерген.

Бүгінгі күні Қазақстандағы астық сақтаудың сыйымдылығы 22,5 млн. тоннаны құрайды. Бұның ішінде лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындары - 13,6 млн. тонна, ауыл шаруашылығы құрылымдарының астық қоймалары - 8,9 млн. тонна. Бұған қоса ашық алаңқайларда 2,5 млн. тоннаға дейін астық сақтауға болады.

«Бидайды полимерлік қаптарда сақтау тәжірибесі де соңғы жылдары кеңінен қолданылуда. Сондай-ақ астықты өз технологиялық сыйымдылықтары бар ұн тартатын кәсіпорындары да қабылдайды. Егін орағы науқаны барысында жиналған құрғақ астықтың басым бөлігі қабылдау кәсіпорындарындағы сыйымдылықтар босағанға дейін 8,9 млн. тонна астықты сақтауға мүмкіндік беретін астық қоймаларында жинақталды.

Бидай – бүкіл әлемде 148 елдің негізгі азық-түлігі болып табылады және көптеген елдердің экономикасында ерекше орын алады. Бүкіл дәнді дақылдар өнімінің 60% мөлшері бидайдан алынады. Бидай – дәнді-дақылдар тобына жататын, көбінесе біржылдық шөптесін өсімдік. Дәнді-дақылдардың ішіндегі ең басты және ең көп өндірілетін дақыл. Бір гектардан 30-40 центнер өнім береді.

Астықты екі кезеңде жинау үшін астықты толық пісуден 7-8 күн бұрын қамырланып пісу кезінде ора бастайды. Орақты ерте бастау нәтижесінде науқан ерте аяқталады, сол сияқты астықтың шығыны да азаяды және әр центнер өнім үшін жұмсалатын қаржы кемиді. Оның себебі, астық дәндері дестеде жатып кебу кезінде сабақтарында қалған ақырғы қоректі заттарды түгел пайдаланады да жақсы толып піседі. Оған қоса астық шала

піскен күйінде шабылғандықтан дәндер төгіліп шашылмайды, масақтар да сынбайды, шығын болмайды. Екі кезеңдік әдіспен астық жинау тиімді болу үшін бірнеше агротехникалық шарттарды орындау керек. Сол шарттар орындалғанда ғана бұл әдіс тиімді болады. Ол шарттарға негізінен мыналар жатады:

1) жер бедері тегіс болу керек, яғни дестені көтеру кезінде жинағыш саусақтары топырақты қоса жинамауы тиіс. Егер жер бедері тегіс болмаса, астыққа топырақ араласып, оның сапасын нашарлатады;

2) өсімдік сабақтарының қалыңдығы белгілі мөлшерден төмен болмауы керек, яғни жиналған десте кесілген сабақ қалдықтарының арасына құлап, жерге түспеуі, кесілген сабақтардың үстінде жатуы тиіс. Егер өсімдік сабақтары сирек болса, десте жерге түседі, олардың араларына ауа кірмейді, жақсы желдетілмейді. Сөйтіп дестенің кебуіне жағдай жасалмай, ол шіріп кетуі мүмкін;


3) өсімдік сабақтарының кесілген ұзындығы да белгілі мөлшерден қысқа болмауы тиіс. Өсімдік сабақтары қалың болғанымен, тым қысқа орылса, сабақ құлап жерге түседі де, жоғарыдағыдай болады [3].


Осы шарттар орындалғанда ғана астықты екі кезеңдік әдіспен жинауға болады. Екі немесе бір фазалы астық жинау тәсілдерін мына ретпен қолдануға болады: астық шала піскен шағында бөлектеп жинай бастайды да ол толық піскеннен кейін тікелей жинауға көшеді. Астықтың шала піскен шағынан толық піскенге дейін орталық аймақтарда 4-8 күн өтетін болса, солтүстік аймақтарда 8-12 күн аралығында болады. Бұл жағдайда бөлектеп жинау тәсілі агротехникалық талаптарға толық сай келеді. Өйткені астық жинауды күн ілгері бастаудың мүмкіндігі туады. Астықтың шала піскен мезгілін мына қасиеттеріне қарап анықтауға болады: масақ түсі сарғылт немесе қоңырлау, дәннің серпімділігі азаяды, дән қауырсынынан күшпен ажырайды және оны оңайлықпен домалақтауға болады.

Дестелерді де өз уақытында жинау астық ысырабын ең аз мөлшеріне дейін азайтады. Ауа райы қолайлы кезінде дестеде жатқан астық мына төмендегі мезгілдерде толық пісіп жетіледі: еліміздің орталық аймақтарында шамамен 3-4 күн ішінде, ал солтүстік аймақтарда 5-7 күн ішінде.

Бүгінгі таңда астық өндірісі ауыл шаруашылығының айрықша механикаландырылған саласы болып табылады. Барлық операциялар, атап өтетін болсақ, топырақты өңдеу, егу, егістікті күту, жинау, жинағаннан кейінгі өңдеу және астық сақтау, бұлардың барлығы дерлік толығымен механикаландырылған. Алайда, астық өндіруді кешенді механикаландыруға байланысты бірқатар қиындықтар туындады, олардың негізгісі – түрлі машиналардың әсерінен астықтың зақымдалуы.

Астықтың машиналардың әсерінен механикалық зақымдалулары жалпы астық жиымына, егіске, астық өнімділігіне, наубайханалық сапасына тікелей әсер етеді. Демек, астықтың машиналар әсерінен механикалық зақымдануын жою - бүгінгі күннің өзекті міндеті болып отыр. Дәнді дақылдарды жинау және астықты жинағаннан кейінгі өңдеудегі көптеген операциялар әртүрлі дәрежедегі астықтың механикалық зақымдалуларына себепкер болады. Астық өндірісінің барлық сатыларында (жинау, тасымалдау, сақтау, жүзеге асыру) бірқатар шығындар орын алады. 1-ші суретте көрсетілгендей оларды сандық (тікелей) және сапалық (жанама) деп қарастырады.





Сурет 1. Бидай жинау кезіндегі шығынның түрлері

Тікелей шығындарға жоғалған дәндер яғни қайта жинауға келмейтін қайтарымсыз астықты жатқызуға болады. Астық жинаудағы тікелей шығындар комбайнның тікелей бастырғыш аппаратынан, ұқыпсыз тасымалдаудан және сақтауды дұрыс ұйымдастырмаудың әсерінен орын алады.

Жанама (сапалық) шығындарға әртүрлі деңгейде өзінің егіндік, өнімділік, тауарлық, технологиялық және наубайханалық сапасын түрлі себептермен жоғалтқан дәндер жатады. Көбінесе жанама шығынның әсерінен тікелей шығындар пайда болады. Мысалы, механикалық бүлінген астық массасының құрамындағы жоғары ылғалдылық, дәннің күшейтілген тыныс алуының нәтижесінде олардың өздігінен қызуын тудырады және де микроорганизмдердің қарқынды дамуына әкеліп соғады. Қазіргі уақытта дәнді дақылдарды жинау және өңдеу жұмыстары толық механикаландырылғандықтан, бірінші кезекте астықтың машиналар әсерінен бүлінуін қарастырамыз [4].

Астықтың барлық механикалық зақымдануын екі үлкен топқа бөлуге болатындығы жалпыға белгілі. Олар макро және микрозақымданулар.

Біріншісінде көмекші құралдар әсерінсіз көруге болатын зақымданулар, яғни дәннің бір бөлігі сынған, дән көлденең сынған, дәннің 1/4 сынған, зиянкестермен бүлінген дән, пішіні майысқан дән.

Екінші топта көмекші құралдардың көмегімен ғана көруге болатын, яғни дәннің көзге көрінбейтін жарақаттары, дән қабығының бүлінуі, дәннің сыртқы және ішкі жарықтары, дәннің көгеруі жатады.

Қорыта айтқанда, дәннің микрозақымданулары мен макрозақымданулары арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Макрозақымдану кезінде бойлай және кесе-көлденең сынған, езілген немесе жарақаттанған астық өзінің физика-механикалық көрсеткіштері (мөлшері, массасы, формасы) және аэродинамикалық көрсеткіштері айтарлықтай ерекшеленеді, сондықтан олардың көпшілігі кез келген астық тазалайтын машиналарда оңай бөліп алуға болады. Ал астықты жаппай тазалау кезінде микрозақымдануларды анықтау қиынға соғады, өйткені дән сыртқы түрі бойынша бүтін дәннен айырмашылығы жоқ.

Астықты жинау кезіндегі проблемалар бұрыннан бар, олар біртіндеп шешіліпте жатыр, бірақ астықты бастыруға дейінгі массаның биіктігі және ені бойынша біркелкі болмауы жинау кезіндегі шығынның (25 пайызға дейін) бірден бір себебі. Сондықтан көлбеу камераның жұмыстық бөлшектерін жетілдіруге бағытталған құрылғы жобалау қажеттігі туады.

Қолданылған әдебиеттер:

1Түрекулова Д.М., Бейсенғалиев Б.Т. Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі: оқу құралы. Алматы 2015 ж.-194 б.

2Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі статистика Комитетінің мәліметтері

3Кенжеболатова М.Ш. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі кейбір өзекті мәселелер //Вестник науки Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина. – 2017. - №1 (80). – Б.153-162

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУДІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

**ҚЫЗЫР А.Н.**

Э-21 к тобының студенті

**АХАНОВА М.Ж.**

Ғылыми жетекші

Қазақтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Экономика және кәсіпкерлік кафедрасының

оқытушысы, магистр

Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

*Аннотация:* берілген мақалада еңбекақы төлеудің түрлі деңгейде реттеулері қарастырылған, негізгі мәселелері айтылып, оларды шешу жолдары мен ұсыныстар берілген. Мемлекеттік реттеудің өңірлік, салалық және өндіріс ішілік реттеу, сонымен әлеуметтік серіктестікпен біріге отырып, шарттық реттеу мен ұжымдық-шарттық реттеудің тиімді тетіктері ұсынылған.

*Негізгі сөздер:* еңбекақы, әлеуметтік серіктестік, мемлекеттік реттеу, ұжымдық-шарттық реттеу, еңбек өнімділігі

«Адам еңбекқор болып, өз кәсібін жақсы меңгергенде және лайықты жалақы алуға немесе жеке кәсіп ашып, оны дамытуға мүмкіндік болған кезде табыс артады.

Мемлекет пен адамдардың күш біріктіруінің арқасында ғана біз Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құра аламыз» - деп Елбасының жыл сайынғы Жолдауында айтылғандай, халықтың тұрмыс жағдайы еңбекақы арқылы жоғарылайды [1].

Қазақстан Республикасында еңбекақы төлеуді мемлекеттік және келісім-шарттық реттеу қағидасымен өзара байланысты және өзара тәуелділік негізінде құралған еңбекақы төлеуді реттеудің тиімді тетігін қалыптастыру бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру қажеттілігін туындап отыр. Осы сынды тетікті әзірлеудің аса кең таралған түрі келесідей негізқалаушы үш мәселені шешуге бағытталған, олар:

- қазіргі жағдайда шаруашылық етудің тетігінде еңбекақы төлеудің мемлекеттік реттеу орны мен рөлін айқындау;

- түрлі деңгейдегі шарттар мен келісімдердің оңтайлы өзара байланысы мен өзара негіздемесін қарастыратын әлеуметтік серіктестік жүйесі шеңберіндегі еңбекақы төлеудің шарттық реттеудің тиімді жүйесін дамыту;[2]

Зерттеу аясында мемлекеттің саясатын түбегейлі өзгертуінсіз еңбекақы төлеудің тиімді мемлекеттік реттелуі мүмкін емес. Берілген талаптар әлеуметтік-еңбек аясында болып жатқан (еңбек нарығының дамымауы, еңбекақы көлемінің сәйкессіздігінің күшеюі, әлеуметтік серіктестігі жүйесін қалыптасуының бастапқы кезеңі) жағдайлардан туындап отыр. Осының негізінде еңбекақы төлеуді ұйымдастыру саласында орын алып жатқан процестерге мемлекеттік ықпал ете алатын негіздерін қалыптастыру қажеттілігі ұсынылып, ол келесідей негізгі элементтерді қосады:

1) нарыққа көшу кезеңінде еңбекақы төлеуді ұйымдастыруды қайта құрудың тұжырымдамалық бағыттарын әзірлеу. Қазіргі таңда еңбекақы төлеуді ұйымдастыру аясында болып жатқан экономикалық жағдайларды есепке ала отырып, берілген аяда әлеуметтік серіктестіктің барлық деңгейлерінде мемлекеттік әрекет етудің рөлі мен орнын



тұжырымды түрде анықтау қажет, оған қоса, шарттық реттеумен өзара байланысын және өзара ықпалын айқындау;

2) еңбекақы төлеу саласында тиімді құқықтық өрісті қалыптастыру. Еңбекақы төлеуді реттеудің тиімді тетігін құру үшін әрекет етуші заңнамалық актілерге сәйкесті өзгерістер енгізу, берілген процестің әр бағытын толықтыратын және реттейтін жаңа заңдар әзірлеу;

3) шаруашылық субъектілердің ұйымдастырушылық-құқықтық формалары және меншік формаларынан тәуелсіз жұмыскерлердің кәсіби топтары бойынша еңбекақы төлеудің көлеміне ең төменгі қолайлы коэффициенттеріне мемлекеттік реттеу; -

4) еңбектің қалыпты жағдайынан ауытқуымен байланысты кепілдеме мен өтемақының төменгі көлемімен заңнамалық қамтамасыз ету (түңгі уақыттағы жұмысқа, мерекелік және демалыс күндерге, жоспардан тыс жұмыстарға қосымша ақы);

5) еңбекақы төлеудің шарттық реттеуін дамыту үшін жағдай жасау. Мемлекеттің экономикалық саясаты шарт пен келісімдердің көп деңгейлі жүйесі негізіндегі еңбекақы төлеуді шарттық реттеуінің тетіктерін құруға бағытталған болуы керек. Бұл жағдайда мемлекет тек ұжымдық келіссөз жүргізуші серіктес ретінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік серіктестіктің қағидасын жүзеге асыруға қолайлы жағдай (құқықтық, экономикалық және т.б.) құрушы ретінде де рөл атқаруы тиіс.

Еңбекақы төлеуді мемлекеттік реттеу аясына қатысты келтірілген мәселелер қатары еңбекақы төлеуге қатысты барлық мәселелер ауқымын қамтымайды. Соған қарамастан, реттеу тетіктерінің негізін қалаушы элементтері ұсынылып, берілген. Олар оның шарттық аспектілерінің негізінде келешекте дамуына мүмкіндік береді.

Әлеуметтік серіктестік дамуының тиімді әрі қалыпты тұжырымдамалық негізі дамуының қалыптасуы еңбек қатынастарын шарттық реттеуін жетілдіру жолдарын анықтау процесінде негізін қалаушы сәті болып табылады. Берілген бағыт шеңберінде шаруашылық жағдайының өзгеруін есепке ала отырып, әлеуметтік серіктестіктің өзара ықпалының түрлі тараптарын реттеуші қажетті заңнамалық және нормативтік актілер топтамаларын әзірлеу қажеттілігі ұсынылады: «Жұмыс берушілер бірлестіктері туралы», «Кәсіпорындардағы жұмысшылардың өкілді органдары туралы», «Басқарудағы қатысу туралы» және басқадай заңдар.

Еңбекақы төлеуді ұжымдық-шарттық реттеуді жетілдірудің аса басымды бағыттарына келесілерді жатқызуға болады:

- келіссөздер тараптарының қызметі, құзыреттілігі, мәртебесі, келісімдер түрлерін айқындау;

- әлеуметтік серіктестіктің аумақтық органдарын құру;

- ұжымдық шарттар мен келісімдердің әр түрімен шешілетін сұрақтар қатарын шектемеу;

- барлық ұжымдық-құқықтық формадағы шаруашылық субъектілерінің еңбек қатынастарын шарттық реттеу жүйесімен шынайы айналысу;

- барлық деңгейлерде жұмыс берушілердің өкілетті органын құру.

Шарттық реттеуге жатқызылған еңбекақы төлеудің сұрақтар қатары өте ауқымды болғандықтан, ол өзіне түрлі деңгейлердегі еңбекақы төлеуді ұйымдастырудың барлық мәселелерін қосады. Оларға келесілерді жатқызуға болады:

- еңбекақы төлеу жүйесі мен формасын таңдау;

- өңірлік төменгі еңбекақының есептеу тетігі;

- бірінші разрядтың салалық, өңірлік және өндіріс ішілік тарифтік мөлшерлемелерін анықтау тәртібі;

- салалар мен өңірлердегі қызметкерлердің қызметтік және жұмыс жалақылардың

тарифтік мөлшерлемелерінің төменгі рұқсат етілген өлшемі;

- кәсіпорында жалақылар мен тарифтік мөлшерлемелерінің нақты өлшемі;

- ынталандырушы және өтемдік сипатта болатын өтемақы мен қосымша ақы түрлері;

- ұлттық, салалық және өңірлік деңгейлерде әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктердің төменгі рұқсат етілген өлшемі;

- кәсіпорында әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктердің нақты өлшемі;

- ынталандыру жүйесімен жұмыскерлердің қамтылуы, сыйақылаудың жағдайы мен өлшемі, көрсеткіштері, сыйақылық жүйелер түрлері, марапаттау жүйесін қоса есептегендегі жұмыскерлерді материалдық ынталандырудың өлшемі мен тәртібі;

- жалақыны индексстеу тетігі және басқалар.[3]

Еңбекақы төлеудің келтірілген көрсеткіштер тізімі түрлі деңгейлерде шарттар мен келісімдердің мазмұнын қосқандағы мақсатымен жүйелендіруді талап етеді. Осыдан келісімнің орны мен рөлін жан-жақты түсіндіру қажеттілігі туындады, бірінші кезекте, өңірлік, осы сұрақтардың шарттық-ұжымдық реттеу аясында анықтау керек.

Еңбекақы төлеудің негізгі мәселелерін талқылай отырып (төмен деңгейі, өңірлік теңсіздіктер, заңнамалардың шикіліктерінен және де басқадай тұрақты заң бұзушылықтар және т.б.), қазіргі қазақстандық экономикада оларды шешу жолдары кәсіпорынның өз күшімен шешілуі мүмкін, алайда, келесідей бағыттар бойынша еңбекақы төлеудің кешенді мемлекеттік қайта құрылуы қажет:

1) кедейшілікпен күрес, еңбекақының көлемін өсіру, күнкөріс деңгейіне дейін төменгі еңбекақының көлемін жеткізу;

2) төмен жалақы алатын жұмыскерлерді салықтық жүктемесін бәсеңдетіп, жоғарғы табыс иелеріне аудару;

3) инфляциялық процестерден тұрғындардың табысын қорғау шаралары бойынша: тарифтік мөлшерлеменің бір уақыттық жоғарылату, валюта бағамы бойынша немесе инфляцияны есепке алғандағы еңбекақыны индексациялау;

4) өңірлік және көші-қону саясатының, монополияға қарсы заңнамаларды жетілдіру жолымен еңбекақының көлемін теңсіздіктен құтқару;

5) еңбек нарығын реттеу жөніндегі шаралар: нарықтың сұранысына ие мамандықтарға (оның ішінде жұмыскерлерге) қолдау көрсету, сол немесе басқадай мамандықтарды даярлауға ЖОО-на квоталар көбірек бөлу, біліктілікті арттыруға ынталандырулар;

6) әлеуметтік стандарттар мен кепілдемелер жүйесін бекіту негізінде жұмысшы күшінің бағасына жанама мемлекеттік реттеу;

7) азаматтық, салықтық, еңбек заңнамаларын сақтауға бақылауды күшейту, нормативті-тарифтік базаның және басқаларды жаңарту бойынша жұмыстар жүргізу. [3]

Қазіргі таңда осы бағыттардың барлығымен үкіметпен жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осыдан, кәсіпорындағы еңбекақы төлеудің осы немесе басқа жүйесіне көшу экономикалық тұрғыдан негізделген болып табылады.

Елбасының жыл сайынғы Жолдауында айтылғандай келесідей тапсырмалар қатары ұсынылды, олар:

Біріншіден, Үкіметке 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақыны 1,5 есе, яғни 28 мыңнан 42 мыңға дейін өсіру;

Бұл барлық сала бойынша түрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындарда жұмыс істейтін 1 миллион 300 мың адамның еңбекақысын тікелей қамтиды.

Бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін 275 мың қызметкердің еңбекақысы көбейіп, орта есеппен 35 пайызға өседі.

Осы мақсаттарға 2019-2021 жылдарда республикалық бюджеттен жыл сайын 96 миллиард теңге бөлу керек [1].

Қазіргі таңда, біздің елде басқадай көрініске ие, бұл: кәсіпорындарда жалақы төмен және ұйымдарда жұмыскерлердің саны шамадан тыс көп, ол солай болғандықтан еңбек өнімділігінің жоғары еместігін көрсетіп, өз кезегінде өмір сүру жағдайы мен өндірістің тиімділігін арттыруға кедергі келтіруде.

Еңбекақы төлеудің жүйесін жетілдіру, жаңа шешімдерді іздеу болашақта өзінің жемісін бере бастайтын болады, яғни еңбектің жоғары өнімділігіне деген жұмыскерлердің қызығушылықтары артуы мүмкін. Бұл өз кезегінде, біздің елімізде жалақымен байланысты жағдайларды жақсартуға бірқатар заңдық актілерді қабылдауға көмегін тигізеді. [4]

Еңбекақы төлеудің төменгі көлемін жоғарылату, жалақыны төлемеу дағдарысын шешу қажет. Болашақта салықтық тетіктердің көмегімен кәсіпорындарда өндірістің жандануына қызығушылық тудырады. Ал, ол өз кезегінде еңбек ақы мөлшерлемесінің және еңбекке сұраныстың артуына әкеледі. Еңбек ақының жоғары мөлшерлемесі еңбек өнімділігін арттырады. Жалақы өнімділік арттырушы және ынталандырушы қызметін атқаратын болады. Бұл экономиканың сауығуына және азаматтардың жағдайының жақсаруына әкеледі, яғни, бұл дегеніміз, әлеуметтік сипаттағы қазақстандық экономиканың негізгі міндеттері болып табылады [2].

Осыған орай, енді, ең төменгі жалақы ең төменгі күнкөріс шегіне байланысты болмайды. Ең төменгі жалақының жаңа мөлшері бүкіл экономика ауқымындағы еңбекақы өсімінің катализаторына айналады.

Төмен жалақы алатын қызметкерлердің еңбекақысын көтеруге қатысты бұл бастаманы ірі компаниялар қолдайды деп сенемін.

Екіншіден, бизнесті өркендетудің тұрақты көздерін қалыптастырып, жеке инвестицияны ынталандыру және нарық еркіндігін қолдау керек.

Дәл осы бизнес арқылы жаңа жұмыс орындары ашылып, қазақстандықтардың басым бөлігі табыспен қамтамасыз етіледі [1].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру»
2. Катарбаева А. Об оплате труда наемных работников в Республике Казахстан// Труд в Казахстане. – 2014 - № 12
3. Волгин Н.А., Будаев Т.Б. Оплата труда и проблемы ее регулирования. - М.:Издательство «Альфа-Пресс», 2016.
4. Закон Республики Казахстан от 10.12.1999 N 493-1 «О труде в Республике Казахстан»

## **НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ЕАЭС В РАМКАХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ**

**МАХАНОВА Г.А., АРТЕМЬЕВ Н.Д.**  
студенты группы ТД-326  
**ТУРСУМБАЕВА М.Ж.**  
Научный руководитель, к.э.н., доцент  
Казахский университет экономики,  
финансов и международной торговли,  
г.Астана, Республика Казахстан

*Аннотация.* В данной статье рассматриваются общие черты финансовой системы стран-участниц ЕАЭС, их актуальные проблемы, а также определенные сложности внедрения системы общего финансового рынка. В частности, проанализированы вопросы введения единой валюты, а также все негативные и положительные стороны этого процесса. Авторами определены фундаментальные причины создания общего финансового пространства.

*Ключевые слова:* финансовый рынок, единая валюта, национальная валюта, процессы глобализации, экономическая разница, мировая торговля, инфляция.

Евразийский экономический союз, учрежденный в соответствии с Договором о Союзе от 29 мая 2014 г., стал опорой успешного развития и гарантом обеспечения общих интересов государств-членов – Республики Армения, Республики Беларусь, Республики Казахстан, Кыргызской Республики и Российской Федерации. Однако существующие процессы глобализации приводят к тому, что глобальные вызовы и факторы изменяющиеся условия мировой торговли, масштабная цифровизация экономики, воздействуют на ЕАЭС с нарастающей силой.

Таким образом, ЕАЭС сегодня стоит перед выбором: либо он развивается в соответствии с Договором о Союзе, то есть согласно представлениям 4-летней давности, либо в соответствии с тенденциями современного глобального мира.

Следует отметить, что ЕАЭС как существующая и функционирующая экономическая и правовая реальность будет развиваться в любом случае, однако, использование первоначального подхода в новых условиях внешней среды может не позволить в полной мере достичь заявленных целей Союза. В то же время выбор прогрессивного сценария развития требует постановки амбициозных задач, формирования предложений и выработки новых решений для дальнейшего развития интеграции.

Проведение анализа деятельности ЕЭС, а также оценка имеющихся проблем рамках данного интеграционного объединения.

Евразийский экономический союз - это единение стран, у которых похожие цели и задачи, и они одинаково подходят решать одни и те же проблемы. И эти пять государства в ближайшее время ставят в качестве цели создание общего финансового рынка.

Менять все куда сложнее, так как валюта — это не просто обработанное дерево. В так называемый состав валюты входит налогово-бюджетная, денежно-кредитная, промышленная, торговая и социальная политика, и эти наборы политик помогают государства в достижении им поставленных целей. Союзная компетенция включена в торговую политику Евразийской экономической комиссии, а смешенная, включается в промышленную политику. Так же в союзной находится и техническая политика. А вот вопросы по денежно-кредитной и налогово-бюджетной политике решают сами страны, которые принимают участие в ЕАЭС.

Однако некоторые страны считают необходимым доказать, нужность внедрения общей валюты. Так как главным аргументом выступает то, что участники ЕС имеют разный уровень развития экономики и это формирует риски для стран, которые принимают участие в Европейском союзе, и это экономическая разница не позволяет обсуждать внедрение общей валюты [1].

Следующей весомой причиной является то, что объем торговли между странами ЕАЭС не велик и недостаточен для высокого уровня взаимодействия. Объем торговли между участниками ЕАЭС в предыдущем году составил \$45,4 млрд, против \$579,5 млрд с третьими странами. Удельный вес взаимного товарооборота стран Союза в общем объеме внешней и взаимной торговли составил лишь 7,3%.

Это направляет нас на вывод, что причины, обговорённые ранее не дает объективных экономических толчков для создания общей валюты на пространстве государств — членов ЕАЭС.

Низкий уровень полноты экономики кредитами и деньгами представляет собой общую характерную черту финансовой системы стран. Нехватка инвестиций и ресурсов в финансовой отрасли становится фактором, который сдерживает рост в экономической сфере.

Для этого в общем и создается общая финансовая территория. Дефиницию данного слова можно найти в Договоре о Евразийском экономическом союзе [2].

Общий финансовый рынок государств ЕАЭС — это наличие гармонизированных требований к регулированию и надзору в сфере финансовых рынков государств-членов, лицензии в банковской и страховой сфере должны быть признаны всеми членами, а также в секторе услуг на рынке ценных бумаг, осуществление деятельности по предоставлению финансовых услуг на всей территории Союза без дополнительного учреждения в качестве юридического лица, административное сотрудничество между уполномоченными органами государств-членов, в том числе путем обмена информацией.

Это говорит о том, что в странах ЕАЭС должны быть общие правила игры как на страховом, так на банковской и биржевой сферах. Говоря другими словами, суть в гармонизации законодательства государств Союза и в итоге — создании максимально благоприятных условий для населения и бизнеса. А значит — устойчивого экономического роста.

Главы участников таможенного союза намериваются прийти к обоюдному соглашению в выборе единой валюты. Я проведу обзор на основные варианты решения данной проблемы.

Так как любая страна считает, что их национальная валюта-это независимость экономики. Это дает им право проводить собственную монетарную политику и т.д.

Экономика России очень большая, Казахстан привязан к ней как из-за событий в прошлом, то есть истории, так и географически. Тем не менее это не говорит, что Казахстан и в будущем должен идти вперед, смотря на своего соседа. Мы вполне можем развивать свою экономику по собственному сценарию и по своим принципам.

На рисунке 1, показаны изменения курса за последние 3 месяца. Закрывая глаза на то, что доллар является достаточно нестабильной валютой и не невозможно предсказать его следующий курс. Но почти все, кто является участниками ТС зависит от него.



Рисунок 1 - График изменений курса доллара за последние 3 месяца

Один из выходов от зависимости к доллару является валютный своп и попробовать жить без этой валюты, используя при взаиморасчетах, например, с Россией, свои национальные денежные единицы – российский рубль и тенге.

То есть, Казахстан будет рассчитываться с ними в российских рублях, а Россия сможет рассчитываться с нами в тенге. И все будет происходить без участия доллара.

При введении в ЕАЭС общую валюту, могут резко измениться экономики стран и будет очень сложно угадать, что будет с ними дальше.

Если сделать все расчеты между странами в их национальных валютах, то можно потерять зависимость к доллару. И курс для расчетов должен быть обговорен сразу.

И здесь актуальным вопросом станет такое положение стран, когда стране с более сильной экономикой придется тянуть страну с менее. Однако, это вовсе не проблема так как, единая валюта из-за одной страны не рухнет, а сама эта страна будет планомерно развиваться. Во-вторых, все ее финансовые доходы, налоги, расходы и прочее будут тщательно контролироваться, и по необходимости увеличиваться и уменьшаться, для этого нужно будет создать стабилизационный фонд.

Рисунок 2 - График изменений курса рубля за последние 3 месяца



Но и привязываться к рублю – это тоже плохая идея так как другие страны начнут быть зависимыми от России и тут может стать реальной проблемой сохранить свой экономический суверенитет. С любой стороны наибольшее влияние в этом экономическом союзе будет иметь Россия. Так как экономическое положение России намного крепче, чем положения всех стран-членов ЕАЭС вместе взятых. И это даст России право создавать финансовую и экономическую политику и принимать решения, которые являются наиболее важными.

Если за единую валюта принимать рубль, то отстаивание своих интересов со стороны Москвы будет на высоком уровне и все страны станут зависимыми от курса рубля и от ее инфляции. Собственно, страны сейчас и так зависят от РФ поскольку ее экономика в несколько раз превышает экономики всех стран ЕАЭС, взятых вместе, однако от введения рубля в качестве единой валюты эта зависимость увеличится в разы — вплоть до потери той или иной страной союза экономического суверенитета, невозможности проводить самостоятельную денежно-кредитную и валютную политику [3].

Нашим президентом было предложено создание совершенно новой валюты для единой экономической территорий России, Казахстана, Белоруссии и Украины. И эта будущая денежная единица будет называться «алтын». Для внедрения новой валюты в рамках ЕАЭС необходимо пройти несколько ступеней. Это – формирование свободной экономической зоны торговли, образование таможенного союза с едиными таможенными тарифами и "подготовка и стыковка" финансовых систем "четверки" к введению единой валюты.

К сожалению, мы не настолько активно торгуем друг с другом по сравнению с другими нашими партнерами, чтобы у предпринимателей появилась реальная потребность осуществлять все расчеты в одной валюте. И это предложение не было принято.

Между тем единой валютой не должен стать ни рубль и ни одна из действующих ныне валют. Введение совершенно новой валюты положит конец колебаниям между курсами валют государств союза, что крайне негативно отражается на бизнесе и инвестиционной привлекательности той или иной страны. Но тут существует весьма существенная оговорка: ни одно из государств ЕАЭС не должно ущемлять интересы другого, какой бы развитой и большой ни была его экономика. И, разумеется, при введении «общих денег» все государства должны договориться о проведении единой монетарной политики и регулирования банковской системы вообще.

Опять же — теоретически, при очень цивилизованном подходе, вводить единую валюту, вероятно, стоит, исходя хотя бы из соображений кризисной ситуации на валютном рынке всего ареала ЕАЭС, сильно тормозящего развитие экономик [4].

Таким образом, есть лишь один вариант решения проблемы, касающейся единой валюты.

Таблица 1. Результаты внедрения новой валюты

	Внедрение совершенно новой валюты
	Не должна ущемлять интересы других государств
	Должна быть единая монетарная политика и регулируемая банковская система
Примечание – составлено автором	

Это создание совершенно новой единицы, которая не должна ущемлять интересы других государств, а также в странах- участниц должна присутствовать единая монетарная политика и регулируемая банковская система. Этот вариант поможет выйти из кризисной ситуации на валютном рынке ТС.

Подводя итоги, можно сказать, что мы не можем двигаться быстрее, так как, оглядываясь на историю создания Европейского союза, можно сделать вывод что создание общей валюты более сложный и долгосрочный проект. Только в полной мере реализовав свой потенциал, который прорастает из свободы перемещение товаров, услуг, капиталов и рабочей силы и осознав, что нам нужны изменения, можно прийти к единственному правильному решению. Находясь на начальном этапе, мы не имеем полной реализации этих четырех свобод. Различий по уровню экономики, наличию природных ресурсов и других показателей на настоящее время между участниками ЕАЭС довольно много.

Понимая, что внедрение единой валюты уменьшит транзакционные издержки, валютные риски ослабеют, и проще будет проводить расчеты между членами и это способствует росту взаимной торговли, стимулированию общего рынка инвестиций и облегчению условий для миграции рабочей силы [5].

Нами предлагаются следующие пути урегулирования проблемных вопросов:

- разработка механизмов поддержки экспорта в целях более активного вовлечения Союза в международную торговлю, в том числе в рамках ВТО;
- обеспечение эффективного функционирования ЕАЭС в рамках многосторонней торговой системы;
- рассмотрение необходимости регламентации в праве Союза вопросов, связанных с применением (введением) одним из государств-членов в одностороннем порядке специальных экономических мер;
- укрепление сотрудничества с международными организациями, в т.ч. посредством использования в деятельности Комиссии результатов работы международных организаций (ВТО, ЕЭК ООН, ЮНКТАД, МТЦ и т.д.) в целях совершенствования правовой базы Союза и повышения кадрового потенциала сотрудников Комиссии;
- рассмотрение возможности и целесообразности имплементации в право Союза рекомендаций и наилучших практик ОЭСР, в частности, при разработке новых международных договоров и наднациональных документов;
- ускорение процесса проведения переговоров и подписания соглашений с заинтересованными странами-членами ВТО по изменению обязательств Республики Армения и Кыргызской Республики перед ВТО в соответствии со ст. 28 ГАТТ;
- расширение сети соглашений о свободной торговле с третьими странами и интеграционными объединениями.

Список литературы:

1. Договор о ЕАЭС (г. Астана, 29 мая 2014 года)(с изменением от 15.03.2018 г.)

2. Сулейменов Т. Денежный вопрос: почему Евразийскому союзу не нужна единая валюта /<http://www.eurasiancommission.org/ru>

3. Сулейменов Т. Будет ли у ЕАЭС единая валюта? /<http://www.eurasiancommission.org/ru>

4. Кужабаева А.А. Создание Единого валютного фонда в Евроазиатском территориальном пространстве //Сборник материалов с конференции «Наука и образование – 2014»

5. Почему рубль становится главной валютой на Евразийском пространстве? <https://ru.sputniknews.kz/economy>

## **ЕЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ӨМІР СҰРУ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАЙТЫН КӨРСЕТКІШТЕРДІ ТАЛДАУ**

**МҰРАТБЕКОВА А.Қ.**

Э-24с/к тобының студенті

**МУХАМБЕТОВА З.С.**

Ғылыми жетекшісі, э.ғ.к., доцент

Қазақтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті,  
Қарағанды қ. Қазақстан Республикасы

*Түйіндеме.*Мақалада Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру деңгейінің соңғы жылдардағы мәліметтерін қолдана отырып экономикалық талдаулар жасалған. Алынған нәтижелерді экономикасы дамыған шет елдің мәліметтерімен салыстыру жасалған.

*Кілттік сөздер:* кедейлік индексі, табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы, Джини коэффициенті, демографиялық ахуал, жұмыспен қамту деңгейі, кедейліктің тереңдігі, кедейліктің өткірлігі, адами даму индексі.

Жаһандану заманында адам капиталы сапасын арттыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі адам капиталын дамытуға бағытталған инвестицияның тиімділігі қоғамға пайдалылығын беруі тиіс. Сондықтан адам капиталын дамыту экономикалық тұрғыдан алар болсақ, қажеттілікті қанағаттандырудағы адамның негізгі құралы деуге болады. Мысалы, «Адам капиталы - интеллектуалды инвестиция» ретінде. Адамның интеллектуалды әлеуетін инвестиция ретінде қарастыру үшін, адамды интеллектуалды азамат ретінде қалыптастыру және оның интеллектуал болып өсуі үшін салым салу керек.

Интеллектуалды инвестиция дегеніміз, қоғамдағы әрбір азаматтың зерделі, зерек, зиялы болып, қалыптасуына қажет қаржылық-материалдық, рухани-мәдени, өнегелі-тәрбиелік ортаны жасай білуді айтамыз. Сонда қоғамға интеллектуалды азамат өз тарапынан инвестиция қайтарымдылығы қалыптасып, оның тиімділігі анықталады яғни еңбек қайтарымдылығы жүзеге асырылады. Қазіргі жағдайда елімізде адам капиталына салынған инвестицияның қайтарымдылығы қандай деген сұрақ туындайды. Жаһандану жағдайында адам капиталының сапасын арттыру әлемдік трендте еліміз қандай орында екендігі және де адам капиталының экономиканы дамытудағы орны қандай екендігін талдау қажет етеді [1].

Адами капиталы - әрбір тұлғаға тән білім, дағды, әрекет, ынта және пайда табу әрекетіндегі іс-қимылы. Сонымен қатар адам капиталы – жеке бір адамның ғана емес, қоғамның азығы. Сарапшылардың зерттеулеріне сүйенсек, адам капиталын 1 пайызға



көтерудің арқасында еңбек өнімділігін 4 пайызға арттыруға болады. Ал, еңбек өнімділігі экономиканы дамытудың басты факторы болып табылады.

Мысалы, атақты ғалым Гэри Беккер өз еңбегі үшін экономика саласындағы Нобель сыйлығының иегері атанған. Беккердің пікірінше, экономикалық тәсіл адам мінез-құлқын түсінуде, айқындауда тұтас жүйені қажет етеді. Бұл бағытта зерттеу жүргізген ғалымдардың бірнеше буын өкілдері талай сәтсіздікке ұшыраған болатын. Г.Беккердің есептеуі бойынша, АҚШ-та адам капиталы инвестициясы құнды қағаздар инвестициясына қарағанда бірнеше есе артық пайда әкеледі.

Г.Беккер өз талдауларында адамның даралығы, төзімділігі сияқты рационалды, мақсатты мінез-құлқынан бастап басқа да әлеуметтік құбылыстарға қатысты адам өмірінің түрлі аспектілерін қарастырды. Ғалымның әзірлеп, ұсынған моделі осы саладағы зерттеулердің негізін құрады. Ол теория қазірде Intangible Investment – материалдық емес салаға инвестиция салу мағынасын білдіретін термин негізінде практикада қолданысқа ие.

АДИ жыл сайын БҰҰДБ зерттеулерімен есептеледі. Индекс, ол елдегі адамдық өркендеудің тұтастай көрсеткіштері және де елдің жетістіктеріне, яғни денсаулық жағдайлары мен ұзақ өмір сүрушілік, білім алу және ел азаматтарының жоғары деңгейде өмір сүрулеріне деген көзқарас жағынан өлшенеді.

2017 жылғы «Адамзаттық өркендеу туралы баяндамада», орташа елдік статистикалық көрсеткіштерге сүйенетін және ішкі теңсіздікті есепке алмайтын бұрыннан пайдаланылатын адамдық өркендеу индикаторына қосымша жаңадан үш индикатор енгізілді: АДИ, әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті есепке алып жинақталған (АДИТ), гендерлік теңсіздік индексі (ГТИ) және көпөлшемдік кедейлік индексі (ККИ).

АДИ-нің орташа әлемдік маңызы 0,682, Еуропа мен Орта Азия елдері бойынша 0,751, АДИ өте жоғары елдер топтары бойынша 0,652 құрайды.

Елдер рейтингте төрт категория бойынша жіктеледі: АДИ өте жоғары деңгейдегі елдер; АДИ жоғары деңгейдегі елдер; АДИ орташа деңгейдегі елдер; АДИ төмен деңгейдегі елдер.

АДИ рейтингіндегі Қазақстанның орнын БҰҰДБ сарапшылары өңірдегі АДИ өсімінің ең жоғары көрсеткіштерінің бірі деп бағалады - соңғы 10 жылда орта есеппен алғанда 0,84 пайыз, бұл Қазақстанның әлеуметтік саласындағы жүргізілетін саясаттың тиімділігін көрсетеді.

БҰҰ Даму бағдарламасы 2016 жылы 187 ел мен аумақты қамтыған 2015 жылдың қорытындысы бойынша Адам дамуы туралы жыл сайынғы кезекті баяндамасында Адам дамуының индексі нәтижесін жариялады.

Жоғарыдағы суреттен көріп отырғанымыздай, Қазақстан Ресеймен, Беларусьпен, Украинамен бір топта. Орталық Азияның қалған елдері мынадай орындарда:

Түрікменстан – 103 орын,

Өзбекстан – 116 орын,

Қырғызстан – 125 орын,

Тәжікстан – 133 орын.

Рейтингтің көш басында әдеттегідей Норвегия, Австралия, Швейцария, Нидерланды және АҚШ. Соныменқатар, Сьерра-Леоне, Чад, Орталық Африка Республикасы, Конго Демократиялық Республикасы мен Нигер де алдыңғыорындарда[2].

Рейтингті анықтау барысында көптеген факторлар ескеріледі. Соның ішінде адам құқығы мен азаматтық еркіндік саласындағы көрсеткіштер мен қоғамдық өмірге араласу мүмкіндіктері, әлеуметтік қамтамасыз етілу, халықтың аймақтық және әлеуметтік мобильділік деңгейі халықтың мәдени даму деңгейі, ақпаратқа қолжетімділігі, денсаулық пен жұмыссыздық деңгейі, қылмыс жағдайы, қоршаған ортаны қорғау мен өзге де көрсеткіштер.

Қорытынды рейтингте барлық мемлекеттер 4 санатқа бөлінеді: АДИ өте жоғары мемлекеттер; АДИ жоғары мемлекеттер; АДИ орташа мемлекеттер; АДИ төменгі

деңгейдегі мемлекеттер. Рейтингті анықтау барысында көптеген факторлар ескеріледі. Соның ішінде адам құқығы мен азаматтық еркіндік саласындағы көрсеткіштер мен қоғамдық өмірге араласу мүмкіндіктері, әлеуметтік қамтамасыз етілу, халықтың аймақтық және әлеуметтік мобильділік деңгейі халықтың мәдени даму деңгейі, ақпаратқа қолжетімділігі, денсаулық пен жұмыссыздық деңгейі, қылмыс жағдайы, қоршаған ортаны қорғау мен өзге де көрсеткіштер.

Прогресс барлық көрсеткіштерден байқалады: адам туғаннан кейінгі күтілетін өмір ұзақтығы 3,1 жылға өсті; мектептік оқу жылдарының орташа саны 1,6 жылға өсті, күтілетін оқу ұзақтығы 3,2 жылға өсті; ЖҰТ 2,4 есеге жоғарылады. Осы жақсарулар Қазақстанға 0,745 маңыздық санымен АДИ өте жоғары елдер қатарына еруге мүмкіндік жасады (Кесте 1).

БҰҰДБ сараптамасының көрсеткіштері бойынша, Қазақстан АДИ өте жоғары елдер тобына жақындады.

Адами даму индексі бойынша Қазақстан АДИ деңгейі жоғары елдер тізіміне енді (66-орын).

Көп елдерде адамзат капиталы жиналған байлықтың көптеген бөлігін құрайды және қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының басты басымдылығы және бәсекелестік экономиканың дамуының негізі болуы мүмкін.

2016 жылғы гендерлі теңсіздік индексіне сәйкес Қазақстан 146 елдің ішінен 0,334 маңыздық санмен 56 орынды иеленді. Көрсеткіштерге сәйкес әйелдердің 13,6% Парламенттегі орындарға ие, солардың ішінде 92,2% жоғары білімді орта жасқа келгендер, еңбек нарығындағыерлермен салыстырғанда 76,3%, әйелдердің алатын орыны 65,7%.

Кесте 1. Қазақстанның АДИ көрсеткіштерінің динамикасы

	Туғандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы, жыл	Білім алудың күтілетін орташа ұзақтығы	Білімалудың орташа ұзақтығы	Жан басынашаққан дағыЖҰТ	АДИ, маңыздық саны
2000	63,5	12,3	9,9	5,030	0,657
2005	65,2	14,9	10,2	7,830	0,714
2013	66,7	15,1	10,2	10,001	0,740
2014	67,0	15,1	10,4	10,585	0,745
2015	68,2	16,2	10,6	10,988	0,745
2016	69,3	16,2	10,8	11,045	0,751

Е с к е р т у – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика Министрлігінің статистика Комитетінің мәліметтері [3]

Көп мөлшерлі кедейлік индексі бойынша Қазақстан 68 орынды иеленді.

Бұрынғы кеңестік елдер ішінде рейтингте Қазақстаннан жоғары тұрған елдер Эстония (34 орын), Латвия (43 орын), Беларусь (65 орын) және Ресей Федерациясы (66 орын).

БҰҰДБ АДИ рейтингінде Қазақстанның жағдайы бірқалыпты деп есептеледі, одан көретініміз Қазақстанның әлеуметтік өріс аясындағы жүргізіп отырған саясатының тиімді екендігі.

Адамзат капиталының дамуының эволюциясы, мемлекеттің осы факторға қатынасының қаншалықты өзгергенін көрсетеді. Оның қалыптасуы мемлекеттің халық өмірінің сапасының және деңгейінің жоғарлауының инновациялық салымдарына байланысты

Инновациялық-ақпараттық экономиканың дамуы кезінде Финляндия, Ирландия және Сингапур елдерінің тәжірибесі, тек бағдарламалық және жүйелік-мақсаттық

табыстар шеңберінде тиімді инновациялық жүйенің үлестірілетінін және ұлттық адамзат капиталының (ҰАК) қарқынды дамуын «басыннан бастап» көрсетеді.

ҰАК қалыптасуы үшін инновациялық салымдар қайнар көзі болып, ең бастысы, денсаулық сақтау, білім (ғылым), адамзат ынтасын үлестіру мүмкіндік жүйесі және рухани баю жүйесі болып табылады.

БҰҰ сарапшыларының берген бағасы бойынша, ҰАК БҰҰДБ 2016 жылғы Баяндама шеңберінде, Қазақстан ҰАК жоғарғы деңгейлі елдердің тобындағы өзінің позициясын нығайтады, себебі, индекс мағынасы 2005 жылдан бастап 4,3% көтерілді. Қазақстан Ресеймен, Белорусьпен, Украинамен ТМД-нің басқа елдерінен айтарлықтай оза келе, бір топта тұрады [4].

Елдегі Джини коэффициенті (халық топтарының 10% бойынша) 1993 жылғы 0,319-бен салыстырғанда, 2016 жылы 0,278-ді құрады.

Мемлекет демографиялық ахуалды жақсартып, балалы отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында 2003 жылдан бастап бала тууға байланысты біржолғы жәрдемақы төлейді, ал 2006 жылдың шілдесінен бастап – баланың бір жасқа толғанға дейінгі күтімі бойынша жәрдемақы төлене бастады.

Республикада 2016 жылы жұмыссыздық деңгейі 5,0% болды. Жұмыспен қамту деңгейі үнемі артуда. 2000 жылы 6,2 млн. адам жұмыспен қамтылса, 2016 жылы жұмыспен қамтылған халық саны 8,4 млн. адамды құрады.

Қазақстанның үдемелі экономикалық өсуі 2010 - 2016 жылдар аралығында білім беруді қаржыландыруды - 7,7 еседен астам, денсаулық сақтауды қаржыландыруды 9,2 есе ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Жұқпалы аурулардың вирусты гепатит түрімен ауыру жағдайларының 100 000 тұрғынға шаққанда 8,5 есеге азаюы (2010 жылмен салыстырғанда 2016 жылы), тыныс алу органдары туберкулезімен ауырудың 2 есеге азаюы байқалуда. Халықтың өмір сүру ұзақтығы 2010 жылы 65,8 жас болса, 2016 жылы 69,3 жасқа өскен, яғни 4,5 жасқа ұлғайған.

Алайда, табыстардың өсуіне қарамастан, республика халқының маңызды бөлігінің табысы төмен және кедей халық категориясында болу қауіпі бар.

2006 жылдан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейінің көлемінен (ЕТКДК) төмен табысы бар халық үлесі республика бойынша 3,4 есе қысқарды және 2016 жылдың нәтижелері бойынша, қалалық және ауылдық мекен үшін дұрыс көрсеткішті сақтай отырып, 5,3% құрады. Ауылдағы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халық үлесі 2008 жылмен салыстырғанда екі есе азайды.

2016 жылы үй шаруашылықтарын ішінара зерттеу деректері бойынша тұтынуға пайдаланылған табыстары күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасынан төмен облыс халықтың үлесі 1,6%-ды құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 0,1 пайыздық тармаққа төмен және республика бойынша орташаға қарағанда 1,9 есе кем (Кесте 2).

Кесте 2. 2016 жылы халықтың табыстарын бөлудің әркелкілігінің негізгі көрсеткіштері

пайызбен

	Қазақстан Республикасы	оның ішінде		Қарағанды облысы	оның ішінде	
		қалалық жер	ауылдық жер		қалалық жер	Ауылдық жер
Табысы күнкөрістің төменгі деңгейінің шамасынан төм	3,0	1,3	5,0	1,6	0,4	5,8

	Қазақстан Республикасы	оның ішінде		Қарағанды облысы	оның ішінде	
		қалалық жер	ауылдық жер		қалалық жер	Ауылдық жер
Индекс						
Көрсеткіштің өсімі	0,4	...	...	0,3	...	...
Көрсеткіштің өсімі	0,1	...	...	0,1	...	...

Ескерту – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика Министрлігінің статистика Комитетінің мәліметтері [3]

Адамдардың өмірінің сапасы халықтың табыс деңгейіне байланысты. Орташа айлық төлемінің номиналды көрсеткіші 2015 жылы 89 959 теңгені құрады, ҚРСА мәліметтеріне сәйкес, өткен жылға қарағанда 16,1% көбірек. 2015 жылы нақты айлық көрсеткіш индексі өткен жылдың тиісті кезеңіне қатысты 7,2% көбейді.


Адамдардың өмір сүру деңгейін арттыруға қатысты мәселелерді зерделеуге көптеген экономистердің жұмыстары арналды. Бұл саладағы зерттеулермен Кейнс, Котлер, Брю, Маслоу, Фишер және т.б. сияқты теоретиктер айналысты. Көрсетілген экономистер өмір сүру деңгейінің әртүрлі ұлттық үлгілерін, оларды бағалау көрсеткіштерін, реттеу тетіктерін әзірледі. Соңғы онжылдықтарда ғалымдар «өмір сапасы» деген терминге беретін мағына және оған салынатын мазмұн елеулі өзгерістерге ұшырады.

Қазіргі уақытта өмір сапасы анықтамасының көптеген тұжырымдамалық тәсілдері бар. Оған сәйкес өмір сапасы осы немесе өзге де қоғамның әлеуметтік бағдарларына, уақыт кезеңіне, құбылыстың мәнінің анықтамасына және т.б. байланысты әртүрлі мазмұнмен толығымен мүмкін тұрақты дамушы санат ретінде қарастырылуға тиіс көзқарас бір мәнді болып табылады.

«Өмір сапасы» санатының мәні анықтамасының әртүрлі тәсілдер талдау бірыңғай бір рет және мәңгілік белгіленген оның тұжырымын әзірлеудің мүмкін еместігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл халықтың өмір сапасын және оның әртүрлі жақтарын қарастыруға арналған көптеген жұмыстардың болуымен расталады, оларда қазіргі уақытқа дейін қандай әлеуметтік-экономикалық процестердің және құбылыстардың бұл терминмен белгіленетіндігін түсінудің бірыңғайлығы жоқ. Бір жағынан мәні бойынша адам және қоғамның тіршілік қызметінің барлық процестерін қамтитын осы санатты шекті кеңейтілген түсіндіру кездеседі. Екінші жағынан өмір сапасының көрсеткіштері кейде ешқандай ғылыми дәлелдемесіз адамдардың өмірін қамтамасыз ету процестерінің тек қана тар бөлігін қамтиды.

Өмір сүру сапасын адам денсаулығын, әлеуметтік және рухани дамуын, дербестігінің деңгейі мен дәрежесін жан-жақты сипаттайтын интегралды санат ретінде қарастыруға болады. Оның құрамдас бөліктері қатарына басты компоненттерді көрсетуге болады: өмір сүру ұзақтығы, халықтың әл-ауқаты, қоршаған орта жағдайы (Сурет 1).

Өмір сүру сапасы



Сурет 1 – Өмір сүру сапасының құрылымы

Аталған компоненттерге әлемнің барлық елдері үшін дерлік ұдайы есептеп шығарылатын және салыстырылатын көрсеткіштер жүйесі ұсынылды. Бұл ретте базалық көрсеткіштердің сан мәндерін көбейту адам дамуының нақты құбылыстағы талдау мүмкіндіктерін кеңейту туралы баяндалды [5]. Соның ішінде, ұзақ өмір сүруді сипаттайтын көрсеткіштерге тоқталып өтейік. Ұзақ өмір сүруді сипаттайтын көрсеткіш болып туылған кездегі өмірдің алдағы болжамды ұзақтығы саналады. Осы көрсеткіш халықаралық статистиканың ең көп тараған көрсеткіштерінің бірі болып табылады және «өлім-жетім кестесі» есептеулері барысында анықталады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында атап айтқандай, «Біздің басты мақсатымыз – әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтардың бақуаттылығы. Бұл-қоғамдағы тұрақтылықтың жақсы кепілі. Біздің қоғамды уақыт сынына төтеп бере алатын жаңартылған және әлдеқайда тиімді әлеуметтік саясатқа деген сұраныс өсіп келеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтік саясаттың мінсіз және әмбебап үлгісі жоқ. Бұл барлық азаматтары сол әлеуметтік жүйеге қанағаттанатындай бірде-бір қоғамның жоқтығы сияқты. Әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтардың бақуаттылығы мәселелерін шешу – бұл әрбір қазақстандыққа әсер ететін қиын және өте маңызды міндет. Сондықтан, бұл тұста әр қадам мұқият ойластырылған болуы тиіс».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы. 22-бап. Бас Ассамблеяның 1948 жылғы 10 желтоқсанындағы 217А (III) қарарымен қабылданды және жария етілді.

2. Оразғалиева А.Қ. Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің теориялық аспектілері. //Қазақстанның инновациялық-индустриялық дамуына жас ғалымдардың қосар үлесі. Республикалықғылыми-практикалық конференциясы материалдары. – Семей. – 2016. – 294-299 б.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика Министрлігінің статистика Комитетінің мәліметтері

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті, [www.afn.kz](http://www.afn.kz)

«Бизнесті жүргізу – 2017» ақпараттық бюллетень. Шығыс Европа және Орталық Азия

## ЕЛІМІЗДЕГІ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ МӘСЕЛЕСІ

**САРСЕНБЕКОВА А.**

СТ-31қ тобының студенті

**САТБЕКОВА Ф.Ж.**

Ғылыми жетекші

ҚҚЭУ экономика, бизнес және құқық колледжі

Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

*Аннотация:* Аталған мақалада еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігінің бірнеше мәселесі баяндалады.. Сонымен қатар, оларды шешуге байланысты міндеттері мен мақсаттары

баяндалған іс-шаралар жоспары, азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері деңгейі және сол мәселелерді шешуге жауапты органдар көрсетілген.

*Түйінді сөздер:* азық-түлік жағдайы, азық-түлік қауіпсіздігі, мақсат, міндет, бағдарлама, мәселе деңгейі.

Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесінің бірнеше онжылдықтармен өлшенетін тарихы бар. Қазақстанда қалыптасқан нарықтық қатынастар жүйесі ел экономикасын әрі қарай дамуы тәелді болып табылатын бірқатар жалпы мемлекеттік мәселелерді шешу қажеттігін туындатты. Бұл мәселелер кешенінің арасында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді атауға болады. Талдаулар көрсетіп отырғандай соңғы бес жыл ішінде Қазақстанда елдің экономикалық потенциалын айтарлықтай төмендететін және азық-түлік қауіпсіздігіне зиянын тигізетін жағымсыз сипаттағы тенденциялар байқалды.

Азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерімен жүйелі түрде БҰҰ және оның атқарушы органдары, соның ішінде бүкіләлемдік азық-түлік қауіпсіздігі Комитеті айналысады. 1996 жылдың қазанында Римде XXII сессия өтті, онда «Бүкіләлемдік азық-түлік қауіпсіздігінің Рим декларациясы» қабылданды. Декларация азық-түлік мәселесі бойынша жоғары деңгейдегі Бүкіләлемдік кездесуде мақұлданды (1996 ж, қараша).

Соңғы кездері сырттан келетін көптеген азық-түлік тауарларына қатаң тыйым салынды. Халықтың денсаулығын қамтамасыз етуде «Қазақстан – 2030» стратегиясының ұзақ мерзімді ерекшеліктерінің бірі болып табылатын тамақ өнеркәсібіне маңызды рөл жүктелген. Адам денсаулығына ең қажеттісі бәрінен бұрын дұрыс тамақтану сапалы азық-түліктерден тұратын отанымыздың азық-түлік өнеркәсібі салтымызға сай сапалы адам денсаулығына зиянсыз тауарлар шығару, синтетикалық бояуларсыз, жағымсыз иістер, химиялық заттары жоқ тауарлар шығару бойынша жақсы дәстүрлерге ие. Басты мәселе азық түлік дайындайтын өндірістерде. Дамуымыз бен нығаюымыздың бірінші факторы, бұл өзіміздің мемлекеттен шыққан тауарлар. Мұның басты мәселесі (өзімізден шыққан табиғи) ешқандай синтетикалық азық-түлік тауарлар бұның бәрі шетел компаниялары мен еліміздің инвесторларында компанияларының табиғи азық-түліктерді дамыған технологиялар арқылы өндіріп шығару.

Мемлекеттік кездесуге қатысушылар азық-түлік жағдайын жақсарту мақсатында әлемдік қауымдастық қабылдаған міндеттер мен іс-шараларды біріктіретін әрекет жоспарын мақұлдады (1.1-кесте). Бұл азық-түлік қауіпсіздігі кешенді міндеттерді құрайтынын куәландырады, және оның жүзеге асырылуына барлық мемлекеттер өз үлестерін қосуы тиіс.

*1.1-кесте.*

**Азық-түлік мәселелері бойынша қабылданған іс-шаралар жоспары**

Міндет	Мақсат
1. Кедейшілікті түптамасымен жою үшін орнықты жағдай құруға мүмкіндік туғызатын саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайды қамтамасыз ету	1.1. Дау-жанжалдардың алдыналу және оларды бейбіт жолмен шешу, азық-түлік қауіпсіздігін қозғайтын іс-шараларда және шешім қабылдауда барлық ұлттардың тең құқықта қатысуын қамтамасыз ету; 1.2. Тұрақты экономикалық жағдайды қамтамасыз ету; 1.3. Халықтарға қоғамдық, экономикалық және саяси өмірде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызу.
2. Толық құнды азық-түлік, сонымен қатар оны қолдануға қол жеткізу үшін кедейшілікпен теңсіздікті түптамасымен жоюға бағытталған саясат жүргізу	2.1. Парасатты ұлттық саясат арқылы қоғамның кедей бөлігінің табысын барынша көбейту мақсатында халықтың сенімді және төленетін жұмыс басты болуына жәрдемдесу; 2.2. Азық-түліктен таршылық көретін отбасылармен азаматтардың азық-түлік қажеттіліктерін қанағаттандыру; 2.3. Халықтың қажеттілігін қанағаттандыруды азық-түлікті

	жеткізумен теңбе-тең болуын қамтамасыз ету.
3. Азық-түлік, ауылшаруашылық, балық және орман шаруашылығы саласында біріккен саясат жүргізу	3.1. Тұрақты күшейтілген және көптүрлі азық-түлік өндірісіне жету, өнімділік, тиімділік және қауіпсіздігін жоғарылату 3.2. Азық-түлік қауіпсіздігінің табиғи қауіпқатерлерімен, әсіресе құрғақшылықпен және ауылшаруашылық зиянкестерімен күресу 3.3. Дамушы елдердің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға қажетті технологиялар мен бағдарламаларды қолдануға және алмасуға көмектесу 3.4. Ауылшаруашылық, балық және орман шаруашылығының өндірістік потенциалын ұлғайту облысында, ғылыми ынтымақтастықты күшейту мақсатында мемлекеттік және жекелеген сектордың ынтымақтастығына белсенді қатысу
4. Уақытша және төтенше қажеттіліктерді қанағаттандыруды қамтамасыз ету үшін тағам өнімдеріне күш салу	4.1. Антропогенді төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларға дайындықты күшейтуді белсендету арқылы төтенше азық-түлік көмегіне деген қажеттілікті қысқарту 4.2. Төтенше жағдайлар пайда болуының алдыналу және оларға дайындықты күшейту мәселелері бойынша қысқа мерзімде стратегия әзірлеу 4.3. Халықаралық, ұлттық және жергілікті деңгейде төтенше жағдайларға қарсы жауап қайтару механизмдерін жетілдіру
5. Азық-түлік және ауылшаруашылық жүйелерін дамыту үшін инвестицияның орнықты бөлінуіне мүмкіндік туғызу	5.1. Инвестиция салу арқылы азық-түлік бағдарламалары және ауылдық аймақтардың тұрақты дамуына мүмкіндік туғызу 5.2. Дамушы елдердің ауылшаруашылығы және азық-түлік өндірісін тұрақты қалыптастыруға бағытталған инвестицияны көбейтуге күш салу
6. Әлемдік сауда жүйесінің азық-түлік қауіпсіздігіне жәрдемдесуге күш салуы	6.1. Бүкіләлемдік және аймақтық сауда келіссөздерінде қол жеткізген мүмкіндіктерді қолдану және қажеттілікті қанағаттандыру 6.2. Әрбір мемлекетке кіретін сырттан әкелінетін тауарлардың негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыруы

Жалпықоғамдық азық-түлік қауіпсіздігіне жету қызметі – бейбіт, тұрақты және қолайлы саяси, әлеуметтік және экономикалық ахуалға байланысты. Бұл мемлекеттерге кедейшілікті түп-тамырымен жою арқылы, бірінші кезекте азық-түлік қауіпсіздігіне көңіл бөлуіне мүмкіндік береді. Азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері және оларды шешу жолдары белгілі иерархияға, бағынушылыққа ие. 1.2-кестеде шешілетін мәселенің деңгейі және маңыздылығына байланысты түрлі ұйымдар мен құрылымдардың азық-түлік қауіпсіздігі проблемаларын шешу мақсатында жауапкершіліктері бөлінген

1.2-кесте.

#### Азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері деңгейінің иерархиясы

Мәселе деңгейі	Мәселені шешуге жауапты субъектілер
1. Ғаламдық	БҰҰ және оның арнайы органдары, халықаралық форумдар
2. Субаймақтық	Аймақаралық құрылымдар, олардың органдары және форумдары
3. Аймақтық	Аймақтық құрылымдар, олардың органдары

4. Ұлттық	және форумдары Үкімет және мемлекеттік заң шығарушы органдар
5. Жергілікті	Аумақтық биліктер және заң шығарушы органдар
6. Отбасылық	Кәмелетке толған ата аналар қауымдастығы
7. Халық топтары бойынша	Ұлттық және аумақтық билік

Иерархиялық қағида бойынша азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін бөлу және топтастыру жұмысы халықты сапалы және қауіпсіз тағам өнімдерімен қамтамасыз етуді жүзеге асыру үшін, негізгі мақсаттарды белгілеп, оларға қол жеткізу әрекетінің жоспарын анықтауға мүмкіндік береді (1.3-кесте). Көрсетілген мақсаттарға жету үшін азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін шешумен айналысатын ұйым деңгейіне байланысты, жекелеген аймақтардың жағдайына барынша жақындастырылған және бейімделген бағдарламалар әзірленуде. Түрлі деңгейдегі ұйымдардың біріккен жұмыстарының нәтижесінде адамзатқа арналған азық-түлік қауіпсіздігі бағдарламаларын іске асыру туралы жалпы саясат әзірленуде.

1.3-кесте

#### Азық-түлік қауіпсіздігі мақсаттарын құрылымдау

Мақсаты	Мәселелерді іске асыру деңгейлері (1.2 -кестесін қараңыз)
Аузы асқа жарымайтын адамдардың санын қысқарту және кедейшілікті түп-тамырымен жою	1-7
Негізгі азық-түлік көздері бойынша азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етуді мүмкін болатын максималды деңгейге жеткізу	4-7
Азық-түлік бойынша елге шетелден тауар әкелу (импорт) мүмкіндіктерін жоғарылату	3-5
Норма бойынша тамақтануға жеткілікті көлемі және ассортименті арқылы азық-түлік өндірісін қамтамасыз ету	1-6
Ғылыми негізделген нормалар деңгейінде тағам өнімдерін тұтыну мүмкіндігін қамтамасыз ететін кіріске қол жеткізу	4-7
Өндірілетін тағам өнімдері сапасының қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету	1-6
Апат жағдайына байланысты азық-түлік қорларын құру және сақтау	3-5

Күнкөрістің ең төмен деңгейінің шамасы – ең төмен деңгейдегі тұтыну қоржыны құнының шамасына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай табыс, ол азық-түлік қоржынының құнынан және азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілген қызметтерге жұмсалған шығыстардан тұрады. Ең төменгі тұтыну қоржынының құны тамақ өнімдерін тұтынудың нормаларын облыстарда ай ортасында қалыптасқан орта бағаларға көбейту жолымен ай сайын есептеледі, бұл әрбір өңір бойынша инфляцияның деңгейін есептеуге мүмкіндік береді. Ең төменгі тұтыну қоржынында азық-түлік қоржыны мен азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге шығыстардың үлесі арасындағы арасалмақ Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленеді.



Бүгінгі күні тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін әлемдік стандартқа сай қамта-масыз ете алатын кәсіпорындар ғана бәсекеге қабілетті бола алады. Сонымен қатар, тамақ өнімдерінің әлемдік рыногы өнім қауіпсіздігіне қойылатын бірыңғай талаптарды белгілеуді өте-мөте қажет етуде. Алайда санитарлық-гигиеналық нормалардағы ұлттық айырмашылықтар халықаралық сауда базасын құруға ай-тарлықтай кешдергі жасап келді. Осындай жағдайда қажетті сәйкестікке қол жет-кізу үшін тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін басқару жүйесінің жаппай мақұлданған моделін енгізу көзделген еді. Осы мақсат бойынша 2005 жылдың тамыз айында ИСО 22000:2005 “Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджмент жүйелері. Тамақ өнімдерін өн-діру және тұтыну саласындағы барлық ұйымдарға қойылатын талаптар” халық-аралық стандарты бекітілді.

Осылайша, азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін ғаламдық деңгейде шешу үшін ашыққандарға азық-түлікпен көмек беру немесе ашаршылықпен күресудің ұзақ мерзімді бағдарламасын іске 11 асыра отырып, әлемдік қауымдастық белгілі аймақтармен елдерде азық-түлік проблемасын шешуге мүмкіндік туғызады. Әр мемлекет өзінің ауылшаруашылық өндірісін ынталандыра отырып, ғаламшар тұрғындарының өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейін жоғарылатуға жағдай жасайды. Басқаша айтқанда, нақты бір мемлекет өзінің азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін азық-түлік өндірісін ұлғайту есебінен жоғарылатуы иерархияның төменгі және жоғарғы құрылымдарының азық-түлікпен қамтамасыз етілуіне оң ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы // «Параграф» ақпараттық-анықтама жүйесі 2013.

2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // «Параграф» ақпараттық жүйесі

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ ҰТЫМДЫ ЖОЛДАРЫ**

**ОРАЗКЕН Р.,**  
Э-18-1к студенті,  
**КАДИРОВ Б.К.,**

Ғылыми жетекшісі, экономика магистрі,  
Экономика және кәсіпкерлік кафедрасының оқытушысы,  
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті  
Қазақстан Республикасы Қарағанды қаласы

Өткен жылы Мемлекет басшысы Үкімет жұмысындағы басым бағыттардың бірі ретінде жаппай кәсіпкерлікті ынталандыру және жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді тапсырған болатын.

Осы бағытта агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, жекелей алғанда ауыл шаруашылығы кооперациясы және экспорттық әлеуетті әртараптандыру бойынша тапсырмалар берілді.

Елбасы жүктеген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, кәсіпкерлікті дамытуға арналған 10 қадамды ұсынады.

Осы жылдан бастап бизнеске шағын несиелер «Бизнестің жол картасы-2020» 6% жылдық мөлшерлеменен 10 млн теңгеге дейін және «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» 5% жылдық мөлшерлеменен 3 млн теңгеге дейін бағдарламалары аясында және

«ҚазАгро» холдингі *Шағын несиелі ұйымдары арқылы 9,5/12% жылдық мөлшерлемесімен 3 млн теңгеге дейін осы бағдарламалар арқылы берілетін* болды.

Бұл бағдарламалардың тиімді қаржыландыру жағдайларына қарамастан, кәсіпкерлер кепілдікті қамтамасыз ету, қажетті құжаттардың көп болуы және жобаға қолдау көрсетудің жоқтығы сынды проблемаларға кезігеді.

Осы бағдарламалар арқылы кәсіпкер «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша шағын несиелі алу үшін жалпы 13 құжат өткізуге тиісті.

Кәсібін жаңадан бастаған кәсіпкерлердің көбі жоғары пайыздық көрсеткіштерге байланысты жылдық орташа есеппен алғанда 40% шағын несиелі алуға мүмкіндіктері жоқ.

Осы тұрғыда, жылдың басында «Атамекен» ҰКП жеке инвестицияларды тарту және жергілікті бюджет қаражатының есебінен 5 пилотты өнімдер бойынша шағын несиелі жұмыстарын бастап кетті. Олар: Алматы, Қызылорда, Ақтөбе, Қостанай және Маңғыстау өнімдері.

«Атамекен» ҰКП жүзеге асырып отырған шағын несиелі тәсілдерінің артықшылығы кепілдік беру бойынша икемділік, кепілдікті қамтамасыз ету, кәсіпкерлерді оқытудан бастап оларды жүзеге асыруға дейін бизнес-жобаларды қолдау, кооперация мүмкіндіктері және тікелей өткізу болып табылады.

Шағын несиелер 15 млн. теңгеге дейінгі сомада жылдық мөлшерлемесі 6%, салалық шектеулерсіз 5 жылға берілетін болды. Сондай-ақ шағын несиелі алу үшін кәсіпкер бар жоғы 5-6 құжат тапсыруға тиісті [1].

Мемлекеттің экономикалық дамуының бәсеңдеуі, кәсіпкерлерді дамуға жетелейтін жаңа күштерді іздеуге итермелейді. Ал көптеген жылдар бойы ел экономикасы ірі компанияларға тәуелді болып келсе, қазіргі таңда біз ол жағдайды өзгертіп, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуымыз қажет. Ең бастысы, экспортқа бағытталған кәсіпорындарға назар аударғанымыз дұрыс болады. Олар өз кезегінде тауарларын Қытай, Ресей, Иран және Түркия сияқты елдердің үлкен нарығына шығаруға мүмкіндіктер туындар еді.

Сол себепті, экспорттаушыларды қолдау жан-жақты тетік болып саналатындығын және түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануды қажет ететінін ескеріп, барлық шараны бірыңғай әрі жүйелі үдеріске байланыстыру керек. Ол үшін Экспортты ілгерілетудің ортақ стратегиясын дайындап, қандай компаниялардың экспортқа шығуға әлеуеті бар екенін анықтаудан бастап, өзге елдерде түрлі көрмелер мен алаңдар ұйымдастыруға дейінгінің бәрін қамтыған дұрыс болады. Тауар экспорты жоғары деңгейде дамыған көрші ел Қытай әдістері мен жолдарын саралап көрген артық етпейді деген ойдамыз.

Сарапшылардың есебінше кәсіпкерлікке қолдау көрсететін бағдарламалар саны жеткілікті және кәсіпкерлердің «бір терезе» қағидасы бойынша әртүрлі қолдау алуға мүмкіндігі бар деп есептейді. Бірақ, сарапшылар мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің құзыреттілігімен, мемлекеттік қолдау бағдарламаларының тиімділігімен және технопарктер мен бизнес-инкубаторларда көрсетілетін қолдау сапасының сың көтермейтіндігін алға тартуда. Сарапшылардың үрейін тудыратын тағы бір маңызды мәселе болып университеттер мен мемлекеттік зерттеу институттарынан білімді жаңа әрі дамушы компанияларға трансфері болып табылады.

Подводя итоги, мы хотим сказать, что зачастую люди-воспитанники постсоветского пространства просто не оценивают должным образом серьезность интернет преступлений.

А ведь на счету у киберпреступников уже не одна человеческая жизнь. Опасность последствий кибербуллинга очень важно донести до населения.

Приняв всё выше перечисленное во внимание, мы считаем необходимым принятие нового законопроекта, который сможет защитить уязвимых к кибербуллингу людей, и предупредить многие уголовные Online-правонарушения.

Список литературы:

1. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 21.01.2019 г.)

2. Завьялова З.С. Самоидентификация личности в условиях сетевых коммуникаций: постановка проблемы. Гуманитарная информатика. – М., 2012.

3. Баранов А.А., Рожина С.В. Кибербуллинг — новая форма угрозы безопасности личности подростка. // Заң - 2016. - №8. С. 21.

4. Казахстан занимает третье место в мире по количеству суицидов [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30468239](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30468239)

## **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҒЫНЫҢ ҮРДІСТЕРІ**

**ҚАЛИ А.А.**

*Ю-21НП тобының магистранты*

**БАЙКЕНЖИНА К.А.**

*Ғылыми жетекші., з. ғ. к., доцент*

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті.,

Қарағанды қаласы., Қазақстан Республикасы

*Аңдатпа:* Бұл ғылыми мақалада кәмелетке толмағандар қылмыстылығының жай-күйі мен жағдай сипатталады және олардың алдын алуға қатысты ұсыныстар жасалады

*Кілт сөздер:* кәмелетке толмаған., қылмыскерлік., құқық бұзушылық., жауаптылық., даму деңгейі

Жалпы қылмыскерлік сияқты кәмелетке толмағандардың қылмыскерлігі де өзінің жай-күйімен және жағдайымен сипатталады. Жай-күйі статистика арқылы көрініс табады, онда деңгей мен құрылым көрсетіледі. Үрдісінде қылмыскерлік жай-күйінің қозғалысын сипаттайды, деңгей мен құрылымдағы өзгерістер арқылы бейнеленеді. Кәмелетке толмағандар қылмыскерлігінің ресми қылмыстық статистика мәліметтеріне баға бергенде статистикалық көрсеткіштердің шындықты толық сипаттауына кедергі болатын іс жүзіндегі және заң жүзіндегі мән-жайларды ескеру қажет

Кәмелетке толмағандар қылмыскерлігінің құрылымын және олардың әртүрлі қылмыстарға бару ерекшеліктерін зерделегенде ұрлық, тонау, бұзақылық, зорлық көрсету сияқты қылмыстар жасаудағы негізгі сылтауларына назар аудару керек. Жасөспірімдер қылмыскерлігінің әртүрлі көрсеткіштерін ересектердің сондай көрсеткіштерімен салыстырған жөн. Ал жастар қылмыскерлігінің жалпы қылмыскерліктің резерві екені белгілі. Кәмелетке толмағандар қылмыскерлігінің әртүрлі аймақтардағы динамикасы бірқатар заңдылықтарды көрсетіп отыр.

Біріншіден, жасөспірімдер мен ересектер қылмыскерлігінің жалпы үрдісі (қысқару, тұрақтану, өсу) сәйкес келуі мүмкін. Жасөспірімдер қылмыскерлігі жалпы қылмыскерліктің бір элементі, оларды жасаудың себептері ортақ.

Екіншіден, кәмелетке толмағандар қылмыскерлігінің өсу қарқыны ересектердікіне қарағанда жоғары, ал азаю қарқыны төмен болуы мүмкін. Жасөспірімдер қылмыскерлігі

ересектер қылмыскерлігінің ықпалына ұшырап қана қоймайды, оған ерекше, өзіне ғана тән факторлар әсер етеді.

Үшіншіден, қылмыскерлік етек алған кездері 14-15 жастағылар қылмыскерлігінің өсу қарқыны 16-17 жастағылардікінен жоғары болуы мүмкін. Яғни, кәмелетке толмағандар қылмыскерлігі жасарады, бұдан алдын алу шараларын ерте бастан қолға алу керектігі туындайды.

Кәмелетке толмағандар қылмыскерлігімен күреске профессор Е.Каиржанов ерекше мән береді, ол: «егер қылмыскерлік – басымыздың соры болса, онда жасөспірімдер қылмыскерлігі – он қабат сор», – дейді [1, 68 б.].

Өз зерттеулерінде Е.О.Алауханов: «жалпы қылмыскерлік сияқты кәмелетке толмағандар қылмыскерлігі де қоғам өміріндегі әртүрлі мән-жайларға, бәрінен бұрын әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, көші-қон үрдістеріне байланысты әлеуметтік факторларға жатады», – дейді [2, 15 б.].

Ресми статистика бойынша, республикамыздағы жасөспірімдер саны орта есеппен жылына 5 млн.-дай екен. Олардың басым көпшілігі өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы дамыған аумақтарда, ірі сауда орталықтарында, байланыс жүйелері бар жерлерде. Бұл аймақтарда ірі капитал жұмсалады, инвестиция құйылады.

Экономиканың ірі аймақтарға шоғырлануы қылмыстық элементтердің сонда жиналуына, ауыр және аса ауыр қылмыстардың жасалуына жағдай тудырады. Республикада қылмыскерліктің деңгейі өте жоғары. Сонымен қатар, қылмыскерлік ауылды жерлерге қарағанда қалалы жерде кең етек алған. Бұл ерекшелікті кәмелетке толмағандардың қылмыскерлігіне де жатқызуға болады. Мұны ауылды жерлерде ересектердің жастарға теріс ықпалының аз екендігімен және онда жастардың еңбекке ерте араласатындығымен түсіндіруге болады (отбасындағы, шаруа қожалығындағы және т.б. формадағы жұмыстар).

Цифрлар көрсетіп отырғандай, 1998–2007 жылдары кәмелетке толмағандардың қылмыскерлігі 12477 қылмыстан 7159-ға дейін азайған. Бірақ ол 2008–2018 жылдары 7359-дан 8237 қылмысқа дейін өскен. Ал, 2009–2010 жылдары соңғы он төрт жылдағы ең төменгі көрсеткіш тіркелген [3].

Кәмелетке толмағандар қылмыскерлігінің талдамасы оның динамикасы мен құрамында бірқатар теріс үрдістердің бар екендігін көрсетіп отыр. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыскерлік көрсеткішінің мемлекет жүзеге асыратын қудалау практикасының бағытына қарай өзгеріп отыратындығын байқаймыз. Реформа жылдарында бұл қылмыскерлік динамикасы Республикадағы әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ең күрделі кезеңге – 1992-1993 жылдарға тап келді. Содан кейінгі бес жылда (1994–1999 жылдар) Қазақстанда кәмелетке толмағандар қылмыскерлігінің біршама төмендеп тұрақтанғандығы байқалды. Бірақ 2010–2012 жылдары кәмелетке толмағандар жасаған немесе олар қатысқан қылмыстар саны қайтадан көтеріліп, 2014-2017 жылдары тағы да төмендеген. Мұны кәмелетке толмағандар қылмыскерлігімен күрестің жетістігіне жатқызуға болар еді, бірақ оған дәлелді негіздер жоқ.

Жалпы, елде 1991 жылдан бастап қылмыстың бұрын тек ересектер ғана айналысатын жаңа түрлері етек алды: қару, есірткі саудасы, притондар ұстау, кәсіпкерлерге қарақшылық шабуыл жасау, адамдар ұрлау, бопсалаушылық, валюта алаяқтығы және т.б. Міне, бұларды қазір кәмелетке толмағандар да жасайды. С.Б.Бимурзиннің зерттеуіне қарағанда, қала жастары жасайтын қылмыстардың 80%-ында топтасқандық сипат бар екен [4, 21 б.].

Кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстардың көпшілігі тәуліктің күндізгі уақытына (сағат 13-тен 18-ге дейінгі аралыққа) келеді екен. Мұны ересек жастардың еңбекпен айналысу мүмкіндігінің жоқтығымен, бос уақытты өткізетін мәдени орындардың (клубтардың, спорт залдарының және т.б.) азаюымен немесе жекешеленіп кеткендігімен түсіндіруге болады. Жастардың еңбекке қатынасының нормативтік айқын реттелмегендігі, мемлекеттік органдардың еңбекке орналастыру мәселесімен

айналыспауы олардың тіршілік жағдайын нашарлатты, көбісін қылмысқа баруға мәжбүр етті.

Қазіргі кезде елдегі барлық қылмыстың 57%-ын 14-25 жас аралығындағы жастар жасайды екен. Төменгі жастағы жеткіншектердің криминалдық белсенділігі артуда. 2017 жылы қылмыстық жауаптылық жасына жетпеген 4,5 мың бала ішкі істер органдарында тіркеуде тұрған.

Ал қылмыс жасаған жастарды жынысы бойынша талдайтын болсақ, қылмысқа барған барлық кәмелетке толмағандардың 85-90%-ы ұлдар екендігін көреміз. Бірақ құқық бұзған қыздардың жастар қылмыскерлігіндегі үлесі ресми тіркелгенге қарағанда едәуір жоғары екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Олар жасаған қылмыстардың көбісі жасырын қалады, себебі бұлар негізінен қазіргі заманда кең етек алып отырған криминалдық бизнес (притондар ұстау, жезөкшелік, порнография және т.б.). Жезөкшелікпен айналысатын әйелдер арасында кәмелетке толмаған қыздардың үлесі 12-15% екендігін цифрлар көрсетіп отыр [3].

Жастар қылмыскерлігі мен кәмелетке толмағандар қылмыскерлігі арасындағы байланыс жайында сөз болғанда кейбір авторлар қауіп тобы дегеннің бар екендігін, мұндай топтарда ішімдік, есірткі қолдану, жезөкшелік, әдепсіз қылықтар кең етек алғанын айтады. Жұмыссыз жүрген немесе шағын бизнеспен айналысатын жастар, бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан немесе армиядан оралған жастар, отбасын тастап кеткен жасөспірімдер осындай қауіп топтарын толықтыруда.

Ұйымдасқан қылмыскерлік мұндай топтарды өз қарамағына алуда. Ресейлік әріптестердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, 2007–2011 жылдары әшкереленген бопсалаушы топтардың үшеуінің біреуінде кәмелетке толмаған бар екен. 2011 жылдың аяғында 55 мыңнан аса кәмелетке толмаған полиция органдарының есебінде тұрған, олар жастардың 15 мыңдай қылмыстық топтарының құрамына кірген. Оларды 198 «заңдағы» ұры басқарған, бұлардың 78-і бас бостандығынан айыру орындарында отырған. Бұл топтарда қылмыстық ортадағы дәстүр толықтай сақталған. Топ құрамына жастарды көбіне қорқытып, мәжбүрлеп тартатын болған [5, 96 б.].

Қазіргі кезде мұндай топтардың құрамындағы жеткіншектер жыл сайын барлық қылмыстық іс-әрекеттердің жартысынан көбін жасайды екен. Жасөспірімдер топтарының құрамы шағын, өмірі қысқа болғанмен, олардың қоғам үшін аса қауіпті екендігін практика көрсетіп отыр. Мұндай топтар жастарға теріс ықпал етеді, оларды қоғамға жат қылықтарға итермелейді, дұрыс жолдан тайдырады.

Кәмелетке толмағанның топтасқан қылмысқа қатысу сипаты мен дәрежесін бағалағанда сол топқа тән ерекшелікті ескеру керек. Ересектердің қатысқан-қатыспағанына қарай М.М. Бабаев мұндай топтарды екі типке бөледі.

Мысалы, ол құрамында тек кәмелетке толмағандар ғана бар топты бірінші типке жатқызады. Ондай топқа қатысушыларды ұйымдастырушы немесе арандатушы, көмектесуші немесе орындаушы деп бөліп алуға болмайды. Бұған қатысушылардың барлығы бірдей орындаушылар. Топтың құрамында, өзінің орындайтын рөліне қарамастан, ересек адам болса және ол кәмелетке толмағандарға пәрменді ықпал ететін болса, ондай топ екінші типке жатады [6, 56 б.].

Құрылымдық интеграция мен дифференциация топтардың негізгі белгілері болып табылады. Бұл белгілерді топтарға типология жасаудың негіздері деп қарастыруға болады. Өздерінің тұрақтылық белгісі бойынша қылмыстық топтарды А.А.Ескендіров үш типке бөледі:

Бірінші типтегі топтарда тек кәмелетке толмағандар болады, олар «жағдайға қарай» құрылады, құрамы аз, тұрақты емес. Мұндай топтар онша көп қылмысқа бармайды. Бұлар көбіне пайдакүнемдік пиғылда қылмыс жасайды. Әдетте, мұндай «жағдайға қарай» құрылған топтарды, негізінен, 14-15 жастағы балалар құрайды.

Екінші типке «жағдайға қарай» құрылған топтардан жоғары деңгейде дамыған топтарға «өтетін» топтар жатады. Мұндай топтардың мүшелері көп адам болады, олар ұзақ уақыт әрекет етеді және құрамы жағынан әртүрлі қылмыстар жасайды. Мұндай топтар нақты бір қылмыс жасау үшін де, қылмысты ұдайы жасау үшін де ұйымдастырылады. Бұлардың ең белсенді қатысушылары 16-17 жастағы жеткіншектер және де топқа жетекшілік ететіндер – ересек адамдар, бірақ олар қылмысқа тікелей сирек қатысады.

Үшінші типке жататын қылмыстық топтарды «криминалдық топ» деп атауға болады, бұлар құрамында жастар мен жасөспірімдер бар тұрақты топтар, олардың даму деңгейі жоғары және неше жылдық тәжірибесі бар (мысалы, Тараз, Қарағанды Алматы қалаларындағы топтар) [7, 124 б.].

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық топтарының жоғарыда аталған типологиясын жасағанда, біріншіден, топ мүшелерінің жастары ескеріледі. Екіншіден, олардың жас ерекшелігіне қарай демалыс, бос уақыттарын жеке дара немесе топтасып өткізетіндігі ескеріледі. Үшіншіден, жасөспірім өзін қоршаған ортадан (отбасынан, достардан) қолдау іздейді, оларға өзінің тұлға екендігін дәлелдеуге тырысады. Субъективтік ұстанымы теріс жасөспірімнің сырт ықпалға оңай көнетіндігі белгілі, сол ықпалдың әсерінен оның өз әрекетіне баға беруге де ынтасы болмайды.

Не істерін білмеушілік, отбасының жұпынылығы, ата-ана тарапынан бақылаудың жоқтығы жасөспірімдердің топтасып қылмыс жасауына алып келеді. Олар, көбіне, тұрмыс салты қоғамға жат адамның (маскүнемнің, бұзақының, бұрын сотталғанның) төңірегіне топтасады, ондайлардың жеткіншектерге ықпалы күшті болады. Кәмелетке толмағандардың ересектермен бірлесіп жасаған қылмыстарының қоғам үшін қауіптілігі зор, себебі бұл жағдайда ересек адам жасөспірімді қылмысқа тартып ғана қоймайды, ол оның қылмыстық әрекетіне басшылық жасайды.

Кәмелетке толмағандардың, жастардың және ересектердің қылмыстық топтарының мүдделері көп жағдайларда біріне-бірі қайшы келуде, олар ықпал ету өрісіне таласуда. Өз зерттеулерінде А.Н.Ли «орта мектеп оқушылары арасындағы қылмыскерлікке ықпал ететін криминогендік мән-жайлардың бірі – нашақорлық, уытқұмарлық және маскүнемдік», – дейді [8, 20 б.].

Кәмелетке толмағандар арасындағы нашақорлық мәселесінің шешімі табылмай тұр. Тек 2018 жылдың өзінде ғана 2 мыңнан аса жасөспірімге алғаш «нашақорлық» диагнозы қойылды. Ең қауіптісі сол, жастарда есірткіге деген көзқарас мүлде басқа, олар одан өзіне рухани рахат іздейді. 2018 жылы қылмыс жасап әшкереленген жасөспірімдердің 10,2%-ы қылмысты ішімдікке және есірткіге мас күйде жасаған.

Жасөспірімдер нашақорлығы және жастайынан есірткіге бой алдыру етек алды. Соңғы 5 жылда тіркелген нашақорлардың жалпы саны 5 есе, ал жасөспірім нашақорлар саны 20 есе, уытқұмарлар, тиісінше – 3 және 6,5 есе, он төрт жасқа дейін есірткі қолданатындар саны 2,5 есе артқан. Денсаулықты бұзып қана қоймай, нашақорлық жастардың құқық бұзушылығын да асқындатып отыр. Соңғы бес жылда (2014–2018 жылдары) кәмелетке толмағандардың есірткі табу мақсатында жасаған қылмыстарының саны 2,5 есе өскен.

Жеткіншек ұрпақ арасындағы нашақорлық жағдайының үрей тудырғаны соншалық, Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті, Ішкі істер министрлігі және Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп елдің бірқатар мектептерінде наркологиялық күзет ұйымдастырды. Жасөспірімдердің маскүнемдікке салынып кеткені бәрімізге белгілі. КСРО ІІМ-і БҒЗИ-ның мәліметтеріне қарағанда кәмелетке толмай құқық бұзушылардың 70%-дайы ішімдікке салынғандар екен. ҚР ІІМ-нің ТҚД статистикасы 2008 жылмен салыстырғанда 2018 жылы ішімдікке мас күйде қылмыс жасаған жасөспірімдер саны 1065-тен 515-ке дейін, есірткі қолданып қылмыс жасағандар саны 47-ден 9-ға дейін азайғандығын көрсетіп отыр. Ішімдікке мас күйде қылмыс жасағандар санының соңғы кездері азаюының себебі құқық



қорғау органдарының тиімді жұмысының салдары емес, негізінен, жастардың есірткіге бейімделгендігінде [9].

Қараусыз, панасыз қалған балалар саны жыл асқан сайын артуда, олар қылмыскерліктің етек алуына күшті ықпал етіп отыр. Кәмелетке толмағандар қылмыскерлігін зерттей келе М.Д. Сейтжанов қылмыс жасап сотталған жастардың 80-85%-ның бұрын әкімшілік жауапқа тартылғандығын анықтады [10, 14 б.].

- 2011 жыл – 167965 адам, оның ішінде әкімшілік құқық бұзғандар – 135124 адам;
- 2012 жыл – 182418 адам, оның ішінде әкімшілік құқық бұзғаны – 154150 адам;
- 2013 жыл – 192670 адам, оның ішінде әкімшілік құқық бұзғаны – 165042 адам;
- 2014 жыл – 189120 адам, оның ішінде әкімшілік құқық бұзғаны – 157426 адам;
- 2015 жыл – 124952 адам, оның ішінде әкімшілік құқық бұзғаны – 98821 адам;
- 2016 жыл – 107524 адам, оның ішінде әкімшілік құқық бұзғаны – 77904 адам;
- 2017 жыл – 141271 адам, оның ішінде әкімшілік құқық бұзғаны – 80450 адам;
- 2018 жыл – 128064 адам, оның ішінде әкімшілік құқық бұзғаны – 87302 адам

Статистикаға қарасақ, полицияның есебінде тұрған жасөспірімдер саны 2008–2018 жыл аралығында (жыл аяғындағы есеп бойынша) 23976-дан 273999-ға дейін өскен. Тек 2010 жылы ғана бұл көрсеткіш едәуір төмендеді (22421 адам) [26, 84 б.].

Міндетті орта білім алудан ұдайы жалтарушы жастар көбеюде. Бірақ еш жерде оқымайтын не жұмыс істемейтін және 16-ға жетпей үйінен кетіп қалған жасөспірімдер саны азайды. «Қылмыскердің жеке басы» деген жұмысында профессор Е.О.Алауханов былай дейді: «Адамның жеке басын қоршаған ортадағы өмір және тәжірибелік қызмет қалыптастырады. Ол қоршаған әлеммен, шындықпен қатынаста, басқа адамдармен араласуда, нақты іс-әрекетте көрініс табады» [11, 127 б.].

Сондай-ақ, үйін тастап қаңғып кеткен жасөспірімдердің нақты саны ресми статистикада көрсетілгеннен әлдеқайда көп, себебі олардың едәуір бөлігі толық емес отбасында тұрады, ал ата-ана балаларының қайда жүргеніне мән бермейді, іздемейді.

2008–2018 жылдар аралығында бұрын сотты болған кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар саны 7,5%-ға өсті. Бұған шартты сотталғандардың (+32,8%) және шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған (+54,3%) жасөспірімдердің құқыққа қайшы іс-әрекеттерінің көбеюі елеулі әсерін тигізді.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, бұрыннан соттылығы бар кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапқа тартылғандарының саны 6,3%-ға, ал олар жасаған қылмыстар саны 13,1%-ға азайған. Кәмелетке толмағандар жасаған барлық қылмыстардың 27%-ын бұрын сотталғандар жасаған. Оның 71,4%-ы топтасып, 82,7%-ы пайдакүнемдік сылтаумен жасалған. Қайта қылмыс жасаған жасөспірімдердің 57,3%-ы жұмыс істемеген не оқымаған. Тәрбие колонияларынан келгендердің 26,9%-ы, оның ішінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандардың 3,5%-ы қайтара қылмыс жасаған.

Қылмыстық жауапкершілікке тартылған жасөспірімдердің жалпы санының 12,9%-ы бұрын сотты болғандар [3]. Қорыта келгенде, жасөспірімдер мен жастарды қоғамның келешегі бар, белсенді бөлігі деп атауға болады. Бірақ олар өмір тауқыметін жиі тартып жүр, дегенмен оның қоғамдағы құқығын, алдындағы міндетін түсінетіндей жағдайға жетуі тиіс.

Кәмелетке толмағандар қылмыскерлігімен күрестегі мемлекеттік саясат балаларға күнделікті қамқорлық көрсету, оларды тәрбиелеп оқыту, отбасына, балаларға көмектесу сияқты жалпы әлеуметтік шараларды қамтуы керек. Мемлекеттік, аймақтық, аймақаралық деңгейде қабылданған кешенді бағдарламалардың ойдағыдай жүзеге асырылуына,

жеткіншек ұрпақтың құқықтық санасын көтеруге, оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын жақсартуға баса көңіл бөлінуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайыржанов Е. Жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу бойынша іс-шаралар. – Алматы, 2011. 68б.
2. Алауханов Е.О. Криминологические проблемы предупреждения корыстно-насильственных преступлений. – Алматы, 2009. С.15.
3. О состоянии преступности среди несовершеннолетних за 2018 год // Преступность в Казахстане. – Астана, 2013.
4. Бимурзин С.Б. Некоторые проблемы предупреждения преступлений, совершаемых несовершеннолетними. – Астана, 2009. С.21.
5. Жадбаев С.Х., Нарикбаев М.С. Некоторые особенности борьбы с преступностью несовершеннолетних в больших городах. – Астана, 2010. С.96.
6. Бабаев М.М. Влияние социально-демографических процессов на преступность несовершеннолетних. - Астана, 2009. С.56.
7. Ескендіров А.А. Учет характера и степени общественной опасности преступления при назначении наказания лицу, совершившему преступление в несовершеннолетнем возрасте. - Алматы. 2009. С.124.
8. Ли А.Н. Наказание: социальные, правовые и криминологические проблемы. Астана, 2013. С. 20.
9. Статистические данные о состоянии преступности в РК за 12 месяцев 2018 г.
10. Сейтжанов М.Д. Адам және азамат құқықтары. - Алматы. 2009. 14б.
11. Алауханов Е.О. Проблемы правовой борьбы с вымогательством среди несовершеннолетних. - Алматы. 2012. 127б.

## **К ВОПРОСУ О СУЩНОСТИ АДМИНИСТРАТИВНОЙ ЮРИСДИКЦИИ ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**НАХАЛОВ В.Ю.**

*магистрант группы Ю-12П*

**НАХАЛОВА Е.Ю.**

*студентка группы Ю-24*

**ФИЛИН В.В.**

*Научный руководитель, к.ю.н., доцент*

Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза  
г. Караганда, Республика Казахстан

*Аннотация.* В статье рассматривается значение и определение административно-юрисдикционной деятельности ОВД. На основе юридического анализа и современной практики правоприменения выделяются ее основные проблемы.

*Ключевые слова:* юрисдикция, административная юрисдикция, административно-юрисдикционная деятельность ОВД, производство по делам об административных правонарушениях.

Нарушения юридических норм обуславливают соответствующую реакцию государства, необходимость правового принуждения. Согласно Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан, за 10 месяцев 2018 года выявлено 3 562 222 административных правонарушения. В течении

данного периода, в процессе реализации административно-юрисдикционной компетенции органов государства было наложено административных взысканий, по видам: «предупреждение» – 587 тысяч; «административный штраф – 2 млн. 485 тысяч; «административный арест – 65 тыс. 842; «лишение специального права» – 37 тыс. 695; «административное выдворение иностранцев и лиц без гражданства» – 8 тыс. 686; «лишение разрешения» – 887; «приостановление или запрещение деятельности» – 844. Всего по Республике за указанный период административных штрафов наложено на сумму 50 млрд. 428 млн. 58 тыс. 951 тенге [1].

Органы внутренних дел, обладая административно-юрисдикционной компетенцией, принимают по конкретным фактам недозволенного законом поведения государственно-властные решения с применением мер административной ответственности. Правовой основой содержания такой компетенции выступает законодательство Республики Казахстан об административных правонарушениях. Согласно статьи 685, главы 36 КРКобАП, органы внутренних дел вправе рассматривать дела об административных правонарушениях, предусмотренных более чем девяносто пятью составами [2].

Используя административно-юрисдикционную компетенцию, установленную КРКобАП, органы внутренних дел решают фактически все возложенные на них законом задачи: профилактики правонарушений; охраны общественного порядка; борьбы с преступностью; исполнения административных взысканий [3].

Следует отметить, что в сферу административно-юрисдикционной деятельности специализированных административных служб органов внутренних дел ежегодно вовлекаются более миллиона человек. Согласно сведений Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан, органами внутренних дел, за 10 месяцев 2018 года, было выявлено административных правонарушений, предусмотренных статьями: 434 КРКобАП «Мелкое хулиганство» – 104328 фактов, статьей 441 КРКобАП «Нарушение запрета курения» – 100366 фактов, статьей 615 КРКобАП «Нарушение правил дорожного движения пешеходами» – 150961 фактов, статьей 437 КРКобАП «Нарушение тишины» – 37691 фактов, статьей 442 КРКобАП «Нахождение в ночное время несовершеннолетних в развлекательных заведениях или вне жилища» – 71517 фактов, статьей 592 КРКобАП «Превышение водителями установленной скорости движения» – 251845 фактов, статьей 440 КРКобАП «Распитие алкогольных напитков или появление в общественных местах в состоянии опьянения» – 174164 фактов, статьей 608 КРКобАП «Управление транспортным средством водителем, находящимся в состоянии опьянения» – 56018 фактов [1].

Актуальность исследования вопросов административно-юрисдикционной деятельности органов внутренних дел обосновывается не только массовостью административных правонарушений, но и проблемами самого правоприменения в условиях динамично меняющегося законодательства об административных правонарушениях. Оказывает влияние и негативные факторы в исполнительном производстве административных взысканий, его механизме правового регулирования, что требует дальнейшего научного осмысления и представляет важную юридическую проблему.

Рассматривая вопрос о понятии административной юрисдикции органов внутренних дел, следует заметить, что данный термин в национальном законодательстве об административных правонарушениях не определен, не уточняется он и в других нормативных правовых актах подзаконного характера. Такое положение обуславливает расхождение во мнениях среди ученых административистов, отсутствие единого теоретического подхода к пониманию сущности данного термина.

На основе проведенного анализа научно-юридической литературы можно акцентировать внимание и определить концептуальные позиции данной проблематики. Признаки административной юрисдикции тождественны основным признакам общего

административного процесса, посредством которых административная юрисдикция увязывается с другими видами юридического процесса, предметами юрисдикции. Мы придерживаемся мнения Головки В.В. о том, что правовую природу административной юрисдикции определяют два обстоятельства: с одной стороны, она является составной частью исполнительно-распорядительной деятельности органов государственного управления, а с другой — одним из видов юрисдикции [4, с.22].

Такую научную позицию разделяют многие ученые административисты. Исходя из главного значения, административно-юрисдикционная деятельность представляется как вид государственной деятельности – правоохранительной, осуществляемой в порядке административно-процессуальных нормативных положений. При этом качественно отлична от правосудия [5]. Наличие и место правового спора, состязательности сторон при рассмотрении дела, подготовки и издания юрисдикционного акта в качестве признаков не всегда выделяются в рассматриваемой сфере.

В науке административного права административную юрисдикцию определяют в двух вариантах. В широком смысле представляют как установленную законом или иными нормативными правовыми актами совокупность полномочий соответствующих государственных органов по определению степени правомерности поведения субъекта, разрешения правовых споров, рассмотрения дела об административных правонарушениях, а также совершения других юридически властных действий.

Административно-юрисдикционная деятельность органов внутренних дел реализует возложенные на них правотворческие, правонаделительные и правоохранительные функции. Посредством таких функций ОВД издают правовые акты юрисдикционного характера, осуществляют лицензионно-разрешительную работу, рассматривают дела об административных правонарушениях обеспечивая защиту от противоправных посягательств.

С учетом вышеуказанных научно-теоретических позиций понятие административно-юрисдикционной деятельности органов внутренних дел, в ее широком смысле, можно определить как нормативно урегулированную правотворческую, правонаделительную и правоохранительную деятельность по разрешению административных дел и принятию по ним решений.

Административная юрисдикция реализуется в определенных формах практического выражения с учетом особенностей административных дел, осуществляемых различными видами соответствующего производства. Наиболее полно и качественно административно-юрисдикционная деятельность проявляется в производстве по делам об административных правонарушениях. Именно этот вид производства реализует главную правоохранительную функцию органов внутренних дел.

Основываясь на административно-процессуальных нормах законодательства Республики Казахстан об административных правонарушениях, производство по делам об административных правонарушениях можно разделить на следующие стадии:

- возбуждение дела об административном правонарушении (сбор и оценка доказательств по нему, составление протокола об административном правонарушении или, как ее еще называют некоторые авторы, - стадия административного расследования. Нам представляется, что последняя формулировка этой стадии наиболее точно и полно отражает ее содержание;

- рассмотрение и вынесение решения по делу об административном правонарушении. Необходимо отметить, что именно на этой стадии реализуется административно-юрисдикционная компетенция ОВД, предусмотренная статьей 685 КРКобАП;

- пересмотр не вступивших (вступивших, а также по вновь открывшимся обстоятельствам) в законную силу постановлений по делам об административных правонарушениях, по результатам рассмотрения жалоб, протестов;

- исполнение постановлений о наложении административных взысканий.
- Исследование современных научно-теоретических позиций в вопросах административно-юрисдикционной деятельности ОВД Республики Казахстан [6], а также анализ соответствующей практики правоприменения позволяет нам сформулировать ее основные проблемы:

- отсутствие необходимых праворазъяснительных актов. В частности по вопросам применения материальных норм КРКобАП (особенности квалификации правонарушений), норм процессуального характера (особенности применения отдельных мер обеспечения производства и др.) на уровне Верховного Суда, методических рекомендаций ведомственного характера;

- слабое знание законодательства об административных правонарушениях сотрудниками ОВД, отсутствие практического опыта, динамичность изменений в самом законодательстве и др.;

- наличие пробелов в правовом регулировании мер обеспечения производства по делам об административных правонарушениях; отсутствие нормы о правовом положении лица, осуществляющего производство по делам об административных правонарушениях; механизме реализации института реабилитации и возмещения вреда, причиненного незаконными действиями должностного лица уполномоченного рассматривать дела об административных правонарушениях; существенных пробелов в правовом механизме исполнения административных взысканий. Так, по данным Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан, за 10 месяцев 2018 года, по общей сумме наложенных административных штрафов было взыскано всего 25 млрд. 667 млн. 809 тыс. 241 тенге, из них по сокращенному производству – 5 млрд. 4 млн. 881 тыс. 352 тенге. Таким образом, сумма не взысканного штрафа составляет 24 млрд. 760 млн. 249 тыс. 710 тенге [1], что определяет всего 50% общей взыскаемости по Республике.

С учетом последних акцентов в правовой реформе нашего государства о повышении эффективности механизма правового воздействия на правонарушителей, указанные проблемы требуют их оперативного устранения.

#### Список литературы:

1. Анализ статистических данных об административных правонарушениях за 10 месяцев 2016 года. / Комитет по правовой статистике и специальным учетам Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан. – Режим доступа: <http://pravstat.prokuror.kz/rus/okpsis>

2. Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях от 05.07.2014г. // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/>

3. Закон Республики Казахстан от 23 апреля 2014г. № 199-V ЗРК «Об органах внутренних дел Республики Казахстан» // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/>

4. Головкин В.В. Административно-юрисдикционная деятельность органов внутренних дел в области дорожного движения. Автореферат на соискание ученой степени доктора юридических наук. – Омск, 2008г. // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [www.dissercat.com/content/administrativn](http://www.dissercat.com/content/administrativn)

5. См. Шергин А. П., Савин М. Я. Административная юрисдикционная деятельность органов внутренних дел и пути повышения ее эффективности. — М.: Юрист, 1977. – С.26; Алехин А.П., Кармолицкий А.А., Козлов Ю.М. Административное право Российской Федерации. Учебник. – М.: «ЗЕРЦАЛО», 1996. – С.308-312

6. См. Шалтаков К.С. О некоторых проблемах административно-деликтного законодательства в вопросах обеспечения безопасности дорожного движения. // Хабарши-Вестник Карагандинской академии МВД РК им. Б.Бейсенова. 2014 - №1. – С.118-119.

## ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАСЫ РЕТІНДЕГІ ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ҚОҒАМДА АТҚАРАТЫН РӨЛІ

**БЕРГЕНОВА Ф.О.**

*Ю-31 к тобының студенті*

**АДИЛЬБЕКОВА К. К.**

*Ғылыми жетекші: аға оқытушы, құқықтану магистрі*  
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті.,  
Қарағанды қаласы., Қазақстан Республикасы

*Аннотация.* Бұл ғылыми мақалада құқықбұзушылықтың алдын алу шарасы ретіндегі заңды жауапкершіліктің қоғамда атқаратын рөлі туралы мағлұматтар беріледі.

*Кілт сөздер.* жауапкершілік, заңнама, құқық, қоғам, жауаптылыққа тарту.

Қоғам уақыт өткен сайын белгілі бір өзгерістерге ұшырап отырады, сәйкесінше, қоғамда қатынастар негізгі элементтер болып табылғандықтан қатынастар да күрделене түсуде. Адам мен адам, адам мен мемлекет қатынасқа түскенде белгілі бір нормаларды сақтауы тиіс. Осы нормаларды бұлжытпай орындау әрекеттің құқыққа сай екенін көрсетеді, бірақ барлық әрекеттер нормаға сай орындала бермейді, нормаларды бұзу құқықбұзушылыққа, ол өз кезегінде заңды жауапкершілікке әкеп соғады. Бір сөзбен айтқанда “басымен жасағанды, мойнымен көтеру”. Жасалынған құқық бұзушылық міндетті түрде заңды жауапкершілікті тудырады. Істеген қылмыс үшін қылмыстық жауапқа тартылмаған қоғамда, әділ сот ісінің салтанат құруы, заңдылықтың орнауы мүмкін емес. Сондықтан заңды жауапкершіліктің қоғамда атқаратын рөлі ерекше. Халықтың әлеуметтік психологиясы құқық бұзушылық жасап, қоғамға, мемлекет мүддесіне зиянды зардаптар келтірген адамның пара беріп, айла-амалдар тауып заңды жауапкершіліктен құтылып кетуі коррупцияның нағыз шыңы деп қабылдайды, сот билігіне сенімсіздігін қалыптастырады. Ал соттарда нағыз әділеттілік орнамайынша құқықтық мемлекет құру идеясы бос сөз болып қала бермек.

Заңды жауапкершіліктің негізі – құқықбұзушылықтың жасалуы және адамның іс-әрекеттерінің құқық бұзушылық құрамымен қамтылуы. Егер жасалаған іс-әрекет құқықбұзушылықтың құрамында қарастырылмаса, бекітілмесе ешқандай заңды жауапкершілік те болмайды. Заңда жауапкершілік жеке адамның қоғам алдындағы міндеттерін, жауапкершілігін сезінуі, құқыққа қарсы жасаған іс-әрекеті, оның қауіптілігі мен зияндығы үшін қолданылатын жазаны мойнымен көтеруі. Заңды жауапкершілік мемлекетпен құқық бұзушылыққа барған жеке адамның арасында пайда болған құқықтық қатынастардың нәтижесінде құқық бұзушылық жасаған субъект өзінің жасаған қауіпті, зиянды әрекеті үшін арнайы қолданылған жазаға төзуін айтады [1, 128 б.].

Заңды жауапкершілікті түрлі аспектіде қарастыруға болады, яғни жауапкершілікке тарту органы тұрғысынан, жауапкершілікке тартылған адам тұрғысынан. Заң алдындағы жауаптылық тек құқықбұзушылық орын алған жағдайда ғана туындайды. Мемлекеттің құқықбұзушыны жауапқа тартуға хақысы бар, ал құқықбұзушы мемлекеттің мәжбүрлеу шарасын мойындауы тиіс. Жауапқа тартылушы тұлға, мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы тек қана құқықбұзушылықтың бар екендігі анықталғанда және ол заңға сай келсе ғана мойынсұнуға құқылы. Жауапқа тартылушы адам, өзін заңсыз түрде жауапқа тартудан қорғауды талап етуге құқылы. Заңды жауапкершілік жайында көптеген пікірлер айтылған. Олардың көбісі заңды жауапкершілікті күрделі әлеуметтік құбылыс ретінде түсіндіреді. А.Мальконның пікіріне тоқталатын болсақ, ол құқықбұзушылық пен заңды жауапкершілікті бір-бірімен тығыз байланысты категория ретінде қарастырады [2,69б.]. Ал М.Марченконның еңбегінде заңды жауапкершілікке мынадай анықтама берілген:

«құқықбұзушының қоғам мен мемлекет алдында жасалған құқықбұзушылығы үшін жауап беру міндеті, оған сәйкес қолданылған санкциясын орындау» [3, 28 б.]. Ғылыми көзқарастар көп болғанымен де негізгі бағыт, яғни түп нұсқа бір, ол істеген құқыққа қарсы әрекеті үшін жауапкершілікке тарту.

Занды жауапкершілік құқық салалары бойынша: конституциялық, қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, тәртіптілік, материалдық болып бөлінеді.

Конституциялық занды жауапкершілік Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының, лауазымды тұлғалардың, мемлекет қызметкерлерінің, Үкіметтің, Президенттің ата заң алдындағы жауаптылығы. Мұндай талаптар Конституцияның 34-бабынан туындайды және онда конституциялық жауапкершілік мына мағынада берілген: «Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар-намысын құрметтеуге міндетті» [4].

Қылмыстық құқықтық жауапкершілік субъектілердің жасаған қылмыстары үшін тек қана сот органдары, қылмыстық кодексте белгіленген қылмыстар үшін қолданылады [5]. Бұл жауапкершілік басқа құқықтық жауапкершілікке қарағанда қатаң жаза қолданумен айшықталады.

Әкімшілік-құқықтық жауапкершілік - атқарушы-орындаушы органдардың басқару жүргізу барысында әкімшілік теріс қылықтар үшін қолданылатын жауапкершіліктің жиынтығы. Әкімшілік-құқықтық жауапкершілік Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінде бекітілген [6].

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік - жеке тұлға мен заңды тұлғалардың шарт, келісім, мәмле арқылы өздеріне жүктелген құқықтық міндеттерін орындамауынан және адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруден туындайтын жауапкершілік [7].

Тәртіптілік-құқықтық жауапкершілік - заңды тұлғалардың әкімшілігі тарапынан еңбек тәртібін бұзған адамдарға қолданылатын тәртіптік жазаның қолданылуы [8]. Мысалы, өз міндеттерін орындай алмағаны үшін ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, жұмыстан босату.

Материалдық жауапкершілік жұмысшының, қызметкердің жұмыс істейтін орнында өзінің кінәлі әрекетінің нәтижесінде келтірген зиянын өтеуі. Мысалы, мүлікті қиратуы.

Құқық бұзып, кінәлі болған субъектіге мемлекет өзінің мәжбүрлеу шараларын қолданады. Ол бойынша кінәлі субъектінің жеке өз басы мүліктік шектеуге ұшырайды немесе ұйымдық сипаттағы қысым мен шектеуге түседі.

Заңды жауапкершілік күрделі әлеуметтік құбылыс. Мұнда кем дегенде екі жақ қатысады: мемлекет және құқықбұзушы. Олардың арасында құқық қорғаушы қатынас қалыптасады және екі жақта заң шеңберінде, қолданылып отырған жауапкершіліктің құқықтық нормаларының нақты санкциясының негізінде жүзеге асады.

Заңды жауапкершіліктің басты мақсаты - құқықтық тәртіпті қорғау, азаматтарды құқықтық құрметтеуге тәрбиелеу, әлеуметтік әділетсіздікті қалпына келтіру, жаңадан құқықбұзушылықты болдыртпаудың алдын алу болып табылады. Сонымен қатар, заңды жауапкершілікті қолданудың негізгі мақсаты – қоғамдағы дұрыс тәртіпті қалыптастыру болып табылады.

Осы жұмысымды қорытындылай келе жасалатын ұсыныстар:

- Елімізде құқық тәртібін нығайту жолдарының дұрыс орындалуына барлығымыз бірдей ат салысуымыз қажет;

- құқық қорғау мен басқа мемлекеттік органдардың құқық тәртібін қамтамасыз ету саласындағы ұйымдық және заңнамалық шараларын жетілдіру жөніндегі іс-қимылын үйлестіруді күшейту керек;

- жасөспірімдер арасындағы қылмыстың өсуі проблемасына көп көңіл бөліп, мұны кеміту шараларын қолдану міндет;

- өзіміздің құқық қорғау органдарымызға есірткі қылмысы мен ұлтаралық қылмыс секілді қатерлерге қарсы күресу үшін қосымша ресурстар мен құралдар беруіміз қажет;

- елімізде құқық бұзушылықтың алдын алудың жалпы мемлекеттік жүйесінің жасақталып, жұмыс істеуін қамтамасыз ету, бұл іске жұртшылық пен халықты кеңінен тарту керек. Осы тұста Елбасымыздың Үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадамдарының» [9] ішінде заңның үстемдігін қамтамасыз ету шараларының алатын орны ерекше екендігін білуіміз тиіс.

Өзіміз өмір сүріп отырған қоғам болашағын құқықтық мемлекет тағдырымен байланыстыра қарастырып отырған шағымызда ұлттық дәстүрлі ерекшелігімізді негізге ала отырып, жалпы қоғамдық құқықтық тәртіпті нығайтып, құқықбұзушылықтың алдын алуды жан-жақты қарастыру бүгінгі күні өз қажеттілігін танытып отыр. Себебі, күнделікті күйбең тіршіліктің құрығына түсіп, өз ар-ожданын, ұятын, намысын бір сәттік дүниенің жалған қызығына айырбастап, заңды сыйламау, білмеудің салдарынан қоғамда құқық бұзушылықтың кең өршіп отырғаны ойланарлық жағдай. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев кезекті Қазақстан халқына арналған Жолдауында көрсетілгендей құқық тәртібін нығайту жолдарының дұрыс орындалуына барлығымыз бірдей ат салысуымыз қажет, яғни құқық қорғау мен басқа мемлекеттік органдардың құқық тәртібін қамтамасыз ету саласындағы ұйымдық және заңнамалық шараларын жетілдіру жөніндегі іс-қимылын үйлестіруді күшейту керек. Елімізде құқық бұзушылықтың алдын алудың жалпы мемлекеттік жүйесінің жасақталып, жұмыс істеуін қамтамасыз ету, бұл іске жұртшылық пен халықты кеңінен тарту керек.

Тәуелсіздіктің тізгініне ие болып, құқықтық мемлекет құруды мақсат етіп қойған біздің еліміз үшін жасалған құқықбұзушылыққа сай заңды жауапкершілік тағайындалу мәселелерін ашып-зерттеуге қоғам, мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлу қажет екендігі сөзсіз. Бұның барлығы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бөлігі, басты объектісі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Честнов И.Л. Теория государства и права : учебник. - М. : ИНФРА-М, 2018.
2. Малько А., Нырков В., Шундилов К. Теория государства и права. Элементарный курс. -М.: Кнорус, 2017.
3. Марченко М., Дерябина Е. Теория государства и права. Схемы с комментариями. - М., Проспект, 2017.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995ж. (10.03.2017 жылы енгізілген толықтырулары және өзгерістерімен қоса). <http://adilet.zan.kz>
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-Ү ҚРЗ (2018.10.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен қоса). <http://adilet.zan.kz>
6. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ(2017.28.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен), <http://www.zakon.kz>.
7. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. 27.12.1994. (2017.27.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен), <http://www.zakon.kz>.
8. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. 2015жылғы 23 қарашадағы №414-Ү ҚРЗ. (2018.10.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен), <http://www.zakon.kz>.
9. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы «100 нақты қадам».



## ҚЫЛМЫСҚА СЫБАЙЛАС ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІН САРАЛАУ

**ҚАБДЕН А.**

*Жезқазған «Бизнес және көлік» колледжі, 3 курс  
студенті*

**НУРТАЗИНОВА Ж.С.**

*Ғылыми жетекшісі: Жезқазған «Бизнес және көлік»  
колледжінің оқытушысы  
Жезқазған қаласы. Қазақстан Республикасы*

*Аннотация.* Бұл ғылыми мақалада қылмыс жасауға сыбайлас қатысушылардың атқарған ролдері мен келтірген зардаптарына қатысты әрекеттерін саралауға қатысты мағлұматтар беріледі.

*Кілт сөздер.* Сыбайлас қатысу., ұйымдастырушы., айдап салушы, орындаушы, көмектесуші., аяқталған қылмыс., қылмыстық зардап

Қылмысқа қатысушылардың әрекеттерін саралау және жауаптылығының негізі ҚК 3-ші бабындағы ереже бойынша іс-әрекетін етте қылмыс құрамының бар болуы алынатындығы негізінде шешіледі және орындаушыдан басқа ұйымдастырушы, азғырушы, көмектесуші қылмысты тікелей орындамайтындықтан олардың әрекетінде қылмыс құрамы бар-жоқтығы туралы қалыптасқан даулы мәселеге шешім қарастырылып, нәтижесінде ұйымдастырушы, азғырушы қылмысты тікелей орындауға тікелей қатыспағанда да оларда қылмыстың құрамы бар.

Қылмысты тікелей орындамаған қатысушылардың әрекетінде орындаушымен себепті байланыста және жоспарланған қылмыстың жасалуы немесе жасалмауы орындаушыға тәуелді болатындықтан, оларда аяқталған қылмыстың құрамы болу-болмауы ол орындаушының әрекетіне байланысты.

Сонымен қатар, қылмыстылық мәселесінде орын алуы мүмкін әр түрлі жағдайлардағы жауаптылықтың қолданылу негізі зерттеуге алынып, ол бойынша қылмысқа қатысушылықтың барлық нысандарына ортақ жауаптылық негізі, яғни «топ болып жасайтын қылмыстарда көбіне қоса орындаушылық болады (қылмыс құрамында тікелей орындаушы екеу немесе одан да көп болса, онда ол қоса орындаушылық)». Мысалы, сот-тергеу органдарына қылмыстың орындаушысы белгісіз болып, бірақ қылмысты ұйымдастырған немесе азғырған адамдар белгілі болғанда, онда орындаушы белгілі болмаған немесе ол ұсталмаған жағдайдың өзінде де қылмыстық жауаптылыққа өзге қатысушыларды тартуға толық негіз болады. Мұндай жағдайларда ұйымдастырушы тәрізді қатысушылардың жауаптылығын белгілеудің негіздері ретінде адамның жасалған қылмысқа қатысты кінәсін құрайтын жасалған қылмыстың, зардаптың түрі мен көлемі белгілі болуы қажет. Өйткені, қылмыс жасаған адамдарды айыптау үшін ресми түрде ерекше бөлім баптары қолданылуы керек екендігі негізделеді және дәлелденеді. Оған қоса, «қылмыстық жауаптылық туралы қылмыстық-құқықтық норманы дұрыс қолдану -жаза мақсатына жетуде бірден-бір құрал» деп атап көрсеткен заңгер ғалым Е.Ә. Оңғарбаевтың пікіріне қосыламыз [1, 127б].

Сонымен қатар, кейде қылмыстың орындаушысында кінәні жеңілдететін мән-жайлар немесе психикалық ауруға шалдығу, сондай-ақ 1-ші немесе 2-ші топтағы мүгедек болып қалу немесе өзге де себептерге байланысты оны жауаптылықтан босататын кездер болады. Мұндай жағдайларда да қылмысты ұйымдастырған, азғырған немесе бірге орындаған адамдар жауаптылықтан босатылуға жатпайтындығы және олардың қылмысты әрекеттерінің қауіптілігі жеке нақтыланып, сондай шамадағы жазалау шаралары қолданылуы тиіс.

Қылмыстың орындаушысы мен өзге қатысушылары әр елдердің аумақтарында өз рөлдерін орындауы мүмкіндігі және мұндай кездерде қылмыстың орындаушысы қай елдің

қылмыстық заңмен жауаптылыққа тартылса, сол елдің заңымен өзге қатысушылардың жауаптылығы қарастырылуы керек деген шешім беріледі. Қылмысқа қатысушылардың әрекеттерін саралау мәселелері қатысу нысандары бойынша қарастырылып, мұндай бағытта қарастырудың басты себебі, ол қатысушылықтың қоғамға қауіптілігі оның нысандарында бірдей болмайды деген шешімге байланысты анықталады [2, 86-87бб].

Қылмыстық заң нормаларын тиімді қолдану үшін бұрынғы зерттеулердегі бағыттардың құндылықтарын ескере отырып, тұрақты қылмыстық топтарда ұйымдастырушы мен өзге қатысушының әрекеттерін ҚК 262-ші баптағы ұйымдастырушы мен өзге қатысушы үшін жауаптылық қарастыратын 1-ші немесе 2-ші бөліктері ҚК 28-ші бапқа сілтеме жасалынбай саралануы керек [3]. Мұндай жағдайда біріншіден, ұйымдастырушы сияқты қылмысты тікелей орындамаған адамдардың әрекеттері басқа қатысушылармен тең дәрежеде сараланады және екіншіден, ұйымдасқан топта, қылмыстық қауымдастықта қатысушылар осындай топтардың бірге орындаушылары немесе мүшелері болып табылады. Жұмыстың мазмұнында ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық сияқты тұрақты қылмыстық топтардың қатысушылары осындай топтардың бірге орындаушылары деген баға беріліп, олар екі түрге бөлінеді. Біріншілері қылмыстың объективтік жағын жасайтын тікелей орындаушылар, екінші топтағылар тұрақты топтарда ұйымдастыру, көмектесу, азғыру сияқты әрекеттерді жасаумен айналысатын орындаушылар.

Қылмысқа қатысушылардың шектен шыққан әрекеттерін анықтау және оларды саралау туралы бұрынғы зерттеулерге талдау жасала отырып, қылмысқа қатысушының шектен шығуы орын алғанда, өзге қатысушылардың қасақаналығына кірмеген қылмыс үшін шектен шыққан адам өзі жауап береді немесе оның әрекеті жеке сараланады. Сонымен қатар шектен шығушылық бірлескен түрде қылмысты әрекеттермен айналысудың кез-келген нысанында кездесе алады. Ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық нысандарында шектен шығушылық орындаушының немесе өзге әрекеттерді орындаған қатысушының ортақ қылмыстық жоспарға кірмеген жеке қылмыс құрамын өзге қатысушылар келісіммен қабылдамағанда орын алады деген тұжырым беріледі. Шектен шығу - қылмыстың орындаушысынан басқа да азғырушы, көмектесуші тәрізді қатысушыларда қылмыстың барлық әрекеттерін алдын-ала белгіленгенде немесе туындайтын қылмыстық зардаптың түрі қатысушылардың араларында белгілі болғанда, сонымен қатар өзге қатысушылар азғырушы сияқты қатысушының өз рөлін орындау барысында келтірген зардабының түрімен өзге қатысушылар келіспегенде орын алуы мүмкін екендігі зерттелді.

Қылмысқа қатысудан өз еркімен бас тарту әрекеттерін саралау мен жауаптылық көлемі талданады. Нәтижесінде қылмысқа қатысушылықтан өз еркімен бас тартқан адамдар жауаптылықтан босатылуы үшін өз рөлдерінің күшін жойып ғана қоймай, қылмысты болдыртпаудың амалдарын жасауы керек. Мұндай жағдайда өзге қатысушылар да қылмыс жасаудан бас тартқан адамның тілегіне қосылса, онда өзгелері де жауаптылықтан өз еркімен бас тартқаны үшін жауаптылықтан босатылуы керек. Ал, егер бір қатысушы қатысушылықтан бас тартқанымен өзге қатысушылар қылмыстан бас тартпаса, бірақ олардың еркіне тәуелсіз жағдайларда қылмыс жасалмаса, олардың әрекеттері қылмысқа оқталғандық деп бағалануы керек. Ұйымдастырушы, азғырушы, көмектесуші қылмысқа қатысудан бас тартқанымен бәрібір қылмыс жасалып, онда қылмыстық зардап жатса, тоқтата алмаған адамдардың да жауаптылық көлемін анықтау керек [4, 65-66бб].

Қатысушылық топ адамдар нысанында жасалғанда қылмысты бастаушы болған адам бас тартса, онда ол белсенді әрекеттерін орындай отырып, қылмысты тоқтату шараларын орындауы тиіс. Егер, қылмыс бәрібір жасалып әрекеттерінен зардап туындаса, мұндай бас тартқан адамды жауаптылықтан босатудың негізі жоқ. Ал, топтың жай мүшесі бас тартқан жағдайда, егер ол топ түрінде қылмыс жасаудан бас тартқанмен өзге топ мүшелерін тоқтатуы мүмкін болмаса, онда бас тартқан адамның өзін ғана жауаптылықтан босатуға болады. Ұйымдасқан топтың және қылмыстық қауымдастықтың қатысушыларының қылмыстан өз еркімен бас тарту әрекеттерінің ерекшелігі, ол қылмысқа қатысудың мұндай нысандарындағы

жекелеген қатысушылар тарапынан орын алған өз еркімен бас тарту ережелері жоғарыдағыдай қылмысқа қатысу нысандарына сәйкес шешілуі керек.

Бірақ мұндай нысандарда өз еркімен бас тартқан адам ұйымдасқан топтың, қылмыстық қауымдастықтың өмір сүруін тоқтатуға бағытталған әрекеттерді жасауы керек пе деген сұрақ туындайды және сонымен қатар, ұйымдасқан топтардың, қылмыстық қауымдастықтардың қазіргі қоғамдағы жайылу деңгейіне, олардың мемлекеттік аппарат қызметімен байланыста өмір сүруіне немесе олармен күресу, олардың қызметін тоқтату жеке адамның мүмкіндігіне мүлдем сәйкес келмейтініне байланысты мұндай қылмысқа қатысу нысандарындағы өз еркімен қылмыстан бас тартқан адамдар немесе топ құрамынан шыққысы келіп, осындай сипаттағы әрекеттер жасаған адамдар оның өзге әрекеттерінде басқа қылмыстың белгілері болмаса қылмыстық жауаптылықтан босатылуы тиіс.

Қылмысқа қатысушылардың жауаптылығын жеке дара анықтаудың немесе әрбір қатысушыға жеке жауаптылық белгілеудің негіздері ретінде қылмысқа қатысу дәрежесі мен сипаты алынуы ұсынылады. Бұл негіздер ҚР ҚК 57-ші бабының 1-ші бөлігінде де келтірілген[3]. Қатысу сипаты - қатысушының орындаған рөліне байланысты анықталады және рөл бөлу арқылы қылмысқа қатысу орын алғанда олардың ішінен ұйымдастырушы мен азғырушы сипаты бойынша қауіпті болып саналады. Ал, қылмысты топ болып немесе бірге орындағанда қылмыстық әрекетті бастаған немесе ұсыныс, бастама көтерген адам қылмысты орындаушы әрекеттерінің сипаты бойынша қауіпті. Қылмысқа қатысушылық дәрежесі бойынша зерттеушілер негізгі және қосымша қатысушылар деп бөліп, негізгі қатысушыларға ұйымдастырушы және орындаушыны және кейде азғырушыны да жатқызады. Қылмыскердің қылмысқа қатысу дәрежесін ескергенде оның белсенділігімен қатар, қауіптілік дәрежесін қолданған дұрыс, себебі бұл да әр қатысушыға жекеше қараудың негізін білдіреді.

Барлық қасақана қылмыстық құқық бұзушылықтар сияқты, бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағы-кінә, ниет, мақсат және эмоция. Кінә-қылмыс элементі. Ол кез келген қоғамға қауіпті әрекеттің қажетті құрама бөлігі болып табылады. Кінә болмаса қылмыстық жауапкершілік те болмайды. Г.М.Атаханова кінә түсінігінде оның заңға қайшылығын кіргізеді [1,123б.]. Біздің ойымызша, заңға қайшылық қоғамға қауіптілікті көрсетеді. Сондықтан кез келген заңға қайшы әрекет қоғамға қауіпті болып табылады. Адамның бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаудағы пайдаланатын әдіс тәсілдері жасалған қылмыстың зардабын мойындауы, оның санасына қол сұғушылықтың нақты және құқықтық жақтарының бейнеленуі арқылы қоғамдық қауіптілікті түсінуге мүмкіндік туады.

Қол сұғушылық жасайтын адам бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағының барлық белгілерін және оның затын ұғынады, ой-өрісінен өткізеді. Бұл мән-жай қоғамға қауіпті әрекетті, оның жасау тәсілін және қылмыс затын тікелей ұғынуға болатындығымен түсіндіріледі; соған байланысты қылмыскер өзінің интеллектуальдық мүмкіндігін, түрлі әдіс тәсілдерді пайдаланудың осы көрсетілген категория ретінде жасалатынын қылмыстың мән-жайын түсінуді қамтиды. Сонымен қатар, бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарда түрлі тәсілдерді пайдаланушы бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғам үшін мәнін түсінеді. Бұл жерде келтірілген зардапқа деген

психикалық әсердің маңызы өте зор. Бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың әсерінен келтірілетін қоғамға қауіпті салдарды болжап білу арам ниеттің интеллектуальдық кезеңінің екінші белгісі болады, ол материалдық құрамды қылмыстардың барлығына тән.

Бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде алаяқтық қылмысын жасауда қолданылатын алдау мен сенімді теріс пайдалану формальдық құрамындағы арам ниеттің еріктілік сәті белгілі бір зиян келтіремін деп алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы субъектінің мүліктік талап қою ниетімен беріледі. Қылмыстық ниет пен мақсатты жүзеге асыруға қатысты түрлі тәсілдер қолдануды ойластыру, пайдалану адамның бойына дүниеге келген сәтінен бастап берілген қасиет, бірақ ол бір адамда жасырын түрде, ал екінші бір адамда анық көзге ерекше түсіп, байқалып тұрады. Бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарда түрлі тәсілдерді қолдану қылмыс жасаушы тұлғаның алдына қойған мақсатты жүзеге асыру үшін қолданатын құралы. Қылмыстық ниет мақсатпен тығыз байланысты. “Мақсат жасалатын құндылықтың адам санасындағы идеалдық образы”. Е.О.Алаухановтың пікірінше, “Ниет адамды әрекет етуге итермелейді, ал мақсат- адам әрекеті қайда бағытталған”-, деген сұраққа жауап береді [2, 47 б.].

Бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлығы дерлік міндетті түрде қасақаналықпен (тікелей және жанама) жасалады. Бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардағы түрлі тәсілдерді пайдалану табиғаты субъектінің жан азабы мен тән азабын тартқызу арқылы жәбірленушіге мақсатына алған зардап түрін келтіруі. Субъектінің алдына әрекет ету ниеті арқылы жәбірленушіге жан азабын, тән азабын тартқызуы мақсатын қоюы, бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың табиғаты болып табылады. Сонымен, бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардағы түрліше тәсілдер қолдану, бір жағдайда белгілі бір мақсатты жүзеге асыру құралы болса, екінші бір жағдайда ойына алған зардаптың туындауы болып табылады.

Кей жағдайда, қылмыстық әрекет кезінде алға қойған мақсат пен оған жету үшін пайдаланылған құрал арасындағы сәйкестілік болмай қалады. Бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың пайда болу себептері мен жағдайларын зерттеуде есепке алуға қажетті тағы бір жағдай ол- қоғам дамуындағы әлеуметтік өзгерістер. Адамның психикалық қатынасының сипаты қандай да бір ниетпен, мақсатпен айшықталатын болғандықтан, оларды анықтамай кінәнің шын мазмұнын дұрыс бағалау мүмкін емес. Бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың себебіне, орыстың көрнекті криминалистері И.Я.Фойницкий, М.П.Чубинский ниетті қылмыстың көзі деп сипаттаған, соттың талқылауына жататын нақты факт деп есептеген.

Көрнекті орыс ғалымы Л.Е.Владимиров былай деп жазады: “Көзі ашық судья қылмыстың ниетін ашпаған тергеуге қанағат білдірмейді. Әрекетті түсіну үшін ішкі түрткінің терең психологиялық мәні бар, ол осы қылмыстың неге жасалғандығын түсіндіреді, егер сотталушының көңіл-күйіне күдік тударатын болса, даулы мәселені дәрігер-психиатрдың қорытындысына қалдырады”. Мінез-құлықтағы арам ниет, адам санасында қалыптасып оның еркіне ықпал жасайды, оның қоғамға қауіпті әрекетіне тиісті бағыт береді, сондықтан да бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау үшін де қылмыскер ниетінің себебі мен алдына қойған мақсатын анықтаудың маңызы зор. “Ниетті білмей адамның басқа мақсатқа емес, неге осы мақсатқа ұмтылғандығын түсіну мүмкін емес және де оның әрекетінің шын мәнін де түсіне алмайсың”-дейді К.Ф.Тихонов [3, 39-41 бб.].

Субъектінің мінез-құлқында бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау ниеті пайда болған кезде, ниетпен қатар сол ниеттен пайда болған зардаптың жазаланатындығы туралы ой да пайда болады. Егер субъект бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау ниетін шындап жүзеге асырмақшы болса,

онда оның жоспарында ниетінен туындайтын әрекеттің зардап көлемі және зардапты туғызатын жағдайлар да көрсетіледі. Жасалған жоспар бойынша субъект ниетін жүзеге асыру немесе асырмау туралы, зардап тудыру немесе зардап тудырмау туралы қорытынды шешім қабылдайды.

Субъектінің ниетінің қандай болғандығын, әсіресе бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлеріне және келтірген зардап көлеміне қарап нақтырақ айтуға болады. Бірақ, соған қарамастан бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағандардың көпшілігі, әрекетінің зардабын түсінбегендігін, әрекетіне бақылау жасай алмағандығын, әрекет өткеннен кейін оның қалай жасалғандығын ойына түсіре алмағандығын айтады, яғни субъектінің ішкі сезімінде бір “жойқын күш” пайда болып әрекетін бақылап қадағалай алмайтындай халге жетіп қылмыстық зардап туғызады.” Бұл бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған субъектілердің барлығына тән ортақ психологиялық құбылыс”-, деп жазады К.Ф.Тихонов. Бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасап, бірінші рет сотталған 200 адамнан арнайы үш тараудан тұратын төмендегідей сұрақтар қамтылған анкета толтыру сұралды: қоршаған ортаның субъектінің қылмыстық құқық бұзушылық жасауына тигізген әсері; қылмыс жасау алдындағы субъектінің әлеуметтік топпен қарым- қатынасы; субъектінің қылмысқа дейінгі және қылмыс жасау үстіндегі ниеті, жанжалдың себебі- және ол анкета жүргізудің қорытындылары төмендегідей болды. Бірінші тарау бойынша :

Сұралғандардың 56 % отбасында алдау мен өтірік айту -тәрбие берудің басты құралы болып есептелді. 10 %-ның ата-аналары балаларының өз қатарластарына қарсы күш қолдану, қорқыту әрекеттерін пайдалануын мақұлдап, қуаттап отырады. Сондықтанда жоғарыда келтірілген фактілерге сүйене отырып, бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағандардың әлеуметтік ортадан алдау, қорқыту, күш қолданудың моделін көріп-біліп, үлгі еткен деген пікір айтуға болады.

Екінші тарау бойынша сұралғандардың 38 % қарым-қатынастарына алдау, қорқыту, күш қолдану болды деп есептесе, ол әлеуметтік орта бойынша: 6%-еңбек ұжымында, 8% демалыс уақытында, 24% отбасы жағдайында деп көрсетті. Тұлғаның алдауға, қорқытуға, күш қолдануға даяр тұратындығы көбіне отбасында айқын байқалады, оған себеп оның әрекетіне әлеуметтік бақылаудың болмауы. Анкеталық талдауға жүгінсек: қорқыту, күш қолдану арқылы жасалатын қылмыстардың 35 % отбасы тұрмыстық жағдайда, 9 % жұмыс орнында жасалған.

Үшінші тарау бойынша қылмыс жасаушы тұлғаның әрекетіндегі ниетті оның жеке бас қасиеттерімен және сол қасиеттердің қылмыстық құқықбұзушылық туудағы ерекшеліктерімен салыстыра отырып талдау жасап көрейік. Зерттеу нәтижелері бойынша бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасауда қолданған алдау, қорқыту, күш қолдану оларды жүзеге асырған субъектіге қоғам тарапынан еш кедергінің болмауы салдарынан орын алған [4,90б].

Жоғарыда келтірілген дәлелді пікірлерді есепке ала отырып, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу мақсатында төмендегідей іс-шараларды жүргізу керек деп есептеймін:

1.Қылмыстық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық актілерге бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты қайта қарау керектігін;

2. Бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарда қолданған түрлі тәсілдерді ұдайы есепке алып отыру;

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Атаханова Г.М. Меншікке қарсы қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері. Алматы.2014. 51-53бб.



2. Алауханов Е.О. Проблемы уголовно-правовой борьбы с вымогательством. Алматы, 2007. С.47.
3. Тихонов К.Ф. Предотвращение и раскрытие краж. - М., 2012. С.39-41.
4. Бакишев К.А. Меншікке қарсы жасалатын қылмыстардағы жауаптылықты ауырлататын мән-жайларды саралау. - Караганда. 2014. 90б.

## **ШАРТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

***Е. БЕЙСЕНБАЕВА.***

*Ю-32 тобының студенті*

***Е. А. АХТЫШХАН***

*Ғылыми жетекші, аға оқытушы*

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті  
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

*Аннотация.* Бұл мақалада азаматтық құқықтық жауапкершіліктің бір түрі ретінде шарттық құқықтық жауапкершіліктің ұғымы, өзіндік ерекшеліктері, басқа жауапкершіліктерден айырмашылықтары және кейбір мәселелері қарастырылған.

*Кілт сөздер:* шарт, жауапкершілік, тұрақсыздық айыбы, кепіл, кепілпұл, өсімпұл, несиеберуші, борышқор, міндеттеме.

ҚР Конституциясының ережелеріне сүйене отырып, ҚР Азаматтық кодексі нарықтық үлгідегі экономиканың негізгі құқықтық ұстанымдарын анықтайды: меншіктің әртүрлі нысандарын пайдаланудың теңдігі мен тетігі, кәсіпкерлік қызметтің ұйымдық-құқықтық нысандары, кәсіпкерлерге өз серіктерін дербес анықтауға мүмкіндік беретін шарт бостандығы және өзінің шаруашылық байланыстарының шарттары. Заң шығарушы нарықтық қатынастарды реттейтін азаматтық-құқықтық институттарға, сондай-ақ мүліктік жауапкершілікті жетілдіру мен шарттың сенімділігін күшейтуге ерекше назар аударады. Міндеттеме орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайларда міндеттемелердің бұзылуы туралы айтады.

Осылайша, ҚР АҚ 268-бабында міндеттеме ұғымына анықтама берілген, оған сәйкес міндеттемеге байланысты бір адам (борышкер) басқа тұлғаның (несиеберушінің) пайдасына белгілі бір іс-әрекет жасауға міндетті: мүлікті беру, жұмысты орындау, ақша төлеу және т.б., не белгілі бір іс-әрекеттен тартыну, ал несиеберуші борышкерден оның міндетін орындауды талап етуге құқығы бар. Несие беруші борышкерден орындауды қабылдауға міндетті.

ҚР АҚ нормаларына сәйкес, азаматтық айналымның қалыпты дамуы үшін оған қатысушылардың осындай айналым субъектілерінің өзара құқықтық қатынастары барысында туындайтын міндеттемелерін тиісті түрде орындауы тән. Осылайша, заң шығарушы міндеттеменің тиісті орындалуын міндеттеме талаптарына және заңнама талаптарына сәйкес, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған кезде - іскерлік айналым дәстүрлеріне немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес тиісті түрде орындау ретінде айқындады.

Міндеттемелерді бұзу несиеберушіге ғана емес, көбінесе бүкіл азаматтық бірлікке да зиян келтіреді, өйткені бір құқық бұзушылық қоғамдағы тауар-ақша қатынастарының барлық тетігінің жұмысында іркіліске әкелуі мүмкін. Мұндай бұзушылықтардың алдын алу және олардың салдарын жою мақсатында жасалған құқық бұзушылық үшін санкция түріндегі міндеттемелерді бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік белгіленеді.

ҚР АҚ 349 - бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені бұзу деп оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (уақтылы, тауарлар мен жұмыстардың кемшіліктерімен, міндеттеме мазмұнында айқындалған басқа да ережелерді бұза отырып) - тиісінше орындалмауы түсініледі. Тиісінше орындау мүмкін болмаған кезде борышкер бұл туралы несиеберушіге дереу хабарлауға міндетті. Осыдан, міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік құқық бұзушыға қандай да бір теріс салдарды жүктеу ретінде анықталады[1].

Онда көрсетілген мәжбүрлеу шаралары екінші тараптың міндеттемелерін бұздан зардап шеккен тараптың құқықтары мен мүдделерін қорғау шаралары болып табылады. Бұл шаралардың барлығы міндеттемені орындауды қамтамасыз етуге не жәбірленуші тарап көтеретін мүліктік шығындарды өтеуге бағытталған.

АҚ-нің сәйкес, ҚР азаматтық құқығы сәйкес міндеттемелерді әртүрлі негіздер бойынша жіктейді. Осылайша, міндеттемелердің пайда болу негізіне байланысты заң шығарушы шарттық және шарттан тыс жауапкершілікті ажыратады. Бұл туралы ҚР АҚ 271-бабында бекітілген нормалар куәландырады, оған сәйкес міндеттемелер шарттан, зиян келтіруден немесе осы Кодекстің 7-бабында көрсетілген өзге де негіздерден туындайтын болады.

Шарт және өзге де мәмілелер негізінде міндеттемелердің пайда болу тәсілі азаматтық заңнамада белгіленген азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болу негіздерінің тізбесіндегі алғашқылардың бірі болып табылады. Осыны негізге ала отырып, жауапкершілік бұзғаны үшін міндеттемелер негізі бойынша, біріншіден, шарт талаптарының бұзылуы немесе өзге де міндеттемені тараптардың біреуінің бұзуы шарт, екіншіден, шығындар немесе зиян болуы, үшіншіден, құқық бұзушының кінәсі болуы қажет.

Заң шығарушы шартта көзделген жауапкершіліктің өзге де негіздерін анықтау мүмкіндігіне жол беретіндігін атап өткен жөн[2].

Бұл шектеу азаматтық заңнама тұрғысынан да, оны қолдану тәжірибесі тұрғысынан да маңызды мәнге ие. Шарттық жауапкершілік режимін белгілеу кезінде заң шығарушының негізгі мақсаты әрбір нақты жағдайда оңтайлы шешімдер қабылдауға ынталандыра отырып, азаматтық айналымға қатысушыларға әсер етудің неғұрлым тиімді нормаларын белгілеу болып табылады [3]. Бұл жағдайда шарттық жауапкершілік алмасудың қалыпты жүрісін қамтамасыз етуге және ынталандыруға арналған, яғни азаматтық-құқықтық қатынастардың пайда болу негізі ретінде шартты іске асыру.

Нарықтық қатынастарға көшумен шарттың өсіп келе жатқан рөлін назарға ала отырып, шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілікке қатысты мәселелерді жеке қарау керек. "Шарттық тәртіпті сақтау", "міндеттемелерді бұзғаны үшін материалдық жауапкершілік" сияқты ұғымдар нақты мазмұнға ие бола бастайды, өйткені шаруашылық қатынастардың жекелеген қатысушыларының экономикалық мүдделерінің дербестігі қолданыстағы құқықтық қорғау құралдарын іске асырумен ғана кепілдік берілуі мүмкін.

Қазіргі заманғы экономикалық реформаның маңызды бағыттарының бірі- шаруашылық шарттың рөлін арттыру және шарттық қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдіру, оның ішінде шаруашылық қатынастардағы жауапкершілік туралы мәселеге жаңа көзқарас. Субъектілер арасында туындайтын шарттық құқықтық қатынастар заңды іске асыру нысаны болып табылады. Демек, шарттық тәртіпті сақтау олардың арасындағы шаруашылық қатынастарда заңдылықтың сақталуын білдіреді. Шарттық тәртіпті нығайтуда маңызды мәнге ие, атап айтқанда, шарттар жасасу процесінде олардың талаптарын сауатты және дұрыс анықтау, тікелей шарттарда мүліктік жауапкершілік мәселелерін реттеу, міндеттемелердің орындалуын есепке алу мен бақылауды ұйымдастыру, жауапкершілік шараларын қолдану бойынша жұмысты талдау. Шарттың рөлі мен маңызы өте үлкен.

Келісім-шарт қарым-қатынастардың тауарлық-ақшалай нысандарын толық пайдалануға, қатысушылар арасында икемді шаруашылық байланысты орнатуға, олардың қажеттіліктерін әртүрлі бейімділігі мен талғамына сәйкес қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Шарттар жасасу құқықтық қатынастарға қатысушылардың өзіне алған міндеттемелері үшін жауапкершілік сезімін арттырады, олардың бастамасы мен дербестігін дамытады, барлық жасырын мүмкіндіктер мен резервтерді пайдалануға мүмкіндік береді. Жауапкершілік түрлі нысандарда мүмкін.

Жауапкершіліктің негізгі және әмбебап нысаны міндеттемелерді бұзудан келтірілген шығындарды өтеу болып табылады. Заңда немесе шартта көзделгеніне қарамастан, заң осындай талап ету мүмкіндігін жоққа шығаратын жағдайларды қоспағанда, ол барлық құқықтық қатынастарда орын алуы мүмкін. Жауаптылықтың осы нысаны ең көп тараған тұрақсыздық айыбы ретінде, яғни заңда немесе шартта айқындалған, борышқор міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда несиеберушіге төлеуге міндетті ақша сомасына тоқтаған жөн (ҚР АҚ 293-бабы).

Тұрақсыздық айыбы міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету құралдарының бірін өзі ұсынады. Сонымен қатар, ол оның шығындармен арақатынасына байланысты жауапкершілікті күшейту құралы ретінде де қызмет ете алады. Шығындармен арақатынасы бойынша тұрақсыздық айыбы 4 түрге бөлінеді. Көбінесе онда шығындар тұрақсыздық айыбымен жабылмаған бөлігінде өтеледі, соның салдарынан мұндай тұрақсыздық айыбы сынақ деп аталады.

Екінші түрі тек тұрақсыздық айыбын ғана өндіріп алуға жол берілетін, бірақ залалдарды емес, айрықша тұрақсыздық айыбы болып табылады. Тұрақсыздық айыбының бұл түрі көлік құқығында кеңінен қолданылады.

Үшінші түрі, шығындар тұрақсыздық айыбынан тыс толық сомада өндіріп алынуы мүмкін болған кезде жинақталған тұрақсыздық айыбын білдіреді. Ол жаза сипатына ие.

Бұл көптеген авторларға айып төлеу деп атауға негіз береді. Ақырында, заң несие берушінің таңдауы бойынша тұрақсыздық айыбы немесе шығындар өндіріп алынуы мүмкін тұрақсыздық айыбы мүмкіндігін қарастырады. Бұл тұрақсыздық баламалы деп аталады.

АҚ 293-бабы тұрақсыздық айыбы ұғымына айыппұл мен өсімпұл кіреді. Терминологиялық тәжірибе айып төлеу ұғымын айыппұл ұғымынан айқын ажыратпайды. Бірақ көп жағдайда айып төлеу деп мөлшері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттеме сомасына пайызбен анықталатын өндіріп алу деп аталады. Айыппұл салумен, әрине, нақты бір белгілі соманы өндіріп алу.

Өсімпұл тұрақсыздық айыбының ерекше түрі болып табылады. Ол қаралған төрт түрдің кез келгеніне жатқызылуы мүмкін шығындармен, ал есептеу тәртібімен - әрбір мерзімі өткен күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының белгілі бір пайыз үлесінде (0,1 немесе 0,01 және т.б.) сипатталады.

Тұрақсыздық айыбы тікелей заң мен шарттан немесе тек шарттан туындауы мүмкін. Осы белгі бойынша тұрақсыздық айыбы шартты түрде заңды және шарттық болып бөлінуі мүмкін.

Азаматтар арасында жауапкершілікті күшейту құралы болып табылатын міндеттемелерді қамтамасыз етудің басқа құралы да жиі кездеседі. Мәселен, 337-бабында, ҚР АҚ-нің уағдаласушы берілетін ақшалай сома кепілпұл тараптардың бірінің есебіне сәйкес, оған шарт бойынша төлемдерді басқа тарапқа және қамтамасыз ету бойынша шартты жасасу және орындауды кепілпұл екендігін айтады.

Бұл анықтамаға сәйкес кепілпұл болуы тиіс үш белгілері:

- негізгі міндеттеме бойынша тиесілі төлемдердің есебіне жатқызылу;
- шарт жасасудың дәлелі ретінде қызмет ету;
- міндеттемені қамтамасыз ету құралы болу.

Соңғы екі белгінің болмауы енгізілген соманы авансқа емес, кепілпұлға айналдырады. Дегенмен міндеттемесін орындамаған жағдайда кепілпұл және аванс арасындағы айырмашылық салдары: аванс әрқашан қайтарылады, ал кепілпұл кінәлі тараппен жоғалады. Тараптар енгізілген төлемге берген атауына мән беруге болмайды, өйткені өзінің заңды хабардарлығына байланысты олар шынайы ниеттерге сәйкес келмейтін атауды қолдана алады. Әрбір жеке жағдайда міндеттемелер жиынтығы бойынша тараптар нені білдіргісі келгенін анықтауға тура келеді [4]. Жоғарыда айтылғандардан шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершіліктің ерекшеліктерін көруге болады:

Біріншіден, шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік көп жағдайда шарт жасасқан тараптардың келісіміне байланысты болады. Шарттық жауапкершілік, әдетте, шарттық қатынастардың қандай да бір түрін реттейтін азаматтық заңнамамен белгіленеді. Алайда тараптар шартқа заңда көзделмеген құқықтар мен міндеттерді енгізуге ғана емес, сондай-ақ оларды бұзғаны үшін тиісті санкциялар белгілеуге де құқылы.

Екіншіден, оның негізінде шарттық жауапкершілік туындайтын заң факторы өз табиғаты бойынша өзге де құқықтарды, міндеттер мен құқықтық қатынастарды, атап айтқанда азаматтық шартты іске асыру жүргізілетін салыстырмалы шарттық құқықтарды, міндеттер мен құқықтық қатынастарды бұзудың салдарынан құқық бұзушылық болып табылады.

Үшіншіден, шарттық жауапкершілік бағыттарының бірі шартпен туындайтын қатынастарды нығайтудан тұрады.

Сонымен қатар, шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік-борышқордың міндеті - бұл шарттық міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамау нәтижесінде туындайтын және оның негізгі орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттеріне қосылатын қосымша міндет.

Шарттық міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершілік туындайтын жағдайлар тізбесі, сондай-ақ жауапкершіліктің өзге түрлерінен өзгеше ерекше сипатқа ие болады. Мысалы, шарттан туындайтын қатынастар саласындағы құқыққа қайшы ұғымы кеңірек түсіндіріледі. Шарт шеңберінде деликтерге тән құқықтық нормаларды бұзу ғана емес, сондай-ақ тараптардың құқықтық нормаларына қайшы келмейтін кез келген жарамды, құқықтық нормаларды бұзу да құқыққа қайшы келеді.

Өйткені шарттық қатынастар табиғи салдары ретінде тауар алмасу қатынастарынан туындайды.

Сондай-ақ шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершіліктің маңызды ерекшелігі нақты орындау қағидатының әрекеті болып табылады. Шарттан туындаған міндеттемені заттай орындау шығындарды өтеумен қатар жүргізілуге тиіс. Шарттық жауапкершіліктің көлемі шартты орындамаудан келтірілген шығындардан асып кетуі мүмкін. Нақты орындауды айыппұлды өндіріп алумен ұштастыру фактісі және шарттық жауаптылықтың шығындар мөлшерінен асып түскенін куәландырады.

Шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік ерекшелігі ретінде жәбірленушінің (несиеберушінің) кінәсін есепке алуды қарауға болады, өйткені несиеберушінің кез келген кінәсі назарға алынады. Несие берушінің кінәсі болған кезде шарттағы міндеттемедегі борышқордың жауапкершілігі тек азайтылуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Қазақстанда экономикалық қатынастардың қарқынды дамуына байланысты шарттық міндеттемелерді құқықтық реттеу нормалары, сондай-ақ осындай міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік ҚР құқықтық заңнамасында ерекше орын алады. Тиісінше, шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейтін заңнамалық нормаларды экономикалық саладағы өзгерістермен қатар белгілі бір өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен жүйелі түрде жетілдіру біздің заң шығарушымыздың тұрақты тәжірибесіне айналуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР Азаматтық кодексі жалпы бөлім 27 желтоқсан 1994 ж. <http://adilet.zan.kz>
2. Акилова А.Е. Договорные отношения Казахстана. Юридическая ответственность. Вестник КазНУ, 2016.
3. Басин Ю.Г. Ответственность за нарушение гражданско-правового обязательства: учебное пособие. - Алматы: Әділет пресс, 1997.
4. Букабаева Ш. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік. Журнал: ҚазҰУ хабаршысы. №10. - 15-18бб. 2011 ж.

## **ЦИФРЛІК БИЗНЕС-ҚОҒАМНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Есенбай Н.*

*Ф-23ск тобы студенті*

*Исанов А.С.*

*Ғылыми жетекші: оқытушы, магистр*

*Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті*

*Қарағанды қ.*

*Аннотация.* Аталмыш мақалада еліміздің цифрлік экономикаға бет алуы, оның негізгі ерекшеліктері, жүзеге асырудағы негізгі мәселелері және Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық университетінің осы салада үлесі мазмұндалады. Дамыған елдер қазіргі уақытта цифрлік экономикаға көшкеннен бастап, үлкен мүмкіндіктерге ие болды. Соның ішінде уақытты үнемдеу арқылы, қызмет сапасын арттырып, қыруар қаржы тауып жатыр. Осы көштен қалмау мақсатында елімізде, соның ішінде білім ортасы, цифрлік жүйеге көшуін бастап, жемістерін көруде.

*Кілтті сөздер:* Цифрлік жүйе, цифрлік экономика, білім сапасы, инновация, SMART университет.

Қазіргі уақытта экономиканың цикілділігі, өзгерістер шарттарында Ел басының «Төртінші өнеркәсіптік ревалюция шарттарындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты кезекті халыққа жолдауы орынды әрі уақытылы болуымен қатар, еңбек нарығы талаптарына сай келетін мамандарды даярлау бағытындағы сұрақтары өзекті болып табылады. Білім жүйесінің одан әрі дамуы оның білім бағдарламаларының кәсіптік қоғаммен интеграциялануында икемділігінің артуында көрініс табады.

Макроэкономикалық тұрақсыздықтардың салдарлары қаржы-экономикалық сегментіне әсер етіп, жоғары білімді кәсіптік мамандармен жүзеге асырылатын және жоғарыөнімді бәсекелік қызметке бағытталған қаржы институттары мен нақты экономика секторының стратегиялық менеджментін жетілдіруіне себепші болып отыр.

Еңбек нарығына тәжірибелік ортаға оңай сіңісіп кететін, қазіргі уақыттағы еңбек нарығының қатаң талаптарына жауап беретін, бизнес-ортаның қағидаттарын сақтайтын және де креативті және дайындық деңгейін қалыптастыратын кәсіби жастармен қамтамасыз етуі жоғарғы оқу орындарының «йығында».

Көптеген жоғары оқу орындарының кәсіптік қоғамдар өкілдіктерімен тығыз байланысы тәжірибеде тұрақты жүргізіліп келеді, әрі жыл сайын жоғары оқу орындарында құрылған академиялық комитеттерінің бизнес-ортамен байланыстық сапасының жоғарылануына байланысты екінші-деңгейлі банктермен, кәсіпорындар мен қауымдастықтарымен басқарылуда. Академиялық комитеті құрамындағы бизнес-орта өкілдері тәжірибелік модульдері бағытындағы білім бағдарламаларына маңызды деген

бағыттарды қосуға құқылы, сонымен қатар оқу үрдісіндегі қолданылатын платиналық дәрістер, мастер-класстар және т.б. қолға алынады [1].

Жоғары оқу орындарында интеграциялық қағидатты жүзеге асыру мақсатында оқу-ғылыми-өндірістік кешендер құрылды. Аталмыш білім, ғылым және өндіріс формасындағы интеграциялық кешені жоғарғы оқу орындарымен, мемлекетпен, өндірістік кәсіпорындармен, қаржы секторымен өзара әрекеттесіп, еңбек нарығына сапалы әрі бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауды қолға алған. Әріптестіктің осындай шеңберінде тәжірибелік қызметкерлер студенттік жастармен бірлесіп, оқу үрдісінде әлеуетті кадрлерді табады.

Жоғарғы оқу орындарында түрлі білім бағдарламаларының интеграциялануы тәжірибелік қызметкерлердің қатысуын талап етіп қоймай, сонымен қатар профессорлық-оқытушылық құрамның, студенттердің, магистранттардың және докторанттардың өндірістік және басқарушылық үрдістерді жетілдіру мақсатында бизнес-әріптестермен берілген жобалар мен шаруакелісімді тақырыптары бар тапсырыстарын белсенді орындауын қажет етеді. Бір ерекшелік студенттік жастар үшін ҚР БҒМ-мен, Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялармен ұсынылып, қаржыландырылатын ғылыми жобаларды, стартап-жобаларды, фанттық ғылыми жобаларды ұйымдастыруымен қатар біраз табыс алуға мүмкіндік береді.

Сонымен, бизнес-қоғам жоғары оқу орындары түлектерінің алынған білімдерін, қабілеттерін және біліктіліктерін басты бағалаушы бола отырып, кәсіпті кадрлармен қамтамасыз етілуін тиімді шешеді.

Сонымен қатар, Ел Басының халыққа жолдауларын негізге ала отырып, әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті өнімді өндіретін және ел экономикасын алдыңғы қатарлы дамыған елдер тізіміне жеткізетін жоғары дәрежедегі еңбек өнімділігін қамтамасыз ететін, қаржы секторын қайта жаңғыртатын қаржы-экономикалық бағыттағы мамандарды бағыттауда көп үлесін қоспақшы.

Цифрлік революция әлеуметтік-технологиялық формацияның алтыншы укладтық технология дамуына сәйкес келіп, еліміздің жастары үшін келешекте сұранысқа ие болатын қаржы-экономикалық, басқарушылық және ақпараттық-технологиялық мамандықтарына назар аударғаны дұрыс. Аталған мамандықтар қаржы-қаражат ағымдарын басқаруда сауатты шешімдерді қабылдауға, қаржы-экономикалық жоспарлауды жүзеге асыруға, барлық бизнес-үрдістерді талдауға, реттеуге және жоспарлауға, персоналды сауатты басқаруға, техника мен модульдермен жұмыста қаржы-экономикалық стратегиялар мен үлгілерді сапалы жасақтауға, яғни бір сөзбен айтқанда жазушы-фантасттардың идеяларын іске асыруға мүмкіндіктер туады: Айзек Азимов, Герберт Уэллс, ғалым В.Ф. Ковалев-Туполев. Осындай үрдіс дамыған алдыңғы қатарлы елдерде қызмет етеді, нәтижесінде еңбек өнімділігінің үрдісі артып қана қоймай, әрі өнімдерінің өзіндік құны 20-30%-ға төмендеуіне септігін тигізді [2].

Әлеуметтік қоғамда кәсіпті, ұлтжанды, креативті және де белсенді азаматтардың қалыптасуына Қарағанды экономикалық университетінің жетекшілігі әсер етеді. Яғни, жетекшілік Қарағанды экономикалық университетін дәстүрлі білім беру ордасынан, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және материалды-техникалық бағытта заманға сай реформалар жүргізіп, университетті инновациялық және қашықтықтан оқыту әдістемесін өзекті етіп, іс жүзінде іске асырып отырған бірден бір жоғары оқу орны етіп орнатты.

Жоғары оқу орында оқу үрдісіне Қазақстан студенттері үшін жетекші оқытушылардың массалық онлайн-курстары нысанында диджитализацияның енгізілуі қашықтықтан оқыту бағытында өзінің өзектілігін көрсетті.

Сонымен қатар, оқу үрдісінде цифровизация идеясын іске асыруда Қарағанды экономикалық университеті қабырғасында Студенттерге қызмет көрсету Орталығының құрылуы оған себепші. Студенттерге қызмет көрсету Орталығы – ол сервистік орталық, яғни жоғары қызмет ұсыну стандарты негізінде «бір терезе» қағидаты бойынша

студенттік жастары үшін қол жетімді әкімшілік, кеңесшілік сипаттағы қызметтері бар орталығы болып табылады. Осындай орталықтың құрылуы жоғары оқу орынның білімдік және ғылыми саясатын цифрлік ортаға айналдырып, SMART-университет форматындағы базаны қалыптастыруға жағдай жасап, бүкіләлемдік білім және ғылым кеңістігінде бәсекеге қабілетті орындарға жетуге мүмкіндік берді [3].

ҚҚЭУ қарамағындағы студенттерге қызмет көрсету орталығы 2007 жылы құрылған. Орталық барлық академиялық кезеңдерде студенттерге академиялық сұрақтар бойынша консультация береді. Орталық - әр студент қажетті сұрақтарына жауап алатын орын. Орталық қызметінің қағидаттары: алынған ақпараттың құпиялылығы, сенім негізіндегі ынтымақтастық, мәселелерді шешудегі әділдік, сенімді ақпарат беру. Орталық – бұл университет басшылығы мен студенттер арасындағы диалогтың жаңа форматы.

Студенттерге қызмет көрсету орталығы студенттік қоғамдастықпен жан-жақты өзара әрекеттесуді барынша жақсартуға бағытталған, студенттердің уақыттарын үнемдеуге және «университет – студент» өзара іс-қимыл жүйесінде қызмет көрсету барысында қосарлану әрекеттерді, бюрократиялық кедергілер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді болдырмауға мүмкіндік береді, сонымен бірге студенттердің проблемаларын шешу тиімділігі мен жеделдігін арттырып, қызмет көрсету сапасын жоғары деңгейге көтеріп, студенттердің әлеуметтік-маңызды қызмет көрсетулерді алуға жұмсалатын уақытын азайту мәселесін шешеді.

Студенттерге бір мезгілде бірнеше терезе қызмет көрсете алады. Қызмет көрсету электронды кезек тәртібінде жүзеге асырылады. Бір студентке қызмет көрсету уақыты қызмет көрсету стандартына сәйкес қатал түрде реттеленген. Қажетті қызмет көрсетуді алу үшін электронды кезек талонымен күту бөлмесінде отырып, хабарланған және экранға шығарылып көрсетілген кезде терезеге бару керек.

Студенттерге қызмет көрсету орталығының міндеттеріне келесілер енеде:

- мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарының негізінде студенттерге «бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсету арқылы жедел және сапалы қызмет көрсету.  
- Білім алушының сұратуы бойынша ақпаратты уақытында беру.

- Студенттерге академиялық мәселелер бойынша консультация беру арқылы қолдау көрсету.

- ҚҚЭУ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен құқық бұзушылықтарды жою үшін жағдай жасау.

- Қызметтері:

- Студенттерден мемлекеттік және университеттің ішкі қызмет көрсетулеріне өтініштерді қабылдау.

- Өтініштерді өңдеу.

- Орталыққа келген студенттерге ақпараттық көмек көрсету.

- Мемлекеттік және университеттің ішкі қызмет көрсетулерінің реттемесін (регламентін) анықтау.

- Мемлекеттік және университеттің ішкі қызмет көрсетулерінің нәтижелерін беру [4].

Міне, жоғарыда аталған студенттерге қызмет көрсету орталығы университеттің цифрлік білім беру жүйесіндегі маңызды қадамы осындай және бүгіннен-ақ өз жемістерін беруде.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Интеграция в бизнес-сообщество/ Талимова Л.А., Калакабаева Г., Ермекова К. // Индустриальная Караганда. - 2018. - №25. - С. 4.

2. Студент как главный фактор ресурсного обеспечения вуза ( на примере Карагандинского экономического университета ). Безлер О. Д., Седадьский Т.// Вестник КЭУ: экономика, философия, педагогика, юриспруденция. - 2017. - №2. - С. 71-75.
3. Успешное будущее. Триединство языков / Ертысбаева Г., Жунусова А.// Индустральная Караганда. - 2017. - №33. - С. 5.
4. ҚҚЭУ сайты: [www.keu.kz](http://www.keu.kz)



**СЕКЦИЯ 5**  
**РАЗВИТИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ И ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ В**  
**СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ**

**ABAI KUNANBAYEV'S HERITAGE FOR THE WORLD**

**ABDUKAIUMOV T.S., KUDABAEVA M.T.**

*students of group "MO-31к"*

**ABDRAHMANOVA S.T.**

*Scientific adviser: master, teacher of the Department of  
foreign and Russian languages*

Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz  
Karaganda, Republic of Kazakhstan

*Abstract.* The purpose of this study is to identify the lexical features (transformation) of translations of some works of Goethe. Most Goethe popular works and their translations into the Kazakh language-study materials of this item.

*Keywords:* Kazakh literature, Kazakh and foreign languages, translation activities.

One of the outstanding representatives of the Kazakh poetry of the first half of the XIX century-friend and colleague Makhambet utemisova Isatay Taimanov-leader of the peasant uprising of feudal Kazakhs in 1836-1837 biennium. Otemis has sons and was a wealthy man, influential, close to the Khan's entourage, but only Makhambet stood out among their peers living intelligence, curiosity and a sharp tongue. Contemporaries noted that he thoroughly knew the Koran, was also familiar with the state language and correspondence, and this knowledge he probably received in the madrasah. In 1836, the Uprising of the buke Horde against the tyranny of Zhangir Khan broke out on people with new taxes, fees, duties. The leaders of the uprising were Isatai Taimanov and Makhambet. The leaders of the liberation struggle of the Kazakh people in 1837-1847 became the heroes of the epic "Kenesary-Naurzybay". The development of Kazakh literature is associated with the work of Makhambet Utemisuly. His songs Mahambet called people to fight against the colonial and Khan's authorities. After the death of Isatai in 1838, the poet continued to struggle. He had negotiations with Khiva Khan, joint actions, sent letters to the Kazakh aqueducts, several times tried to cross the border, to raise the struggle of the Kazakh people Bogaevsky khanate. In 1846 by order of Colonel Alcobaca Makhambet was arrested and brutally murdered. Poetry of Makhambet raised Kazakh literature to new heights. IT meant further convergence of spoken verbal poetry with written literature. Outstanding Kazakh poet Makhambet Utemisov was a very bright man. Its role in the culture and history of the Kazakh people, as well as in literature, is very large. His poetry is full of courage and courage, indomitable desire for freedom. Makhambet Utemisov is considered the founder of the Kazakh heroic poetry. His work can with full justification be called an encyclopedia of the liberation struggle of the Kazakh people wore years and in those years, the village took an active part in the revolt under leadership of Isatay taymanov in the West of Kazakhstan.[1]

In Kazakhstan, throughout the twentieth century, great interest was given to literary translation, established activities were carried out in the field of translating literary masterpieces from Kazakh into another language and, on the contrary, from other languages into Kazakh. As a result, there was published a significant amount of works of Russian and world literature in the Kazakh language. At the same time, it is possible to notice the emergence of numerous works of the classics of Kazakh literature in foreign languages. At the same time, the translations were performed equally in Kazakhstan, and thus abroad. In 1953, the epic "Path of Abay" by Mukhtar Auezov, the legendary and generally accepted Kazakh writer of the twentieth century, was

published in English and German. In the 1950s, the publication of this novel was implemented in Bulgaria, Poland, Czechoslovakia, Hungary, Romania. In 1958 in France, the first edition of the epic under the name "Youth of Abai" was published, in 1960 - the second edition under the name "Path of Abay". As a result of these translations, foreign readers learned about the great Kazakh poet and thinker of the second half of the 19th century, Abay Kunanbayev. Unfortunately, the poetic works themselves for a long time remained unknown to the world, and especially to the European public. For the first time, translations of separate poems of Abai into foreign languages began in the 50s of the twentieth century. These were translations of his poems into Mongolian and Chinese. In addition, in 1959, "Words of edification" were published in the Czech language. In the 70s of the twentieth century, Abai's individual poems presented themselves in English, German, Arabic, and Hungarian, and his primary works — Masgud, Legend of Azim, Iskander and the prose work "Words of edification" remained outside the field. view translators.[2]

In the 1990-2000s, the celebrations of the anniversaries of the classics of Kazakh literature, which entered the UNESCO Calendar of Unforgettable Dates, ended at the world level: 150th anniversary of Abay Kunanbayev (1995), 100th anniversary of Mukhtar Auezov (1997), 100th anniversary of Sabit Mukanov (2000), the 100th anniversary of Gabit Musrepov (2002) and the 200th anniversary of Makhambet Utemisov (2003). These events have begun in recent years as one of the significant reasons for intensifying the translation of works of Kazakh creators into foreign languages. Thus, in 1995, Galymzhan Mukanov translated "Words of edification" from Kazakh into French, and also Iskander and Masgud poems by Abay Kunanbayev. Under the auspices of Abai House in London, the translation of the Words of Edification into English (translator Richard McCain) and into French (translator Antoine Garcia) was authorized. The best works of Abai appeared in Turkish. The book "Works and Thoughts of Abay" existed in Iran, "Words of edification" appeared in the world in Chinese, Korean and Mongolian languages. In 1997, the epic novel "The Way of Abay" by Mukhtar Auezov was released in Tehran and Ankara. In French, released into the world of the story "Dusty time". Actually, the Dutch turkologist Robert Ermers translated the story "Gray Fierce" from the Kazakh language into his native language.[3]

In 2003, declared by UNESCO as the year of the Kazakh poet and thinker Makhambet Utemisov, solemn events took place not only in Kazakhstan, but also in France. A demonstration of the book of poems of Makhambet in French was held in Paris at the International Conference. The elegantly published collection contains a preface and 79 poems by Makhambet in the translation of Jacques Jouet. The creator of the informative preface is the famous French writer, translator and science scholar Leon Robel. Leon Robel for a long time and frankly keen on Kazakh literature and his serious knowledge and favors are perfectly displayed in his preface. He not only represents his own compatriots with the biography and work of Makhambet Utemisov, but also gives a brief insight into the history of Kazakh poetry right up to Makhambet, notices the variety of oral poetic tradition and defines the characteristic features of Makhambet's poetic creativity.[4]

The poetic words are translated by the popular French poet, writer, playwright and publicist Jacques Jouet. In the preface, Leon Robel focuses on his ability and ability, noting that in the course of his activity he was based primarily on the interlinear translations done by his Kazakh counterpart Galimzhan Mukanov directly from Kazakh into French. At the same time, Jacques Jouet regularly checked with numerous famous translations from Kazakh to Russian, with explanations; he possessed a Kazakh original of texts in front of him and listened to recordings of Kazakh poetry. He sought to preserve such unique paintings of Makhambet. Jacques Jouet, according to the judgment of Leon Robel, turned out to reflect the strength and freedom of rhythm of Makhambet's poems, his vital tones, his unique vision of society.[5]

Literary translation up to our days does not cease to be the main and more productive way of mastering the works of foreign literatures. Research in the theory and practice of literary translation is of paramount importance for the comparative study of literatures, as they contribute

to the establishment and development of literary and cultural relationships among countries. In recent years, the social and cultural significance of literary translations has increased in conjunction with the expansion of international interrelationships of modern Kazakhstan in all spheres of life.[6]

#### REFERENCES:

- 1.S.Abdrakhmanov « The theory and poetics of poetic translation » Author's abstract dis,doct.philol. sciences., 2007 – 36p.,
- 2.M.O.Auezov Time and literature. Almaty, 1962, 388p.
- 3.G. Belger Terrestrial elects (Goethe and Abai) - Almaty:Zhazushy, 1995.-252p.
4. M.Kurmanov. The dissert. cand.sciences, Almaty 1978
5. V.S. Vinogradov Introduction into interpretation (the general and lexical questions).M.: publishing house of the general secondary education institute ROS, 2001.224p.
- 6.YA.I Retsker.Theory of translation and translational practice. Sketches of the interpretation linguistic theory / additions and D.I.Ermolovich's comments. M.: R.Valent, 2004.240p.

### **КЫТАЙДАГЫ ҚАЗАҚ КӨРКЕМ-АДЕБИШЫ ГАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ**

*Абдукаюмов Т.С., Кудабоева М.Т.*

*МО-31 ктобының студенттері*

**Баделхан М.Б.**

*Ғылыми жетекші: магистр, аға оқытушы*

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті  
Қарағанды қ, Қазақстан  
Республикасы

*Аннотация.* Жаһандану дәуірінде әртүрлі елдермен экономикалық, саяси және мәдени салаларда халықаралық рухани қарым-қатынастардың жандануымен қарқынды дамып келе жатқанда, көп тілді коммуникаторлар арасында қарым-қатынас жасау мен түсінудің жолы ретінде тілдің рөлі артып келеді. Мәдениетаралық қарым-қатынас табысты болмайды, егер коммуникаторлар әртүрлі ұлттар мәдениетінің ерекшеліктеріне байланысты өмір сүру жолымен мәдениетіндегі, ойлау жолындағы айырмашылықтардың барлық ерекшеліктерін білмесе. Бүгінгі таңда аударма зерттеулеріне, атап айтқанда, салыстырмалы теория мен аударма практикасына ерекше көңіл бөлінеді.

*Түйінді сөздер:* аударма қызметі, аудармашы, қайталама аударма, қытай қазақ поэзиясы.

Қазақстанның білім әлеуеті оны тиімді пайдалану кезінде елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму перспективаларына шешуші әсер етуі мүмкін. Әңгіме бірыңғай білім беру кеңістігін құру туралы болып отыр, онда білім беру жүйесі міндетті түрде мемлекеттік және ұлттық тілді бір мезгілде зерделеумен қатар қытай тілін Болашақ халықаралық тіл ретінде оқытуды де қамтуы тиіс. Бұл тәсілде өзгерістер мен уақыт талаптарын көздейтін стратегиялық бағыт бар. Бұл тұрғыда Орталық Азия университеттері ғылыми, білім беру және мәдени орталықтар ретінде елеулі рөл атқаруы тиіс. Осы университеттердің негізінде студенттермен, ғылыми мамандармен, оқытушылармен алмасу бойынша мәдени және білім беру бағдарламаларын құру халықаралық қатынастарды дамытуға ғана емес, сонымен қатар кәсіби білім беруді прогреске және жетілдіруге, этнос пен елдің этнотоптарының дәстүрлері мен тұрақтарын

сақтауға, халықтардың жақындасуына және этникалық, конфессиялық және басқа да жанжалдарды болдырмау үшін маңызды негіз болатын болады. Және бұл екі тараптың геосаяси мүдделері айқын көрінеді.[1]

22 қазанда Астана қаласында "Рухани жаңғыру" бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Ұлттық комиссия мен Қытай Халық Республикасының "Ұлттар баспасы", сондай-ақ Египет Араб Республикасының Мәдениет және білім орталығы арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Келісім аясында серіктестер Қазақстанға қазіргі қазақ әдебиетінің антологияларын қытай тіліне аударуға, басып шығаруға және таратуға көмектеседі.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның хатшысы Аида Балаева қазақстандық тараптан Келісімге қол қоя отырып, Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың бастамасымен жобаның ерекше маңыздылығы мен жоғары мәртебесін атап өтті. А. Назарбаев. Алғаш рет қазақ прозасы мен поэзиясының көлемді жинақтары қытай тіліне аударылады [2]

Пяо Юнжи «Ұлттар баспасы» Қытайда тұратын 56 этностың тілдерінде жалпы тиражы 20 миллионды құрайтын мыңнан астам атаудан тұратын көркем әдебиетті жыл сайын аударатын және басып шығаратын Қытайдың арнайы мемлекеттік мекемесі екені туралы хабарлады. Баспаның құрамында 1953 жылдан бастап қазақ редакциясы да жұмыс істейді. Ол Қазақстанның тәуелсіздік алғанынан бастап екі тараптың арасында тығыз ынтымақтастық орнатылғанын атап өтті. Мысал ретінде 27 жылдан бері баспамен көптеген қазақ авторларының еңбектері, соның ішінде Абайдың «Қара сөздері» қытай тіліне аударылғанын айтты. Өз кезегінде ҚХР Ұлттар баспасының орынбасары Гао Ли ханым Қытай тарапы басылымдардың жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін өзінің барлық білімі мен тәжірибесін қоса беретініне сендірді. Ол атап өткендей, Ұлттар баспасы үшін әлемдік аты бар ірі баспалар тартылған ауқымды жобаның бір бөлігі болу үлкен құрмет.[3]

Басты мақсат бүгінгі әлемге тәуелсіздік жылдарындағы біздің әдебиетіміздің, музыкалық және бейнелеу өнерінің, хореографияның, кино мен театрдың жетістіктерін көрсету. Жоба аясында қазіргі қазақ әдебиетінің екі антологиясын аудару және басып шығаруға дайындау жұмыстары жүргізілуде. Бұл – " қазіргі қазақ поэзиясының антологиясы " және "қазіргі қазақ прозасының антологиясы". Әрбір антологияның көлемі 600 беттен асады, әрбір антологияға 30 қазақстандық автордың жұмыстары кіреді. Антологиялардың құрылымы мен мазмұны Қазақстан Жазушылар Одағының арнайы отырысында бекітілді.[4]

Бүгінгі таңда жобаның барлық негізгі серіктестерімен келіссөздер жүргізіліп, аяқталды. Осылайша, ағылшын тіліндегі жинақтарды шығару Кембридж университеті баспасының қатысуымен, Испанияның Мәдениет министрлігінің қатысуымен испан тілінде және Сервантес институтының қолдауымен, француз тілінде Париж мэриясы мен Франция кітабының ұлттық орталығының қатысуымен дайындалады, орыс тілінде аудармалар мен антологияларды басып шығару ММУ Баспа үйін дайындайды, қытай тілінде жобаны ҚХР Ұлттар баспасы жүзеге асырады., антологияларды араб тілінде шығару Египет Араб Республикасының Мәдениет және білім беру орталығының қатысуымен дайындалатын болады.[5]

#### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://ehonews.kz/sborniki-kazahskoj-literatury-izdadut-na-kitajskom-i-arabskom-yazykah/>
2. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Казакская\\_литература](https://ru.wikipedia.org/wiki/Казакская_литература)
3. [https://www.krugosvet.ru/enc/kultura\\_i\\_obrazovanie/literatura/KAZAHSKAYA\\_LITERATURA.html](https://www.krugosvet.ru/enc/kultura_i_obrazovanie/literatura/KAZAHSKAYA_LITERATURA.html)
4. <https://alfarabinur.kz/o-rodine-moej-kazaxstan/kazakhskaya-literatura.html>

## СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ – РЕАЛИСТ АҚЫН

**АЙСАҒАЛИ Ұ.**

*Ф –22 тобының студенті*

**ТОПАШОВ М.Ә.**

*Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., доцент*

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті  
Қарағанды қ, Қазақстан Республикасы

*Аннотация.* Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі С.Торайғыровтың лирикалық өлеңдеріне талдау жасалады. Идеялық - тақырыптық ерекшеліктері ашылып, ұлт рухын оятудағы ақындық ізденістері сараланады. Ақындық қабілет - қарымы талдау мүмкіншілігіне қарай нақтыланып, жүйелі саралаудың нәтижесінде ашылады. Абай дәстүрін ақындық мұратына қарай игерудегі ерекшеліктері де мүмкіндігінше ашылып, дәлелді деректермен дәйектеледі. Түр мен мазмұн бірлігін үйлестірудегі шеберлік қырлары да нақтыланады.

*Кілт сөздер:* ақын, поэзия, жазушы, лирика, ақындық дәстүр, реализм, Абай дәстүрі, ағартушылық бағыт.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің ерекше құбылысы Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ поэзиясына айтарлықтай үлес қосты. Оның өлеңдері қазақ әдебиетінің асыл қазынасы ретінде ұрпақ игілігіне айналды. Ақынның әдеби мұрасы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеудің мәніне барынша ие.

Қараңғы қазақ көгіне  
Өрмелеп шығып күн болам,  
Қараңғылықтың көгіне  
Күн болмағанда кім болам?  
Мұздаған елдің жүрегін,  
Жылытуға мен кірермін,

ақынның шын мәнінде де, бүгінде қазақ аспанындағы рухани сәуле шашып тұратын ең жарық күндердің бірі болып мәңгілікке қалғанына ешкімнің де таласы жоқ екені анық. Аз жасағанына қарамай, ол қазақ поэзиясы мен прозасын жаңа сатыға көтеріп кетті. Реалист – ақын ХХ ғасырдың әдебиетінде жаңа жанрлар туғызды, роман жанрының, реалистік поэманың қалыптасуына әсер етті. “Қамар сұлу” шығармасы, жастарды асқақ қиял, зор талапқа бастайтын лирикасы – оны қазақ әдебиетіндегі демократтық әдебиеттің ірі өкілі етті», [1, 56б]. Сұлтанмахмұт шығармаларының тақырыбы – өз заманының шынайы көріністері, қазақ халқының сол бір аласапыран кездегі тұрмысы, ой-арманы. Ол өмір шындығын Абай үлгісінде бейнеледі. Сыншыл көзбен қарады. Өйткені өмірді жақсарту мен адамды түзеу, ең алдымен, ондағы кемшіліктерді әшкерелеп, сын тұрғысынан бағалап, одан арылудың жолын іздеуден басталады. Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің сипаты әр алуан. Оларда өмір тауқыметінен шаршаған ақынның қайғы – мұңы да, өкініш – наласы да, халықтың басындағы ауыр халге жүрегі сыздаған аяныш пен жанашырлық сезім де, болашаққа сенген, сол үшін күрескен азаматтық перзенттік патриотизмі де бар. Бірақ ақын өлеңдеріндегі мұң – зар жігерсіз, жасық қайғы емес. Ақын алдағы өміріне зор үмітпен қарайды. Ақынның 1912 жылдан бастау алатын шығармашылығының жаңа кезеңінде Абай, Ыбырай негізін қалаған ағартушылыққа бет бұрды, жастарды оқу – білімге шақырды. Алғашқы үгіт мәндес өлеңдерінен кейін ақын

лириканың өрісін кеңейтіп, лирикалық кейіпкердің жан сырын, іс – әрекетін суреттеуге ұмтылады. Оның жырларынан тағдырға мойынсұнбай, қасарыса алға ұмтылатын, ауыртпалыққа қарсы тұрар өжет мінез көрінеді. Осы кезден бастап ақын шығармаларында ескіні сынау бой көтерді. Ол қазақ арасында көп кезігетін келеңсіз мінездер мен кертартпа әдет – ғұрып салтына қарсы күреседі. Табиғат, махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінде ақын адам сезімін қоғамдық көзқараспен, әлеумет өмірімен байланыста қарайды. Ескіге қарсы көзқарас оны қоғамдағы әділетсіздікпен қақтығысқа алып келеді. Сұлтанмахмұт әлеуметтік – саяси лирикаға бір жақтылық сипат берді. «Тағдыр», «Айт», «Кедей», «Оқудағы мақсат не?» және т.б. өлеңдері қоғамдық тәртіпсіздікке қарсылығымен ерекшеленеді. Сұлтанмахмұт Торайғыров — тәуелсіздік ісіне, халықтың прогресс пен мәдениет жолымен дамуына зор үлес қосқан ақын. Ол өткір сыни бағыттағы, әділетсіз өмір бет пердесін ашатын, надандық пен қараңғылықты түйрейтін тамаша туындылар жазды. Оның пікірінше, халық өз тағдырын өзі жасайды. Бұл үшін оған ұйқыдан оянып, ілгері жүру және басқа халықтар сияқты даму керек. Патша үкіметінің құлағанын қуанышпен қарсы алып:

Құрт аурудай жайлаған,  
Құртпаққа бізді ойлаған,  
Қанымызға тоймаған,  
Қолымызды байлаған

Өшті залым қарасы...—, деп, патшашыл озбырлықтарды шенейді. Сұлтанмахмұт әлеумет өміріне тереңдеу ниетімен Алаш арыстарымен араласады. Қазақ оқығандары құрған Қазақ комитетінің кіші хатшысы болып қызмет істейді. Алашордашылар шығарған «Сарыарқа» газетіне өлеңдерін, мақалаларын жариялайды. Осы уақытта шығарған өлеңдерінде Алаш басшыларын дәріптейді.

Ақын елінің тілі ғой,  
Адал туған ұлы ғой,  
Бүлк–бүлк еткен жаны ғой,  
Жанын жеген ары ғой,  
Айта алмай жүрген зары ғой.  
Жаннан, ардан безбесе,

Ақынын қандай ел қастерлемесін,

Ақын — заман перзенті. Сұлтанмахмұттай ірі ойлы, асау жүрек, асқан шабытты, лапылдап жанып тұрған ақын көз алдында болып жатқан ірі өзгерістің қайсысына да бейтарап қарай алмайтын жан еді. Ол халықтың басындағы ауыр қасіретті терең түсінді. «Зорлық пен зұлымдыққа қарсы айбынды үн көтерді. Оның шығармалары алған мәселесінің кеңдігі, тереңдігі жағынан Абай дәстүрін ілгері дамытты. Ол қазақ өмірінің шындығын жырлаған нағыз ұлттық ақынымыз еді. Өзімен тұстас ақынның ешқайсысы да дәл Сұлтанмахмұттай поэзиясын жалпы халықтық дәрежеге көтере алған жоқ».[2,45 б]. Адамзат қоғамының, елдер мен халықтардың тарихы олардың бастарынан кешірген үлкенді – кішілі оқиғалардың жай тізбегі емес, әділдік пен озбырлықтың, адалдық пен арамдықтың күрес тарихы. Озық ойлы, ақ ниетті адамдар жоғарыда Сұлтанмахмұт суреттегендей қоғамды аңсаған. Замандастарын сондай қоғам құруға жан сала шақырған. Азамат ақын қазақ халқының бақытты, мәдениетті ел болуын өмірлік арман етіп еді. Сол үшін де, ол өзіне «қараңғылықтың көгіне күн болмағанда кім болам» деп өршіл мақсат қойған болатын. Халықтың ғазиз ұлының сол арманы қазір орындалды. Қазақ халқы мәдениетті, азат ел болды.

#### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1.С.Қирабаев.Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы,2014,—258б.

2.3. Ахметов. Қазақ әдебиетін зерттеудің өзекті мәселелері.Алматы,2004,—264б.

## ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРБИЕ

АЛДАКЕШ А.М  
Ф-18-1к тобы студенті  
БИЛЯЛ Б.Қ

Ғылыми жетекші: филология магистрі, аға оқытушы  
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті  
Қарағанды қ, Қазақстан Республикасы

*Аннотация:* Бұл мақалада Түрікменстан мемлекетінде латынға көшу үрдісі жылдам әрі қатал түрде өткені туралы баяндалады. Латын әліпбиіне көшу кезінде бүкіл халық латын әліпбиімен жазылған сөздерді жаңаша қабылдайды. Жаңа орфографиялық норма ретінде сөздерді қабылдап, сөздер жазуға да үйренеді. Түркі әлемінің барлық халықтарының латын әліпбиіне көшу оларды бір-біріне түсінікті және жақын етуге мүмкіндік береді.

*Кілт сөздер:* жазу, алфавит, латын әліпбиі, жарлық, факт

Түбі бір түркі дүниесі негізінен латынды қолданады. Олар Түрікменстан, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекістан.

Түркіменстан 1993 жылы 25 маусымда Президент Н.Ниязов «Түрікмен тілінің жаңа алфавитін енгізудің мемлекеттік бағдарламасын» мақұлдаған №1380 Шешімге қол қойды. 1994 жылғы 29 қыркүйекте Жаңа латын әліпбиіне көшуді үш жыл ішінде аяқтау жоспарланып, 1995/96 оқу жылынан бастау алған болатын. 1926 жылы Мухаммед Гельдиев Баку қаласында өткен әліпби ауыстыру туралы конференцияға қатысады. Бұл конференцияда жадид жазуынан бас тартып, латын қарпіне көшу ұсынылады. Бұл елде көп уақыт араб әліпбиін қолданып келді. Әлі күнге дейін Ауғанстан, Иран мен Ирактағы түрікмендер араб әліпбиі үлгісімен жазады. Түрікменстанда латын әліпбиіне қатысты заң өткен ғасырдың 90-жылдарының орта шенінде қабылданды. Бір айта кетерлігі, латын нұсқасындағы жаңа әліпби 1930 жылдары қолданылған үлгісінен өзгеше болды. Мамандардың ойынша, бұл елде латынға көшу үрдісі жылдам әрі қатал түрде өтті. 1993 жылдың қаңтарында сол кездегі республика басшысы Сапармұрат Ниязов Ғылым Академиясында кеңейтілген отырыс өткізіп, жаңа әліпби бойынша ұсыныстарды қарау жөніндегі комиссияның құрамын бекітеді. Қабылданған Жарлыққа сәйкес, Жаңа түрікмен әліпбиі 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап - Президентке, Парламентке және Үкіметке дайындық жұмыстарына үш жыл бөлінді. Құжат қабылданғаннан кейін Ниязовтың төрағалығымен түрікмен тілінің жаңа алфавитіне көшу жұмысын басқару жөніндегі мемлекеттік Ұйымдастыру комитеті құрылды. 1993 жылдың маусым айында Президент қаулысымен тіл білімі институтында әзірленген көшу бағдарламасы да қабылданды. Бағдарлама қаржыландыру көздерін қамтымады, сондай-ақ халықты қайта оқытуға және кітаптарды қайта басып шығаруға арналған шығыстарды көздемеген. Кейіннен 1993 жылдың алфавитіне өзгерістер енгізілді-осылайша Түрікменстандағы латын әліпбиіне "толық өту" ресми түрде 2000 жылдың басында ғана аяқталды.

Латын әліпбиінің артықшылықтары Түркімендердің көзқарасымен:

1. Түркімен ғалымдары да дәстүрлі араб жазуы әр түркі дыбысын толық бере алмайтынын байқады. Түркі тілдерінде араб тіліне қарағанда дауысты дыбыстар көптеу болды. Оларға қосымша таңба бере отырып, араб әліпбиі түркімен тілінің барлық дыбыстарының ерекшеліктерін толық бере алмады: [a], [ä], [e], [i], [o], [ö], [u], [ü], [y].

2. Мухаммед Гельдиев, Мухамметгулу Атабаев и Дурду Гылыч секілді білімділер түркімен тілінің жадидше оқыту үшін өзбек, татар білімдарларынан оқыған болатын.

Бұндай ой түркімен тілінің фонетикасына жақын таңбаларды алып, тілді сақтап қалу болатын.

Түркімен реформаның кемшілігі:

1. Түркімен халқының сауаттылығы тағы да бәсеңдей түскен еді.

2. Дайындықсыз латын әліпбиін қабылдау таңба мен емле ережелерінің жиі ауысуына алып келді. Әрі емле ережесі ескіріп қалып, 2 жыл сайын қайта жаңарып шығып отырды. Бұл, әрине, жаңа ғана тәй-тәй басып келе жатқан жас мемлекет үшін оңайға соқпады.

3. Сондықтан бұрынғы кирилл әліпбиін қолдану да көрініс тапты. Бірақ қатал президент Сапармұрат Ниязовтың талапқойғыштығының арқасында кирилл әліпбиін қатар қолдану тоқтатылды.

Түркімен тілінің латын графикасы негізіндегі жазуға көшуінің себептері:

1. Бірінші кезекте ұлттық сананың көтерілуімен болған елдегі ұлттық отаншылдықтың серпілісіне жауап беретін нақты шаралар керек болды, ұлттық жазуға негізделген графика талап етілді.

2. Әлемдік сауда, экономикалық қатынастар үшін латын графикалы жазудың тиімді болғаны алға тартылды.

3. Дүниежүзі бойынша ақпарат алмасудың негізгі құралы латын қаріптері негізінде ұлттық жазу әліпбиін жасау қазіргі ақпарат заманының талабы болды. Сөйтіп, Түркіменстан үшін латын графикалы жазуға көшудің ең басты себебі саяси және экономикалық түркіжайттардан келіп туындады.

Түркіменстан жазуының латын графикасына көшу тәжірибесін қорытатын болса, мына фактілер айқындалады:

1 факт. Түркімен тілінің дыбыстық жүйесіне негізделген латын графикасындағы жазу кирилл әліпбиінде қалыптасқан қосамжар орфографиядан арылудың жолына айналды. Түйін. Қазіргі қазақ орфографиясындағы дәл осы проблеманы түбегейлі реформа жасау, яғни әліпби алмастыру арқылы ғана шешуге болатыны айқын.

2 факт. Түркі дүниесіне ортақ жаңа әліпби негізінде бауырлас елдермен, әсіресе көршілес Түркиямен мәдени қатынастарды жақсарту көзделді; Түйін. Қазақ халқында бауырлас елдермен ортақ түркілік бірегейлік төмендеп кетті, түркі дүниесіне ортақтанып келе жатқан латын графикасы негізіндегі жаңа жазу оны жаңғыртуға септігін тигізер сөзсіз.

Қорытындылай келе Түркімен әліпбиі де кириллицадағы басы артық әріптерден тазарған ұлттық сипаттағы әліпби болды. Латыннегізді қазақ әліпбиінің басты ерекшелігі латын графикасына өткен мемлекеттер тәжірибесін мұқият зерделеп, таразылап келуінде. Ұзақ дайындықпен келсе де, әртүрлі пікір алшақтықтарының орын алуы графика ауыстыру ісінің таза лингвистикалық аспектісімен бірге, әлеуметтік, экономикалық т.т. факторларды шоғырландырып, кешенді құбылыс ретінде қарау қажеттігін дәлелдей түседі.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынов А. Жазу мәселесі: Қазақ тілінің мәселелері //Қазақ. – 1913. 16 октяб.
2. Тойшыбекова Ж. Қ. XX ғ. басында Қазақстанда латын алфавитіне көшу идеясының қалыптасуы //ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы, № 1 (136). 20052.
3. Байтұрсынов А. Ең жақсы әліпби біздікі //Алдаспан. – 2007.
4. Байтұрсынұлы А. Араб әліппесін жақтаған баяндамасы //Ақжол А., 1991.
5. Мухамед Гельдиев и его вклад 2015



## DEUTSCHE GESETZE - EIN MODELL FÜR ANDERE STAATEN

**ALIMCHAN ELAMAN,**

*Gruppe JU-21k,*

**KORABAEVA A.A.**

*Wissenschaftliche Leiterin: Kandidatin der philologischen*

*Wissenschaften, Dozentin*

*KWUK, St. Karaganda*

*Annotation:* In diesem Artikel analysiert man einige eigenartige Gesetze Deutschlands und vergleicht sie mit den Gesetzen Kasachstans. Es ist die Gesetze über die Erhaltung der Ruhe "Tag der Ruhe" und ein weiteres besonderes Gesetz Deutschlands "nur Sie!". Diese deutschen Gesetze Deutschlands vergleichend kann man den bedeutenden Unterschied der Gesetze Kasachstans sehen.

*Schlüsselworte:* Deutschland, das Gesetz, die Gesetzgebung, der Polizeibeamte, der Unternehmenssubjekt, die Verletzung, die Verwaltungsstrafe, der Sprachfond, das professionell orientierte Deutsch, der Staat.

Jeder Staat hat spezifische Gesetze, die sich von anderen Staaten unterscheiden. Unter Ihnen habe ich als Beispiel die besondere deutsche Gesetzen in Deutschland betrachtet. Diese ausschließliche Gesetzgebung Deutschlands dient zur Regulierung der Öffentlichkeitsarbeit und zur Verbesserung der Kennziffern für die Entwicklung des Staates.

Eines der Gesetze, die ich in Betracht ziehe, ist das Gesetz über die Erhaltung der Ruhe "Tag der Ruhe ". In Deutschland das Recht einer Person, ruhig am freien Tag zu ruhen, nicht in der Nacht vor den Nachbarn Lärm zu machen. Es ist strengstens verboten, den Bohrer am Sonntag und zu jeder Tageszeit zu verwenden. Übrigens, auf den Straßen, wo es kein einziges Geschäft gibt, kann man ruhig spazieren gehen, eine Tasse Kaffee auf den Terrassen genießen, aber die Reparatur ist verboten. Wenn wir über die Erholung der Deutschen sprechen, dann eine weitere Einschränkung Klavierspiel in der Nacht verboten ist [1].

Bei der Betrachtung dieses Gesetzes, in der Tat, jetzt Menschen brauchen Ruhe. Dieser Tag der Ruhe ist sehr nützlich für eine gute Erholung, die Entwicklung des Denkens und die Förderung der Arbeit. Natürlich gibt es kein Gesetz in Kasachstan, das dem Tag der Ruhe gewidmet ist, aber es gibt ein Gesetz, das die Ruhe der Nachtzeit gewährleistet.

In Bezug auf das Gesetz der Republik Kasachstan über die Stille:

- Ordnungswidrigkeiten,
- Artikel 437. Ruhestörung.

1. Allgemeine Bestimmungen Verletzung der Ruhe in der Nacht (von 23 bis 6 Uhr morgens), die normale Ruhe und Ruhe von Einzelpersonen behindert, einschließlich der Durchführung von Geräuscharbeiten, die nicht mit dringender Notwendigkeit in Wohnräumen und darüber hinaus verbunden sind.

Eine Strafe für Einzelpersonen in Höhe von fünf, für kleine Unternehmenssubjekten oder nicht kommerzielle Organisationen – in Höhe von zehn, für mittlere Unternehmenssubjekten – in Höhe von fünfzehn, für große Unternehmenssubjekten – in Höhe von den 50-monatigen Kennziffern der Berechnung.

2. Die gleiche Handlung, die innerhalb eines Jahres nach der Auferlegung der Verwaltungsstrafe begangen wird, wird eine Strafe für Einzelpersonen in Höhe von zehn, für kleine Unternehmenssubjekten oder nicht kommerzielle Organisationen – in Höhe von zwanzig, für mittlere Unternehmenssubjekten – in Höhe von dreißig, für die große Unternehmenssubjekten – in Höhe von den 90-monatigen Kennziffern der Berechnung [2].

Ein weiteres besonderes Gesetz Deutschlands "nur Sie!". In Deutschland muss man sich die Polizisten auf "Sie", nur nicht auf "du" wenden. Wenn Sie respektlos gegenüber der Polizei sind, dann können Sie dafür bis zu 600 EURO bezahlen. Daher ist es notwendig, dieses Gesetz nicht zu vergessen [1].

Ich glaube, dass das Gesetz sehr korrekt und notwendig ist. Weil wir mit Respekt behandelt werden müssen, um die Rechte der Menschen zu schützen. Ich denke, dass das Wort "Sie" in das Gesetz gebracht hat und den Status von Strafverfolgungsagenturen gehoben hat. Den Polizeibeamten in der Republik Kasachstan wenden sich viele auf "Sie", aber es ist im Gesetz nicht widerspiegelt.

Da dieses Wort nicht im Gesetz enthalten ist, wie die Leute es vorziehen, Polizisten zu nennen. In Kasachstan wird nur im Falle einer Beleidigung der Polizeibeamten zur Verwaltungsverantwortung gebracht. Es enthält eine Strafe von drei bis zehn monatlichen Verwaltungsstrafen oder bis zu zehn Tage Gefängnis. Da sich das wichtige Gesetz in der Gesellschaft der deutschen Nationalität täglich eben trifft, hat die große Bedeutung, als in unserem Staat.

Jetzt studiere ich an der Universität nach dem Beruf "Rechtswissenschaft" und ich lerne das Deutsch schon auf dem professionellen Niveau. Der praktische Besitz von der Fremdsprache trägt zur Erhöhung des Niveaus meines professionellen Kompetenzbereiches bei und vermutet die Fähigkeit, einige Aspekte meiner beruflichen Arbeit zu verwirklichen: das Bekanntmachen mit den neuen Technologien und den Tendenzen in der Sphäre des zukünftigen Berufes.

Beim Studium des Professionell orientierten Deutsch wählen wir zusammen mit dem Lektoren die Texte mit der professionellen Ausrichtung durch das Internet, die Zeitung, die professionellen Zeitschriften aus. Wo wir die Arbeit mit der professionellen Lexik, die Ausführung verschiedener lexikalisch-grammatischer Übungen, die Lektüre und die Übersetzung der professionellen Texte, die Zusammenstellung der Schemen und der terminologischen Wörterbücher der professionellen Lexik aufnehmen, die bei der Durchführung der geschäftlichen Spiele aktiv verwendet werden. Solche Arbeit zwingt die Studenten, zu denken, entwickelt das professionelle Denken. Während des Lernens habe ich den deutschen Sprachfonds entwickelt.

Abschließend tragen diese sondergesetze Deutschlands zur Entwicklung des Staates und zum Eintritt des Staates in die entwickelten Länder bei. Meiner Meinung nach ist es notwendig, aufgrund der speziellen Gesetze Deutschlands Änderungen und Ergänzungen der Gesetze der Republik Kasachstan vorzunehmen. In Deutschland gibt es viele spezielle Gesetze, darunter zwei Kasachische Gesetze. Aber wie Sie sehen können, gibt es wesentliche Unterschiede. Das Deutsche Recht und sein Vergleich mit der Kasachischen Gesetzgebung: Professionell orientierte deutsche Sprache. Diese Disziplin hat mir geholfen, den wichtigsten Teil des deutschen Rechts zu studieren. Da diese Disziplin eine Fortsetzung meines Berufs ist, habe ich das Gesetz mit großer Komplementarität erfüllt, so dass diese Disziplin mir so nahe war. Das Gesetz haftet gegenüber dem Gesetz, wenn es Ihren Gesetzen und Vorschriften widerspricht.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://germania.one/samye-neobychnye-zakony-germanii/>
2. [http://kodeksy-kz.com/ob\\_administrativnyh\\_pravonarusheniyah/437.htm](http://kodeksy-kz.com/ob_administrativnyh_pravonarusheniyah/437.htm)

## ШАЛ АҚЫН ЛИРИКАЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК-ИДЕЯЛЫҚ СИПАТЫ

**ӘЛКЕН Т.**

*Ю-12к тобының студенті*

**БАЖИКЕЕВ К.К.**

*Ғылыми жетекші, магистр, оқытушы*

*Аннотация:* Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар халық ақыны Тілеуке Құлекеұлының сан қырлы әдеби мұралары бүгінгі күні де өз маңызын жоймаған асыл жауһарлар. Ұлттық әдебиетке сан алуан жаңашылдық алып келген ақын мұрасы әдебиетші, тарихшы, өнертанушы ғалымдардың келелі үлкен зерттеулеріне арқау болды. Мақалада ақын мұрасын зерттеп, өзіндік баға беруде, оны қалың көпшілікке танытуда, насихаттауда шалтану ілімінің кешегісі мен бүгінгісінде зор еңбек атқарған ғалымдар зерттеулерін бір арнаға біріктіріп, талдап, сараланды. Осы мәселелер мақаланың зерттеу нысанына алынған тақырыптың өзектілігі мен көкейкестілігін көрсете алады ғой деп ойлаймыз.

*Кілт сөздер:* әдеби мұра, өлең өрнегі, Шал ақын мұрасы, көркемдік сипат, әйел тақырыбы, Шал ақын шығармашылығы

Шал өлең шығарумен балауса жас кезінен бастап айналысқан. Жасынан сөзге үйір, шешен сөйлейтін тілге ділмәр, ойлы жас болып көзге түседі. Жасынан ел арасы ақындарымен айтысқа да түсіп жүреді. Оның кішкентайынан үлкендерше сөйлеуі, төрде отырып төрелік айтқанына қарап жұрт Шал атап кетеді. Зерттеушілердің айтуы бойынша Шал ақынның тұңғыш өлеңі «Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің». Бұл өлеңді ақын шығармашылығының басы деп жүр. Өлеңнің шығу тарихы былай екен.

Әйгілі хан Құлеке батырдың бәйге алдын бермейтін жүйрік атын сұрап алып, кейін қайтармай қояды. Бірде Құлеке атын сұрауға барғанда баласы Шалды ертіп барады. Хан бала Шалдың көзінше: «Іші боқ, сырты түк сол мәстекті осыншама неге сұрай бересің?» - деген сөз айтады. Шал таңертең ерте тұрған ханның табынға ере алмай қалған бір қозыны арқалап бара жатқанын көріп қалады. Оны көрген жайды есте сақтап, сол күні кеш таянып ауылына кетерінде хан екен деп қысылмай, өлендетіп, малжандылығын бетіне айтады.

Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің,  
Болмайды қойға пана тал дегенің.  
Таң ата жалаң аяқ тоқты арқалап,  
Хан ата, қалай екен мал дегенің?  
Сыйлайды ханымыз деп үлкен-кіші,  
Біреудің хақын жемес жақсы кісі.  
Тақтағы хан, топтағы биді еңкейткен,  
Хан ата, қалай екен малдың күші? –дейді [1, 32].

Өлеңді естіген хан Құлекеге: «Мына балаң маған үлкен адамдарша сөйледі, тумай жатып қартайған бірдеңе ғой», - депті. Сөзден ұтылған хан Құлеке батырдың бәйге атын қайтарған екен. Хан алдында айтылған бұл өлең ел ішіне тез тарап, Тілеукенің Шал аты мен ақындық атын қатар шығарған екен.

Осыдан былай Шал ақындық жолға көшеді, дарынды суырып салма (импровизатор) ақын болады. Ертерек дәуірлерден қалыптасып, жалғасып келе жатқан ақындық дәстүрді ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген Тәтіқара, Көтеш ақындардан кейінгі қазақ поэзиясын дамыта түседі. Оның бұл салада қосқан үлесі үлкен. Өлең термелері, толғау тақпақтары сан жағынан мол, сапа жағынан мазмұнды, көркем және тақырыбы да кең. Шал ақын қазақ поэзиясындағы лирикалық өлең жанрын, өз замандастарымен салыстырғанда, жан-жақты толықтыра түсіп, көркемдігін арттырды. Бұл тұрғыдан алғанда оны толғауды көркемдік шегіне жеткізе білген Бұқар жыраумен ғана салыстыруға болады. Сондықтан да кейінгі кезеңдерде өмір сүрген ақындар Шал ақынды ұстаз тұтты. Шал ақынның өлең, жырлары кезінде ел арасына кеңінен таралған. Қазірдің өзінде де ел аузында сақталып қалғандарының өзі де бірқыдыру. Ұқыптап ескерілмегендіктен, оның шығармалары осы

күнге дейін зер салып жиыстырылмай келді. Әйтсе де, ақындық қалпын анықтауға толық негіз боларлықтай шығармалары бар. Шалдың атына телінген өлең-термелердің, тақпақ-толғаулардың көлемі 1600 жолға жетеді.

Шалдың бізге жеткен шығармалары негізінен әр жерде әр түрлі себептермен суырып салып айтқан шағын өлеңдерден тұрады. Терме-тақпақтары, нақыл сөздері, сөз қағыстары да баршылық. Шалдың ұзақ эпикалық жырлар шығарғандығы, қазақ халқының шежіресін өлеңмен жазғаны да Шоқан Ұалихановтың еңбектерінен белгілі. Шал ақын өлеңдерін негізінен суырып салып шығарған десек те, өлеңдерін хатқа түсірерлік сауаты болған, оны айғақтайтын өлеңдері де жеткілікті, сол өлеңдерінің бір шумағын мысалға алайық.

Мен өзім талай сөзді хатпен жазғам,  
Әзілден мерт болады артық қазған.  
Өткен іске өкінсем өмірім зая,  
Тұяғыма ілінгенді қайта жазбан [1, 19].

Шал ақынның өлеңдері тақырыбы жағынан өте кең. Ескі қазақ ауылының алуан түрлі тіршілік-тұрмысына қатысты жайлар, этика, мораль мәселелері ақын өлеңдерінің негізгі объектісі. Адамдық, арлылық, адалдық, намысшылдық ақын шығармашылығының өзекті желісі. Өтірік пен өсек, еңбексіздік әйел үшінде, еркек үшін де арзан, азғын қасиеттердің басы ретінде сипатталады. Шалдың өз басы кедей болған, оны мына бір шумақ өлеңінен де байқауға болады.

Кедейлік, жабыстың ғой бала жаста,  
Мені ұятты қылдың ғой қарындасқа.  
Аш белімнен құшақтап айырылмайсың.  
Көз танысың жоқ па еді менен басқа? -

- дейді. Сондықтан да болар ақынның көп жырлаған тақырыбы кедейлік. Кедей тақырыбы қазақ поэзиясында тұңғыш рет Шал шығармашылығында жеке тақырып дәрежесіне көтеріле сөз болады. Кедейлікті болдырмаудың жолын насихаттайды. «Өзі кедей болса да, тіленшіленіп, мал үшін жағын жалдап, тілін безеу Шалға – жат» [2, 46]. Кедейліктің табиғатын жақсы таныған ақын бұдан құтылудың бірден-бір жолы ретінде еріншек болмай, еңбек етуді ұсынады.

Кенже ұлы кедейліктің ұйқы мырза,  
Ерте жатып, кеш тұрса жаны ырза.  
Бір азырақ бас қосып кеңесейін,  
Сәлем айт, еріншекке, келсін мұнда - дейді.

Адамның жасы, жастық шақ және кәрілік туралы өлең-жырлар қазақтың ауыз әдебиетінде ертеден бар. «Бірақ, дәл Шал ақындай бұл тақырыпты жеріне жеткізе жырлаған ақын болған жоқ» [3, 47]. Сондықтан қазақ поэзиясында жас туралы шығармалардың негізін салушы деуге болады. Бұл өлеңдерінің көпшілігі ақынның бойынан қуат кетіп, ауру болып, ұзақ күнді төсекте жатып өткізген кездерінде, қартайған шағында туған деуге негіз бар. Бұл шығармалардағы ойды жеткізу тәсілі бірдей емес, ақын адам жасына байланысты жеңіл тақпақ түрінде де, ұзақ толғау ретінде шығара берген. Адамның туғанынан өлгеніне дейінгі өмір жолын тұтас қамтитын ұзақ өлеңдері философияға толы әрі бейнелі.

Ақынның ерекше шабытпен жырлайтыны – қайғысыз, қамсыз, балалық шақ.  
Бір жаста, екі жаста бесіктемін,  
Бес жаста тәңірі берген несіптемін,  
Алты жаста қайыңның тозындаймын,  
Жеті жаста ойпаң жер бозындаймын,  
Он жасымда сүт емген қозыдаймын ...  
Сегізде бала болып ойнап едім,  
Тоғызда тайлы суға ойлап едім ...  
Он бес деген жасым-ай,

Жарға ойнаған лақтай...

Балалық шақтан кейінгі бозбалалық, жігіттік дәурен, ересек тартқан шақ, жер ортасы егделік және қарттық. яғни, қайран жиырма бес, жігіт ағасының жасы отыз, қырық, елу, алпыс және ары қарайғы кезеңдер.

Жиырма деген жасым-ай,

Көлге біткен құрақтай,

Отыз деген жасым-ай,

Таудан аққан бұлақтай ...

Жиырмада құрып өттім жігіт салтын,

Ойламай еш нәрсенің алды-артын.

Бар болса елде сұлу менікі деп,

Болмапты еш нәрседен сонда парқым [1, 22]

Бұл бір соққан желдей есіп өткен қызық дәурен. «Қынаптағы қылыштай» қырықтан соң күрк-күрк жөтелген, ақ таяқты ақбас кәрілік жетеді.

Кәрілік жарасады сәніменен,

Оның сәні келеді малыменен,

Жолдасы арқа жылытар, аяқ сипар,

Жұмсақ төсек, тәтті тамақ бәріменен.

Адамның баппен қартаюын осылай дәріптеген Шалдың өзі қартайғанда онша күйлі болмаған көрінеді. Ақын өз өмірін ойламай, мал жимай, өнермен, өлеңмен өткізген. Сондықтан төсек тартып жатқан ақын кедейлікке көңісі келмейді.

Шал ақынның:

Елу жасқа келген соң,

Пірдің сөзін сақтадым, - дегеніне қарағанда, жасы ұлғайғанда ислам дініне берік болған. Бұрынғы ақын-жыраулар дін туралы сыйпай ғана айтып кетсе, Шал дінді арнайы сөз етеді.

Жаратты Мекке менен Мәдинаны,

Жаратты иман, дұға, шын дүнияны.

Мұхаммед үшбу жүрген үмметіне,

Жаратты сынамаққа бұл дүнияны.

Жаратып он сегіз мың ғалам етті,

Бірісін ғалым, бірісін надан етті.

Жаратып жын-періні от пен нудан,

Жаратып топырақтан адам етті, - дейді [4, 41]. Бұл шумақтардан діни сауатты болғанын да байқауға болады.

Шал енді бір топ өлеңдерінде жастарды ибалы, әдепті, қайырымды болуға шақырады. Ары, жаны таза, мәдениетті жасты аңсаған ақын ондай абзал адамдар алдына зор мақсаттарды қоя біледі. Білім алғандар парызы еліне, халқына пайдалы қызмет ету деп ашық айтады:

Майда бол, жігіт болсаң, тал жібектей,

Жарамайды қатты болу тікенектей.

Білімің болсадағы ұшан-теңіз,

Пайда жоқ өз халқыңа қызмет етпей.

Адамның артықшылығы, жақсылығы көпке, туған елге пайдалы болуында деп қорытынды жасайды. Адам қоғамда көп жасағандығынан емес, білімімен, еңбегімен бағаланады деп ұққан ақын:

Адамды жөн білетін дана деп біл,

Істерің жалқау жанның шала деп біл.

Құр жасы елулерге келсе дағы

Білімсіз сондай жандар бала деп біл, -дейді [4, 33].

Шалдың дүниеге көзқарасында діншілдік сарын сезіліп отырады. Өйткені ақын өз заманының перзенті ғой. Бірақ ақын әрбір сөзін құдай, пайғамбар атымен байланыстыра бермейді. Оның өлеңдерінің басым көпшілігінде адамгершілік мораль мәселесі сөз болғандықтан, не жақсы, не жаман деген дидактикалық ой-пікір көбірек айтылып, өзі өмір сүріп отырған қоғамның мүшелеріне ақыл, насихат айтуды басты мақсат еткен. Ақын өз өлеңдерінде жақсылық қайдан шығады, жамандық неден туады, жақсы мен жаманның айырмашылығы неде деген мәселенің төңірегінде сөз қозғайды. Бір өлеңінде ақын:

Жақсыны алыс, жаманды жақын деме,  
Жақсы атансаң, біреудің қақын жеме.  
Жақсымын деп біреудің қақын жесең,  
Жаман адам сол болар, мақұл деме,-

дейді. Бұл пікір халық педагогикасында айтылатын «Тура биде туған жоқ». «Жақсы - көпке ортақ» деген ой-пікірмен ұштасып жатыр. Тағы бірде ақын:

Жаман сол жақсы сөзді ұға алмаса,  
Ғалым болмас ұстаздан бұға алмаса.  
Молда есімін алғандар толып жатыр

Не керек ғылым бойға жұға алмаса, - деп жастарға ғылым жолын қуып, ғалым болуға тырысуды нұсқайды. Жас кезде шама келгенше оқу мен өнерге молынан сусындау қажет, өйткені жастықта не болса да бойға оңай және тез сіңеді деген идеяны паш етеді, жастардың бойында өнерлілік, зиялылық, парасаттылық болуы тиіс деп тұжырым жасайды.

Жақсының жүрген жері той болады  
Ақыл жоқ кей адамда бой болады.  
Көрмеге қандай жаман болса дағы  
Парасат кей шаһбазда ой болады...

- деген ақын сөздерінен парасаттылық бойға, көрікке байланысты емес, көзге қораш адамдардың ішінде де жаны жайсаң, рухани байлығы мол адамдар болуы ықтимал деген пікірді аңғарамыз. Шалдың мұндай өлеңдерінің мақсаты - жұртшылықты жаманшылықтың кесепатынан жирендіріп, бойына жақсылық шапағатын дарыту. Бұл шығармалардың өз кезінде жастарды тәрбиелеуде игілікті роль атқарғаны күмәнсіз. Сонымен бірге бұл шығармалар қазіргі кезде де өзінің тәрбиелік мәнін жоғалтқан жоқ.

Шал ақын шығармаларында көп қайталанатын тақырыптың бірі – әйел жайы. Ескі ұғым бойынша «әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа». Жалпы, Шалға дейінгі жеке ақындар творчествосында әйел заты кең жырлана қоймаған. Кейін осы дәстүр Шалдан кейінгі ақындарда, Абай, Ақан серілер шығармашылығында өз жалғасын тапты. Ал, Шал болса әйел затының табиғатына үңіле отырып жырлады, жан дүниесін ашып көрсетуге талпыныс жасады. Бұл турасында Ж. Ысмағұлов: « Бұл қай заманда да ақынның шабытын шақырып, қиялын қанаттандыратын, ойына ізгілік ұялатып, жүрегін нұрландыратын, сөйтіп әрдайым аузына жақсы сөз салатын ұнамды ұғым ғой» дейді [5, 255]. Өзінің « Пасыл да пасыл» деп басталатын жырында-ақ «ақ бетіне қан құйған, ерініне бал құйған» қыз қылығын өмірдің сәнді бейнесіндей суреттейді. Үй ішінің берекелі, махаббатты болуын аңсаған ақын достыққа, адал махаббатқа негізделген тату-тәтті отбасы тұрмысын, берекелі, бақытты өмірін көксейді. Үй ішінің сәні-жар таңдауға үлкен мән береді:

Әйел алсаң қарап ал ақылдысын,  
Сол болар басқалардан жақын кісің.  
Ағайынға, туысқа қайырылса,  
Дүниеде нағыз сол ғой мақұл кісің.  
Ерге аю, балаға қасқыр болса,  
Ондай қатын алғанның күні құрысын [1, 74].

Өмірлік серік ретінде болсын, сонда-ақ ағайын-туыс, жора-жолдасқа қадір танытатын жақсы әйел бейнесін ақын:

Алғаның жақсы болса қорғандай-ды....

Жақсы әйел бойын түзеп, сылақтайды...

Жақсы әйел айтқан сөзді кектей қоймас...

Жақсы қатын шығарар ердің атын...

Жақсы әйел дәулетіңе жөн келтірер... – деп сипаттайды. Сонымен қатар ақын өлеңдерінде әйелге айтылатын сын да көп.

Жаман қатын өз қылған істерінің,

Еріне қалдырады жаман атын...

Жігіттің алған жары жаман болса,

Қаншық иттей тақымдар кәпір деген...

Кейде тіпті әйел затына дөрекі сөздер де айтылып қалады. Көптеген өлең жолдарында әйел мінезсіз, шайпау, долы болып келеді. Бұның себебін мына жолдардан түсінуге болатындай. «Жаугершілік заман толастаған соң... ..үй тіршілігінің барлық қамқарекеті мен ауыртпалығы әйелдерде қалды. Үй шаруасын үлгерту, бала тәрбиесі, ата-енені күту, келген қонақтарды қарсы алу, тағы басқа толып жатқан жұмыстардың кемкетігі мен олпы-солпысы үшін жаман атты болатын – тек үй бикесі. Сондықтан оның атына айтылатын сын да көп, тағылатын мін де көп» [5, 257]. Сонымен қатар, Шал ақынның бәйбішесіне, тоқалына, қыздарға айтқан бірсыпыра қалжың қағытпа өлеңдері бар.

Қазақтың ескі патриархалдық қоғамның қаймағы бұзыла бастаған заманында өмір сүрген Шал жұрттың алты бақан алауыздығын, аталас рулардың қоныс үшін, қыстау үшін, өзара таласып, қырқысқанына да куә болып отырды. Ол адамның адамдық қасиетінің бір белгісі бірлікке, ынтымаққа ұмтылушылықта деп біледі. Оның поэзиясындағы басты көркемдік кредоларының бірі – ел ішін осылайша бірлікке, ынтымаққа шақыру.

Ағайының көп болса,

Бірлігі оның бек болса,

Жамандық жер кез келсе,

Бір-біріне сеп болса ...

Шәйі, сиса, асыл қылыш – елдің көркі,

Ер жігіт жауға аттанған – елдің көркі,

Жарасар әрбір нәрсе өз сәнімен,

Аққу-қаз – айдын шалқар көлдің көркі.

Гүл-шешек орман өсіп желкілдеген,

Биік тау, асқар төбе – жердің көркі,

Ағайын бір уақыт жақсы болса,

Сонымен табылады елдің көркі [4, 55].

Өлеңдерінің біраз бөлігі үгіт, насихат түрінде ақыл беру, үлгі айту сияқты дидактикалық сарында болып келеді. Бірақ жалаң ақыл емес, ойды көркемдеп жеткізе алған.

Жамандар өзін-өзін зорға балар,

Бір өзінен басқаны төмен санар.

Жақсылар ағын судай, асқар таудай,

Жаймалап қайда жақсы орын алар.

Ақынның өмір мағынасын философиялық тұрғыдан жақсы түсіне алғанына осындай өлеңдері куә. Жақсылықты ту етіп көтере отырып, жамандықтың барлық түрін жерлейді, жұртқа жиренішті етіп көрсетуге тырысады. Бұл арада ескі ақын-жазушылардың үгіт-насихат түрінде келетін өлең-жырларына тән сипат анық көрінеді.

Қорыта келе айтарымыз, Шал өз заманының беделді ақыны. Оның өлеңдері өз кезінің өзекті мәселелерін көтеріп, халыққа адамгершілік, ақыл-ғибрат береді.

#### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құлекеұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Атамұра, 2003. – 250 б.
2. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Мектеп, 2007, – 190 б.
3. Сыдиықов Қ. Көркемдік өрнектер. – Алматы: Рауан, 1992. – 80 б.
4. Құлекеұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 264 б.
5. Ысмағұлов Ж Алтын ғасырдың ақ таңы. – Алматы: Арыс, 2009. – 504 б.

### ОРЫС ЖЫЛНАМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІ ТЕКТІ ЕСІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ МЕН ТАРИХИ СИПАТЫ

**БИЛЯЛОВА А.**

*МЭ-12 тобының студенті*

**КАБАТАЕВА К.Т.**

*Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., профессор*

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

*Аннотация.* Көне түркі ономастикасына қатысты маңызды материалдар түркілер мен славяндардың ұзақ уақыт бойы тығыз қарым-қатынаста болғанын дәлелдейтін ежелгі славян ескерткіштерінде көрініс тапқан. Бұл қарым-қатынас пен өзара тығыз байланыс Киев Русінің қалыптасу кезеңінде және оның тарихи даму кезінде Шығыс Еуропада мекендеген, осы территорияда бірқатар мемлекеттік билігін жүргізген түркі тайпасымен тығыз қарым-қатынас орнату кезеңінде ерекше мәнге ие деп айтуға болады.

*Кілт сөздер:* Ежелгі, қолжазба, көне түркі, антропоним, лингвистика, этномәдени, ономастикасы.

Түрколог Н.А.Баскаков славяндар мен көне түркі тайпаларының арақатынасын былай көрсетеді: «Ежелгі орыс жазба ескерткіштерінде, оның ішінде негізінен қолжазба ескерткіштері мен көркем шығармаларда Шығыс Еуропадағы көне түркілердің топонимдері, антропонимдері мен этнонимдері сақталған. Бұл мәліметтер филологтардың, этнографтардың, тарихшылардың қызығушылығын арттырып, зерттеуге септігін тигізген». Ежелгі орыс мұраларынан табылған түркілер ономастикасына қатысты бұл құнды материалдар зерттеушілердің бірқатар еңбектерінде айқын жарық көрді. Мысалы, Н.А.Баскаковтың еңбегінде қыпшақ антропонимдері мен этнонимдеріне дәйекті талдау жасалады, Шығыс Еуропадағы көне түркілер этнонимдері мен антропонимдерінің моделіне типологиялық сипаттама берілді, түркілердің мифологиялық және эпикалық кісі есімдері әртүрлі аспектілерде зерттелді т.б. Кең көлемді бұл материал ғалымның «Слово о полку Игореве» деген монографиясы мен «Русские фамилии тюркского происхождения» кітабында, бірқатар мақалаларында жан-жақты қарастырылды.

Ежелгі орыс тіліндегі түркі лексикасын зерттеуші И.Г.Добродомов ежелгі орыс мұраларындағы түркі ономастикасы мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Оның зерттеулерінде функционалды және этимологиялық тұрғыдан бірқатар қыпшақ антропонимдері талданды, ежелгі орыс этнонимдердегі болгаризмдер, ежелгі орыс мұраларындағы түркілік топонимдер мәселелері қарастырылды.

К.Менгестің «Восточные элементы в «Слово о полку Игореве» еңбегінде түркі ономастикасы мәселесіне қатысты бірқатар құнды ескертелерін көрсетеді.

Тіліміздегі антропонимдердің шығу, даму негізі халқымыздың өткендегі тарихымен тікелей байланысты. Қазіргі тіліміздегі кісі аттарының көбінің көне түркі есімдермен түбірлес, мағынасы ұқсас, жасалу тәсілі мен құбылысы жағынан бірдей болып келуінің



сыры – есімдердің шығу тарихы жағынан көне түркі заманы мен орта ғасырларда пайда болған антрополоксемалық жүйенің жалғастығы болып саналатындығында.

Осымен байланысты *көне қыпшақ антропонимдерін әлеуметтік лингвистика тұрғысында зерттеу дегеніміз* – бұл есімдердің пайда болу табиғатын анықтауға әлеуметтік факторларды қатыстыра отырып зерттеу. Ескі қыпшақ тілі, қазіргі кезде қолданыста жоқ, өлі тіл болғандықтан бұл тілдегі есімдер әлеуметтік лингвистиканың зерттеу нысаны (объектісі) болып табылады. Ескі қыпшақ тілінде сөйлеген этностардың XI-XIII ғасырларда шығыста Ертіс, батыста Днепр өзендері аралығында Еуразия далаларын мекендегендігі тарихшы-археолог, этнолог, шығыстанушы ғалымдардың еңбектерінен белгілі.

Половец-қыпшақтар мен кумандардың тарихын, этнографиясын зерттеген «Половцы» деген еңбегінде С.А.Плетнева оларды: кун – кумандар және половецтер дейтін екі үлкен тайпалар бірлестігіне бөледі. Бұл екі тайпалар бірлестігін куман және половец қоғамдары деп қарауға болады. Куман және половец қоғамдарын, әлеуметтік терминологиямен айтқанда, топтық *қауымдар* немесе *әлеуметтік топтар* құраған.

Әлеуметтік *топ* немесе *тайпа* дегеніміз – *этнос*, ал *этнос* әлеуметтануда *социум*. Этноним немесе соционим негізінде пайда болған кісі атаулары антропонимдер де *соционим* немесе *социоатау* болып аталады. Әр түрлі әлеуметтік топтар бір-бірімен байланысты және иерархиялық түрде қоғам болып ұйымдасатыны белгілі. Осы әлеуметтанымдық заңдылықты біз куман және половец қоғамдарынан көреміз. XI ғасырда Днепрдің батысын жайлаған кун – куман, печенег, оғыз және Днепр мен Еділ өзендерінің аралығын мекендеген печенег, оғыз, болгар, алан қалдықтары мен *Анджогы, Башқұрт, Бурджоглы, Джузан, Дурут, Емяк, Етебичи, Иета, Канзароглы, Қарабароглы, Китанопа, Отперлю, Саксин, Тарголове, Таксоба* т.б. этностар немесе әлеуметтік топтар ретінде өзара бір-бірімен саяси-экономикалық, тілдік, мәдени жағынан байланысты болып, иерархиялық түрде қоғам болып ұйымдасқан.

Әлеуметтік топты немесе этносты сипаттағанда, мәдениет түсінігіне соқпай өту мүмкін емес. Жалпыға белгілі түсініктегі мәдениет, әрбір әлеуметтік топта немесе социумда болады. Социум деңгейіне қарамастан, оның мәдени ерекшеліктері, тілінен байқалады. Тілдің сөздік құрамы, сол тілді тудырған қоғамның материалдық және рухани мәдениетін нақтылап айқындап беретіні белгілі. Тура осы сөздік құрамынан мәдени айырмашылық өте-мөте айқын көрінеді. Тілдер лексикасының ажыратылу деңгейі, социумдар мәдениеттің айырмашылық деңгейімен анықталады. Тілдегі жеке лексикалық бірлік, социум мәдениетіндегі жаңа ұғымға атау беру керек болған кезде ғана пайда болады.

С.А.Плетневаның жоғарыда көрсетілген еңбегінің деректері мен мазмұнына сүйене отырып, біз ол этноатауларды тілдік табиғаты, тіл мен мәдениет сабақтастығы тұрғысынан қарастырып талдауға талпындық. Сөйтіп, олардың қазақ антропонимикасының этномәдени негізімен астасып жатқан тұстарына ерекше назар аудардық. Сонда байқағанымыз – половец қоғамындағы экономикалық мәдени-әлеуметтік өзгерістерге байланысты көптеген тайпа, ру, одақ басшылары есімдерінің соңына «баспана», «тұрақ» мағыналарын білдіретін «оба» дейтін көне түркі сөзінен туындаған «опа», «епа» морфемалары қосарланып, содан Урсоба, Алтунопа, Аепа секілді кісі атаулары пайда болған.

XI ғасырда половец қоғамында әскери-демократиядан ерте феодализмге өту кезеңі жүргені тарихи деректерден белгілі. Табормен көшу сатысындағы экономикада қоғамдық қатынастардың әскери-демократиялық құрылымында болатындығы белгілі.

Ал әскери-демократиялық құрылысқа тайпалар одағы сияқты саяси-әлеуметтік бірлестік тән. Еділ мен Днепр аралығында алғашқыда XI ғасырда көшіп-қонған *Боняк, Шарукан, Тугоркан, Урсоба* сияқты хандар басқарған бірлестіктер тура осындай тайпалар одағы болған.

Бірнеше тайпалардың бірлестігін С.А.Плетнева «орда» дейтін терминмен атаған. Половец және куман қоғамдарының әрқайсысынан бірнеше орда құраған. Ал орданы көптеген курендер құраған. *Курен* дегеніміз – *токсоба*, *төртоба*, *етибичи*, *иета* секілді этнонимдердің бірлестігі. Қыпшақтану мәселесімен айналысқан зерттеушілердің барлығы дерлік *токсоба* этнонимінің бірінші компоненті – *токс* сөзін, *тогуз* немесе тоғыз сан есімінің ықшамдалған фонетикалық варианты. Ал екінші компонент – *оба* сөзін, жоғарыда көрсетілгендей «ру-тайпа» мағынасын білдіретін көне түркі атауы деп қарайды. Осы сияқты *тортоба* да, *төрт* сан есімі мен *оба* дейтін көне түркі сөзінен біріккен екі компонентті этноним.

*Етибичи* – *иета* немесе *жеті* сан есімі мен *оба* сөзінің жіңішке фонетикалық варианты, *еби* және *чи* суффиксімен құралған үш компонентті этноним. Сонда *токсоба*, *төртоба*, *етибичи* дегеніміз – *тоғыз*, *төрт* және *жеті* рудан құралған бірлестіктер болып шығады.

Олай болса, жоғарыдағы түркітанушылардың, этнологтардың, шығыстанушылардың көне түркі «оба» сөзі мен оның фонетикалық варианты, «ру-тайпа» мағынасын білдіретіндігін анықтадық. Егер де *оба* сөзі мен оның фонетикалық варианттары «ру-тайпа» мағынасын білдірсе, онда қалай *Алтунопа* есімі: қымбат металл мағынасын білдіретін *алтун* және әке жағынан «аға», «әке» мағыналарын білдіретін *аба* немесе *ана* сөздерінен құрала алады.

Егер де половецтерде *Алтунопа* атауымен аталған ру болған болса, онда олардағы *Алтунопа* есімінің екінші компоненті *опа* – «ру» мағынасын білдірген. Олай болса, жоғарыдағы тұжырымымызға сәйкес *Алтунопа* есімінің де екінші компоненті *оба* мен оның фонетикалық варианттары – «ру» мағынасын білдірген деп тұжырымдауға болады.

Оған негіз болатын дәйекті, мысалы, қазақ этнонимдерінің атауларымен сабақтастыра дәлелдеуге болатын сияқты. Қазақтың *Кіші жүзі Алшын* және *Алшын* және *Жетіру* дейтін екі бөлікке бөлінетіндігі белгілі. Х.Арғынбаев, М.С.Мұқанов, А.Востров секілді тарихшы-этнолог ғалымдардың пікірінше, Алшын бөлігінің Байұлы тармағы 13 рудан құралған, осылардың бірі – *Алты*. Осы зерттеушілер Байұлы тармағына жататын Байбақты руында *тоқсоба* дейтін атаның барлығын атап көрсетіп, бұл ру орта ғасырда Дешті Қыпшақты жайлаған қыпшақтардың құрамында болған деген пікір білдіреді.

Қыпшақтану мәселесімен айналысып жүрген зерттеушілердің басым бөлігі орта ғасыр деректерінде кездесетін қыпшақтардың бір тайпасы Буржоголыны Алшынның Байұлы тармағына кіретін Беріш руымен шендестіріп, екеуін бір этнос деп есептейді.

*Ш – ч, дж* тарихи дыбыс сәйкестігіне сай *Бурджоглы* этнонимінің бірінші компоненті – *бурдж* сөзін, *Беріш* этнонимімен шендестіріп, беріш қабылдап, жоғарыда көрсетілген қыпшақтанушы зерттеушілердің *Бурджоглы* мен *Беріш* этнонимдерін бір этнос деп есептейтін пікірмен келісуге болады.

Себебі *Алшынның* Байұлы тармағының бірнеше руы, орта ғасырлардағы қыпшақ конференциясына кірген. Осындай тарихи-этнологиялық фактілерге және компонентті половец есімдері – этностардың, кісі атаулары ретінде берілген бейнесі, формасы екендігіне сүйене отырып, Байұлы бірлестігінің Алтын руы мен орыс жылнамаларындағы *Алтунопа* есімін шендестіріп, бұл екеуін бір этнос дей аламыз.

Егер де половецтерде *Алтын* руының этнонимі негізінде және осы рудың көсемінің аты ретінде пайда болған *Алтунопа* есімі бар болса, онда оларда Байұлы бірлестігінің Алтын руымен тегі (генезисі) бар *Алтын опа* руы да болған деп ойлауға болады. Егер де половецтерде *Алтунопа* атауымен аталған ру болған болса, онда олардағы *Алтунопа* есімінің екінші компоненті *опа* – «ру» мағынасын білдірген. Олай болса, бұл жайлар біздің жоғарыдағы екі, үш компонентті половец есімдерінің екінші компоненті *оба* мен оның фонетикалық варианттары – «ру» мағынасын білдірген дейтін пікіріміздің дұрыстығын дәлелдейді.

Этнонимдердің кісі есіміне негіз болу заңдылығы – түркі тілдерінде кездесетін құбылыс. Мысалы, *Арғынбай, Адай, Найманбай* (Әсет Найманбаев т.б.), *Қоңыратбай* (Ә.Қоңыратбаев т.б.), *Алшынбай, Жаппас* т.б. Бұл бөлігінің этномәдени сипат ретінде қазақ тілінде ұлттық киімдердің соның ішінде бас киімнің атауларында қалыптасқанын профессор Е.Жанпейісов М.Әуезов шығармашылығы тілі негізінде нақты көрсеткен: *жекей тымақ, керей тымақ, қаракесек тымақ, найман тымақ, сегіз сай уақ тымағы, төрт сай аласа төбелі тобықты тымағы.*

Осы тектес половец есімдерін этимологиясына жасалған талдау көрсетіп бергеніндей, бұл антропонимдердің басым көпшілігі этнонимдер мен отбасылық, рулық лақап атаулар немесе рулық отбасына біріктіретін топтық атаулар және тотем атаулары негізінде пайда болған.

Осы мәселеге қатысты Н.А.Баскаков, С.А.Плетнева, Аджи т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі деректерге сүйеніп, половец есімдерінің төркінін анықтау барысында олардың бізге белгісіз болып келген этноэлеметтік құрылымын мынадай рулар құрағаны анықталды: *Алтын, Арыстан, Ашина, Кул, Тарголове, Ит, Токсаба, Кайоба, Беріш-барыс, Кайдар-Айдар, Кимек-Имек, Лақ, Жағалбайлы, Қыпшақ, Басымал, Құлан* т.б.

Половец есімдерінің басым көпшілігі осы рулар және олардың тотем атаулары мен рулық отбасына біріктіретін топтық атаулар негізінде пайда болған. Ашина руына қатысы бар есімдерге: *Кулоба, Самогур, Чинегрепа, Колтан, Тарх-Тарг, Асен-Осен*, антропонимдері немесе топтық лақап атаулар, ал оның бөрі және тотеміне қатысы бар есімдерге: *Бердібек, Кобяк – Көбек, Боняк – Боріг, Итоглы, Итлар, Куртык – Құрлық, Сарчан – Сырттан, Альпар – Ольбер, Борил* антропонимдері жатады. Мифтік дерекке сай қыпшақ есімді бала мен оның Құрсақ атты анасының топтық лақап атауына қатысы бар есімдер: *Кончак – Қаншық, Кюнячук – Күнічүк, Балкати – Балқатқын, Белдюз – Балдыз, Сантуз – Сандыз.*

#### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Тюркская ономастика. Алма-Ата:Наука, 1984. Баскаков Н.А. «Имена половец и названия половецких племен в русских летописях» - С.75
- 2.Плетнева С.А. Половцы. – Москва:Наука, 1990 – С.60
- 3.Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы:Атамұра, 2000. – 372 б.
- 4.Востров В. Муканов М. Родо-племенной состав и расселение казахов. Алма-Ата, 1968
- 5.Баскаков Н.А. Тюркизм-энонимы в «Слове о полку Игореве». Сов.тюркология. 1982 №5
- 6.Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Әуезова). – Алма-Ата:Наука, 1989. – 175 б.

## THE ROLE OF A FOREIGN LANGUAGES IN THE PREPARATION OF BACHELORS IN TOURISM AND HOSPITALITY

**DUDARUK I.V., RASHKYAVICHUTEA.K.**  
*students of group “RD-12”*  
**KALAGANOV.S.**

*Scientific adviser: master, teacher of the Department of foreign and Russian languages*  
Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz  
Karaganda, Republic of Kazakhstan

*Annotation:* The article is devoted to considering the prospects of foreign language training of bachelors for Tourism and Hospitality industry. Special attention is paid to the role of the interdisciplinary approach and psycholinguistics as the interdisciplinary science in solving a number of problems associated with the formation of linguistic competencies of future bachelors. The significance of the research within the professional discourse as one of the most effective ways to achieve the objective is discussed.

*Keywords:* language competence, psycholinguistics, professional discourse

Reforming socio-economic relations in Kazakhstan, the signing of the Bologna Agreement, the expansion of the tourism and hospitality industries, as well as the strengthening of ties with foreign partners, lead to a sharp increase in the need for specialists who speak foreign languages. At the same time, the requirements for their level of training are also increasing. In such a situation, a high level of proficiency in a foreign language turns into educational value.

According to the Bologna Convention, the training of bachelors of a new generation requires a more thoughtful attitude of the students themselves to the learning process and steadily leads to a reduction in the time for determining priorities. The processes of globalization at the present stage undoubtedly develop society, but at the same time shorten the period of study within the framework of modern educational trajectories. The main problem of vocational education today is the problem of transferring knowledge from the field of their mastery into the professional sphere. It is due to the contradictions between the content, forms and conditions of cognitive activity and assimilable professional activity. The solution of this problem, in turn, requires more active involvement of students in solving their own educational and socio-cultural problems. This is of particular importance in the preparation of bachelors in the field of tourism and hospitality, especially if we take into account the significant innovative changes in the tourist sector of the economy at the present stage. It should be noted that the steady growth in the number of objects of international importance in the Republic of Kazakhstan, the expansion of recreational zones and objects not only in our country, but also abroad. All this requires the involvement of highly qualified specialists in the field of tourism and hospitality, as well as linguists with in-depth knowledge of tourism and hospitality. Attention is drawn to such an extremely important circumstance: as part of the training of specialists in tourism and hospitality, many countries are guided by the Global Code of Ethics for Tourism adopted in 1999 by the WTO General Assembly, the core position in education says: "Entrepreneurs and employees of the tourism sector and related industries have the right and the obligation to undergo proper initial training and constantly improve their training and professional qualifications." The training of such kind of service personnel implies a professional knowledge of foreign languages at a sufficiently high level, which will help to attract foreign capital to this sector of the economy and to get more profit. Therefore, it is necessary at the very early stages to begin training staff in the field of tourism and hospitality in a foreign language.

In order to prepare bachelors in a foreign language to be successful and promising, it is necessary to acquaint students with new trends in the scientific paradigm, where, along with other equally important branches of knowledge, one of the leading places belongs to interdisciplinary approaches. Moreover, at the present stage, the expediency of establishing interdisciplinary connections between high school general scientific and major disciplines is seriously substantiated, which is one of the defining conditions for the development of students educational and professional motives. The modern concept of higher education implies the formation of metaprofessional thinking on the basis of methodological competence, value orientation and readiness for innovative professional activity in future bachelors.

However, proficiency in a foreign language is possible only with the constant application of knowledge in practice, which allows you to make a communicative approach leading in teaching a foreign language, in order not only to expand the general linguistic outlook of students, but also to develop the skill of applying the acquired knowledge of a foreign language

in various communication situations. Thus, within the framework of the modern concept of higher education, the teacher should implement innovative approaches to teaching foreign languages, which are used throughout the civilized world of education and are aimed at organizing the creative process of interpersonal interaction in the system of classroom training according to the scheme: teacher — student – student.

It is necessary to take into account the fact that, at the present stage, Western and domestic linguistics are increasingly considered from the perspective of psycholinguistic studies, which primarily include problems of speech generation and perception, speech communication, as well as applied aspects of the theory of speech activity. That is why there is a need to transfer this kind of knowledge to students of non-linguistic specialties as well. Indeed, in the system of vocational training of students, a foreign language is considered not only as a goal, but also as a means of developing a student's personality, taking into account his motives, interests, needs and abilities. In the framework of the Bologna Convention, obtaining such knowledge is mandatory for European bachelor and master students.

In this sense, the most striking example is psycholinguistics, which, being an interdisciplinary science, was designed to solve the global problems of modern linguistics in order to determine the place of other studies in the linguistic paradigm at this stage of development of this branch of science. That is why, to study the basics of psycholinguistic studies, the course "Introduction to Psycholinguistics" was introduced, in particular, for bachelor-linguists, which allows analyzing psychological and linguistic patterns in generating speech in all spheres of human activity. It is also necessary for the assimilation, analysis of information and its transfer for realization in speech communication in the process of accumulation and assimilation of linguoculturological, ethnopsycholinguistic, as well as applied (psychological, linguistic and informational) material through the implementation of all the knowledge and skills accumulated in the course of classes.

According to the latest media reports, the Kazakhstani economy loses 47% of the profits due to the low level of proficiency in a foreign language (especially English), this is due in particular to the fact that there are gaps that lead to serious failures in the implementation of professional activities, for example, to a misunderstanding in procedures for conducting business negotiations internationally. If you pay attention to the number of hours of foreign language allotted for bachelor's studies in tourism and hospitality, management, economics and finance in individual Russian universities, the question arises: how can a teacher be able to overcome the disadvantages of future bachelor's language training and carry out this training in full volume? But in many highly developed countries (for example, in Germany, Italy, Japan) the role of a foreign language (especially English) in the content of education increases from year to year. By increasing in the curriculum the hours set aside for the study of foreign languages, as well as sending students to study abroad, officials in these countries justify such an educational policy by increasing the mobility of the workforce. This aspect is also important for the involvement of various sectors of society in the process of internationalization, which requires improving and increasing the teaching of a foreign language at all levels of the system of continuous education. The above very objectively indicates the need to significantly expand the boundaries of the Bologna Agreement, of which our country is a participant and implementing partner, and whose framework restrains the solution of the above problems.

Of course, modern pedagogical thought offers various approaches to their solution. However, in the context of a non-linguistic university, one of the most acceptable ways to achieve the objectives is to implement the research within the framework of the domestic psycholinguistic paradigm. Consider this process in more detail.

According to Wilhelm von Humboldt, the language is part of the culture of the people. This is a manifestation of the national spirit. Language in its interdependent relations is the creation of the national language consciousness, because it develops according to the laws of the spirit, and therefore according to the laws of human consciousness [1, p. 301-303].

Analyzing the role of language and consciousness in the framework of professional mastery of linguistic knowledge, skills and abilities, it should be noted that modern processes of globalization, integration and differentiation make scientists somewhat differently consider many scientific theories and evolutionary processes occurring at this stage in the development of society. There is a growing interest in various phenomena of language and culture, which determine the uniqueness of certain groups of people, identified on any basis and united by value guidelines that influence the interaction of representatives of various corporate cultures. This should include subcultures, which include representatives of the same professional group, united by the interests of various theories of their professional group, including representatives of the subculture, owning and not owning information on this subject.

In the past century, linguistics was focused on the study of various structural elements of the language: its grammatical form, different lexical units (words, phrases, phrasal elements of the language), which helped to find social class, professional, age differences within linguistic groups, and also reflected the belonging of speakers language to various territorial dialect groups that retain specific local features. In each language, vocabulary is differentiated by style and forms the basis of the language.

As English became the language of international communication, modern technology and commerce, its importance grew. An increasing number of firms and enterprises are interested in the creative and professional exchange of both information technologies, know-how achievements, and the staff of those and others [2, p. 91-104].

There is a growing need for the creation of specific areas in teaching a foreign language. Traditionally, linguistics was engaged only in the study and description of the rules of language use.

Today, linguistics can be attributed to promising sciences, which readily use in their research the latest advances in psycholinguistics and ethnopsycholinguistics. This allows us to take into account the peculiarities of production and speech perception both in ontogenesis and at different stages of personality formation and formation, as well as the stages of speech communication between representatives of various ethnic groups and peoples, as well as their cultures at the present stage of civilization development.

Therefore, the application of innovations in the science of language is becoming more and more obvious, as well as the application of an interdisciplinary approach within the framework of professional discourse, which is undoubtedly influenced by the cultural component of the nations in which it is carried out. One cannot but agree with the opinion of N.V. Ufimtseva and E.V. Kharchenko, who also recognize the influence of national culture on all subcultures existing within its framework, including corporate ones [3].

That is why the need to study psycholinguistics and ethnopsycholinguistics within the framework of modern linguistics does not cause any doubts in modern linguists.

#### REFERENCES:

1. V. Humboldt "Thinking and Speech" // [FAV. Works on linguistics]. (Translated from German) M.: Progress, 1984. 400 p. P. 301-303.
2. Sokolova E.U. "Psycholinguistic research of language consciousness in corporate communication" // Collection of proceedings. M.: RIPO IGUMO, 2008. 148 p. P. 91-104.
3. Harchenko E.V. "Models of speech behavior in professional communication." Chelyabinsk: Publisher: SUsU, 2003.

#### АҚЫНДЫҚОРТАДӘСТҮРІ

*ЕШМУРАТОВА.*

*Ф –22 тобының студенті*

*Аннотация:* Мақалада қазақ даласының басқа өңірлері сияқты Орталық Қазақстанда, оның ішінде Ұлытау – Жезді аймағының өнері мен мәдениетінің тарихы да өз желісін әріден бастайтыны дәйекті дәлелдермен нақтыланады. Сарқылмас сыры, таусылмас жыры бар шежірелі өлкенің біртуар перзенттері Иманжан Жылқайдарұлы, Қожабай Тоқсанбайұлы, Болман Қожабаевтардың шығармашылық өнері кең қанат жайғаны да зерттеу нәтижесінде анықталады. Демек, бұлардың шығармалары сол кездің өзінде белгілі бір дәрежеде ақындық өнердің, көркемдік эстетикалық танымның қалыптасқан дәстүрі болғандығын растайтын дәлелдердің молдығы талдау негізінде дәлелденеді. Сонымен қатар, қоғамның кескін – келбетін, халық өмірінің тыныс – тіршілігін, т.б елеулі оқиғаларды жырлауынан ақындардың мүдделес болғаны да нақты деректермен дәйектеледі.

*Кілт сөздер:* ақын, дәстүр, көркемдік, шығармашылық байланыс, әдеби жалғастық, ақындық мектеп, жыршы.

Әдеби алмасулар мен шығармашылық әсер – ықпал ақындық өнердің дамып жетілуіндегі қалыпты құбылыс. «Жалпы әлемде еш саңылаусыз, томаға тұйық, өз қалпымен, өз сұраныс талаптары тұрғысында ғана өмір сүретін әдебиет жоқ. Қай әдебиеттің жүріп өткен жолына қарасаң да, қандай айқын қайталанбас жағдайда қалыптасса да, сол не өзге деңгейі басқа әдебиеттер жетістігінен көрініс береді. Тек өз тұрғысында және бірыңғай өзінің ғана күш қайратынан нәр алып өркендеген әдебиет жоқтың қасы» [1,76], – деп Г.И. Ломидзе әдебиеттің даму тарихында шығармашылық байланыстың алар орны ерекше екенін атап көрсетеді. Жалпы, әдеби сабақтастық, шығармашылық байланысу мәселесі ең әуелі ақындардың көркемдік дамуында ортақ заңдылықтардың болуына қатысты болса керек. Кең байтақ даламыздың әр аймағында бой тіктеген ақындық өнердің біріне-бірі ұқсамайтын дамып – жетілуіндегі өзіндік ерекшеліктері болуы заңды. Әрине, әдеби орта, ақындық дәстүр сөз зергерлерінің белгілі бір ортада шығармашылық дәстүрін қалыптастыруынан, өзінен кейінгіге үлгі – өнеге тастауынан барып қалыптасып тұрақтанады. Өз аймағының ақындық ортасы мен әдеби дәстүрлеріне сүйеніп, шығармашылығын жетілдіріп - дамытқан ақындық мектептер қазақ даласында аз болмаған. Жетісу аймағындағы Сүйінбай бастаған ақындар, Семей өңіріндегі Абайдың ақындық мектебі, Арқадағы Біржан сал, Ақан сері т.б. арқылы дамыған ақындық – әншілік өнер, Сыр бойындағы жыраулық – жыршылық дәстүр, Батыс өлкесіндегі Асан, Сыпыралардан бастау алатын ақындық үлгі – өнеге, т.б. Міне, сондай ақындық ортасы, әдеби дәстүрі бар аймақтың бірі – Ұлытау–Жезді өңірі. Осы өңірден шыққан ақын, жыраулар шығармашылығы өзіндік ақындық өнегесін, көркемдік дәстүр жалғастығын байқататын ерекшеліктерге ие. Бұл өңірде өзіндік үн-мақамымен, ақындық мүмкіндігімен жарқырай көрінген ақындардың бірі – Қожабай Тоқсанбайұлы. «Әр адам мұратына іздеп жетер» деп ақынның өзі айтпақшы, Қожабай жас кезінен өлең-жырға әуес болып өседі. Әкесі Тоқсанбайдың інісі Тайлақбай ауыл - аймағына белгілі сыбызғышы - күйші болған. Жас Қожабай аға тәрбиесін көріп өседі. Ескіше сауатты, хат танитын Тайлақбай аңыз - әңгімелерді, жыр-дастандарды, тарихи оқиғаларды жақсы білетін көкірек көзі ояу жан болған. Сыбызғымен күй тартқан Тайлақбай Қожабайдың өнерге құмар боп өсуіне жақсы тәрбие береді. Қасиетті, ежелден ұлттың ұясы болған киелі Ұлытаудың тумасы Қожабай жас шағынан өлең-жырдың, күйдің ғажап нұсқаларын тыңдап ержетеді. Рухани болмысын қалыптастырып, таным көкжиегін кеңейте бастайды. Тайлақбай секілді сыбызғышыдан күй тыңдауы,

ақыл кеңестер алуы Қожабай үшін текке кеткен жоқ. Шоқан Уәлихановтың: «Бұл халықтың ертеден өзіне тән тұрмысында есте қалдырмаған бірде-бір маңызды оқиғасы, бірде-бір тамаша адамы жоқ деуге болады. Олардың біреуін суырыпсалма ақындар мен жыршылар жыр етсе, екінші біреулерінің атын кейінгі ұрпақ естерінде ұмытылмастай етіп белгілі бір сыбызғышы не қобызшы музыканттар тастап кеткен»[2,17],– дейтіні осыдан. Есіл-Көкше өңіріне даңқы шығып, есімдері қазақ даласына мәшһүр болған Шөже, Орынбайлар Ұлытау – Жезді аймағында сан мәрте болып, жұртшылықты ақындық - жыршылық өнерлерімен талай рет тамсантқан сұңғыла ақындар. Оны тарихи деректер де растайды. Ұлытау-Жезді өңірінде аға сұлтандық лауазым дәрежесін иеленіп, ел билеген Ерден Сандыбайұлының ордасында Шөже, Орынбайлар эпикалық жыр-дастандарды алғаш айтып таратушылар болып саналады. Әйгілі «Қозы-Қөрпеш» жырының ең көркем нұсқасы Шөженің айтуымен тарағаны белгілі. Бұл өңірге Орынбайдың да ақындық даңқы ерте кезден мәлім. Ел- жұрт екеуінің де ақындық, жыршылық өнерін жоғары бағалаған. Ерденнің ордасы Шөже, Орынбай, Жанақтардай ақын - жыршылардың, Сегіз Сері, Ықыластардай әнші-күйшілердің, Бозай, Шоқай сияқты жыршы термешілердің думанды ордасы болғаны анық. Міне, осындай ортаның тағылымын көріп өскен Қожабайдың ақындық жолға түспеуі мүмкін емес еді. Ол әрбір орындалған ән, күй, термелерді зердесіне құйып, әрі жаттап өседі. Толғау мен терменің бір-біріне табиғатының жақын екенін ұғады. Жыршылық өнерге біршама жақындайды. Шәкірт болып олардың шығармаларын жаттайды. Олардың ақындық ізденістерінен ғибрат алады. Қожабай ақындық өнерге ерте кезден ден қойған. Оны мына өлең шумағынан байқауға болар.

Жасымнан базар едім, жаңа ашылған,  
Құрыш ем қайнап шыққан шын асылдан,  
Он үште Бағаналы-Қожабай-деп,

Атағым орталыққа бір шашылған,

Қожабай халықтың ғасырлар бойы жасаған мәдени-рухани байлығын қажетінше бойына сіңірді. Ол үшін халықтың ауыз әдебиеті ақындық - шығармашылық өнердің бірден-бір тағылым алар рухани көзі болды. Оны Қожабайдың ауыз әдебиеті нұсқаларындағы көркемдік игіліктерді өз өлеңдерінде қолдануынан байқауға болады.

Ашулыға ақыл қонбас,  
Бұзақының ісі оңбас  
немесе  
Есті жігіт сабыр сақтар,  
Байлығына мас болмай,

- деп, ақынның мақалдауының түп төркіні көне дәуірден бастау алатын ауызәдебиетінде жатыр. Әріден жалғастық тауып келе жатқан байырғы дәстүрді Қожабай өз шығармашылығының тағылымдық мақсатына орай байланыстыра өлең өзегіне айналдырады. Ол күрделі жартылыс иесі адамның қандай болуы керектігі туралы мақал-мәтел негізінде өз шығармашылығын шыңдай отырып, соның негізінде, біршама шығармалар туғызуға болатынын бағамдай білді. Ақындық өнердің дамуы үшін әдеби орта мен дәстүрдің орны айрықша екенін профессор Е.Ісмайловтің “Ақындар” атты зерттеуінде де ғылыми тұрғыдан дәлелдеп береді. “Қазақ ақындарының үйрену, оқуында жазып немесе кітаптан оқып үйрену әдеті сирек, мұнда ауызша үйреніп жаттау негізгі ақындық дәстүр. Сыншылдық, шешендік, тапқырлық өнер, лирикалық, эпикалық жырларды, мақал-мәтелдерді, аңыз-ертегілерді, халықтық сатираны әрі шығарып, әрі орындап, дамытып отырып, кейінгі ұрпаққа аса қызықты поэзиялық қазына етіп жеткізетін шығармашылық тәжірибе, үлгі қазақтың ақын, жыршы, жырау, әнші, өлеңшілерінің дәстүріндегі негізгі ерекшелік»[3,17]. Ауыз әдебиетінің дәстүрінен үлгі алған Қожабай әрі ақын, әрі жыршы. Ол шығыс халықтарының қисса-дастандарын көп жырлаған. Өз ортасының сұраныс- тілектерін қанағаттандыру мақсатымен ол тарихтың желісіне түсіп



те жыр орындаған. Қожабай жыршылық өнерімен де ел ішінде үлкен құрметке ие болған. Бұдан шығатын түйін мынау, Қожабайдың жыршылық өнері табиғи қабілетіне ғана байланысты болмай, ауыл- аймағының ұсыныс-сұраныстарына қарай қалыптасқандығы. Жыр- дастандарды жырлау арқылы Қожабай жыршылық дәстүрді де дамытты, біршама ілгерілетті. Оның осы бағыттағы ізденістері Иманжан, Болман ақындарға да әсер етпей қоймады. Қожабай, Иманжан және Болмандардың шығармашылық дәстүріндегі көркемдік ізденістерді мақал-мәтелдермен, өлең-жырлармен, нақыл сөздермен салыстырудағы мақсат – ақындық өнердің бастау – көздері бағзы заманның әдеби-мәдени мұраларында жатқандығын аңғарту еді.

#### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қасқабасов С. Мәдени мұра – рухани жаңғырудың негізі. Егемен Қазақстан , № 206 , XII,2003 жыл.
4. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы, 2001,-286б.
5. Ысмайылов Е. Ақындар. Алматы, 1956,-356б.

### FEATURES OF MODERN FOREIGN LANGUAGE EDUCATION IN HIGHER EDUCATION

**ZHIYEMBAYEVA M.**

Master student of group E 11 SP

**AUBAKIROVA G.T.**

*Scientific adviser, c.ph.s., professor*

Karaganda University of EconomicsKazpotrebsoyuz  
Karaganda city, Republic of Kazakhstan

*Annotation.* The article is available language education; the main tool for successful human life in a multicultural and multilingual human community; as a factor of cultural and intellectual development and education of the individual. The need to develop a new educational technology is noted. The problem of improving the qualifications of foreign language teachers in the educational system of higher education.

*Keywords:* higher school, foreign language education, vocational training, communicative, intercultural competence

Vocational education tends to periodically attract public attention to itself, which is often caused by drastic changes in the socio-economic conditions in the country or in the world, which place new demands on the specialist model.

Today, the main task of reforming higher education is to preserve and increase the creative, scientific and human potential that exists in higher educational institutions of the country.

The main strategic reference point of specialist training is the formation of managers of the new formation, capable of ensuring the tasks of accelerating the modernization of the country, having a highly developed creative potential and innovative-analytical type of thinking, the ability to respond to dynamically changing working conditions and requirements for the professional level of a specialist, with the quality of their training, relevant qualification standards worldwide, shaping the future generation of the republic with the development of ideological culture and the existing system of universal values [1, p.58].

The training of personnel of the new quality level is impossible on the existing methodological education platform with the factual nature of the content and traditional learning technologies, excluding developing, self-creating and creative forms of education [2, p.113].

Integration processes typical for the present in the educational sphere inevitably put forward the requirements for creating uniform internationally-adopted programs for each stage of a continuous and successive educational system with a comparable system of content, structures, standards and forms of certifications. Acceleration of integration processes in the world in the field of education systems, the convergence of different educational systems is ensured, first of all, by developing a unified educational paradigm that can remove the existing fundamental differences at the level of structural organization and the substantive foundations of educational systems of the world that guarantee the adequacy and compatibility of their activities.

These integration processes and the intensification of the interaction of countries in an open and interconnected world push foreign languages into educational priorities, into the mandatory competence component of the modern specialist's model. The ongoing development of foreign language education in the last decade was also due to the growth of the professional spheres of life in Kazakhstan.

Leading experts in the field of language and intercultural communication consider language education as an important reserve of social and economic transformations in the country; the main tool for successful human life in a multicultural and multilingual community of people; factor of cultural and intellectual development and upbringing of a person with planetary thinking; note the need to bring language policy to the new realities of society, the importance of developing a new educational technology. In this regard, of particular interest is the problem of improving the quality of teaching a foreign language in the educational system of higher education. Both the content of education and the methods of teaching foreign languages are changed [3, p. 56].

Thus, following the concept of foreign language education, a social order has now been formed for citizens of Kazakhstan to have a deep knowledge of a foreign language, there are such pronounced tendencies of foreign language education, such as: increasing the status of a foreign language, enhancing the motivation to learn it, and functional orientation of language teaching.

The concept of language education is focused on studying and mastering a multi-ethnic culture, characterized as a set of material and spiritual achievements of peoples united by traditions of cohabitation, economic ties, a single statehood, a common contribution to science, literature and art, while world culture is defined as the result of material, scientific and artistic creativity of different nations, united by the planetary space. The tasks of multicultural education in this case is to form an integral picture of the cultural diversity of the world in a person [4, p. 12].

Exploring the issue of modern teaching of foreign languages we can distinguish the following trends: continuity in learning languages not only between a school and a university, but also between a university and the future professional activity of students; computerization of the learning process, contributing to the acceleration and improvement of the level of language training and intellectual abilities of students; introducing into the educational process active forms and teaching methods aimed at developing the skills of independent work and scientific research; the use of active language learning techniques that contribute to the development of students' creative abilities.

Formation of professionally significant qualities of a competitive specialist is impossible without the introduction of modern innovative information technologies into the process of its training and further connection of the acquired knowledge in the professional sphere.

The current tendency to use this classic method is the active use of the "dialogic" form of exercises, including the introduction of vocabulary, as well as the widespread use of multimedia tools. The term multimedia means (multiple media, eng.) Is the interaction of visual and audio information under the control of interactive software using modern technical and software tools, they combine text, sound, graphics, photo, video in one digital representation. It is also appropriate to train not only terminological and general scientific vocabulary, but also the

official vocabulary of scientific prose and the modal-evaluative vocabulary of the oral form of communication [5, p. 135].

The knowledge of foreign languages is an obligatory component of the professional training of a modern specialist. The qualifications and competitiveness of such specialists is much higher, since the knowledge of foreign languages allows you to stay abreast of the latest world developments in your industry, understand technical documentation, respond quickly to a working situation, engage in scientific work based on foreign language sources, and communicate competently with foreign partners. Thus, we see the function of a foreign language as a means of generating interest in the future profession. This function should be implemented through the content of the educational material and its focus.

It should be noted that learning should not be abstract, divorced from life; in the process of learning it is necessary to take into account the present and future needs of the learners, thus creating an advanced development zone.

Foreign language education is no exception to the overall modernization process. The current stage of development of linguodidactics is characterized by the search for effective ways to optimize the educational process in foreign languages, taking into account innovative processes taking place in the field of education.

Communicative, intercultural competence, as well as the ability to self-education throughout life are key competencies necessary for a modern specialist for effective interaction and self-realization in professional, social and other spheres. The process of modern foreign language education should be focused on the use of innovative approaches, methods and means of education, which would allow to resolve the current contradiction between the high requirements of society to the individual in the field of foreign language skills and fairly modest results, which demonstrate graduates of schools and universities of our country. It seems that many current problems of modern foreign language education can only be successfully solved by integrating new computer and information and communication technologies into the educational process.

A foreign language as an academic subject has a great potential for the formation and replenishment of the image of the world of the individual, and in this sense it is able to fulfill a compensatory role, giving a person the opportunity to compensate for the loss of his education. Language learning is not just a matter of technology, it involves the social, cultural and political aspects of education. Teachers of foreign languages in a non-linguistic university have two tasks that they have to solve within the framework of a strictly defined amount of time: 1) increasing the general culture of students, the culture of verbal behavior; and 2) increasing their professional competence.

Therefore, several approaches have emerged to solve the problem of improving the quality of students' training, namely: increasing the role of a subject-oriented approach in teaching, strengthening the communicative orientation in learning a language, using more effective and modern teaching tools and technologies. The possibilities of learning a foreign language in a non-linguistic university are expanding every year: the material and technical base of higher educational institutions is being strengthened; in the process of learning non-traditional technologies, multimedia teaching aids are being increasingly introduced; teachers have more opportunities to use a variety of authentic sources, manuals, etc.

Thus, it is possible to identify the most common trends in the development of methods of teaching a foreign language in a modern non-linguistic university:

- a successful combination of using elements of the fundamental and sociocultural methods;
- the increasing differentiation of the content of training depending on professional goals and levels of proficiency in the language;
- strengthening the role of interaction and speech activity of students;
- application in the training of new technical means.

The overall goal of developing and improving methods of teaching foreign languages in non-language faculties in higher education institutions is to find the most effective ways of teaching based on the integration and mutual enrichment of various methods.

#### REFERENCES:

1. Dzhusubalieva D., Mynbayeva A. Patterns of the educational process and the information society // Higher School of Kazakhstan.-2000.- № 1.- P.57–59.
2. Egorov V.V. Pedagogy of Higher Education: a textbook / E. G. Skibitsky, N. E. Pfeifer, L. A. Shkutina, 2005.- P.113–117.
3. Kunanbayeva S. S. Modern foreign language education: methodology and theories. - Almaty, 2005. - P.51–67.
4. The concept of the development of multilingual education in the Republic of Kazakhstan: the project of KSU: the developer E.K. Kubeev.- Karaganda: Publishing house: KSU, 2008.- C.11–13.
5. Frolova I.V. The role of using news and analytical media texts in the English course for students of non-linguistic universities // Proceedings of the Scientific and Methodological Conference

### **А. ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

**ҚАЛҚАМАН А.**

*1 курс студенті*

**КЕЛМАҒАНБЕТОВА Ш.С.**

*Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.магистрі*

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті,  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

*Аннотация.* Мақалада жазба әдебиетінің негізін қалаушы, кемеңгер ақын туралы қарастырылған. Ал жастар бойына ақынның өлеңі арқылы дарытуға тиісті жоғары адамгершілік қасиеттер ретінде туған елге деген сүйіспеншілік пен ерлік, табандылық пен адалдық, парасаттылық пен сыпайылық, адамдарға қайырымдылықпен қарау, еңбек сүйгіштік, жарқын өмірге ұмтылушылық т.б.

*Тірек сөздер:* А. Құнанбаев, ағартушылық ой-пікірлер, өнер-білім, ұлы гуманист-ақын, педагогикалық, тағылымдық мұралар.

Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы классик ақыны, ағартушы демократы, ұлтымыздың рухани мақтанышы. Абай өз ауылында арабша хат танығаннан кейін, он жасында Семей қаласындағы Ахмет Ризаның медресесінде 3 жыл оқиды. Оқуға зерек, ұғымтал Абай діни сабақтармен қоса өз бетінше араб, парсы тілдерін үйреніп, шығыс классиктері: Низами, Сағди, Хафиз, Науан, Физули еңбектерімен танысып, тағылым алады.

Абай ақыл-ой санасы толысқан шағында ел билеу ісінен аулақтанып, ақындық өнер жолына түседі. Өз бетінше шығыс, батыс, орыс елдері ақындарының, ойшыл оқымыстыларының еңбектерін оқып, білімін толықтырады. 1870 жылдарда Петербургтен айдалып келген революционер Михаэлиспен танысып, дос болады. Михаэлис Петербург университетінің студенті, Чернышевскийдің жолын қуушы, демократ-революционер еді. Михаэлис арқылы Абай айдаудағы орыс демократтары: доктор Долгополовпен, табиғат зерттеушісі, тарихшы Леонтьевпен танысады. Солар арқылы ол орыстың белгілі ақын-жазушылары: Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Шедрин, Некрасов; сыншыл, ойшыл-демократтары Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов; Батыс Еуропа

ақындарымен: Гёте, Байрон, философ ойшылдарынан: Спенсор, Спиноза, Дарвин, т.б. еңбектерімен танысып, тәлім-тәрбие алады.

Абай өзінің өлең-жырларында ел ішіндегі ұрлық, зорлықты, алтыбақан алауыздықты, күштілікті, жатып ішер жалқаулықты өлтіре сынап, жастарды адал еңбекке, отырықшылыққа, егіншілікке, өнер-білімге шақырады.

Шығыс пен Батыс классиктерінің ағартушылық ой-пікірлерінен мол нәр алған ұлы ақын бала тәрбиесі мәселелеріне де кеңінен тоқталып, өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде педагогикалық көзқарасын білдіреді. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал», - дейді. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады.

Абай сана-сезімді тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның ролін материалистік тұрғыдан түсіндіре білді. Адамның жақсы-жаман болуы, ақылды-ақылсыз болуы генетикалық негізге байланысты, ақ сүйек тұқымынан шыққандар ақылды, батыр, алғыр болады деген буржуазиялық нәсілдік, идеалистік көзқарасқа қарама-қарсы. Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - деді.

Абайдың поэтикалық шығармалары мен қара сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы. Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Біздің түйсігіміз бен қабылдауымыз, түсінігіміз айналадағы ақиқат шындық өмірдің сәулесі ғана.

Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Адам баласы «көзімен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады», - дейді Абай. Адам баласы анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Бірі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмарлығы. Екіншісі – білсем екен деу- жан құмарлығы (жетінші сөз) деп ой түйіндей келе, «адам бойына жан құмарлығы арқылы жиналатын нәрсенің аты ақыл, ғылым... ол таланттылық пен ерінбей еңбек еткен адамның қолына түседі» деген қорытынды жасайды.

Абайдың дүниенің дамуы жөніндегі көзқарасында диалектикалық сарын басым. Ол табиғат құбылыстарын өзара бір-бірімен байланыста, үнемі өзгерісте, дамуда болады, адамды қоршаған ортаның – табиғаттың ішкі сырын білім-ғылым арқылы білуге болады деп қарастырады.

Ұлы ағартушы өзінің көптеген шығармаларында қазақ халқының ауыр тұрмысын және надандығын мінеп-шенеді. Қара басының қамын ғана ойлайтын, яғни тән қажеттігін өтеуді ғана ескеріп, рухани қажеттілікті ойламайтын, біреуді алдап, біреуді арбап күн көрушілерге, өзінен күшті әкімдер алдында жағымпаздықпен көзге түсіп қалуға тырысушыларға Абай мейлінше қарсы болды. Ондағы мақсат халыққа адал қызмет ету деп ұқты:

Пайда ойлама, ар ойла

Талап қыл артық білуге.

Артық білім кітапта

Ерінбей оқып көруге, - деп жастарды білім-ғылымды меңгеруге шақырды.

Сол кездегі кейбір оқыған жастардың білімді шен алу, шекпен кию үшін пайдаланып, паракорлықпен алдап-арбаудың құралы етуге тырысқанына ызаланған Абай:

Ойында жоқ олардың

Салтыков пен Толстой

Я тілмаш, я адвокат.

Болсам деген бәрінде ой,- деп сөкті. Жастарға халық қамын ойлаған ақын-жазушылар мен ғалымдарды үлгі-өнеге етіп, «білімдіден шыққан сөз талаптыға кез болса екен», -дейді. Тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімге деп ұққан Абай:

Түбінде баянды еңбек егін салған,  
Жасынан оқу оқып, білім алған.  
Би болған, болыс болған мақсат емес,  
Өнердің бұдан өзге бәрі жалған.

Ел болу үшін қала салып, отырықшылықта болу керек, мектеп салып, оқу оқып, білім алу қажет, тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде ғана тұр деп жар салды. Өнер-білімсіз қоғамның пайдалы азаматы болудың мүмкін емес екендігін, терең түсінген ол: «Барынды салсаң да балаңа орыстың ғылымын үйрет... өнер де, ғылымда орыста тұр. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті оны білгенге дүние арзанға түседі»<sup>1</sup>, -деп озық мәдениетті орыс халқын өнеге етті.

«Ақыл – ардың сақтаушысы» деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген ұлы ағартушы –

Ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр талап,  
Бұларды керек қылмас ешкім қалап...  
Терей ой, терең ғылым іздемейді

Өтірік пен өсекті жүндей сабап, - деп кейбір жастардың іс-әрекетін қатты сынға алады. Абай қазақ қоғамындағы жас ұрпақтарды тәрбиелеуге байланысты ойларын бірнеше өлеңдерінде («Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» т.б.) айқын білдіреді. Ол халықтың артта қалушылығын, надандығын мінеп, әдебиет пен ағарту халыққа қызмет етуі, жалқаулыққа, ымырашылдыққа қарсы күрес жүргізуі қажет екендігін көрсетеді, прогресшіл орыс мәдениетіне жақындай түсуді уағыздайды. Мұндай күрделі міндеттерді шешудің жолдарын іздестіре келе, Абай өзінің «Қырқыншы сөзінде» жалпыға бірдей білім беру талабын ұсынып, қыздар да оқып, білім алу керек деп есептейді.

Ұлы ағартушы өз айналасын қоршаған әділетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын, жас ұрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізетіндігін байқап, халықты, әсіресе, жастарды, адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды.

Ал жастар бойына дарытуға тиісті жоғары адамгершілік қасиеттер ретінде туған елге деген сүйіспеншілік пен ерлік, табандылық пен адалдық, парасаттылық пен сыпайылық, адамдарға қайырымдылықпен қарау, еңбек сүйгіштік, жарқын өмірге ұмтылушылық т.б. атап айтты. 1886 жылғы бір өлеңінде ақын:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,  
Шошимын кейінгі жас балалардан.  
Терін сатпай, телміріп көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман,- деп өз кезіндегі жастардың осындай жағымсыз мінездері н қатаң сынға алды. Абай уақытын еңбексіз бос өткізетіндерді, еріншектерді, өсекшілдерді, адамгершілік қасиетке ұмтылмайтындарды мейлінше жек көрді. Ондайлар туралы:

Осындай сыйдаң жігіт елде мол-ақ,  
Бәрі де шаруаға келеді олақ.  
Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,  
Бар өнері – қу борбай – сымпыс шолақ-деп, күйзеле жазады ұлы ақын.

Гуманист – ақын Абайдың XIX ғ.орта шенінде халқымыздың бойындағы жағымсыз қасиеттерді қатты сынға ала отырып, айтқан ойларының, көтерген өзекті мәселелерінің бүгін де маңызды, күн тәртібінен түспей отырғандығын атап өткіміз келеді. Абайдың айтқан ойлары бүгінгі Мақатаев сияқты ақындарымыздың ойларымен үндесіп жатыр.

Табиғатты айтсын мейлі, махабатты айтсын, адамның ары мен арманын айтсын, жан түршіген міні мен арамза мінез-қылығын айтсын, қазақтың ақиық ақыны Мұқағали ағынан жарылып айтады, әрбір өлең жолынан ақынның жүрек лүпілін естіп, жан айнасын көреміз, адам бойында әлі де арылып болмаған сұмдық пен сараңдылықтан жеріміз, жамандықтан түршіге түңілеміз. Сондықтан да ол:

Мамсапқорлардың қасынан  
Шықпайтындарға ашынам !  
Жалданып өскен жасынан  
Жағымпаздарға ашынам !  
Өзіңе ғана бас ұрам,  
Сенесің бе, Отан осыған !?  
Алаяқтарға ашынам !  
Ашынам-дағы тасынам

Құнымды несін жасырам, - деп адам бойындағы жағымсыз мінез құлықты ашына сынға алды. Мұқағали айтқандай, осы жағымсыз қылықтар да бүгін де арамызда бой көрсетіп қалады.

Сол кезде Абайдың көтерген мәселелері бүгін де маңызды, өзектілігін ерекше айта кеткен жөн.

Абай тарихқа ең алдымен кеменгер ойшыл ақын, ағартушы ретінде енді. Абай өлеңдері мен қара сөздерінің тәрбиелік-тәлімдік мәні зор, идеялық деңгейі жоғары болып келед

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқты-барды, ертегіні термек үшін»,

- деп ақынның өзі айтқандай оның өлеңдерінің әлеуметтік, этикалық мәні мейлінше терең. Ең алдымен ол өз халқына өлеңдері, қара сөздері арқылы ұдайы ой салды, оның көкірегін оятып, оны надандықтан, жаман қылықтардан сақтандырды, мәдениетті болуға, прогреске шақырды.

Абай өзінің өлеңдерінің бәрінде:  
«Қалың елім қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың,  
Жақсы мен жаманды айырмадың

Бірі қан, бірі май боп енді еккі ұртың» – деген сөздері дәлел бола алады. Бұл өлеңде Абай ашынып, халықтың жанына тие айтады. Сондай-ақ, Абай бос даурығуға, бекер сал шашуға, өтірік, өсек айтуға, жалқаулыққа қарсы шықты. «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, адам болам десеніз», - дей келіп, Абай «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ, Бес дұшпаның білсеңіз, Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой, Бес асыл іс, көнсеңіз», - деген өсиет айтты.

Абай өнер-білім алуға шақырды, өмірде өз орныңды тап, пайдалы әрекет жаса, дейді. «Сен де – бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та, бар қалан!» деген сөздер соның айғағы. Қазақ елінде ойын-сауыққа көп әуестеніп, бір үйден бір үйге, бір ауылдан бір ауылға селтендеп, қыдырып жүретін келеңсіз әдет селтендеп, қыдырып жүретін келеңсіз әдет барын ашына ескертіп, одан аулақ болуды арман етті.

«Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық,  
Аздырар адам баласын», - деп жағымсыз қасиеттерден жастарды жирендіреді.

Ол А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтовты ұстаз тұтты, олардың өлеңдерін, И.А.Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне аударды. Мәселен, «Татьянаның хатын», «Онегиннің хатын» аударып қана қойған жоқ, оған ән де шығарды.

1840 жылы М.Ю.Лермонтов Гетенің «Жолаушының түнгі әні» деген өлеңін «Горные вершины спят во тьме ночной» деген атпен аударған болатын. Гетенің бұл өлеңі көптеген ақындарға, композиторларға әсер етті. Ол Абайдың да жүрегіне ұялады. «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер маужырап» деп аударды. Сонымен қатар, Абай шығыс

мәдениетінен де нәр алды. Фирдоуси, Науан, Низами, Хафиз, Сағди шығармаларына еліктеді.

1995 жылы бүкіл еліміз Абайдың 150 жылдық мерекесін ЮНЕСКО шешімі бойынша әлем болып тойлады. Ұлтымыздың рухани мақтанышы, ұлы гуманист, ақын-ағартушы Абайдың ғылыми-педагогикалық мұрасының зерттелу жайы туралы және Қазақстанда төңкеріске дейінгі педагогикалық ой-пікірдің даму тарихында алатын орны туралы айтқанымызда ұлы ғұлама ойшылдың педагогикалық мұрасын алғашқы зерттеушілер, педагогика тарихы саласындағы көрнекті қазақстандық ғалымдар, педагогика ғылымдарының докторлары, профессорлар Т.Т.Тәжібаев, Қ.Б.Бержанов, Ә.У.Сембаев, Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев және т.б. ғалымдардың еңбектерін ерекше атап өткен жөн.

Ұлы гуманист-ақынның педагогикалық, тағылымдық мұраларының мәні мен маңызы бүгінгі таңда да өміршең, өзекті екендігін дәлелдейді.

XX ғасырдың басында бір кезде Шоқан, Ыбырай, Абай көтерген ағартушылық қозғалыстың туын Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатовтар жалғастырды.

#### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абай Қара сөз. Халықаралық Абай клубы. Семей, 2007. Абай Құнанбаев: Библиографиялық көрсеткіш (екі тілде).
2. Құнантаева К., Халитова И. Абайдың қара
3. «Қазақ әдебиет» Жалпы білім беретін
4. А. Омаров « Абайдың қара сөздері»,
5. « Егемен Қазақстан» республикалық газеті
6. Abai.kz ақпараттық порталы
7. Madenimura.kz
8. adebiet.kz әдеби әлем порталы
9. Жетісу. Энциклопедия. - Алматы : «Арыс»
10. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының»
11. Есім Ғ. Абай және Пушкин //
12. Республикалық қоғамдық-саяси күнделікті газет
13. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы - Алматы, «Атамұра»

#### ТАБИҒАТТЫ ЖЫРЛАУ ДӘСТҮРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗДЕРІ

**ҚАНАТ АРАЙЛЫМ**

*ГМУ-32 к тобының студенті*

**АКАТАЕВА Ш.Б.**

*Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., доцент*

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

*Аннотация.* Табиғат пен Адамзат бір - бірімен болмысынан тығыз байланысты. Табиғат адамсыз жасай берсе де, адамның табиғатсыз өмір сүруі мүмкін емес екендігі белгілі. Сондықтан Адамзат өмірінде табиғат үлкен мән атқарады. Әр нәрсенің өз пайда болу, даму тарихы болатындығын ескерсек, табиғат лирикасының түп-тамыры тереңде жатқандығы күмәнсіз.

*Кілт сөздер:* Табиғат, жырлау, дәстүр, лирика, тұрмыс .

Зерттеуші Қ.Мәшһүр-Жүсіп: «Табиғат көріністерін бейнелегенде, нақтылық, дәлдік және оны жандандыру табиғи ұштасқан кезде ол суреттер әрі табиғат әдемілігін ашуға, әрі



лирикалық кейіпкер көңіл - күйін, қуанышын тағы басқаларды жайып салуға қызмет етеді» - деп орынды ескереді.

Жаңа тақыр жерде пайда болмайтыны сияқты көркем әдебиеттегі дәстүр ұғымы ұзақ дәуірлерді, сан толқын жазушылардың қажырлы ізденістері мен творчестволық табыстарын қамтиды» [2, 51]. Сондықтан табиғат лирикасын сөз еткенде, оның бастау көздеріне, даму тарихына үңіліп, қысқаша шолу жасаған жөн. Жалпы табиғатты суреттеу дәстүрі ауыз әдебиетінен, ақын-жыраулар шығармаларынан бастау алады. Ертегілерде орын алған аң, құс, өсімдік бейнелері, олардың қасиеттері адамдардың табиғатқа көңіл бөлгендігін танытады. Төрт түлік мал жайындағы тілек - батаның өзінде де табиғаттың бір бөлшегі - жануарларды, олардың ерекшеліктерін суреттеу кездеседі. Мысалы: «Ай мүйізі шоқпақтай, // Шүйделері тоқпақтай, // Тегене құйрық қошқарлы, // Малды берсең қойды бер» [3, 39].

«Қара өлең бойындағы жан-жануарлар тақырыбы зооцентристік табыну да емес, экологиялық жоқтау да емес. Өмір салттың ажырамас тірегі - төрт түлік болса, сол төрт түлікке халықтың практикалық қажеті және эстетикалық-этикалық қарым-қатынасы тұрғысынан ден қойып отырады» [4, 106].

Алғашында табиғаттың бір бөлшегі түрінде көрініс берген бұл түрдегі бейнелеулер ұшырасса, кейіннен ақын - жыраулар шығармаларында табиғат аздап суреттеле бастайды. «Табиғат ұғымы жыраулар поэзиясында көпшілігінде «туған жер», «ата қоныс», «атамекен», «ата жұрт» деген сөздермен беріледі. Ал бұл сөздерді біз туған жер табиғаты деген ұғымның синонимдері ғана емес, тікелей өзі деп санаймыз. Өйткені ол кез - табиғат деген араб сөзінің әлі халықтық қолданысқа ене қоймаған кезі» [1, 9].

Әрине, жыраулар шығармаларын тақырыбы жағынан да, мазмұны жағынан да таза табиғат лирикасы дей алмаймыз. Мысалы: «Тауға біткен қайыңның // Солқылдар басы жел өтсе // Тоғайға біткен жоңышқа // Солғын тартар күн өтсе» [5, 167] немесе «Ақжайлау мен Сандықтас // Атамның қонған қонысы. // Түн асса, тұтам түгі өскен // Басылмайтын сонысы. // Аққан бұлақ сай-салаң, // Шытырман тоғай айналаң...» [5, 198]. Ал Абыл ақын өлеңінің үзіндісінен тау биіктігі, сұңқар құстың ерекшелігі, көл суының молдығы байқалса, Есет биде таудағы қайың мен тоғайдағы жонышқаның кей қасиеттері көрінеді. Дулат ақында жердің қасиеті, құнарлылығы, бұлақ көптігі, өсімдіктің өсу ерекшелігі, тоғайдағы тал жиілігі, жайлау кендігі айтылады. Сөз жоқ, бұл көріністер өз алдына жеке тұрып, табиғат әсемдігін, ерекшелігін жалаң қызықтауға әкелмейді, белгілі бір адам сезімін, көзқарасын салыстыра ашуға қызмет етуімен ерекшеленеді.

Жалпы қай саланы алмайық, өз жолы, қалыптасу дәстүрі болады. Пейзаждық лирика да сондай қалыптасу дәстүрін басынан кешті. М.Базарбаев дәстүрдің мазмұн мен формадан ерекшелігін нақты көрсетіп, оның формаға қарағанда кең мағынаны білдіретінін, белгілі бір дәуір барысында өзгеріске аз ұшырайтынын не ұшырамайтындығын айтса [6, 286], белгілі әдебиеттанушы М.Қаратаев дәстүрді кең мағынасында философиялық проблемаға жатқызады: «Дәстүрге сүйену дегенді дәстүрге еліктеу немесе дәстүрді қайталау деп ұғатындар болады. Және дәстүрдің әсерін қабылдап, одан үйрену жолын осы ретпен іздеу жиі кездеседі» [7, 163] - деп көрсетеді.

Ғалым Р.Нұрғали дәстүр мәселесін жан - жақты қарастырса [8, 7], зерттеуші Н.Келімбетов дәстүрге мынадай жалпы анықтама береді: «Дәстүр халықтың мінез - құлқы мен іс - әрекетінің рухани негізі болып табылады. Мұның өзі көркемдік дәстүр жалғастығына да тікелей қатысты болып келеді. Өйткені әрбір ұрпақ өзінен бұрын ғұмыр кешкен барлық ұрпақтар жасаған рухани мұраны игеріп, оны жаңа қоғамдық - тарихи жағдайға сәйкес жетілдіріп отыруы тиіс» [9, 17].

Табиғатты реалистік әдіспен арнайы алып бейнелеу дәстүрі қазақ әдебиетінде Абай поэзиясынан бастау алды деуге негіз толық. Көрнекті ғалым З.Қабдолов пікірі ой саларлық: «Табиғат көріністерін, оған бөленген қазақ даласындағы тұрмыс - халді

суреттеуге көптеген өлеңдер арналған және қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын табиғат көрінісін мұншалық шебер, терең ыәм жан - жақты жырлаған ақын болған емес» [10, 32].

«Абайдың табиғат лирикасы, әсіресе жылдың төрт мезгілін суреттейтін өлеңдер - күшті ақындық шеберлікпен, зор мәдениетпен жазылған аса сұлу, сырлы, сылқын жырлар. Бұлардың композициялық құрылымында да өзіндік ерекшеліктер бар...» десе [10, 34], зерттеуші Т.Әлімқұлов: «Абайдың табиғат туралы жазған жырларының өзінде әлеуметтік өмір асқан зор байқампаздықпен суреттеледі, қазақ ауылындағы тоқтық пен жоқтық, үстемдік пен кіріптарлық қарама - қарсы көрініп отырады. Ақынның алғашқы жариялаған «Жазында» бұл сыр байқалыңқырамаса, кейінгі «Күзінде», «Қараша мен желтоқсанында» толығырақ ашылады» .

«Табиғатты жырлау - сонау ауыз әдебиетінен бастап күні бүгінгі поэзияға дейін ешқашан үзілмей жалғасып келе жатқан дәстүрлі үрдіс. Жылдың төрт мезгіліне арнап өлең жазу дәстүрін қазақ поэзиясында Абай жасап берген болатын» - деп көрсетеді.

Тақырыптарды «махаббат лирикасы», «табиғат өлеңдері» деп бөлуде шарттылық орын алады. Кейбір өлеңдерде табиғат пен махаббат т.б. өзара ұштасып, өріліп жатады. Мысалы, Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін алсақ, мұнда табиғат көрінісі мен адам сезімі сабақтастырыла өрілген: «Желсіз түнде жарық ай, // Сәулесі суда дірілдеп,...//... Келмеп пе едің жол тосып, // Жолығуға аулаққа?» [11, 60].

Өлеңдегі алғашқы шумақты оқи отыра көз алдымызға табиғаттың әсем көрінісін елестетеміз. «Желсіз түнде жарық ай» болатынын келесі тармақ аша түскен. Ай жарық болмаса, сәуле суда дірілдемейтін еді. Ағып жатқан өзен толқынының әсерінен де сәуленің суда дірілдеуі лирикалық кейіпкердің қабылдауына сай алынған. Келесі тармақтардан да ақынның күнделікті табиғат көрінісін келісті өрнектеумен шектемей, адамның ішкі сезімімен астастырып, өлеңді әсерлі етіп жеткізгенін көреміз.

«Қай заманда да қазақ өлеңінің бағы тайып, сағы сынған жері жоқ. Заман сырын, замандас келбетін, яғни өмірдің өзін жырлау жөнінде қазақ ақындарының монында қарыз жоқ сияқты.

Атам заманғы Кет-Бұға, Асан-Қайғыдан Абайға, кешегі Мағжаннан Мұқағалиға дейінгі аралықтағы ақындардың шығармаларын оқи отырып осындай ойға қалып, түйін түйесің және бұл пікірдің талассыз екенін мойындайсың».

Тіл тұсалып, ой тұтқындалған тұста, шындық шырғалаңға түсіп, сөздің саудаға салынған, саясаттың қақпайына бағынған кешегі тоқырау жылдары да қазақ жыры ақиқат жолын ұстады. Орағытып өтіп, орайын тауып, қиын жағдайда қисынын келтіріп, кемел ойлы, келісті, кестелі жыр маржандарын тізген ақиық ақындардың көркемдігін шығармаларын оқи, біле жүріп те осындай ой түйіп, тұжырым жасайсың.

Зерттеуші С.Қирабаев: «Қазақ даласының табиғатын Мағжан таза, пәк күйінде көргісі келеді. Адам мен табиғатты ол тұтастықта таниды. Табиғат та адам сияқты кейде көңілді, кейде мұңды. Соған лайық ақын да оны әр күйде суреттейді. Бірде ол дала бетін жапқан жібектей жасыл шөптер мен асқар тау, балдан тәтті сулар көрсе, кейде сол даланы кебін оранған өлікке теңейді. ..Оларда ой да, сезім де еркін, сыршыл, нәзік, мұңды көңіл - күйі аралас жүреді» [12, 99], - деп байқатады.

«Соғыс жылдары лирика жанрлық жағынан жан-жақты өріс алып, жетіле түсті... Табиғат лирикасы да қатардан қалысқан жоқ. Табиғат лирикасының өзінен де сол дауылды жылдардың лебі есіп тұратын болды. Бұл жылдары біраз ақындар туған өлкенің табиғатын ақынға, жауынгерге дем беріп, рухтандырған ана, Отан кейпінде символдық образдармен орынды жырлады (Ғ.Орманов «Алатау - Ана», «Гүл», Ә.Сәрсенбаев «Атырау», «Шалқы теңіз»). Кейде майдандағы жауынгерлердің елдегі туған-туыстарына деген ыстық сағынышы, жүрегін елжіреткен жылы сезімі де осы табиғат лирикасы арқылы әдемі өрнек тапқанын байқау қиын емес».

Табиғатқа әдеттегі, қарапайым адам көзімен қарап, оны сәтті жырлаған ақын - Ғали Орманов. «Ғ. Ормановтың аз сөзбен астарлы сурет салу шеберлігін, әрі соның бәрін ақын

стиліне сай лирикалық кейіпкердің өзіндік сабырлы, салмақты сезімі тұрғысынан нақыштауын көреміз». Мысалы, «Бурабай» өлеңінде: «Толқын тосып құшағын, // Еркелей жүздім көліне. // Кілемін жайып көп шалғын, // Аунадым майса көгіне». Толқын құшағын тосуы, шалғынның кілем жаюы, лирикалық «меннің» көлде еркелей жүзуі, көк майсаға аунауы, соның бәрінде ақын стиліне сай: лирикалық кейіпкердің қарапайым пенде әрекеті шеңберінен шықпауы, онша асып-саспай - ақ әдеттегі, қалыпты сезімімен көрінуі - бәрі келісті өрнек үлгілері. Келесі шумақтарда да көлдің «алдыма тартып айнасын» деу арқылы мөлдірлігін, тұнықтығын жайып салады. «Аз сөзбен әсерлі сурет салу шеберлігін» дәлелдей түседі.

Қ.Аманжоловтың да өзіндік ерекшелігі бар. Ол өлеңдерінде өзінің ішкі сезімін жай сездірмей, оны ерекше үнмен береді. Ақынның 1943 жылы жазылған «Байкал» өлеңіндегі: «Шымылдықтай төгілген // Араладым орманын, // Аспанменен егескен // Бастым зәулім шындарын // Күркіреп көкте кеңескен, // Бұлттың сөзін тыңдадым» деген жолдарға көңіл бөлейік. «Шымылдықтай» төгілу арқылы кестеленген орман ағаштарының жиілігі аспанменен егесу арқылы өрнектелген шың биіктігі суреттеуінен кейін бұлттың күркіреп келуі де оқырманды ұйытарлық көрініске айналған.

Табиғат лирикасын сөз еткенде, оның тамыры тереңдерден нәр алған дәстүрдің озық үлгілерін, қаймағын бойына азық қылғанын естен шығармаған жөн.

#### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. - Алматы: Ғылым, 1996.- 258 б.
2. Мәшһүр-Жүсіп Қ.Мырзалиев шеберлігі. ҚР ҒМҒА Хабарлары.
3. Қазақ халық әдебиеті. Құр. С.Садырбаев. - Алматы: Рауан, 1990. -342 б.
4. Сейдімбеков А. Мың бір маржан. - Алматы: Өнер. 1989. -245 б.
5. Заман-ай. Құр. М.Мағауин, М.Байділдәев. - Алматы, 1991. - 384 б.
6. Базарбаев М. Көрікті ойдан - көркем сөз. - Алматы: Рауан, 1994. - 367 б.
7. Әдебиеттануға кіріспе. Құраст. С.Мақпыров. - Алматы: Ана тілі, 1991. -184 б.
8. Нұрғалиев Р. Арқау. Т.2. - Алматы: Жазушы, 1991. - 571 б.
9. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. - Алматы: Жазушы, 1998. -235 б.
10. Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы, 1982. -290 б.
11. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. - Алматы: Жазушы, 1978. - 368 б.
12. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. - Алматы: Ғылым, 2001. -448 б.

#### LANGUAGE IMMERSION PROGRAM "LINGUALAND"

**KORCHEMAKHALIANA**  
**SHAKUROV ILKHAM**  
*students of the group "Tour-12"*  
**BAZARBAYEVALAURA**  
*master, teacher of the Chair offoreign and Russian languages*  
**LAPINA IRINA**  
*senior teacher of the Chair offoreign and Russian languages*  
Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz  
Karaganda, Kazakhstan

*Abstract.* This article considers the origin and effectiveness of the language immersion method. Speaking about the language immersion method for learning a foreign language, the article discusses what the immersion method is, its advantages and disadvantages, and answers the question of how the immersion method can be useful for students when learning English.

Immersion is the best way for a student to be fluent in a foreign language. There is suggested a language immersion program for 15 days that can help overcome the language barrier and develop the ability to express thoughts in English.

*Key words:* language immersion, learn, motivate, knowledge, improve, communicate, learn.

In educational process there are a lot of different teaching methods. At first, all methods of teaching foreign languages were borrowed from programs designed to teach the so-called "dead languages" - Latin and Greek, in which almost the entire educational process was based on reading and translation [1]. Nowadays, things are changing rapidly. And methods of learning English are developed. The use of video, multimedia, role-playing games in educational process is considered very useful. It is believed that the study of language will be effective only if the person gets pleasure from the process of learning, and has motivation. When the study of language is a necessity, it is not going to be very successful. The main purpose of learning English is not only the formation and development of the communicative culture of people who learn the language, but also their ability to use English in everyday life. Now language teaching has become more applied, while earlier it was more theoretical. Today, teachers use new methods of teaching a foreign language that may be more effective. One of the most advanced methods of teaching a foreign language is the language immersion method.

Language immersion program is an experimental teaching method. The idea of the language immersion method was used by the German teacher Berlitz, who specifically avoided using his native language in teaching[2]. In his lessons, he insisted that the students talk more in the language they are learning, and thus learn vocabulary and grammar without memorizing the rules and words. The term "Immersion" appeared in the 60s of the last century in Canada. Due to the two official languages in this country, many Canadians have difficulties in everyday communication. Thus, in English-speaking schools, children were taught in French and vice versa. As a result, a method of immersion into the language environment has emerged, when the teacher teaches or gives instructions in a class in a non-native language. Foreign language begins to be perceived as a native.

In accordance with the method of "immersion", English should be the only means of communication between a teacher and students. The main primary aim of this program is the development of language skills in students whose first language is not English.

The following features are characteristic features of the immersion method:

- focus on the mastery of oral foreign speech;
- creating an atmosphere of immersion;
- activation of the reserve capabilities of the individual[3].

In practice, the method of language immersion differs from other methods of teaching foreign languages that are currently used. With this method, new principles of selection and organization of speech and language material should be applied, where the leading ones are activity-based, personality-role-playing, situational-thematic principles.

The basic principles that characterize the method of immersion are:

- language is learned in the process of its application: the language being studied is at the same time the language of instruction;
- at the beginning of the program, all students are in equal position: they either do not know the language at all, or know it at a not sufficient level[4].

In fact, immersion in the language environment is a kind of stress, as well as a way out of the comfort zone. And we all know what happens when we get out of the comfort zone and there is development.

Of course, it would be great to go to an English-speaking country and communicate to native speakers, but not always and not everyone has an opportunity to do it. There is a way out:

to create an artificial English-speaking environment around you - to learn to speak English in everyday life.

Immersion in English can significantly improve knowledge of the language and make some "breakthrough" in English. A good effect is a complete immersion in the studied language, when you use only English all day and do not speak a word in Kazakh and Russian languages, and do not hear your native speech.

The purpose of the program: to learn, to comprehend and reproduce English speech.

Program objectives:

- to create an environment for maximum immersion in learning English;
- to help overcome the language barrier (if here is any);
- to encourage students to learn English.

Expected results: overcoming the language barrier; the ability to express their thoughts in English.

Form of the program: classes for 15 days. The duration of each lesson is 1.5 hours.

Lesson plan:

Day 1. Acquaintance with students. Tutors talk about the rules throughout the course, about the system of encouragement and punishment, which motivates students to a good result.

Day 2. Work with the film in English "Forrest Gump" (for this film developed a set of tasks).

Day 3. Topic: "My weekends". Learning new words. Reading and discussion of texts on this topic, drawing up and playing dialogues, using words on the covered topic.

Day 4. Music day. Listening to songs in English. Learning new words (watching videos for these songs). Working with audio material and performing tasks.

Day 5. Topic: "My best day". Watching video on current topic, analysis of interesting moments. Learning new words. Reading texts on the topic. Practice of English speech during the discussion.

Day 6. Watching and discussing the suggested video in the Internet. Analysis and commenting in English online.

Day 7. Team building. There are games where students are divided into teams, using critical thinking. At the end of games the winners are revealed. For example, a game "Underpinning of a charity".

Day 8. Topic: "East or West, home is best". The study of new vocabulary. Watching video, analysis and discussion of interesting moments.

Day 9. Game day. Game "guess the melody": includes a fragment of the song. Participants need not only to guess the name of the song and the artist, but also to reveal the main idea or tell an interesting fact from the biography of the artist of the song.

Day 10. Topic: "Health is wealth". Learning new words. Watching video, analysis of interesting moments, drawing up and role playing dialogues, using words on the covered topic.

Day 11. Topic: "Food: fuel or pleasure?" Learning new words. Watching video, analysis of interesting moments, drawing up and role playing dialogues, using words on the covered topic. In order to be able to use typical vocabulary, participants are invited to a restaurant where students are allowed to use only English.

Day 12. Work with mobile applications on the theme: "Emoji".

Day 13. Topic: "Shopping". Learning new vocabulary. Watching video, discussion. Practicing English speech while shopping at a Mall.

Day 14. Topic: "Travelling". Learning new words. Watching the video on the channel "Discovery" and discussing this material.

The game "How can I get to...". The main idea of this game is that you need to tell the direction.

Day 15. Summarizing. Farewell party. Identification the leaders of the course.

As a homework, students will be offered interactive types of work such as: finding interesting facts about their favorite song, preparing a speech about "House of my dream". Or

students need to find a pen pal from an English-speaking country and talking about his/her life in the classroom.

What exactly is assessed in English lessons during our course? The child's ability to communicate in the target language? Knowledge of English grammar? Knowledge of topical words? And it is clear that it is more difficult than learning your native language. The child speaks his native language from birth, then continues studying it at school. And even in this case nobody makes a mistake. At lessons of the English language you need to know what to say, how to say why it is correct in this situation, and not to be mistaken. And the system of evaluation is limited to five points, in both cases. And we have found a new solution to this problem.

In our opinion, the system of cumulative score (SCS) is the most rational in this situation and will help to remove difficulties. SCS provides an opportunity for the completeness of testing the knowledge and skills of students, detecting the development of student's abilities, and the most important thing is the objectivity of determining the level of achievement of students.

The essence of the SCS, during classes for various listening activities and speaking such as monologues or dialogues; reading, doing exercises and performing creative tasks, is not rated on a point system, but motivation to be the first and the best.

Thus, the activity of the student, during the lesson in compliance with all the rules of this program, is estimated at 1 point. But the main thing is that if the student's answer is unsuccessful, he/she does not receive the usual unsatisfactory mark. There is no fear of getting 2 for the answer, but when answering in a native language a certain number of points is deducted.

This system motivates students to speak English during the course as a whole. As during the lessons teachers don not use any marks, but points. Therefore, more practice (even with the correction of mistakes) will lead to absolutely correct answers and in total to a large number of points.

There is a good competitive spirit in groups. In addition, students have the opportunity to score extra points to improve their results.

So, the use of the "immersion" method makes the learning process more interesting and natural. In this case, you can learn a language not at your desk, but by talking in a cafe with friends, sitting in a movie, etc. Free knowledge of a foreign language gives new opportunities in life, especially if a person is a student. Knowledge of a foreign language is a necessity for student's future career [5].

It should be noted in conclusion that imitation of immersion in the language sphere is only imitation, and the first step towards a great life of communication, socialization, designation of goals and their achievement.

#### REFERENCES:

1. Baranova A.R. Learning English with the help of online video lessons. Innovative development of modern science: collection of articles of the International scientific-practical conference. – Ufa: RIC BASHSUTY, 2014. – P.9. – p. 31-33.
2. Baranova A.A., Makashina A.A. Language learning in linguistic environment// Psychology and pedagogy: past, present and future: collection of articles of the International scientific-practical conference. – Ufa: Aesterna, 2014. – p. 20-23.
3. Kolesnikova I.L., Dolgina O.A. English-Russian terminological reference book on methodology of foreign languages teaching. – St.Petersburg, - 2001.
4. Lightbown, Spada N. How languages are learned (3rd edition). — Oxford: Oxford University Press, 2006. — 233 p.
5. Veber I. S. Method of language immersion in English lessons in modern school//Young scientist. – 2019. — №6. — C. 207-209.

## STUDYING AND ROLE OF ENGLISH LANGUAGE AMONG ECONOMIC SPECIALTIES

**KRIKUNOVA ANASTASSIYA**

*student of the group "E-12"*

**ZHUMAGALIYEVA AMINA**

*master, teacher of the Chair of foreign and Russian languages*

Karaganda Economical University of Kazpotrebsoyuz,

Karaganda, Republic of Kazakhstan

*Abstract.* Importance of studying of English language is analyzed by economic specialties. In the article, we considered the general requirements of English language knowledge of various economic specialties.

*Keywords:* English, economic specialties, language barrier, business English.

The learning of foreign language in the modern world is one of the most important components of the modern, successful person. Knowledge at least of one of foreign languages broadens horizons, allows learning culture and customs of other people. Today millions of people around the world learn foreign languages.

English acts as the common language necessary for business management worldwide. It is no wonder that there is a close interrelation between level of proficiency in English and many indicators of import and export, including an indicator of efficiency of logistics (fig.A), export documents and time for import.

Increasing of English proficiency level in the majority of the countries represents considerable advantage; it also causes actuality of our work. Who as not the economists, improving the relations analyzing and understanding the environment of the enterprise have to understand and to perceive the speech without any problems and mistakes.

The level of proficiency in English corresponds to higher level of gross domestic product, higher gross revenue (fig. B) and increase in other key economic indicators. In developing countries transition to the knowledge-intensive model of economy demands from agriculture or production not only technological infrastructure, but also the experienced specialists capable to sell the services in the international market. Respectively, there is a close interrelation between level of proficiency in English and export of services (fig. C) and also between level of proficiency in English and efficiency. In many regions retail trade is the largest and only private employer, but with the growth of volumes of Internet trade with an average speed of 20% a year worldwide even this historically local sector will hardly manage to keep the local character [1, p. 1].




FIG. A: ENGLISH AND LOGISTICS

Index of efficiency of logistics Average gross revenue (at an exchange rate of the USA in 2016)




FIG. C: ENGLISH AND EXPORT OF SERVICES

Export of services (foreign trade balance, per capita, current rate of US dollar, logarithmic scale)

The future of labor lies in the sphere of the international cooperation, and knowledge of English: one of the basic abilities necessary for achievement of success.

In the modern world, the intensive development of commercial, economical and political connections between the countries, the increasing relevance is acquired by a way of communication between partners and colleagues. Business English becomes vital means of establishing relationship between businessmen, experts and staff of the international companies. A tendency to growth of English generated a new look of business activity which provides provision of services on training of consumers in different age categories.

All of us had to pass through interviews and if we looked for work with higher income, we started to learn English as quickly as it was possible and tried to arrange in the organization where it was necessary. But all of this is only basic knowledge which can help with everyday life and for being able to conduct business negotiations or correspondences, to work with business partners, it is necessary to know all aspects of business English.

Business English is not just ability to write the summary when you get to business a flow, it is necessary to be able to present competently the product, to be able to hold the presentations, to make negotiations with partners, to answer the phone calls, to sign contracts and to conduct business correspondence and it is not all that you need to do.

The international business, business relations with foreign partners promptly gain steam and to be just excellent expert in the commercial and business sphere today is not enough because the difference of monthly income of the manager in the company who knows one or more foreign languages and the professional manager with an experience is obvious.

Demanding of translation companies services increases and many people spend time and money in search of the translator for holding business meetings, signing of contracts with the foreign companies. Today English is international language. It is learned surely as the second language worldwide. English became the prevailing business language in the second half of the XX century for various reasons.

In process of growth of the international nature of business, need for the "general" language appeared. English was an ideal candidate as it had been already spoken, as the first or second language of many people worldwide. Now it's spoken by more than 500 million people in many territories, including Great Britain, Canada, the United States of America, Australia, India and South Africa. Therefore business English is considered as the main language for people who want to work in any field of business, aircraft, computer facilities [2, p. 145].

As the economy becomes more and more global, importance of knowing business English continues to grow. Any industry or area of interaction of the people united by a common goal, a



task and a type of activity has the specific designations, terms and names. Business lexicon of the financial manager can absolutely differ from the marketing specialist's terminology. Moreover, by the same term in the different industries can be designated absolutely different concepts.

One more specific line of business language consists in the professional level of knowledge when it is necessary not only to know the name of the term, but also to be able to do it correctly to understand and use. In order to avoid the distorted interpretation of concepts, it is worth learning business English directly at work or during the study concerning narrow specialization. The accounting term "intangible assets" can become a simple example of a situation with the use of concepts. Any financier, the economist or the accountant will understand at once that this formulation means. It is necessary only to translate value of the term into the English business language - "intangible assets" correctly [3, p. 250]. It will tell nothing to the expert who does not have relations to accounting. It is necessary to understand, for beginning, the value of the accounting term "intangible assets" for its correct interpretation.

Commercial and legal lexicon is used for signing the contracts. It is impossible just to translate documents without having ideas of the contract of purchase and sale, force- majors and terms of sale in general. Having for certain read the word "goods", there will be the first association with an adjective of "good" – "good", and it is possible, writing of the termination "s" will seem strange, but any manager perfectly understands a word meaning of "goods" – that in any business correspondence or the contract designates "goods"(things).

Communication the lexicon, ability to apply the standard phrases and expressions and also all-colloquial communicative skills has a huge role in business. And at the same time, it doesn't matter in what branch or the sphere of business dialogue is conducted.

For the correct interpretation of the English speech it is necessary to understand lexicon of language, to be able to build competently phrases and offers, without allowing inaccuracies or the wrong understanding of words. Discussion of working and business matters with fellow workers or business partners turns into the usual standard communication between people sooner or later. To feel it is comfortable and confident in society, it is necessary to have skills of all-informal conversation, and ability to support a free topic of conversation on any subject [4, p. 117].

Today, having visited the website of any recruiting company and having seen vacancies, it becomes clear that knowledge of English is one of the main requirements in more than 60% of cases, and this figure continues to grow. Besides, most HR of experts agree in opinion that knowledge of English is a quite good increase to salary. The size of an increase fluctuates around 15-35%. And today there are more and more professions in which knowledge of English is a necessary condition for successful performance of official duties. We will consider some of such professions [5, p. 1].

1. *IT sphere.* Experts of IT sphere can work without knowledge of English, because practically all new software appears firstly in English. Waiting for its appearing in Russian is long process, and it is possible not to wait at all. Reviews and news about technical novelties appear firstly in English too.

2. *Sales manager.* Today most of the organizations, anyway, cooperate with foreign partners or suppliers. So except needs to study art of selling and foreign language.

3. *Individual entrepreneurs.* Cooperation with foreign partners is normal practice, and it is necessary to communicate with them most often in English. And it is better in order to avoid mistakes and misunderstanding. People can use translator's services, but it's too expensive and it's not practical.

4. *Sphere of tourism and hotel business.* Here in general everything lies on a surface. To run business with tour operators, to communicate with partners and clients are in English. Without knowledge of language it is much more difficult to work in this sphere.

5. *Health workers.* For professional growth in this sphere it is necessary to study foreign literature and to attend the international conferences, that's why English is available in this sphere.

6. *Sphere of economy and law.* If you need to deal with contracts or legal acts in English, it's necessary to have a good language proficiency because any mistake can have fatal consequences.

From all aforesaid it is possible to draw a conclusion that high-quality language training in higher education institutions can help future experts to avoid further collisions with language barriers and will help to save precious time. The technique of teaching in the professional focused foreign language includes: communicative and activity approach, the personal focused approach, situational and role conditionality of educational activity, an optimum ratio of main types of speech activity at different grade levels and use of new technologies of training [6, с. 1].

Use of the information and communicative technologies (ICT) improves quality of training as, for example, application of resources of the Internet on occupations opens access to relevant materials from all around the world and the learning of foreign language becomes more available, interesting and many-sided. Today there is a set of convenient options of a learning of foreign language from any point of the world, for example, the pupil can freely contact the teacher by means of Skype/WhatsApp/Telegram that increases efficiency in studying of language. This method can perfectly be suitable for people who already have basic knowledge and who want to develop the communicative skills.

Time doesn't stand at one place and one day it will be as immodest to ask the person about knowledge of English as asking about whether he or she is able to use the computer. Knowledge of English has huge advantage for representatives of economic specialties.

#### REFERENCES:

1. <https://www.ef.kz/epi/insights/english-economics-and-trade/>
2. Slepovich V.S. Business English. Minsk: TetraSystems, 2010, с. 145
3. Skvortsova M.V., Shevelyov S.A. English-Russian dictionary: finance, statistics, law. M.: Filomatis 2014, с. 250
4. Sushchinsky I.I. Business correspondence in M. English: Eksmo, 2010, с. 117
5. www.forbes.com "The language of Global Business"
6. [www.teachingenglish.org.uk](http://www.teachingenglish.org.uk)

### Ш.ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АУДАРМАЛАРЫ

**КУСАЙНОВА ИНДИРА**

*Ю-11к тобының студенті*

**БАЖИКЕЕВ К.К.**

*Ғылыми жетекші, магистр, оқытушы*

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

*Аннотация:* Алаш Арыстарының әдеби көркем аудармалары әр түрлі сипатта айтылып жүрген пікірлер мен көзқарастарды бір ізге салып, ғылыми-зерттеушілік тұрғыда түйінді де тұжырымды ой айту болып табылады. Мақаланың негізгі зерттеу нысанасы – Ш.Құдайбердиевтің әдеби көркем аудармалары. Шәкәрім өзі сүйіп, қалаған, өздеріне үлгі тұтқан ақын-жазушыларын ғана аударған. Орыстың, Европаның әдебиет үлгілерін аударатырып, сол шығармалардың айтпақ ойын, мағынасын, рухын дәл әрі мол қылып жеткізуге тырысқан. Сондықтан ол сол кезеңде жасаған әдеби аудармаларын ғылыми

тұрғыдан саралап, қазақ аудармасына қосқан үлесіне баға беру мақаланың басты мақсаты саналады.

*Кілт сөздер:* көркем аударма, Шәкәрім аудармалары, Шәкәрім мен Пушкин, өлең жарысы, тәржіма тынысы, көркемдік өрнектер.

Лирикалық өлең аударуда Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы және т.б. Алаш арыстары көп еңбек етті. Соның нәтижесінде қазақ әдебиетінің қазынасына орыс және Батыс пен Шығыс шайырларының ғажап туындылары келіп қосылды. Гете мен Гейне, Шиллер пен Байрон, Пушкин мен Лермонтов, Крылов пен Горький, сондай-ақ Фирдоуси, Хафиз сынды жыр алыптары қазақша сөйледі. Қазақ поэзиясы жаңа түр, кестелі өрнектермен толықты. Осылардың ішінде бірі Европа мен орыс ақындарын, келесісі шығыс шайырын тамаша тәржімелеген Мағжан мен Шәкәрім аудармаларына кеңінен тоқталып, саралап, талдап көрейік.

Шәкәрім қажының Мекке-Медине сапарынан кейінгі жасаған өзіндік бір шығармашылық белесі бар. Ол Иранның Шираз қаласынан шыққан төрткүл дүниеге аты мәшһүр шайыр Хафиз поэзиясына ден қойды. «Ең алдымен, қазақ ақыны Хафиздің ғазалдарындағы көркем өрнектер мен терең ойды пайымдаған» деген пікірге қосыламыз [1,83]. Аударам деп, еліктеймін деп емес, өзгенің өзекті шыңынан өз өлеңіне өрісті өрнек алып қосу үшін барды. Қазақы өлеңге сыймаған сопылық сырлардың қаймағын сыпырып алуды діттеді. Дала сонеттерін еуропалық өлең дәрежесіне жеткізіп жырлауды мақсұт етті. Мейірбандылықты, парасатты, өнерпаздықты, имандылыққа берілуді, хаққа жол іздеуді, адами қасиеттерді Хафиздың көкірек көзімен бір тексеріп алды. Сөйтіп, таза жүректі, терең ғылымды, әділетті, махабатты барынша құштарлықпен шырқады. Ақындық қуаттан туған алып шығармаларды дүниеге әкелді, ойшыл өз поэзиясына, біліміне, ғылымына тиянақ іздеді, тапты да. «Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын», – деген Шәкәрім сол бес түрлі сөздің жұмбағын Хафиз ғазалдарынан да қарастырды. Тумақ пен өлмектің арасындағы ой жемісін терген ол: «Қазақта қайдан болсын терең ғылым, түбі арам, айла қуған өңкей залым. Ізденген бес ісімнің бірін таппай, Не болды, қайғы болмай көрген күнім», – деп күрсінеді [2,528].

«Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұрды» Хафиз ғазалдарынан тауып мейірленеді, қуанады. «Бұзылмайтын шын керек» деп түйіндейді.

Қатып қалған желіннен  
Қаймағы бар бал шықты.  
Қайғылы біздің көңілден,

Қайғырған сайын қан шықты, – деп қазақ ақыны жүрекке терең ұялаған Хафиз ғазалдарынан қазақ көңіліне тән үндестік көреді. [2,531] Көркем өрнектер табады. Домбыраның үстіңгі шегін Хафизге шерткізсе, төменгісін өзі шертіп, шерін тарқатады, имандылық пен тазалықты көкірек нұрымен тазартады [3]. Шәкәрімнің «Жазбаймын дәл өзінше Пушкин сөзін» деуі тектен тек емес. Осы ұстанымға берік болған ол Пушкинге, Физулиге, Хафизге барса

да бөлек сипаттағы шығарма алып қайтады. Шәкәрім ұлылармен жарысуға бейім тұрады, тегеурінді таланты сондай биіктерге жетелейді. Хафиз тұсында да ол жаңашыл ірі тұлға екенін паш етті. «Оятқан мені ерте Шығыс жыры» ішкі сырдың толыққандылығын көрсетеді. Сондықтан да ол тәржіма еткен парсы шайырының ғазалдары қазақ өлеңіндей оқылды, асыл нұсқадан алған қазыналарын алтын бесікке айналдырды.

«Анық ерге жолдас бол» аудармасын алсақ та қазақтың ұғымына жақын ойды, түйінді табамыз. Оқи келе төлтуындыдай боп естіледі. Сонау ХХ ғасыр басында тұрып, тәржіма тарихына терең соқпақ салып өткен Шәкәрім тәжірибесі әлі толық таратылып, зерттелген жоқ. Аудармашы мұнда да Хафизды жолма жол қумайды, кейде асырып, кейде жеткізбей жатады. Қазақта Хафиздың сопылығын түсініп, таратып талдаған, содан бері қарай соқпақ тартқан Шәкәрім ғана болса керек.

Иә, ол Хафизбен сырттай, іштей үйлесе, үндесе отырып жарысады. Имандылықты, тазалықты, шындықты ту етіп көтереді. Сайып келгенде нәзирашылдық сыры, қыры Шәкәрімде өзгешелеу. Абай бекетін аттап өтпей, соны жаңа нұрлы жолдармен жалғастырады.

«Егер сүйікті сол бала» деп басталатын Шәкәрімнің Хафизден алған аудармасы құрылысы, сыртқы, ішкі пішіні жағынан шалыс ұйқаспен жазылған қазақ өлеңінің санатына жатады. Небәрі отыз екі жолдан тұрады. Хафизде бұл өлең он сегіз жолдан құралған. Хафизде арнайы тақырып болмайды. Тақырыбы ғазалдың бірінші жолы боп саналады.

Әрине Шәкәрімнің көркем аудармасының тілі нұсқа тілінен алшақтау болса да, негізгі желіден қашықтап кетпей қосарланып тілдеседі. Қазақшыл ақынның қаламгерлік даралығы екі жақтың да бояу, ырғағын жоғалтпай, тізгінді тең ұстайды. Автор түпнұсқадағы орамдарды қазақы қалыпқа түсіріп, Хафиз ғазалының эстетикалық-көркемдік сапасын сақтап, қазақша жатық баламалар жасайды. Сөйтіп, ол өз ғасырындағы қазақ тыңдарманы, оқырманы үшін түпнұсқаның өрнекті ерекшелігін қазақ ұғымымен үйлестіріп барып, таңдай тұщытатын тәржіма жасайды. Сөйтіп, қазақ қауымының ортасына лириканың жаңа түрін әкелді. Шығыстың, Еуропаның, орыстың поэзиясын жетік меңгерген Шәкәрім Хафиз ғазалының қазақ тіліндегі тың үлгісін сомдап кеткен. «Кел, аяқшы, қымыз құй» деп басталатын Шәкәрім тәржімасы Хафизде «Сақы, нұр шашқан шараптан құй» делінген [2,529]. Парсы шайырының төрт жолы қазақ ақынында сегіз жолға айналып келеді. Аудармашы жолма-жол аударуды мақсат етпеген. Түпнұсқаны терең түсіне отырып, онымен тепе-тең жарыса келе, өзіндік өрнек жасаған. Егер атақты атамыз Хафиздың көлеңкесінде қалып қойса, мұншалықты дербес, жатық жыр шықпаған болар еді. «Кел, аяқшы, қымыз құйда» сом алтынның сынығындай мынандай жолдар бар: «Асыққа ажал келмейді Қандай қаза көрсе де. Көңілі жанды өлмейді, Тәні жанды өлсе де» [2,532]. Аудармашы түпнұсқаға сүйене отырып, тыңнан жол салып, оқушысына сый табақ тартқандай әсер етеді. Бұл үлкен ізденістен, дара даналықтан туған өлең жолдарында Шәкәрім шебердің өзіне ғана тән қолтаңбасы менмұндалап тұрады. Хафиздың «ғайыптан келген тілінің» құпия пернелерін дәл баса білген Ш.Құдайбердиев ұлт мәдениеті мен ұлт тілінің тұтастығын ыдыратып алмай, тұтас берген. Сонымен Хафиздың он өлеңін тікелей түпнұсқасынан алып, қазақ поэзиясының құрамдас бір бөлігіне айналдырған. Шәкәрім бір қолын парсы ғазалының биік шыңына артса, екінші қолын қазақ өлеңінің киіз үйінен алмайды, ұлттық колоритті, бітімді сақтайды. Шәкәрімнің Хафизден алған әрбір аудармасы иірімі, нышаны қилы күрделі құбылыс.

«Кешегі басшы піріміз» аудармасы да Шәкәрімнің лирик, ойшыл екенін және бір танытып, дәлелдеп өтеді. Өзі жырлаған ақыл-жарық нұрдың шуағын шабытты сезіммен әсірелеп бейнелейді, не нәрсеге де ақылдың көзімен қарайды. Асылнұсқадан тікелей тартқан аудармасы оның ірі талант иесі екендігін көрсетеді, ақыл парасатына жүгіндіреді. Хафизбен тілдескенде соны дәлелдейді.

«Біздің піріміз мешіттен мәйханаға келді», – дейді Хафиз. Одан әрі Шәкәрім: «Пірдің беті қарайды Есек қоры жағына» дейді. «Есек қоры» тіркесі парсы мәтінінде жоқ, бірақ мағынасына орайластырып, балама ретінде тәржімашы енгізген. Қазақ ұғымына, түсінік-танымына таяу әкеліп отыр. Әрі қарай қазақ ақыны парсы ғазалын өзінше топшылап әкетеді «Көптің аңын тор құрып, түсіріп едім тұзаққа. Шашыңды жайып мас қылып. Айрылдым аңнан ұзаққа» дейді [2,536]. Көпті оймен бағындырғанмен ол ұзаққа бармайды.

Хафизде «шаш», «жел», «пірмұған», «ханя», «жан», «рахым», «мұқым», «харабай», «нар» деген сөздер бар. Шәкәрім осыларды «рахат», «диуана», «тұзақ», «тас көңіл», «нұрлы жүз», «кекіл», «ыстық шоқ» сынды сөздермен баламалап, тосын тіркестер туғызады.

«Тұр, аяқшы, қымыз бер» Шәкәрімде шалыс ұйқаспен жазылған он жолмен бітеді. Ал Хафизде жиырма жолды құрайды. Әрине, ерік аудармашының қолында болғаннан кейін неге тегіс тәржімаланбады деуге хақымыз жоқ. Қазақ ақыны белгілі бір дйттеген жерінен шығу үшін біраз тұстарды қалдырып кетуі мүмкін.

Екеуінде де ғазалдың бастапқы төрт жолы бір-біріне ұқсайды да, әрі қарай Шәкәрім алып кетеді.

Тұр, аяқшы, бер қымыз  
Қайғыларға топырақ ат.  
Шын сұлуды көр мінсіз  
Неге керек өзге жат  
Пәлісіне дүниенің  
Күні-түні сабыр қыл.  
Таза болса мақсатың,

Ақыры қолың жетер, біл, – дейді Шәкәрім түйінді аудармасында ерте аяқтап. [2,532]. Ақын өз өміріндегі сапалыққа, таза мақсатқа сенген, ойында жүрген сансыз сауалдардың біріне Хафиз арқылы жауап іздейді. «Қайғыларға топырақ ат» деп сабырға шақырады. Хафиз де осы ғазалының аяғында «Неде болса күні-түні сабыр ет Хафиз» деп өзіне тоқтап айтады. «Ақында арман бар ма айтып өлген» демекші, мәселе аяқшы құйған шарапта, қымызда емес, солардың аржағында жатқан мәңгі адами мұңның елесінде жатыр. Адамзат мұңсыз болмайды.

Абай болмасын, Шәкәрім болмасын орыс ақындарын аударғанда кәдімгідей сынасты. Мұндағы басты мақсат – орыс өлеңінің үлгісімен қазақты таныстыру ғана емес, жаңа тақырып, идеяларды игерудегі, көркем сөз кестесін салудағы қазақ тілінің мүмкіндіктерін ашу да болса керек. Өлең аудару жарысқа, айтысқа түскенмен бірдей екенін кезінде В. Жуковский ескерткен болатын [4,45]. Өйткені өлең-жырға балама табу жеткіліксіз. Поэтикалық қуат жағынан аударып отырған ақыныңнан кем соқпауың керек.

#### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбдіғазизұлы Б. Ақын аудармаларының асыл қыры. // «Шәкәрімтану мәселелері» жинағы. – Алматы: Раритет, 2007. – 344 б.
2. Құдайбердіұлы Ш. Жол табалық ақылмен. – Жидебай: Халықаралық Абай клубы, 2006. – 724 б.
3. Күмісбаев Ө. Шәкәрім мен Хафиз жүргеіндегі үндестік. // Егемен Қазақстан. 2008. 10 қыркүйек.
4. Жуковский В. Избранное: художественная литература. – Москва: Правда, 1986. – 558 с.

## БІЛІМ БЕРУДЕГІ МОБИЛЬДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

**КУСАИНОВА И. А.**

*Ю-11к тобының студенті*

**ГАЙНУТДИНОВА Г. Ф.**

*Ғылыми жетекшісі: магистр, аға оқытушы*

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

*Аннотация:* қазіргі уақытта әлемде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім беру саласында кең қолданысқа ие. Мақалада Мобильді қосымшаларды білім беру процесінде қолданудың қазіргі заманғы мәселелері қарастырылады, мобильді

технологияларды қолдану арқылы білім беру ортасында болып жатқан заманауи үрдістер, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері талданады.

*Түйінді сөздер:* мобильді оқыту, портативті құрылғылар, заманауи технологиялар, көпфункционалды, жеке оқыту.

Мобильді технологиялар-бүгінгі ақпараттық ортаның ажырамас бөлігі. Мобильді салаға кетуімен білім беру осы ортаның жағдайына бейімделіп, ықшам, тар бағытталған және интерактивті болып келеді. Мобильді вебте ақпараттың аздаған бөлшектермен игерілуі, жағдайға барынша сәйкес келуі және сонымен бірге өніммен өзара іс-қимыл жасау процесі ләззат алуы маңызды.

Әлемнің әр бұрышында ұялы байланыс нарығының кеңейуі қарқындары таң қалдырады. Бүкіл планетада қосылатын мобильді құрылғылар саны және біз қазіргі уақытта істеп жатқан барлық сатып алу, банк операциялары, жұмыс, немесе оқыту болсын, жаңа деңгейге ауысады. Ұялы телефон қолданбайтын адамды елестету біз үшін қиын, өйткені қазір онымен ажырамас өмір сүретін адамдар өте көп. Қосымшалар, софт, жабдықтар, сервистер мен инфрақұрылым жасайтын мобильді нарық пайдаланушы құрылғылары мен келесі буындағы процестерді дамытуда өмірлік маңызды қатысушы болады және оқыту олардың бірі болып табылады. Бүгінгі күні мобильді құрылғылар өз дамуының шыңында болғанда, оларды оқытуға ықпалдастыру мәселесі аса өткір болды.

Кез – келген уақытта және кез - келген жерде бос уақыт тап болған оқуға болады: бос 15-20 минут берілсе , көңіл-күй жақсы болса-қосымшаны ашып және қандай да бір пәнді игеруге болады. Сондықтан оқу әлдеқайда ыңғайлы болды және аз оқып, бірақ жиі оқу білім алу процессінде үлкен маңызға ие.

Мобильді технологиялардың өсуі білім беруге де тұрақты өзгерістер енгізеді. Білім беру орны мен құрал-жабдықтармен , мысалы: парталар, компьютерлер қымбат оқулықтармен шектелмейді. Оның орнына оқытудың барлық күші әрбір саусақтардың ұшына жедел қол жеткізу және шексіз мүмкіндіктерге көзделді. Егер күнделікті өмірде мобильді технологияларды пайдаланудың артықшылықтары даусыз болса, онда олардың оқу үдерісіне кірігуі туралы мәселе әлі де ашық. Оқыту үдерісіне мобильді технологияларды енгізуді зерттеу өзінің даму жолының басында.

Мобильді оқыту терминін (M-learning) алғаш рет стационарлық компьютер сияқты электрондық құрылғылардың көмегімен оқытудың жаңа технологияларын зерттеген шетелдік әдіскерлер енгізді. Мобильді оқыту-электронды оқытудың жаңа формаларының (e-learning) дамуының салдары болып табылатын оқытудың жаңа түрі. Мобильді оқыту термині заманауи технологиялар тұрғысынан анықталады, бұл смартфондар, сымсыз дербес планшеттер және ноутбуктер сияқты мобильді құрылғылардың көмегімен берілетін және қолдайтын оқыту түрі. Мобильді құрылғылардың түрлері үнемі толықтырылады, олардың функциялары жетілдіріледі және оқушылар таңдаудың кең ауқымын алады. Интернетке қатынаудың маңызды функциясын де атқарады [1, Б. 3]. Трекслер мобильді оқытуда адамдардың шектелмеген саны үшін өндірілетін және студенттер қолданатын сымсыз және сандық құрылғылар мен технологияларды пайдаланудың маңыздылығын атап көрсетеді.[12].

Әр түрлі мобильді технологиялардың артықшылықтары мұнда бірінші орынға шығады, өйткені оқыту әдістемесінде студенттер мобильділігіне және смартфондар, MP3-плеерлер, планшеттер, PDA, eReader, MP3 плеерлер, ноутбуктер және басқа да зияткерлік құрылғылар сияқты портативті құрылғылармен өзара әрекеттесуге баса назар аударылады. Дегенмен, бұл диапазон үнемі кеңейуде: ол ойын консольдерін, сандық диктофондарды, электрондық кітаптар мен сөздіктерді, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі студенттерге арналған қосымша технологияларды қамтиды. Құрылғылар көпфункционалды болып, ауызша сөйлеуді, аудио және бейне ойнату, оқу, жазу, ақпаратты іздеу, есептеулерді орындау, ойындар және т.б. қолдайды. Құрылғыны таңдау

жасына, орнына, міндеттеріне және басқа факторларға байланысты. Бұл тұрғыда оқытушылар, дизайнерлер мен әзірлеушілер осы құрылғыларды заманауи білім беру процесінде қолдану туралы ойлауы тиіс.

Мобильді оқытудың негізгі мақсаты ретінде келесілерді есептеуге болады:

- ұжымдық жұмыс мүмкіндігін кеңейтетін тиісті уақытта және кез келген жерде байланыс;

- мобильдік құралдарды, оқушыларды пайдалануды оңтайландыру;

- материалды жинақы сақтау, ол әрқашан қол астында;

- оқыту процесін қарқындету;

- білім деңгейі өсуінің заманауи әлеуметтік тапсырыспен және студенттердің қызығушылығымен сәйкестігі, бұл мобильді құрылғыларды пайдаланады.

Мобильді оқыту қазір бұрын соңды болмаған өзектілікке ие: бір жағынан, ол жаңалықтың тартымдылығына қызығады, екінші жағынан — тәжірибеде ыңғайлы жүзеге асырылады. Студенттердің көпшілігі осындай жаңашылдықтарға өте риза болады. Оқыту процесінде мобильді технологияларды пайдаланудың артықшылықтарын қарастырайық. Мобильді технологиялардың даусыз және басты артықшылығы олардың ұтқырлығы болып табылады, яғни кез келген уақытта кез келген жерде пайдалану мүмкіндігі. Көптеген оқу орындары сабақтарда ұялы құрылғыларды пайдалануға қарсы емес, қарамастан, студенттер үшін мобильді оқыту пайдалану артықшылықтары анық:

1. Білім алуға қолжетімділікті жақсарту:

- салыстырмалы арзан күнделікті технологияларды пайдалану;

- басқа тұлғаларға тиесілі оқу компьютерін немесе жабдықтарды пайдалану кезінде қол жетімсіз болуы мүмкін құпиялық жағдайында өз ырғағында оқу мүмкіндігі;

- өзара іс-қимылдың танымал тәсілдері үшін жақсы қолдау, мысалы, аудиоматериалдарға немесе әлеуметтік желілерге мобильді қол жеткізу.

Ұ2. Нақты оқу сұраныстарына жақындығы:

- подкасттар немесе тегін оқыту материалдары арқылы қосымша ресурстарға қол жеткізу арқылы білім беру бағдарламасынан тыс жерлерде мүдделерді қанағаттандыру;

- мобильді құрылғыларды пайдалану қазіргі заманғы іскерлік өмірдің бір бөлігі болып табылады, сондықтан оқыту бәсекеге қабілеттілікті арттыруға, өмірлік маңызды дағдылар мен дағдыларды алуға және жұмыс әдістерін жақсартуға тікелей ықпал етеді.

3. Қарым-қатынас қолдауы:

- студенттер үшін оқу процесінен алған әсерімен тез арада бөлісу мүмкіндігі;

- оқытудағы ықтимал проблемаларды үздік бағалау және диагностикалау;

- әлеуметтік желілер арқылы немесе дербес тәлімгердің көмегімен қауіп тобындағы оқушыларға психологиялық қолдау көрсету [3, С.Ескерту.

Студенттер мобильді құрылғыларды пайдаланған кезде көбірек оқытады және ынталандырады, және зерттеулер олардың академиялық үлгерімі жақсаратынын көрсетеді. Технологияларды пайдалану оқытушы мен студент арасындағы тез байланысты қамтамасыз етеді, кері байланыс және оқу нәтижелерін бағалау процесі тездейді.

Дұрыс оқыту және жоғары технологиялық гаджеттерді пайдаланудың жеткілікті уақыты кезінде оқытушылар көп ұзамай осындай құрылғыларды тұрақты негізде қолдануды қолдай және бағыттай алады. Бірақ ойланбастан бұрын біз белгілі бір проблемаларға тап бола аламыз.

Біріншіден, қазіргі уақытта білім алушылар негізінен жеке мобильді құрылғыларды пайдаланады. Келесі мәселе оқытушыларды мобильді технологиялар — тек ойын-сауық емес, білім беру үшін көмек деп сендіруге тура келеді. Үшіншіден, электрондық ресурстарға авторлық құқық мәселесі туындайды, өйткені өз материалдарын әзірлеу жеткілікті жоғары біліктілікті немесе мамандарды тартуды талап етеді. Бұл уақыт, сондай-ақ қаржылық шығындарды арттырады және көптеген педагогтарды оқытудың осы моделін пайдаланудан итермелейді. Төртіншіден, педагогтарға білім алушыларға

мобильді оқытуды пайдалануға мүмкіндік беру үшін жиі білім жетіспейді. Педагогтер бұл жағдайда өздерін Құзыретті емес сезінеді және студенттерге практикалық оқуға, және бұл оқыту олардың жеке сұраныстарын қанағаттандыра алмайды. Бесіншіден, мобильді құрылғылармен жұмыс істеу кезінде біз басқа да техникалық қиындықтарға тап бола аламыз, мысалы, экранның кішкентай өлшемі, сондай-ақ мобильді құрылғыны ұзақ уақыт пайдалану үшін зарядтау қажет. Алтыншыдан, мобильді Желіге қосылу шығындары да Интернетке мобильді шығуды пайдалану жолындағы кедергілердің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Дегенмен, кемшіліктер мен шектеулерге қарамастан, мобильді оқыту тез тарайды және болашақта оқытудың ең тиімді әдістерінің бірі бола алады. Мобильді оқытуды қолдану мен пайдалану кеңейтіледі, бірақ бұл оқыту моделін таратудың ықтимал салдары әзірлеушілер, практиктер мен зерттеушілер үшін әлі түсінікті емес. Технологияларды дұрыс әзірлеу ұтқыр оқытудың тиімділігін арттыруға әкеледі. Оқу процесінің мобильділігі мен білім алушылардың мобильділігі идеясына негізделген көптеген аспектілерді қарастыру керек [4].

Қорытындылай келе, мобильді технологияларды білім беруге интеграциялау әлеуеті зор және көбінесе бағаланбаған. Оқыту процесінде оларды сауатты және құрылымдық пайдалану кезінде олар білім беруді жаңа деңгейге шығаруға және тиісінше халықтың білім деңгейін арттыруға қабілетті. Ұялы технологиялардың мүмкіндіктері әлемнің ең алыс нүктелеріне де еруге мүмкіндік береді.

#### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Crompton H. A historical overview of mobile learning. Toward learner- centered education/ Handbook of Mobile Learning ed. by Zane L. Berge, Lin Y. Muilenburg, – NY, 2013. – 3-15 p.

2. Traxler J. Defining, Discussing and Evaluating Mobile Learning: The Moving Finger Writes and Having Writ... The International Review in Open and Distance Learning, 8 (2007), 1-13.

3. Кукульска-Хьюм А. Мобильное обучение. URL: <http://iite.unesco.org/pics/publications/ru/files/3214679>.

4. Логинова А. В. Использование технологии мобильного обучения в образовательном процессе // Молодой ученый. – 2015. – №8. – С. 974-976. URL <https://moluch.ru/archive/88/17087/>

## ТАРИХИ РОМАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

**МІРӘСІЛ ДИНАРА**

*ГМУ-32 к тобының студенті*

**АКАТАЕВА Ш.Б.**

*Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., доцент*

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

*Аннотация:* Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы екенін ескерсек, бастау көзі сонау көне фольклорда, ежелгі әдебиет үлгілерінде жатқан тарихи тақырып дәстүрі қазақ әдебиетінде мол көрініс береді.

Тарихи романшылар бесігін тербетіп, бөбегін әлдилеген қазақ әйелінің ел шетіне жау тиген кезеңде қолына найза алып, ерлермен бірдей елін, жерін қорғаған ерлік істерін, қан мен тер төккен ұлтжанды өр мінезін, оның бойындағы қайсарлық пен батырлықты,



қазақ әйеліне тән төзімділік пен ұстамдылықты, ақылдылық пен сұңғылалықты дәріптей көрсеткен.

*Кілт сөздер:* Тарихи романдар, қазақ әдебиеті, жанр, найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен қорғаған хандар мен билер, ұстамдылық, ақылдылық пен сұңғылалық.

Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы екенін ескерсек, бастау көзі сонау көне фольклорда, ежелгі әдебиет үлгілерінде жатқан тарихи тақырып дәстүрі қазақ әдебиетінде 60-80 жылдары мол көрініс бере бастады. Қазақ әдебиетіндегі проза жанрында тарихи тақырыпты игерудің үлгісін салып, көркемдіктің биік тұғырынан көрініп, әлемдік шығармалардың қатарында бағалануға қол жеткізген М.Әуезов шығармашылығының орны бөлек екені айтпаса да түсінікті.

Халқымыздың басынан өткен тарихи оқиғаларды тарихи романдарға арқау еткен жазушыларымыз бұрынғы дәуір қойнауына бойлай түсіп, халықтың еркіндік пен азаттық үшін жүргізген күресін көркем сомдады. Ұлан-асыр кең даланы білектің күшімен, найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен қорғаған хандар мен билердің, батыр ұлдар мен қыздардың нанымды тұлғалары жасалды.

Тарихи романшылар Ә.Кекілбаев, І.Есенберлин, Ә.Әлімжанов шығармаларында қиын қыстау күндерде ерлермен бірге атқа қонып, елін, жерін қорғаған батыр қыздардың, бейбіт күндері бесігін тербетіп, ұрпағын өсірген аяулы аналардың бейнесін сомдаса, С.Жүнісов, З.Ақышев, Ә.Әбішевтер өздері кестелеген бас қаһармандар ғұмыр кешкен замандағы әйелдер образын сомдауға күш салды. Әйел-ана-ару бейнелері авторлық ұстанымға орай әртүрлі деңгейде кескінделді. Олар биік адамгершілік-адами қасиетімен, рухани жан әлемінің тазалығымен, шынайы махаббатына адалдығымен, ақылдылығымен, сұңғылалығымен даралатын Ақтоқты, Ұрқия, Бәну, Бибі, Самал, Назгүл, Сапар, Сәния, Бопай, Күнімжан, Аққозы, Жаған бике, Нұрбике т.б. бейнелері ұлттық әдебиетіміздегі М.Әуезов сомдаған Зере, Ұлжан, Тоғжан, Салтанат, Әйгерім, Керімбала, Ғ.Мүсірепов сомдаған Ақлима, Ұлпан образдар галереясына тың, көркем бейнелердің қосылғанын айғақтаса керек.

Әйел – эстетикалық идеал. Ол – сұлулықтың, махаббаттың, даналықтың символы. Зерттеу еңбекте қазақ әдебиеттану ғылымындағы терең де түбегейлі зерттеле қоймаған қазақ тарихи романындағы әйелдер образының жасалу ерешеліктері, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов дәстүрі мен қазақ тарихи романындағы әйелдер образын жасаудағы автордың ұстанымы мен адам концепциясы, көркемдік-эстетикалық сипаттары ғылыми тұрғыдан талданды.

Тарихи романшылар “алыптар тобы” қалыптастырған, әсіресе, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов дәстүрін жете пайдаланып, көркемдік-эстетикалық ізденістерге негіз болған әйел-ана, ару бейнесін, қазақ әйелінің ұлттық болмысын, рухани әлемін жан-жақты зерделеді. Сұлулықтың, даналықтың, биік дүниетанымның символы – Зере, Ұлжан, Тоғжандармен қатар қазақ әдебиетінде Ақтоқты, Ұрқия, Балжан, Майсара, Күнімжан, Бопай, Жаған бике, Бибі, Сәния сынды ана-әйел-ару бейнесі ұлттық болмысымен, мінез, сезім даралығымен, ақылдылығымен ерекшеленді.

Әйел - ана, әйел - сүйікті жар, әйел – ерінің сенімді серігі, әйел – жанашыр дос. Қаламгерлер Ақтоқты, Ұрқия, Назгүл, Самал, Күнімжан, Бопай, Жаған бике, Бибі, Бәну, Фатима арқылы жан дүниесі аса күрделі адам атты тіршілік иесінің әрқайсысына тән мінез иірімдерін, нәзік сезімін ұтымды бейнеледі.

Тарихи романшылар бесігін тербетіп, бөбегін әлдилеген қазақ әйелінің ел шетіне жау тиген кезеңде қолына найза алып, ерлермен бірдей елін, жерін қорғаған ерлік істерін, қан мен тер төккен ұлтжанды әр мінезін, оның бойындағы қайсарлық пен батырлықты, қазақ әйеліне тән төзімділік пен ұстамдылықты, ақылдылық пен сұңғылалықты дәріптей көрсетті.

Суреткерлер І.Есенберлин, Ә.Кекілбаев, Ә.Әлімжанов, Қ.Жұмаділов шығармаларындағы көркемдік шешімнің нанымдылығы да олардың шеберлігін танытады. Тарихи романдардағы өмір турасындағы толғаныс, ұрпақ жалғастығы сынды көкейкесті мәселелер шебер философиялық толғаммен, қаламгердің талғамымен шебер үндесіп кетеді. Қаламгерлер жеке адамдардың тағдырын барынша қазып суреттеу арқылы адам құндылығын ірі қоғамдық-әлеуметтік өзгеріс аясында көрсетуге тырысқан. Романдағы махаббатқа берілген кейіпкерлердің жан толқыны, жүрек лүпілі арқылы жалпы адамзатқа тән сезім күшінің шексіздігін суреттеді. Автор ойының айқындығын, дәлдігі, сезім сұлулығы, нәзіктік, оқиға желісінің суреттілігі Ақан-Ақтоқты, Мәди-Самал, Мұса-Сапар, Естай-Дүрия, Кенже-Сәния, Әбу Насыр-Бибі желілері арқылы бой көрсеткен. Аталмыш желілер алуан түрлі тағдырлар, кейіпкер характерін ашуда тиімділік танытқан.

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңының орындалуын жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасында 2001-2010 жылдарға арналған Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы кезеңдерде бекітілді және Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Соңғы бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Қазақстан мынадай негізгі көрсеткіштерге қол жеткізуге тиіс: «Қазтестің қорытындылары бойынша мемлекеттік тілде сөйлейтін ересектердің үлесі: 2014 жылға қарай - 20%, 2017 жылға қарай - 80%, 2020 жылға қарай - 95 %; мемлекеттік тілде В1 деңгейінде сөйлейтін жоғары мектеп түлектерінің үлесі: 2017 жылға қарай - 70%, 2020 жылға қарай - 100%; мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тіліндегі мазмұнның үлесі: 2014 жылға қарай - 53%, 2017 жылға қарай - 60%, 2020 жылға қарай - 70%; шешімдер қабылдау үдерісін талқылауға қоғамдық қолжетімділік пен жариялылық қағидаттарын ұстану тұрғысынан халықтың қанағаттану деңгейін арттыру: 2014 жылға қарай - 60% дейін, 2017 жылға қарай - 75%, 2020 жылға қарай - 90%; қазақ тілінің жүйелі терминологиялық қорының үлесі: 2014 жылға қарай - 20%, 2017 жылға қарай - 60%, 2020 жылға қарай - 100%; 2020 жылға қарай орыс тілінде сөйлейтін республиканың ересек тұрғындарының үлесін 90% -ға дейін арттыру; ұлттық-мәдени бірлестіктерде ана тілін оқыту курстарымен қамтылған этникалық топтардың үлесі: 2014 жылға қарай - 60%, 2017 жылға қарай - 80%, 2020 жылға қарай - 90%; республика халқының үлесі ағылшын тілінде: 2014 жылға қарай - 10%, 2017 жылға қарай - 15%, 2020 жылға қарай - 20%; үш тілде (мемлекеттік, орыс және ағылшын) сөйлейтін халықтың үлесі: 2014 жылға қарай - 10%, 2017 жылға қарай - 12%, 2020 жылға қарай - 15%» [3].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 шілдедегі № 878 қаулысымен Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға арналған Тілдерді дамыту мен қолданудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2011-2013 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Жоспар мынадай мақсаттарға қол жеткізуді көздейді: 1) мемлекеттік тілді - ұлттық бірліктің негізгі факторы (мемлекеттік тілдің оқыту әдіснамасын жетілдіру және стандарттау, мемлекеттік тілді үйретудің инфрақұрылымын дамыту, мемлекеттік тілді үйрету үдерісін ынталандыру); 2) мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуын насихаттау (міндеттері: мемлекеттік тілдің пайдаланылуының беделін арттыру, мемлекеттік тілге деген сұранысты арттыру) [4].



Қазақстан қоғамында латын қарпіне көшу туралы шешім қабылданғаннан кейін мұндай шешімнің орындылығы мен перспективалығы жөнінде пікірталас орын алды. Латын жазуының жақтаушылары Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бірден латын әліпбиіне көшкен Өзбекстан мен Әзірбайжанның қазіргі тәжірибесіне жиі сілтеме жасайды. Әрине, бұл елдердегі латинизация процесі моральдік (кеңестік кезеңнің рухани мұрасының жоғалу ықтималдығы және соның салдарынан басқа елдердегі этнос өкілдерімен «ортақ тіл табудың» мүмкін еместігі және т.б.) және материалдық жоспардың (оқуға үлкен қаржы бөлу қажеттілігі, кириллицада жазылған қажетті баспа өнімдерін аудару және т. б.) белгілі бір проблемаларымен бетпе-бет келеді. Қазақстан да осындай проблемаларға тап болуы мүмкін. Сондықтан мемлекет пен қоғам сауатты дайындық жұмыстарын жүргізуі қажет.

Латын қарпіне көшу біздің азаматтарымызға шет тілдерін, сондай-ақ, қазақ тілін үйренуді жеңілдетеді деген пікірлер латынның жақтастарының дәлелдемелерінің бірі болып табылады. Елдің орыс тілді азаматтары латын қарпіне негізделген қазақ тілін үйреніп, латын әліпбиіне негізделген шетел тілдерін меңгере бастайды.

Латынның қарсыластары осы жерден қазіргі Қазақстанда ресми тіл және ұлтаралық қатынас тілі мәртебесі бар орыс тілінің құқықтарына қысым жасауды көре алады. Біздің пікірімізше, мұндай мәртебе мәжбүрлі, себебі қазақстандықтардың көпшілігі қазақ тілін меңгермеген. Алайда, республика халқы қазақ тілін меңгерген уақыт өте келе, ол ресми тіл мен ұлтаралық қарым-қатынас тілі мәртебесін өзіне ала алады. Біздің еліміздің көптеген ұлттары қазақ тілін ұлтаралық қатынас тілі ретінде қабылдаған Кеңес өкіметінің алдында осындай тәжірибе болды. Қазіргі немістердің, кәрістердің, поляктардың, орыстардың және т. б. үлкен буындарына тіпті қазақ арасында орыс тілінде сөйлеуге тура келді, себебі барлық қазақтар өзінің ана тілінде айтқан. Русификация процесі қазіргі қазақ тілді азаматтарға ұлтаралық қарым-қатынас үшін орыс тілін қолдануға тура келді. Әрине, «қазақтандыру» процесін қазақстандық қоғамның көпұлтты мәртебесін ескере отырып, кез-келген қиындықсыз жоспарлы түрде жүргізу қажет, әйтпесе бұл ұлтшылдықтың өсуіне және зияткерлік өмірдің барлық салаларында бай кеңес мұрасын жоғалтуға әкеп соғуы мүмкін.

«Кворум» аналитикалық тобының сарапшысы саясаттанушы Тимур Козырев латын қарпіне көшуге байланысты былай деп айтты: «Қазақ әліпбиінің кириллицалық графикалық негізден латын графикасына көшу жобасы, оны сәтті жүзеге асырған жағдайда, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін нығайту және қазақстандықтардың дербес саяси бірегейлігін қалыптастыру процесінде оң рөл атқарады» [5].

Республика азаматтарының тілдік ниеттілігі мен тілдік мінез-құлқы мемлекеттің ішкі саясатының бөлігі ретінде тіл саясатымен реттелетін процестердің тікелей ықпал етуі нәтижесінде қалыптасқанын атап өтуге болады.

Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру тілдік қалыпқа келтіру процесін ынталандырды, қазақ және орыс тілдері арасындағы функционалдық өзара қарым-қатынастарды реттеді, қазақ тілінің қоғамдық маңызы бар салаларда қажетті көлемде қолданылуын қалпына келтірді.

А. Нысанбаева «Қазақстанда тіл саясатын одан әрі жүргізудегі негізгі қиындық «мемлекеттік тіл лайықты орын алуы тиіс тілдердің функционалдық арақатынасын нақты анықтауды» талап ететін «мемлекеттің оңтайлы тілдік кеңістігін құру» болып табылады (ҚР тіл саясатының тұжырымдамасы). Орыс және қазақ тілдерін нақты пайдаланудың арақатынасы осы талапқа сәйкес келмейді. Іс жүзінде орыс тілін пайдаланудың нақты көрсеткіші мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейіне, ал қазақ тілін ресми тілге сәйкес келеді. Қалыптасқан тілдік жағдайды өзгерту үшін қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру жөнінде кең ауқымды мемлекеттік саясат жүргізу қажет» - деп есептейді [6]. 1996 жылы Қазақстан Республикасының тіл саясаты тұжырымдамасында бұл проблема былай белгіленген: «Қабылданған шараларға қарамастан, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін толық көлемде жүзеге асыру мүмкін емес. Басты себеп - бұл мәртебе әлі күнге дейін

жарияланған, бірақ оның кең таралған зерттеуін және пайдаланылуын қамтамасыз ететін тетіктері бекітілмеген. Мемлекеттік тілде іс жүргізу қызметтік қарым-қатынастың өзінде екінші орында тұр» [7].

Тағы бір қазақстандық зерттеуші Э. Сүлейменова қазақстандық тіл саясаты теңдестірілген деп санайды. «Бұл дегеніміз, бізде түрлі этникалық топтардың мүдделерін теңгерімде ұстап тұруға ұмтыламыз. Егер теңгерім болмаса, онда елдегі келісім мен бейбітшілік бұзылады» [8].

Қ. Казакпаев тіл саясатының қанағаттанарлықсыз орындалуы өз уақытында қабылданған Тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының (1990, 2001, 2011) сәтсіздіктерінен деп есептейді. Автор бұрынғы бағдарламаларды жүзеге асыруға тым көп адамдардың жауапты болуынан жұмыс істелмегендігін айтады [9].

Мемлекеттік тілді жаңғырту үшін отандық сарапшы Р. Жанғазы: «Латын әліпбиіне көшу; «бір дыбыс - бір әріп» принципі бойынша әріптерді қажетті минимумға дейін қысқарту; қазақ тілінің грамматикасын дифтонгтар мен монофтонгтардың әлеуетін пайдалану жағына қайта қарау; ғылыми-техникалық терминдерді белсенді енгізу». Сондай - ақ ол Қазақстанда мемлекеттік тілді дамытудың үш сценарийін ұсынады: «Оптимистік сценарий - 2020 жылға қарай Қазақстан халқы тілдік құзыреттіліктің базалық деңгейін басым көпшілікте игерді. Бұған: тіл саясатын сауатты әзірлеу және тиімді іске асыру; халықты жаппай оқыту үшін қатаң талаптар мен қолайлы жағдайларды үйлестіру; мемлекеттік тілді танымал ету мен таратуға азаматтық қоғамның белсенді қатысуы; мемлекет басшысының ерік-жігері және оның бүкіл ұлтты біріктіруге бағытталған қызметі; тиісті этнодемографиялық үрдістер ықпал етті. Пессимистік сценарий - 2020 жылға қарай Қазақстан халқы қазақ тілін меңгеруде айтарлықтай ілгерілеу алмады. Бұған: елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалдың нашарлауы; сырттан «қызықтайтын» арандатушылық әрекеттермен шиеленіскен ішкі саяси жағдай; уәкілетті мемлекеттік орган тарапынан түрлі әлеуметтік-мәдени факторларды назарға алмау; тіл саясатын дамытуға бөлінген қаражатты тиімсіз пайдалану, сыбайлас жемқорлық факторы ықпал етті. Ақырында, теңдестірілген сценарий - 2020 жылға қарай 25 жасқа дейінгі Қазақстан халқы тілдік құзыреттіліктің базалық деңгейін әртүрлі дәрежеде игерді. Бұған: қазақстандықтардың жас буынына баса назар аударылды; білім алушы халықтың жаппай емес, нақты қамтылуы; оқытудың ынталандырушы тетіктерінің жеткіліксіздігі; қаржылық және өзге де ресурстардың шектеулілігі» [10].

Біз қазіргі Қазақстанда балалар мен жастар тілдік жоспарлаудың басты нысаны болуы тиіс деп есептейтін сарапшылардың пікірімен келісеміз. Соңғы жылдары мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, қазақ тілінде білім беретін орта және жоғары оқу орындарында топтарды көбейту қажеттілігі туындағаны құпия емес. Республиканың барлық ұлттарының ата-аналары өз балаларының болашағы туралы ойлайды, сондықтан олардың балаларының мемлекеттік тілді меңгеруі үшін барлығын жасауға тырысады. Мемлекет оларға көмектесуі тиіс. Барлық заңнамалық база қазірдің өзінде қабылданған - Тұжырымдама, Заң және түрлі бағдарламалар, кадрлар даярлау үшін жағдай жасалған, жаңа буынның оқу-әдістемелік әдебиет және т.б. әзірленуде. Тәуелсіздік жылдарындағы жағдай жақсы жағына қарай өзгерсе де, ең бастысы: көп ұлтты Қазақстанның басқа тілдерінің мүдделерін ескере отырып, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге ұмтылу арасында тепе-теңдік сақталады.

Кейбір ғалымдардың пікірінше, Қазақстанда тіл саясатын тиімді іске асыруға ықпал ететін міндеттер бар. Оларға мыналарды жатқызады:

- қазақ тілін оқыту бойынша жоғары білікті кадрларды даярлау;
- қазақ тілінің терминологиялық базасын жетілдіру;
- Қазақстан халықтарының тілдерін дамыту және қолдану;
- билингвизмді, яғни екі тілді - қазақ және орыс тілін дамыту;

- қазақстандықтардың жаңа буынына үш тілді үйрету: қазақ, мемлекеттік тіл ретінде, орыс, ұлтаралық қатынас тілі ретінде, және халықаралық қатынас тілі ретінде ағылшын тілін;

- мемлекеттік қызметшілерді қазақ тілін меңгергені үшін материалдық көтермелеу;

- екі тілді әдебиет, кинематограф арқылы қазақ тілін ұстануды;

- дәстүрлі орыс тілді облыстарда – Солтүстік, Орталық, Шығыс Қазақстанда және т.б. қазақ тілін неғұрлым сұранысқа ие ету [11-12].

Басқа бір зерттеушілер республикада тіл саясатын неғұрлым тиімді іске асыруға ықпал етпейтін себептерді де атап өтеді: 1) кеңес кезеңінде қазақ тілі дамымаған; 2) мемлекеттік тілді енгізу мәселесіне көптеген жарияланымдар, хабарлар, кеңестер, конференциялар арналған, бірақ олар жиі саяси және эмоциялық сипатқа ие. Мысалы, Тәуелсіздік кезеңінде отандық газеттер мен журналдарда тіл саясатын жүзеге асыру барысы мен қорытындылары туралы көптеген мақалалар пайда болды. «Қазақ тілін білу - бұл уақыт талабы және жан қажеттілігі», «егер адамдар достас болса - тілдер достасады», «мемлекеттік тіл - демек, менікі», «ана тілінде ойлану керек», «қазақ тілі - сенің, менің, біздің тіліміз» және т.б. жарияланымдардың негізгі бөлігі насихат сипатында болу тиісті [13]. Осындай мақалалардың авторлары саяси қайраткерлер, мемлекеттік қызметшілер, журналистер болып табылады.

Қорытындылай келе, біз «қазақ мәдениетінің бір бөлігі ретінде қазақ тілін қайта өркендету перспективалары және оны қазақ емес халықтың кеңінен қолдануының болашағы оның қазақ отбасына қайта оралу ісіне нақты қоса берілген күш-жігермен айтарлықтай жақсарарды»[14] деген пікірмен, яғни Индиана штаты университетінің профессоры У. Фиерманмен келісеміз. Себебі, ең алдымен қазақ отбасы қазақ тілінің дамуын көздеген жағдайда ғана тіліміз өз ұшқынын алып лаулайтынын барлығымыз білеміз. Ешкім сырттан келіп мемлекеттік тілді жөндеп бермейді. Елімізге 27 жыл толса да, орыс тілінің күрмеуін әлі күнге шеше алмай жүргеніміз намыстанарлық дүние. Білік басындағылардың «көп ұлтты мемлекетпіз» және қарапайым халық арасындағы кеңес дәуірінде «орысша оқыдық» деген сылтаулары еш нәрсеге дәлел бола алмайды. Осы тұста рухани жаңғыру идеясының не үшін қабылданғанын түсінеміз. Әр бір елін сүйетін азамат еш сылтау айтпастан міндетті түрде тілінің қасиетін жоғалтпауға тиісті. Қазіргі уақыттағы мемлекеттік тілді дамытуға арналған бағдарламалардың жүзеге асуына ат салысу әр бір «мен қазақстандықпын» деген азаматтардың басты парызы болуы тиіс. Болашақтағы ұрпағымыздың алдында жауапкершілігімізді сезіне отырып барлығын жүйелі түрде жасауымыз керек.

#### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Хасанұлы Б. Развитие государственного и других языков – фактор демократизации Республики Казахстан / Б. Хасанұлы // Вестн. Павлодарского гос. ун-та. Сер. Социологические науки. – № 1. – С. 166 -176.

2. Жангазы Р. Системный подход в реализации государственной языковой политики Республики Казахстан до 2020 года: анализ, стратегия, политика, прогнозы / Р. Жангазы. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://zhangazy.yvision.kz/post/190934>

3. Стратегии и программы Республики Казахстан. Государственная программа развития и функционирования языков в Республике Казахстан. – [Электронды ресурс]. – Режим доступа: [http://www.akorda.kz/ru/category/gos\\_programmi\\_razvitiya](http://www.akorda.kz/ru/category/gos_programmi_razvitiya)

4. Об утверждении Плана мероприятий на 2011–2013 годы по реализации Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011–2020 годы. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://archive.mki.gov.kz/showarticle.php?lang=rus&id=6439>

5. Названа главная задача языковой политики Казахстана. – [Электронды ресурс]. – Режим доступа: <http://news.nur.kz/195191.html>

6. Нысанбаева А. Языковая политика в Казахстане. «Казахстанский патриотизм должен перенять черты американского...». 2003, 7 янв. / А. Нысанбаева. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1041890340>

7. Концепция от 07.11.1996 № 3186 «Концепция языковой политики Республики Казахстан». – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.pavlodar.com/zakon/?dok=00553>

8. Сулейменова Э. Языковая политика Казахстана должна быть сбалансированной. 2012, 23 февр. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://dknews.kz>

9. Казакпаев К. Языковая ситуация: особыми успехами явно не приходится хвалиться. 2009, 29 дек. / К. Казакпаев. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.meta.kz/362421-jazykovaja-situacija-osobymi-uspekhami-javno-ne.html>

10. Амирхамзин А. О казахах, о казахском языке. – [Электронды ресурс]. – Режим доступа: [http://www.neotech.kz/print/article1\\_KZ\\_language.html](http://www.neotech.kz/print/article1_KZ_language.html).

11. Савин И.С. Истоки современной культурно-языковой ситуации в Казахстане // Этнографическое обозрение. – 2000. – № 5. – С. 117-128.

12. Савин И.С. Реализация и результаты культурно-языковой и образовательной политики в Казахстане в 1990-е годы // Этнографическое обозрение. – 2001. – № 6. – С. 104-122.

13. Языковая политика в Казахстане (1921–1990 годы): сб. документов / М.К. Айбасова, Р.К. Имажанова и др. – Алматы: Қазақ ун-ті, 1997. – 325 с.

14. Фиерман У. Поворот языкового сдвига в Казахстане // Этнографическое обозрение. – 2005. – № 6. – С. 49-71.

## ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ

ТЕГІС С.Қ

*Ф-18-1к тобы студенті*

БИЛЯЛ Б.Қ

*Ғылыми жетекші, филология магистрі, аға оқытушы*  
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті  
Қарағанды қ, Қазақстан Республикасы

*Аннотация:* Бұл мақалада қазақ жазуының қалыптасуы мен даму тарихының маңызын қарастыратын боламыз. Барлығымыз білетіндей қазақ жазуы көне түркілер заманынан басталып, ХХІ ғасырға дейін түрлі өзгерістерге ұшырады. Бұл мақаланы жазудағы біздің басты мақсатымыз- болашақ ұрпаққа жазу тарихымыздың қалай пайда болғанын насихаттау.

*Кілт сөздер:* латын графикасы, араб графикасы, Орхон-Енисей жазба ескерткіші, кирилл жазуы

Қазақ халқы өзінің ұлт болып қалыптасуын көне түркілердің заманынан бастаса, жазу мәдениетінің тарихы да осы дәуірден бастау алып отыр. Қазақ халқының пайдаланған дыбыстық жазу түріне көне түркі жазуы, ұйғыр, араб жазуы және А.Байтұрсынұлының төте жазу үлгісі, латын графикасына негізделген қазақ жазуы, орыс графикасына негізделген қазақ жазуы жатады.

Алғашқы әріп жазуының көне бір тармағы ол-руникалық көне түркі алфавиті болып табылады. Бұл алфавитпен жазылған ескерткіштер – көне түркі тайпаларының жоғарғы тіл мәдениеті мен білім деңгейінің көрсеткіші. Көне түркі жазу ескерткіштердің табылу аймағы үлкен: Хакасия, Алтай, Тува, Саян-Алтай, Енисей, Талас, Орхон, Қарақорым, Тараз, Павлодар, Есік, Ертіс, Қырғызстан Қошқар өңірі. Бұл әр аймақтың графикасы

өзіндік дыбыстық ерекшелігімен көрінеді. Дегенмен көне түркі жазуына қатысты жоғарыдағы ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, көне түркі жазуына ортақ орфографиялық ерекшеліктерді тануға мүмкіндік бар деп ойлаймын. Көне түркі жазуы біздің ата-бабаларымыз қолданған жазу болғандықтан, бұл кезең қазақ жазуы тарихында елеулі орны бар дәуір.

Араб жазуының түркі тілдерінде қолданылуы ІХ-ХІ ғасырлардан бастау алды. Түркі тілдес ескерткіштердің қазіргі кезде мәлім болған алғашқы нұсқасының бірі- Құтадғу біліг дастаны (1069 жылы). Құтты білік дастанының араб әрпімен жазылған Наманган және Каир қолжазба нұсқалары шамамен ХІІ-ХІІІ ғасырларда көшірілді. Сонымен қатар ХІ ғасырдың мұрасы Диуани лұғат ат-түрік еңбегі, ХІІ-ХІҮ ғасырларға жататын «Ақиқат сыйы», «Әулие-әмбиелер қиссасы» және т.б көп еңбектер араб әліппесімен жазылған.

ХІХ ғасырда орыс графикасына негізделген қазақ әліпбиіне көшуге бағытталды. Араб графикасының қазақ тілінің дыбыстық жүйесін берудегі қолайсыздығы, омографтардың көбейіп кетуінен мәтіннің мағынасын түсіну қиындығы, жазудың демократиялануына кедергі келтірді. Сол себепті Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқы үшін жазуды жөндеудің бір ғана жолын көрді, ол графиканы өзгертпей, әліпбиді жетілдіру жағы болғаны белгілі. Бұл қазақ жұртының өзге елдің саясатына мойынсынбай, өз тілінің жазуын ойлап тапқанмен тең болды. Жалпы осы кезде араб графикасынан бас тартуды ұсынғандар саны көп болды, екіншіден, сол кезеңдегі Ресей үкіметі саясатының есебінен орыс жазуына көшу бағыты шығып қалып еді. 1876 жылы қазақ жазуын орыс графикасына көшіру туралы мәселе мықтап қолға алынды. Орыс графикасына негізделген ең алғашқы қазақ әліпбиін Н.И Ильминский жасады.

Жаңа емле жазуы: 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде, 1929 жылға дейін кеңестік мектептерде қолданылды. 20-шы жылдардың аяғында емлені ауыстыру жайлы түркі, қазақ зиялылары арасында айтыс жүріп, А.Байтұрсынов реформалаған емле колданыстан шығарылды. Реформалауға не түрткі болды дегенге келсек, дәстүрлі араб жазуында: біріншіден, бір дыбысты жазу үшін бірнеше әріптер пайдаланылатын; екіншіден, сөзді жазғанда оның тек дауыссыз дыбыстары ғана таңбаланатын да, дауыстылары жазылмаған сөздің мағынасын түсіну қиындық тудыратын; үшіншіден, араб әліпбиінде дауысты дыбыстарды белгілейтін таңбалар саны үшеу ғана болғандықтан, бұл таңбалар тоғыз дауыстысы бар қазақ тілі үшін жеткіліксіз болды; төртіншіден, мұсылманша сауат ашу әдісінде әріптердің таза араб тіліндегі дыбысталуы мен айтылуын жаттатумен ұзақ уақыт кететін; бесіншіден, ол кездегі жазба тілдің құрылымында араб, парсы, ескі тілдің сөздері көп қолданылатындықтан, қалың бұқараға емес, азғана топтың мүддесіне қызмет ететін.

Аталған жазудың осындай кемшіліктері халықты сауаттандыру ісін тежейтінін түсінген А.Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап араб жазуын қазақ тіліне ыңғайластырып, жақындатуды қолға алады да, оны 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгізеді. А.Байтұрсынұлы бір халықтың әліпби (алфавит) жүйесін екінші бір халық қабылдағанда, оны өз тіліне икемдеп, үйлестіру қажеттігін, олай етпеген жағдайда әріп мәселесінің дұрыс шешім таппайтынын 1924 жылы өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде ашық түрде айтқан еді.

Бірыңғай түркі әліпбиі - Қазақ тілінің өзіне тән 9 дауысты мен 17 дауыссыз дыбысына 29 әріп арналады.

Қабылданған әліпбидің артықшылығы:

Бір дыбыс – бір әріп принципі қатаң сақталды;

Түркі халықтары ұстанған принцип қатал ұсталды;

Оқуға қолайлы, жазуға оңай, өте қарапайым;

Кірме әріптер жоқ;

Жол асты, жол үсті белгілері жоқ.

Қазақ кирилл әліпбиі - 1938-39 жж. латын графикасына негізделген әліпбиді орыс графикасына ауыстыру мәселесі қызу талқыға түсе бастайды. 1939 жылы 10 тамызда алғашқы әліпби жоба жарияланады. Жобада 40 әріп: а, ә, б, в, г, д, е, ж, з, и, й, і, к, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ұ, Ұ, ф, х, к, г, ц, ч, ш, щ, ь, ы, ь, э, ю, я. Осы тәрізді жобалардан кейін 1940 жылы орыс графикасына негізделген қазақ жазуы қабылданады. Оның емле ережесі де бекітіліп, өңделіп те келе жатыр. Бірақ қазіргі кезде ғалымдар орыс тілі сөздері түпнұсқа принципіне бағынуын және кірме әріптердің қазақ әліпбиінде орын берілуін сөз етіп келеді.

Осы аталған кезеңдер тек қана қазақ халқы ғана емес, сол кездегі Ресей үстемдігінің қол астында болған түркі тілдес халықтардың барлығына да тән еді. Осыған байланысты қазақтың көрнекті ғалымы Т. Қордабаев өзінің бір еңбегінде былай деп жазған еді: “Әдетте, түркі халықтарының араб әліппесінен латынға, одан орыс графикасына негізделген жазуға көшуді түркі тілдес халықтар графикасының дамуы деп атайды. Меніңше, бұл өзгерістерді, яғни 30-ға тарта ұлт, этникалық топ өкілдерін ондаған ғасыр бойы қолданып келген, өздерінің азаматтық, рухани тарихтары жазылған жазуынан айырып, айналасы 20 шақты жыл ішінде екі түрлі әліппе қабылдауға мәжбүр етуді, даму деу әділдік бола қоймас, оны халықтар сауаттылығын арттыруға, олардың рухани дамуына зиянын тигізген, өткен тарихын ұмытуларына, білмеулеріне бастаған зор кесел еді деген жөн. Пантуркист, панисламист деген айыптар тағылып, озбырлық құрбаны болған А.Байтұрсынов сияқтылар дәл осылай бағалаған болатын”.

#### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. А., 1971.
2. Т. Қордабаев. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. А. 1995.
3. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы
4. Аманжолов А. Көне түркі жазуы // Қазақ тілі энциклопедиясы. Алматы, 1998..
5. Әбілқасымов Б. Қазақ жазбасында орыс графикасының қолданылу тарихынан // Известия АН Каз ССР Сер. фил. 1977. К4.

## ТҮРКІ ТЕКТЕС ЕСІМДЕР МЕН ОРЫС ФАМИЛИЯЛАРЫ

### *ТІЛЕКТЕС АИДА*

*ГМУ-12 тобының студенті*

### *КАБАТАЕВА К.Т.*

*Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., профессор*

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

*Аннотация:* Орта ғасырдағы араб жазу ескерткіштегі кездесетін антропонимдер бізге көне түрік ескерткіштер арқылы белгілі.

Ч.М.Гусейнзденнің «Орта ғасырдағы араб жазу ерекшеліктерінің көне түркі антропонимдер» деген мақаласында араб жазу ескерткішіндегі антропонимдердің (кісі есімдерінің) этимологиясы берілген. Мысалы, *Boran Боран, Буран* есімі, араб деректерінде бұл парсы Хосорва Парвиза (VIII ғ.) әмірінің қызының есімі және Момина (IV ғ.) халифтың әйелінің есімі. Боран есімі ресми есімнен кейінгі берілген лақап есімі. Хосрова Парвиза әмірінің қызының ресми (шын) аты – Захра, ал Момина халифтың әйелінің аты – Хадиджи екен. Орта ғасырда түркі антропонимдерінде екі есім болуы (ресми есім және лақап ат) түркі халықтарына тән екендігі қарастырылды.

*Кілт сөздер:* Тарихи ескерткіштер, орта ғасырда, этноантропоним, лингвомәдени жүйе.

Орта ғасырда түркі антропонимдерінде екі есім болуы (ресми есім және лақап ат) түркі халықтарына тән екендігі жоғарыда қарастырылды. Түркі халықтарында *Боран* есімі өзбек тілінде – *Буран*, әзірбайжан тілінде – *Боран*, қазақ тілінде – Боран деп айтылады. Боран сөзі түрік тілінде бора етістіктен құрылып «буран, вьюга, метель, гроза, грозовой ливень, туман, непогода» қазақша «боран, бұрқасын, найзағай, тұман» деген мағына береді. Боран, Буран екі сөзден тұрады, бұр етістігінен және – *ан* деген қосымшадан. Бур – Бур сөзі (крутить, сверлить, кружится, поварачивается, гнуть) қазақша борау, бұрғылау, айналдыру, қайысу етістігі.

М.Қашқаридің сөздігінде *бур* сөзі хош иіс шығару 1) пахнуть, благоухать: Уірог burdi мускус благоухал 2) испариться SW burdi вода испарилась деп көрсетіледі.

Ю.Баласағұнидың «Құтадғу біліг» (Құт әкелетін білім) еңбегінде *бур* сөзі хош иіс шығару (благоухать) деген мағына береді. Сонымен *Боран*, *Буран* антропонимінің бірінші компоненті *бур* хош иіс шығару, ал –*ан* қосымшасы кісі есім жасайтын туынды аффикс. Мысалы, *Buran, Basan, Gyjan Сэлчук, Долак Уран* т.б. есімдері бұған дәлел. *Боран* есімі әйел есімі екені бұл сөздің мағынасынан көреміз. Өйткені түркі халықтарының әйел есімдері әсем, сұлу, нәзік, мөлдір деген мағыналарды білдіреді. Ал *Боран* есімінің синонимі *Жазира* деген есім деп айтуға болады. Өйткені *Жазира* – жағымды, жап-жақсы, яғни хош иіс.

Келесі антропоним Маңқушкур Ибн ал-Асира «Камил фит-тарих» еңбегінде әзірбайжан тілінде – *Миникичовр*. Бұл есім екі компоненттен тұрады: *мен* және *сиг*. Бірінші компоненті – *мен* «родимое пятно» *menli* «пятнистый», *menbars* «пятнистый барс» (тигр), *mensig* «с родимымы пятном, меченый» *менімен* (ен салу) деген сөз. Сонымен, бұл есімді *мені бар* адамға қояды, қазақ тілінде осы сөзбен тіркескен кісі есімдері де кездеседі. Мысалы, *Меңгүл, Меңтай, Меңжан* т.б.

Тарихи ескерткіштермен эпостық жырлардағы этноантропонимдердің этностық танымы мен әлеуметтік болмысына сәйкес қалыптасқанын көрсететін лингвомәдени талдау дәлелдейді. Мысалы: *Бай + бөрі, Бай + сары немесе Сары + бай, Қара + бай, Бай + шұбар, Баршын, Қараман, Қаратау, Көкаман (Гокман)*.

Профессор Т.Қоңыратбаев «Қорқыт ата кітабы» мен «Күлтегін» ескерткіштеріндегі антропонимдерді салыстырып, тарихи этникалық үрдіспен сабақтастырады.

Академик Р.Ғ.Сыздықтың көрсетуінше, Жалаиридің «Жами ат-тауарих» әскери-әкімшілік, саяси-әлеуметтік титулдағы *хан, сұлтан, мырза, бек, би, баһадүр, нойан, гүрген, тайшы* т.б. сөздер кісі есімдерінің құрамына кіреді. Ескерткіштегі кісі есімдеріндегі компоненттері монғол, араб, парсы, қытай тілінен енген.

Мысалы, *хан* «мемлекет басқарушы» деген титул. *Хан* сөзі түрік, монғол, тілінде *қаған*, арабша *хакан*. В.В.Бартольдтің айтуынша, монғол дәуірінде *қаған* (*каан*) мен *хан* сөздер болған. Кейін монғол тілінде *қаған* сөзі жойылып *хан* сөзі қалды.

*Хан* сөзінен құралған кісі аттары: *Чингиз хан, Борис хан, Толуй хан, Темір хан, Абақа хан, Қайду хан, Кабул хан, Чагатай хан, Тумина хан, Орыс хан, Үгетай хан, Буданжар хан, Кутла хан, Жочи хан, Тайан хан, Буйрук хан, Арслан хан, Меңгу хан, Фаран хан, Меңке хан, Гүйік хан, Кубылай хан, Абақа хан, Арғун хан, Сайын хан, Қасым хан, Жәнібек хан, Үсек хан, Йәдік хан, Қадырберді хан, Күчим хан, Булғайыр хан, Айбақ хан, Саган хан, Агатай хан, Есенкүл хан, Бужук хан, Йадгар хан, Мұхаммед хан, Бурхан хан, Жомарт хан, Ахмед хан, Махмуд хан, Шейбақ хан.*

Келесі титул – *нойан* (ноян) сөзінің синонимі араб тіліндегі эмир сөзі. Монғол империясында жоғарғы аристократиясына князьдар мен нояндар жатады. Шыңғыс ханның Толый деген кіші ұлының титулы «ұлы нойан» болған.

Нойан сөзі көбісі чингизтердің есімдеріне тіркелген: *Куткушуи нойан, Майа нойан, Болгин нойан, Баурчи нойан, Баракул нойан, Күжүгүр нойан, Мүгә нойан, Қасар нойан, Ыуку нойан, Кеңкийатай нойан, Дай нойан, Алчы нойан, Хуку нойан, Майа нойан, Кәнтай нойан, Тегудар нойан, Азул нойан, Илге нойан, Сүті нойан, Судук нойан, Ихбал нойан, Бала нойан, Қасар нойан* т.б. Қазіргі қазақ тілінде *Нойан* деген кісі есімі бар, ал *нойан* сөзімен тіркескен есімдер жоқ.

Сұлтан бұл қазақ хандарының азамат болған. Кейбір деректерде сұлтан сөзі ханзада деген ұғымды берген. Ескерткіштегі сұлтан сөзбен бірге жазылған кісі есімдері: *Ешім сұлтан, Ондан сұлтан, Шаһим сұлтан, Руст сұлтан, Йүніс сұлтан, Махмұд сұлтан, Еш сұлтан, Жан Керей сұлтан, Дәулет сұлтан, Жәнібек сұлтан, Болат сұлтан, Бөкей сұлтан, Әдік сұлтан, Али сұлтан, Ахмет сұлтан, Жанай сұлтан, Бахтияр сұлтан, Жафарберді сұлтан, Мұхаммед сұлтан, Жаналддин сұлтан, Сейдқұл сұлтан, Келімберді сұлтан, Сұлым сұлтан, Ибрахим сұлтан, Ораз сұлтан, Шақим сұлтан* т.б.

Баһадүр сөзі – «батыр», «қаһарман» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз – монғол әскерлерінің титулы. Шыңғыс хан туыстарының және ұрпақтарының титулының бірі. Қазақ тілінде бұл сөзбен тіркесіп жасалған кісі есімі жоқ, монғол кісі есімдеріне тіркеседі. Мысалы, *Таубал баһадүр, Йетим баһадүр, Бу Баһадүр, Су бутай баһадүр, Йолақ баһадүр, Көку баһадүр, Мунаду баһадүр, Йесуге баһадүр* т.б.

Беки-бики – ірі тайпа басшыларының титулы. Б.Я.Владимирцов *беки, бики* сөзінің түрікше этимологиясы «крепкий, прочный, твердый, сильный», «қайратты, мықты, күшті». Мысалы, *Тукба беки* т.б.

Падшаһ сөзі – парсы тілінде «елбасшы» деген мағынаны білдіреді. Падшаһ сөзінің эквиваленті – хан, орыс тілінде – *царь*. Мысалы, *орыс падишаһы Борис* т.б.

Қорыта келгенде, *хан, сұлтан, мырза, бек, баһадүр, нойан, падишаһ, герген*, т.б. сөздер кісі есімдерінің негізгі компоненті болған, қазір де қолданылады. Ескерткіштегі тарихи тұлғалар есімдері тілімізде қазіргі кісі аттарында кездеседі. Мысалы, *Болат, Жәнібек, Мұса, Асан, Хасан, Қасен, Сабыр, Ноян, Мырза, Шыңғыс, Едіге, Дәулет, Мұхаммед, Жанай, Әли, Али, Ибрагим, Ибрахим, Ыбырай, Ораз* т.б. Ескерткіштегі *хан, сұлтан, мырза, нойан, бек* сөздер тарихи қайраткерлердің титулын көрсетсе, ал қазір бұл сөздер кісі аттарының туынды компоненті. Мысалы, *Шыңғысхан, Бексұлтан, Әділбек, Әлихан* т.б.

Жалпы, әр кездегі орыс мемлекетінің, тарихының қалыптасуына, өркендеуіне қазақ жайлап отырған осынау ұлы даланың, дала мәдениеттің, Алтын Орда сияқты, ол ыдырағаннан кейін салтанат құрған Қазан, Астрахан (Хажы Тархан), Қырым, Сібір хандықтарының маңызы, ықпалы болғаны белгілі.

Түркітанушы ғалым Н.А.Баскаковтың «Русские фамилии тюркского происхождения» атты кітабы көптеген тұра, орыс және өзге де славян халықтарының тіліндегі есімдер, тюркизмдер берілген. Нақты айтқанда, кітапты, негізінен, 1852 жылы жарық көрген «Временник Императорского Московского общества и древностей российских» деп аталатын орыстың атақты ақсүйектері мен князьдарының шығу тегі туралы шежіредегі орыс антропонимдері (фамилиялары) талқыланады. Мысалы, *Тоузак Неклюдовтың* атасының есімі түркі тілінде *тозаң* немесе шағатайша *тұзақ* сөзінен алынған дейді (Будагов, І.). Ал *Щербачевтар* тұқымы Алтын Ордадан Ресейге көшіп келген *Федор Салтановичтің* ұрпақтары екен. *Салтан* арабтың «сұлтан», қазақтың «сұлтан» сөзі, *Тимашев* – тюркизмдегі «*тума, тумасы*» деген ұғымдарының этнонимі.

#### Салтыков

Граф *Салтыковтар* әулеті «ресейлік ақсүйек» байырғы Салтыковтардан тараған. Бұл әулеттің түп-тегі *Михаил Салтыковтың* ұлы *Андрей Салтык* 1508 жылы ұлы князь *Василий Ивановичке* қару сақтаушы болып қызметке келген. *Михаил Салтыковтың* кейінгі өзге де тұқымдары Ресей тағына әр түрлі шенді қызметтер атқарған. Осы әулеттен шыққан *Параскевиа Федоровна Салтыкова Иоанн Александрович* патшаның әйелі болған.



*Салтыков* әулетінің шыққан тегі жайлы кейбір мәліметер олармен аттас дворяндардың шежірелерінде де келтірілген. Бұл шежіреде «Салтыковтар фамилиясы ежелгі дегдарлы ата-бабалардан таралған деп басталады да, осы әулеттің ұрпақтары *Данилдың ұлы Иван 7076 -1568* жылы помещьелерге лақап есімді Тимофей 7184-1676 жылы дворян болып жазылған дейді.

*Салтыковтар* фамилиясы орыстың *салтык* деген лақап атынан шыққан. Оның, яғни «Салтыковтың» түпкі мәні түркінің *saltag – soltag – syltyg* сөзінде жатқан сияқты, - дейді Н.А.Баскаков. Бұл қыпшақ тобына жататын қазақ, қырғыз тілінде аздап ақсандайтын адамды «солтық», «сылтық», «сылтып басып» дегенге келтіргендей.

Сол сияқты «салтық» сөзі жеке біреудің есімі болып та кездеседі. Мысалы, Эрзерум князі *Салтук* немесе *Сары-Салтық* – XVII ғ. Рум елінің батыры.

Дегенмен «Салтық» деген сөзі – *salt*, яғни *салт* деген сөздің туындысы. Бұл кез келген түркі халқының тілінде жиі ұшырасады. Әсіресе, қыпшақ тобында бұл сөз *үрдіс, тәртіп, салт, дәстүр* мағынасына ие. Бұл сөзге орыстың түркілерден ауысқан «салтық» сөзі де мағыналас. Мысалы, орыстарда «*на свой салтык*», яғни «*на свой лад*» деген нақыл сөз бар. Ол, біздіңше, «*өз ыңғайына*», «*өз дәстүріне*», «*өз салтына бейімдеп*» дегенді білдіретін және орыстың осы «салтық» сөзі қазақтың *saltyg* «салттықты сақтау», «*адамгершілікті сақтау*» дегенді сөзге сәйкес келеді, - дейді ғалым. Қазақта «салт» сөзінің «*үрдіс*», «*дәстүр*», «*адамшылық*» дегеннен өзге де (*saln – sana* идеология) «*салт басты*», «*салт жолаушы*», яғни артулы жүгі жоқ, жеңіл жолаушы дегенді білдіретін де мағынасы бар (Тіпті, баласыз, қара басы жүрген әйелді «*салтаң*», «*сыбай-салтаң*», «*салтаң әйел*» деп те айта береді.

Сонымен, Салтыков деген фамилия өзіміздің «салт», «салттық», «салтық», «солтық», «сылтық» атауларынан шыққаны белгілі болады. Тіпті И.С.Тургеневте «*порядок не знает и все на свой салтык норвит, не так, как отцы*» деген сөйлемде де кездеседі. *Суворов* – Римникскийлердің шежіресінде Суворов деген фамилияның ежелгі швед әулеттерінің атауынан шыққан. Граф Александр Васильевич Суворов Римниксидің ата-бабалары Суворов деп аталған. Олар Михаил Федорович патшалық құрып тұрған шақта жылы Ресейге келіп бодан болған.

Сонымен, Суворовтар фамилиясы, яғни әулеті басқалармен салыстырғанда орыстарда кейінірек шыққан, ол XVII ғасырдың бірінші жартысына жатады. Суворов есімі шведтің *suar* немістің *sehwer*, яғни ауыр, салмақты, лүшті, қуатты, қатал, қатаң, мазасыз, ашуланшақ сөздерінен шыққаны мүмкін. Бұл талдауда Н.Баскаков орыстың суровый деген сөзі түркінің *сұр, сұрғылт, тұнжыр* сөзінен шыққан, «*сувор I*», «*суровый*» дегеніміз де солай «*суровый-дың*» (*сұрдың*) сөзі. Сонымен, орыстың «*суровый*» дегені де «*серый*» сөзі де түркілердің *сұр, сұп-сұрынан* шыққан екен.

Ушаков

Орыстың ең атақты адамдарының ішінде Ушаков деген фамилия жиі кездесетін еді. *Ушаковтардың* шежіресі, әсіресе ататегі *Косогский* князі *Редегиден*, яғни толып жатқан орыс фамилияларының аты аңызға айналған *Редегиден* басталатыны көрініп тұр, - дейді Н.А.Баскаков.

«Князь Каусуйский Орды» *Редега* ұлы князь *Владимир Мстиславовичпен* шайқаста қаза тапқан, ал оның екі ұлына шоқынғаннан кейін *Юрий* князь оған, яғни *Роман Редегичке* қызын берген. Оның шөпшегі *Григорий Слепойдың Ушак* деген ұлы болған. Оның ұрпағы *Немир Юрий Ушаков* 1557 жылы *Булзукте* воевода болыпты. Ушаковтар фамилиясында түркілердің бірнеше мағыналы сөзі бар. Олар *usag-usag*, яғни, майда, ұсақ. Екіншіден, кішкене, аласа. Үшіншіден, ұсақ-түйекшіл адам. Төртіншіден, жас, сәби, балашаға.

Қорыта айтқанда, лингвомәдени жүйеде анықталатын қазақ тіліндегі антропонимдер – көне дәуірлерден этникалық ақпарат жеткізетін тарихи, мәдени және рухани әлеуметтік құбылыс. Осы жүйеге кіретін этноантропонимдердің этномәдени және

тарихи болмысында түрлі этнос және этникалық топтардың тарихи тегі мен жағырафиялық қозғалысы көрініс табады.

#### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Гуйнзаде Ч.М об этимологии некоторых древнетюркских антропонимов, зафиксированных в арабских письменных памятниках средневековья. – Алма-Ата, Ғылым, 1990-291 б.
2. Конкашев Г.К. Географические название монгольского происхождения на территории Казахстана. Изв.АН Каз ССр. Серия филология и искусствоведение. – Вып. №1. Алматы, 1959. -304.
3. Қазақ Совет Энциклопедиясы. – Алматы, 1975. Т VI.
4. Сыздыкова Р. Язык Жами-ат Тауарих Жалари. – Алма-Ата, 1989. 73.
5. Қазақстан тарихы том- 1. Алматы-Атамұра, 1996. – 425-427 б.

### THE DEVELOPMENT OF NATIONAL AND FOREIGN LANGUAGES IN MODERN CONDITIONS

**TURKESHEV YERASYL**

student of group “WE-12”

**MUKUSHEVA G.R.,**

*Scientific adviser: assistant professor of the Department of foreign and Russian languages*

Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz  
Karaganda, Republic of Kazakhstan

*“If you talk to a man in a language he understands, that goes to his head. If you talk to him in his language, that goes to his heart.”*

*Nelson Mandela*

*Annotation.* This article is devoted to analyzing the issue of development of national and foreign languages in modern conditions.

*Keywords:* Language, globalization, technologies, education.

Speech and language play very important role in our live. The knowledge of language gives human an opportunity to live in society and communicate with people. It helps us to understand ourselves, our thoughts and feelings, and also serves to transmit and store information. Its greatness and significance is unshakable.

In the era of globalization, technological and digital revolution, there was an urgent need for knowledge of English and other world languages. This necessity appeared due to the fact that most of the technology and innovative ideas come to us from the West. Economic and political interest of countries in these developments just boosted the process of learning of foreign languages. After all, in order to get and use these technologies, you must know the language of your future partner. In this regard the government introduces such disciplines as the English language in a number of compulsory school subjects and the French language in a number of individual schools. Thousands of language-schools and colleges are being opened across the whole country. Specialties connected with the learning of foreign languages are being introduced to university education programs. I would also like to note that the Bolashak international scholarship was approved by the decree of the President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev of November 5, 1993.

The goal of the program is to train personnel and specialists for priority sectors of the country's economy. The program includes both academic studies (master's and doctoral studies) and research and production internships at leading companies and universities in the world.

Furthermore the cultural, mental and mass-media background of foreign countries also contributed to the global learning of languages. Literature works, works of video game industry, music and films are began to actively translate into recipient's language. However the percent of people in Kazakhstan who know and use foreign languages, especially – English, is quite low. According to researches of international education company that specializes in language training - EF Education First, Kazakhstan ranks 80th with an index (45.19) among 88 countries in which English is not an official language.

In the language sphere, our state adheres to a consistent policy of multilingualism. A deep understanding of the culture of one's people is impossible without knowledge of the language and culture of other peoples living in one country. Kazakhstan is a multicultural country, a significant part of whose population is bilingual. It is quite obvious that intercultural communication would be difficult without knowledge of several languages.

Multicultural education in the Republic of Kazakhstan today is one of the main directions in the system of the secondary and higher education. It is education that is the most important stage in the process of the formation and development of a multicultural personality, a stage when the core values and life principles are consciously formed. It is multilingualism that is able to provide the student with a favorable environment that provides a harmonious combination of the development of humanistic universal qualities of a person with the possibility of totally fulfilling his national-cultural and ethnic needs. It should be noted that in modern conditions the way of life of a person is unified in a certain way, many national differences are erased, the connection of a person with his roots is lost, and the moral experience of previous generations is depreciated. Therefore, we are faced with the most important task - to use all our unique experience and knowledge of the cultural traditions of peoples and ethnic groups, universal human values and world culture in creating a favorable educational environment to become a socially active person.

Simultaneously with the Kazakh state language, serious steps are being taken to create the conditions for learning Russian and English. Russian language is traditionally the language of the inter-ethnic communication on the territory of our country, and its value cannot be overestimated for the development and formation of the state. We “cannot ignore the fact that it is through the Russian language Kazakhstanis acquire additional knowledge, expand their horizons and social circle both inside and outside the country. ... We must make a step forward in learning English. Possession of this “lingua franca” of the modern world will open new boundless possibilities in the life of every citizen of our country.”

As we mentioned above, the English language plays an extremely important role in such areas of human activity as science, technology, economics, trade, sports, tourism. When Swedish, German or even Japanese scientists want to inform their foreign colleagues about their discoveries or share interesting results, they publish scientific articles in English-language journals. This language has become an international language in aviation and shipping. English serves as the working language of the absolute majority of international scientific, technical, political and professional international conferences, symposia and seminars. Summing up, it is safe to say that English in the modern world plays the same important role that Latin played in Europe in the Middle Ages.

Language learning, associated with the becoming accustomed with the cultural, historical, social values of each language, should serve as a means of understanding between peoples. The formation of language competence is of value in enriching its own culture as a whole.

#### REFERENCES:

1. Siguan M., Mackey U. Education and Bilingualism. –M.: Pedagogy, 1990.

2. Belogurov A.Y. // Problems of Multicultural Education: International collection of scientific articles.- Makhachkala: 2001, pp. 27-31.
3. Государственная программа развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы // edu.gov.kz
4. <https://www.ef.kz/epi/>

IRRATIONAL BEHAVIOR AS A CONCEPT OF MODERN ECONOMIC  
DEVELOPMENT

*BASSUMATOROV MIKHAIL MIKHAILOVICH*

*IR 22 International relations*

*KALIEVA G.K.*

*Supervisor senior lecturer*

Karaganda economic University of Kazpotrebsoyuz

Karaganda, Republic of Kazakhstan

**Abstract.** The article is devoted to the exploring of the irrational decision-making problems, made by an economic agent within the concept of behavioral economics. The mechanism of the impacts of social, cognitive and emotional factors on the process of an irrational decision making by an individual is analyzed using the example of perfectly inelastic demand for any flowers on the eve of International Women's Day.

**Key words:** behavioral economics, irrationality, economic agent, psychological factors

Historically, there have been many prerequisites for the creation of an ideal model of an economic agent, taking into accounts its personality and diverse motives of activity. I must point out the importance of bounded rationality in the numerous views of people acting in a particular system of socio-economic coordinates. The model “homo economicus”, presenting the ideal-rational individual, is often criticized by modern economists [1].

One of the first behavioral economists Douglas North wrote, “Human behavior appears to be more complex than that embodied in the individual utility function of economists' models. Many cases are ones not simply of wealth-maximizing behavior, but of altruism and of self-imposed constraints, which radically change the outcomes with respect to the choices that people actually make [4].”

Psychological research of cognitive distortion in decision-making processes, introduced in the 1950s, was meant to shed more light on the brain as an information processing device. One of the first major studies was G. Simon’s idea of bounded rationality [5]. The fundamental analysis of organizational behavior was undertaken and some simple questions were asked, “Do people always behave rationally? Can ethical, psychological factors, surrounding situation, people’s opinions, centuries-old traditions, and emotions influence the decision-making process?” Considering the imperfection of our intellect, it is difficult to give positive answers. Since then, behavioral economics has begun to take shape.

Behavioral economics also can address the question of perfectly inelastic demand. There are such products with no close substitutes available. Experienced marketers turn their attention to the cognitive distortions in the individual's thinking. Properly developing an advertising strategy, they become, according to the concept of R. Thaler, “architects of choice [7].”

As already mentioned, emotions, sympathy, disgust for something, mood, desires and other psychological factors always interfere to the thinking process of an individual to some extent. People act on the basis of their perception of the world around them. However, personal perception can often hinder the rational decision-making process; because stereotypes are important components of our human perception. The use of stereotypes is a major way in which we simplify our social world; since they are the basis for pattern thinking [6].

In order to demonstrate irrational behavior, let me give an example of the annual steady demand for flowers on the eve of International Women's Day and, consequently, steep mark-up on these goods. The florist business is one of the five best businesses in the world. Firstly, flowers are in demand at any time. Secondly, the florist business can be perceived as Art. At all times, flower represents the natural perfection; the trade of this beauty has always been a fairly profitable activity. The tradition of buying flowers has become widespread.

The image of flowers is fixed in the stereotypical thinking, as the symbol of International Women's day. Exploring A. Whitehead's work "Symbolism, Its Meaning and Effect" [8], you can see that modern role of a symbol lies in the dissemination of ideologies in the conditions of the flourishing mass culture. In this regard, the symbolism of flowers, as the best gift, forms the irrational expenditure of all segments of our population. The collective consciousness is dominated by the false image of the holiday without understanding its historical foundations.

A person makes a decision emotionally; there is no time period between an understanding of the symbol and the emotional reaction. Emotions manage our perception of risk and benefits in a particular situation.

C. Izard in his work "Psychology of Emotions", emphasize the importance of emotional phenomena in an individual's life, "Human behavior is based on emotions, they activate and organize the perception, thinking and aspirations of a person. Emotions have a direct impact on the perceptual processes, filter the information obtained through the human senses and intervene in the process of its subsequent processing [2]."

Using such studies, the sales strategy is developed by marketers. It includes: mass text 4-5 days before the holiday, contextual advertising in search engines and social networks with flexible discount system, advertising banners, etc. The sale on-line is just starting to take off. The convenience of shopping on-line attracts new customers and increases profits. Proper use of situational marketing in case of perfectly inelastic demand leads to success in the florist business. In 2018 cut flowers were imported to Kazakhstan amounting to \$ 38.9 million [3].

Thus, behavioral economics aims to investigate the influence of social, cognitive and emotional factors on economic behavior, the economic decisions of individuals, institutions, and the consequences of this influence on prices, profits, and allocation of resources. Behavioral economics is a new promising line of research in economics, giving an explanation of why people deviate from rational behavior.

## Referenses

1. G. I. Gimranova Economic theory. Karaganda. 2012.
2. M.Yu. Gorbunova The role of emotions in the management of social actors activity // Saratov State Technical University Herald. 2011.
3. Musapirova Business of flowers // Cursive. 2019. № 8
4. North D. Institutions, Institutional Change and Economic Performance // Cambridge University Press. 1990.
5. M. Yu. Sheresheva, A.A. Kostanyan Behavioral Economics: Economic Man Model And Evaluation Of The Role Of State In This Model. Moscow University Herald. Economy series. 2018.
6. Volkogonova O., Zub A. Management Psychology. Moscow. 2009.
7. Richard H.T. Nudge: Improving Decisions about Health, Wealth, and Happiness// University of Chicago. 2008.
8. Whitehead A.N. Symbolism, Its Meaning and Effect. New York. 1927.

## ЕАЭО ЕЛДЕРІНДЕ ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ ТІРКЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

**БУКАТОВ Е.Б**

*МЖБ-11D тобының докторанты,*  
Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық Университет  
Г. Караганда, Республика Казахстан

**Аннотация:** Дәрілік заттардың ортақ нарығын құру үшін ЕАЭО елдері ұлттық реттеу рәсімдерін үйлестіру қажет. Бұл шаралар дәрілік қамтамасыз етудің тиімді жүйесін құру үшін қажет, өйткені дәрілік заттар емдеу-профилактикалық көмектің маңызды арсеналдарының бірі болып табылады. Осыған орай, бұл мақалада ЕАЭО елдерінде дәрілік заттардың айналымы саласын реттеуге байланысты мәселелер қарастырылады.

**Кілтті сөздер:** ЕАЭО, денсаулық сақтау, дәрілік заттар, тіркеу, Еуразиялық экономикалық комиссия.

